Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 82.0.82.091.82.1 Қолжазба құқығында

СЕЙСЕНҚҰЛ ӨМІРЖАН

ҚХР-дағы Абай мұрасының зерттелуі және Абайтану тарихы

8D02307 – Қазақ филологиясы

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші:
ф.ғ.д., профессор Әбдиманұлы Ө.

Шетелдік ғылыми кеңесші:
ф.ғ.д., профессор Жұматұрдыұлы Ә.
Қытай мемелекеттік қоғамдық ғылымдар академиясы (ҚХР)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2025

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ 3

1. АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ҚХР ҚАЗАҚТАРЫНА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ
1.1 Абай мұрасының ауызша, жазбаша таралуы 9
1.2 Абай шығармаларының баспасөз беттерінде жарық көруі 26
Бірінші тарау бойынша түйін 37

2. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ
2.1 Қазақ әдебиетінің ҚХР-дағы аударылу тарихы 38
2.2 Абай шығармаларының ҚХР-да тәржімалану тәжірибесі 43
Екінші тарау бойынша түйін 50

3. АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ
3.1 Абай шығармалары жайлы ҚХР-дағы ғылыми зерттеулер 52
3.2 Абай шығармаларының салыстырмалы зерттелуі 67
3.2.1 Лу Сюн мен Абайдың әдебиет бастаушылары ретіндегі маңызын салыстыра зерттеу 67
3.2.2 Конфуций және Абай мұраларындағы ой үндестігі. 83
3.2.3 Қорқыттың нақыл сөздері мен Абай қара сөздерінің ұқсастығы. 92
Үшінші тарау бойынша түйін 96

4. АБАЙ ЖӘНЕ ҚХР-ДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ
4.1 Абай шығармаларының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орыны 98
4.2 Абай мұрасы екі ел руханияттық байланысының алтын көпірі 111
Төртінші тарау бойынша түйін 114

ҚОРЫТЫНДЫ 115
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ……..……..121

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының поэзиялық туындылары мен қара сөздерінің тәрбиелік, дидактикалық, эстетикалық, танымдық, рухани, т.б. мәнін ескерсек, ол – әдебиет арқылы күллі қазақ ұлтының дүние танымы мен дамуының негізін қалаушы ұлы тұлға, оның туындылары ұтымды құрал саналады. Ақын шығармаларының тек Қазақстан аумағында емес, әлемдік әдебиетте және өзге елдердегі қазақ қоғамында да кеңінен таралғанын және оның қабылдану, даму, басылу, өзге қаламгерлердің Абайдан үлгі алуы және ақынның поэзия тіліндегі стилінің сақталу, дәстүр жалғастығы мәселелері бүгінгі таңда өзекті сипатта. Абай Құнанбайұлы шығармашылығының ұлттың рухани дамуына әсері – қазіргі қазақ әдебиеттануы саласында ғылыми тұрғыда жан-жақты зерттеліп келеді. Зерттеу жұмысында Абай Құнанбайұлы шығармаларының қытай қазақтары арасында таралуы мен ондағы туындыгерлердің шығармашылығына әсері, ақын шығармаларының баспадан жарық көру кезеңдері, ақынның өзі өмір сүрген кезеңнен бастап, бүгінгі күнге дейінгі аралықтағы қытай қазақтары әдебиетіндегі Абайдың рөлі нақты деректер мен мысалдар негізінде сараланған. Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасын ҚХР қазақтарына жету жолдары мен ауызша, жазбаша таралу сипаты, баспасөз беттерінде белсенді жарық көруі, аударылу мәселесі, тарихы мен тәжірибесі, ҚХР-дағы Абай шығармаларының ғылыми сипатта зерттелуі, салыстырмалы зерттеу аясы, ондағы әдебиеттің дамуына әсері, Қазақстан және Қытай халықтары арасындағы рухани байланыстағы ақын шығармашылығының атқарған мәні туралы дәйекті тұжырымдар берілген. Зерттеу жұмысының негізгі ерекшелігі – Абай Құнанбайұлы шығармалары мен қытай қазақтары арасынан шыққан қаламгерлер шығармалары арасындағы тілдік, стильдік, поэтикалық байланыс, дәстүр жалғастығын нақты поэзиялық туындыларды талдау арқылы ұсынылуы. Сондай-ақ ақын шығармаларының ҚХР-да таралуы, аударылуы, баспадан жарық көруі, рухани әсері, т.б. мәселелерін зерттеу барысында нақты тарихи кезең деректерінің назарға алынуы жұмыстың ғылыми маңызын арттырды.

Зерттеудің өзектілігі. Абайдың рухани мұрасы қазіргі таңда тұтас адамзаттың рухани қазынасына айналып отыр. Абай есімі дүние жүзі халықтары әдебиетінің биік шыңындағы Шекспир, Пушкин, Гетелермен қатар тұрады. Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаған ұлы тұлға екендігі бүгінде әлемге әйгілі шындық. Ол қазақ халқының рухани қазынасын өзіндік шығармаларымен байытқан әлемдік деңгейдегі ақыл-ой иесі. Жалпы Абай мұрасы тұтас ұлтқа мәңгілік рухани азық болатын баға жетпес сарқылмас байлық.

Абай озық мәдениетті насихаттаумен қатар әлеуметтік, адамзаттық санасы өскен халықтың ұлы тұлғасына айналды. Қытай қазақтары Абай шығармашылығымен өткен ғасырдың бастапқы кезеңінен танысып, өздерінің рухани өміріне арқау етіп, әлеуметтік-мәдени көзқарастары мен ұстанымдарының қалыптасуына тірек етіп келеді. Әрине, Абай шығармалары

мен оның әлеуметтік ой таным жүйесінің екі елдегі бір ұлтқа екі түрлі жолмен тарағаны белгілі. Оның сыр-сипатын, себеп-салдарын сараптау бүгінгі Абай мұрасын зерттеудегі өткір мәселенің бірі. Абай шығармашылығын, ұлы тұлғаның даналық болмысын ҚХР-дағы қазақ жұртының танып-білуі ұлттық руханияттың өркен жаюымен бірге, екі елдегі қазақ ұлты өкілдерінің рухани-мәдени сабақтастығының өзара байланысын табуға айырықша әсер етті.

Зерттеудің нысаны. Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және оның Қытайдағы қазақ қауымына жетуі, насихатталуы мен зерттелу жолдары.

1. Абай шығармашылығы – зерттеу өзегі ретінде

Абайдың әдеби мұрасы – өлеңдері, поэмалары, қара сөздері және аудармалары. Бұл туындылардың философиялық, этикалық, эстетикалық мәні мен қазақ қоғамына ықпалы.

2. Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары

Кеңестік кезеңде және кейінгі дәуірде шекара асып жеткен әдебиеттер мен қолжазбалар арқылы;

Қытайда басылып шыққан қазақ тіліндегі оқулықтар мен баспасөз (мысалы, «Шыңжаң газеті», «Іле газеті»); Жеке адамдардың ауызша таратуы, жатқа айту дәстүрі.

3. Қытай қазақтарындағы насихатталу жолдары

Абайдың өлеңдері мен қара сөздері мектеп бағдарламаларына енгізілуі; Мәдени іс-шараларда, әдеби кештерде оқылуы; Радио мен теледидар арқылы насихатталуы; Жазба әдебиет пен оқу құралдары арқылы таратылуы.

4. Абай мұрасын Қытай қазақтарының зерттеуі

Зерттеушілер: Омарғазы Айтанұлы, Жанат Ахметұлы, Құсайын Сартұлы сынды ғалымдар; Шыңжаң университеті мен Іле педагогикалық институтындағы ғылыми еңбектер; Қытайда жарық көрген қазақ тіліндегі зерттеу мақалалар мен кітаптар (мысалы, «Абай және қазақ мәдениеті», «Абайтану негіздері»); Қытайдағы баспалардан шыққан аудармалар мен Абай шығармалары.

Зерттеудің пәні. Абай шығармашылығының Қытай қазақтарының рухани-мәдени өркениеттік кеңістігін қалыптастырудағы орны мен үрдістерін әдеби, тарихи және әлеуметтік-мәдени тұрғыдан талдау – маңызды және көпқырлы зерттеу тақырыбы болып табылады. Абай Құнанбайұлының шығармашылығы қазақ халқының мәдениеті мен руханиятына терең әсер етті және ол Қытайдағы қазақтардың да рухани-мәдени өмірінде маңызды орын алған.

1. Әдеби тұрғыдан: Абайдың поэзиясы қазақ әдебиетінің алтын қорына қосылған үлкен мұра болып табылады. Оның шығармалары қазақ халқының ұлттық болмысын, этикалық және эстетикалық құндылықтарын дәріптеді. Қытайдағы қазақтар үшін Абай шығармашылығы ұлттық сана мен тілдің сақталуына ықпал етті. Абайдың өлеңдері мен қара сөздері қазақ тілінің байлығын және мәнін түсіну арқылы қазақ қоғамындағы әлеуметтік мәселелерді көрсетуге мүмкіндік берді.

2. Тарихи тұрғыдан: Абай шығармашылығының таралуы мен қабылдануы Қытай қазақтары арасында тарихи тұрғыдан маңызды үрдіс болды. Кеңестік кезеңде Абайдың шығармалары қатаң цензураға ұшыраса да, Қытайдағы қазақтар үшін оның туындылары ұлттың рухани тәуелсіздігін іздеуде және мәдени мұрасын сақтауда маңызды рөл атқарды.

3. Әлеуметтік-мәдени тұрғыдан: Абайдың шығармалары Қытай қазақтарының әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дамуына зор ықпал етті. Оның философиясы мен ойлары, білім, теңдік, адамгершілік сияқты құндылықтары, Қытайдағы қазақтар арасында жастардың білім алуына, әлеуметтік дамуына және ұлттық мәдениетті сақтауға ұмтылыстарын нығайтты. Абайдың шығармалары қазақтардың мәдени идентификациясы мен ұлттық санасының қалыптасуына үлкен әсер етті.

Осылайша, Абай шығармашылығының Қытай қазақтарының рухани-мәдени өркениеттік кеңістігін қалыптастырудағы орны мен үрдістерін жан-жақты талдау оның тек әдеби мұрасы ғана емес, сонымен қатар, қоғамның мәдени және рухани дамуы үшін маңыздылығын көрсетеді.

Зерттеу мақсаты. Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары мен Абай шығармашылығының ондағы қазақ руханиятының өрлеуіне қосқан үлесін саралай отыра Абайдың руханияттық мұрасының зерттелуіне талдау жасау арқылы Абайдың даналық танымының ұлттық рухани ой-сананың дамуына тигізген әсері мен көшбасшылық рөлін анықтау;

- Абай мұрасының Қытайдағы өзге ұлттар тіліне аударылуы туралы талдау жасау арқылы Абай мұрасының ұлт қабілеттілігін арттырудағы рөлін анықтау, Абай мұрасы арқылы екі ел қазақтарының тарихи тамырластығын айқындап көрсету, ұлттық бірегейлікке, рухани тұтастыққа барар жолды бағамдау.

Зерттеудің міндеттері:

- Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмір жолын Қытайдағы зерттеуші-ғалымдардың зерттеу жұмыстары негізінде тың деректермен толықтыру;
- Абай шығармаларының Қытайдағы таралу, насихатталу жолдарын айқындау;
- Абай шығармаларының баспасөз беттерінде жарық көруінің бастау көзі мен жарық көру кезеңдерінің ерекшеліктерін саралау;
- Абай шығармашылығындағы тағылымдық идея мен Абайдың адам тәрбиелеу ісі, мәдени-рухани ағартушылық идеяларының сипаттарын анықтау;
- Қытайдағы абайтанушылардың зерттеу еңбектерінің ғылыми мәнін тұжырымдау.

Зерттеу жұмысының әдіснамалық негізі. Зерттеу жұмысының негізіне әдеби-мәдени, әлеуметтік-мәдени, тарихи-әлеуметтік, қоғамдық-саяси зерттеу әдістері алынды. Тақырыпты тереңдей қарастырып зерттеу үшін ғылымаралық байланыс әдісі қолданылды. Абай мұрасын зерттеген: Ә. Қалиұлы, Қ. Мәнжібаев, А. Ахметова, С. Бейлұр, Д. Жайлыбай, А. Жүнісбаев, Ө. Қанай, Д. Махат, Н. Әнуәшұлы, Ж. Мырзақанұлы, Су

Чжоушион, Ә. Мәжитұлы, Б. Досжанұлы, Н. Бейбітқызы, А. Әбеу, Т. Қашқынұлы, Б. Наукенұлы, Қабай (сібе ұлты), З. Нұрсапаұлы, Д. Мәсімханұлы, М. Разданұлы, Ә. Найманбаев, Қ. Арабин, Лу Син (鲁迅), Чэнь Шимин (陈世明), Чжэн Чжэндун (郑振东), Әкбар Мәжит (艾克拜尔·米吉提), Сун Хункай（孙宏开), Мұхаттар Мұбарәк (木哈塔尔·木巴热克), Ло Янь (罗艳), Кон Вэньсюн (孔文迅) секілді зерттеуші, аудармашы ғалымдардың еңбектері диссертация құрылымына арқау болды.

Зерттеу әдістері. Бұл зерттеуде әдебиеттанушылардың, тарихшылардың, әлеуметтанушылардың, мәдениеттанушылардың, саясаттанушылар мен философтардың еңбектері мен тақырыпқа қатысты ақпараттық дереккөздерде жарияланған материалдар негізгі танымдық база ретінде пайдаланылды. Абай мұрасының Қытай қазақтарына жету жолдары мен рухани ықпалын ашуда дереккөздерге талдау жасау, оларды сараптау және жіктеу әдістері қолданылды. Сонымен қатар зерттеу нысанын тереңірек ашу мақсатында салыстырмалы талдау әдісі тиімді пайдаланылды. Бұл әдіс Абай шығармашылығының әртүрлі әлеуметтік-мәдени контекстердегі қабылдануын салыстыра отырып, оның идеялық-мазмұндық ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Зерттеу жұмысының дереккөздері. Зерттеліп отырған тақырып бойынша Қазақстандық және Қытайлық абайтанушылар, мәдениеттанушылар, педагогтардың, философтардың, әлеуметтанушылардың еңбектері қарастырылды. Сонымен қатар Абай туралы ақпарат жарияланған газет-журналдардағы деректер де зерттеу жұмысымыздың мазмұнын толықтырды.

Зерттеу жұмысының негізгі кезеңдері. Зерттеу жұмысы үшін қажетті теориялық және практикалық ақпараттарды жинақтау, жүйелеу, талдау, бақылау, негіздеу, зерттеу және тұжырымдау негізгі үш кезеңде жүргізілді.

Бірінші кезеңде (2022-2023 жж.) Абай Құнанбайұлы шығармаларының ауызша және жазбаша таралуы, баспадан жарық көруі және оған түрткі болған қазақ зиялыларының еңбектері мен тұжырымдары назарға алынып, XX ғасырдан бастап ақын шығармаларының ҚХР-да тарала бастауы жөніндегі зерттеушілердің тарихи деректері назарға алынды, зерттеудің басты бағыттары мен тақырыптық жіктелу негіздері нақтыланды. Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері айқындалды.

Екінші кезеңде (2023-2024 жж.) зерттеу жұмысының басты идеялары жүйеленіп, Абай шығармаларының ҚХР-да аударылу тәжірибесі, оған үлес қосқан тұлғалар туралы деректі ақпарат жинақталды. Ақын шығармаларының ҚХР-да тәржімалану хронологиясы жасалды. Зерттеу қорытындысы арнайы ғылыми мақала ретінде жарияланды.

Үшінші кезеңде (2024-2025 жж.) зерттеу жұмысының нәтижелері сараланып, жүйеге түсірілді. Абай Құнанбайұлы шығармаларының екі ел арасындағы руханиятқа әсері нақты мысалдармен дәлелденді. Ақын шығармаларының қытай қазақтары арасында таралуын зерттеу арқылы Абайдың рухани мұрасының сақталу, шетелдерге таралу жолдары

нақтыланды. Абай мен өзге одан үлгі алушы ақындардың шығармаларын талдау арқылы әдебиеттегі дәстүр жалғастығы сипатталып, туындыларды салыстырмалы талдау амалдарының практикалық мәні анықталды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

- Абай мұрасының Қытай қазақтарына алғашқы жету жолдары айқындалды;
- Абай мұрасының Қытайда алғаш рет баспасөз беттерінде жарық көру жолдары анықталды;
- Абай мұрасының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орны мен ықпалы анықталды;
- Абай мұрасы екі елдегі қазақ жұртының рухани-мәдени сабақтастығының негізгі тірегі екені айқындалды;
- Қазақ руханиятының дамуына үлес қосқан Абайдың рухани мұрасының зерттелуіне хронологиялық талдау жасалады;
- Салыстырмалы әдебиеттану тұрғысынан әртүрлі тарихи және мәдени ортадан шыққан үш ұлы ойшыл мен жазушы – Абай Құнанбаев, Конфуций және Лу Сюннің ой өзегі, жазу стилі және қоғамға ықпалы салыстырылды.
- Абайдың даналық танымының ұлттық рухани ой-сананың дамуына тигізген әсері, Қазақстандағы және ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы ақын шығармашылығының негізгі рөлі деректі мысалдармен дәлелденді.

Зерттеудің теориялық маңызы. Әдебиеттану ғылымында Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы мен шығармашылығы туралы зерттеулер белсенді жүргізілуде. Зерттеуде назарға алынған ҚХР-дағы қазақ қоғамындағы ақын шығармаларының таралуы, аударылуы, басылуы, оқырман мен ақындардың жаңа легіне әсері жұмыстың теориялық маңызын анықтайды. Біріншіден, тарихи дерек негізінде ақын шығармаларының қытай қазақтары ортасында таралу кезеңін жүйелейді. Екіншіден, аталмыш әдеби шығармалардың ҚХР-да таралуын бақылап, олардың аударылуын тарихи-салыстырмалы тұрғыда зерттейді. Үшіншіден, Абай дәстүрін жалғастырушы жаңа есімдерді анықтап, олардың шығармаларын поэтикалық және құрылымдық негізде талдауға мүмкіндік береді, жаңа стильдік ерекшеліктер мен тілдік айшықтар теориялық тұрғыда тұжырымдалады.

Зерттеу жұмысының нәтижелері әдебиеттану ғылымындағы өзекті мәселелерді теориялық сипатта тұжырымдап, қазақ әдебиеті негізінде дәйектеуге мүмкіндік береді.

Жұмыстың практикалық маңызы. Докторлық диссертацияның негізгі ой-тұжырымдарын «Қазақ әдебиетінің тарихы», «XIX ғасыр әдебиеті», «Абайтану» пәндерінің дәріс, практикалық сабақтарында, сондай-ақ арнайы курс, арнайы семинарларда қолдануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

1. Абай Құнанбайұлы шығармаларының ҚХР-дағы ауызша және жазбаша таралу жиілігі мен сипаты анықталды.
2. Ақын шығармаларының аударылуы және оған үлес қосқан қаламгерлер мен ізін жалғастырушы тұлғалардың еңбектері, атқарған жұмыстары айқындалды.

3. Абай шығармаларының ҚХР қазақтары арасында баспасөз беттерінде жариялануы мәселесі сараланды.

4. Ақын шығармаларының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі анықталды.

5. Абай шығармалары мен қытай қазақтары ішіндегі ақындардың шығармашылығы және туындылары салыстырмалы сипатта талданды.

6. Ақын шығармаларының ҚХР-да таралу мәселесі хронологиялық жүйе негізінде анықталып, тарихи деректер аясында жүйеленді.

Зерттеу нәтижелерінің жариялануымдары. Диссертацияның негізгі тұжырымдары мен қорытындылары халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның мақалалар жинағында жарық көрді.

Ғылыми ізденіс барысында отандық және шетелдік басылымдарда, түрлі халықаралық ғылыми-теориялық және тәжірибелік конференцияларда баяндамалар жасалды, 12 ғылыми мақала жарияланды. Оның ішінде скопус (Scopus) базасына енетін нөлдік емес, импакт-факторы бар халықаралық ғылыми басылымда 1 мақала, ҚР БҒССҚК бекіткен тізімге енетін журналдарда 5 мақала, отандық, шетелдік халықаралық конференция басылымында 6 мақала жарияланды.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1. АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ҚХР ҚАЗАҚТАРЫНА ЖЕТУ ЖОЛДАРЫ

1.1 Абай мұрасының ауызша, жазбаша таралуы

XIX ғасырдың ортасынан бастап шыққан қазақтың ұлы ағартушы, ғалым, данышпан тұлғалары халқымыздың ғылым-білімі мен мәдениетінің дамуына мол үлес қосты. Солардың қатарында Абай Құнанбайұлының оқу-ағарту жөніндегі ой-пікірлері өте құнды. Абайдың ғылым туралы пікірлерінде ғылымның халықты дамытып, олардың оқу-тәрбиедегі маңызды жолы – ұрпақ тәрбиесінің бастауы екенін дәлелдей отырып, оның прогрессивтік көзқарастарының ерекшеліктерін көрсетіп, қазақ ортасында қоғамдық ойдың дамуына айтарлықтай әсер ететінін дәлелдейді.

Ертеректегі абайтануға баға беріп, ой қорыту барысында ұлтымыздың ерекше мәдениетіне баса назар аударып, тоқталып өтсек артық емес. Жазба әдебиеті дамымаған тұста қазақтың әдебиеті ілімінің басты айтар ойы, меңзейтіні – ақындардың жыршылық өнері еді. Абайды зерттеуде тек қана қағаз бетіндегі кішігірім саралау мен тарау, бөлім бойынша бағалаған кесек мақалаларды мойындап, халық ақындарының жырлаған өлеңдеріне берілген бағаларына назар аудара отырып, Абай ғылымына терең бойлау барысын түсіне алмайтындығымыз анық. Сондай-ақ бұл қазақ әдебиетінің тарихындағы ақтаңдақ болып қалады. Халық ақындарының жырларында Абай жөніндегі мадақ біршама селдір-селеу, яғни ғалымдардың ғылыми мақалалары секілді құрылымы қатаң, жүйесі ашық болмаған. Ақындардың суырып-салмада айтылған өлең-жырындағы сөздері ой елегінен өтпесе де, маржан сөздер жүректен шыққан халық үнін естірте алған еді. Осыдан біз қазақ жазба әдебиетіндегі Абайға берген бағаны ескеріп, Абай ғылымының бастауына бойлай аламыз. Абайдың шәкірті және жақын досы атанған Көкбайдың өлеңдерінен Абайға берген бағасына назар аударып, талдасақ:

Семейдегі бір топ жиналған ортада Көкбай Әріпті де тілге іліп, әдейі сөзге шақырады. Сөйтіп, екі ақын әзіл-шыны аралас айтысып кетеді. Көкбай айтыстың соңында Әріпті Абайдан үлгі-өнеге алуға шақырып:

Семейге Абай келсе, бізге думан,
Ән салып босамаймыз айғай-шудан.
Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру,
Секілді бір ғылымның жолын қуған.
Өзгелер отырады аузын буған,
Бір барсаң мәжілістен кеткің келмес,
Кәкімдей Аплатон ақырып тұрған [1, 604].

Ақындар суырып-салып жырлаған өлеңдерінде бір-бірлерін сынап қана қоймай, сөз додасындағы тартымды, көрікті ойдың кемел көрінісін көрсете де білген. Мысалы, XIX ғасырдағы Біржан мен Сараның айтысында Сара ақын арғын руының ақындарын тілге тиек етіп, намысына тиетін сәттері кездеседі. Сол жауаптасу барысында Біржан ақын оралымды ойларымен ой қарымтасын сауатты қайтара білген. Мәселен,

Біржан:

Арғынның жеткісіз аймағы бар,
Төңірегі жеті дуан аумағы.
Баласы Құнанбайдың ақын Абай,
Жұртына үлгі жайған талай-талай.
Іздесең найман түгіл бар қазақтан,
Алғыр боп адам ұлы тумас ондай.

Абай деп ел сыйлайды атын айтпай,
Ауылына үйез келмес қорқып-батпай.
Орыс, ноғай тіліне бірдей жүйрік,
Қайтарды ол ақылдың тас бұлақтай.

Қазаққа аты шыққан Ыбырайым,
Жаратқан оны артық бір құдайым.
Ойда орыс, қырда қазақ бәріне айқын,
Қақ жарған қара қылды әділ Ыбырайым.

Елімде игі жақсы адамдар көп,
Алашқа аты шығып шарықтаған.
Тамам ел Ыбырайға қазақ жетпес,
Зейінін көргенде есінен кетпес [2, 10].

Заманымыздағы заңғар ақындар аға буындарының тамаша дәстүрлерін сақтай отырып, сөз бен ойдың тәмсілін тереңінен түсініп, кемелдендіре түсті. Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай керегедей керілген Шыңғыстау өңірі мен Семей қаласы, Абай ауданы жыр мен ақындық өнердің өзенін кемерінен асыра жырлап, Қазақстанның түкпір-түкпірінен келген суырып салма, от тілді, орақ ауызды ақындар айтысының үш күнге созылғандығы аламан жыр сайысының өткендігін айғақтай түседі. Бұл жыр сайысының бар мақсаты мен мүддесі – Абай тағылымынан нәр алу, өлең өлкесіндегі өзекті тақырыптарды жырға қосу болды. Сонымен қатар Абайдың шұғылданған жұмысы және оның төңірегінде орын алған түрлі оқиғалар және Абай атқарған айтулы істердегі адалдығы туралы өрілді. Елдегі күллі ақындардың мадағында Абайға көрсетілген ізет пен құрмет толысып, қазақ ақындарының Абайды жырлауының өзінде ерекше бір тәсіл, айрықша ықылас жатқанынан ақынға берген бағаның шын әрі әділ екеніне кәміл сенеміз. Семей қаласының айтулы ақыны Мұратбек Оспанның «Арнау өлеңі» 300 жолдан тұрады. Бұл өлең түрлі ұлттардың, тіпті Англия, Франция сияқты Европа елдерінің өнері мен мәдениетінің Абайға және оның шығармашылығына әсер еткен ықпалын, қазақтың ақындық әдебиетінің әлем әдебиетіне бет алғандығын көрсеткен. Мысалы:

Ертеден қазағыма таныс бұл маң,
Жүретін келіп-кетіп алыс қырдан.
Кәкітай, Тұрағұлдай аталарым,
Семей мен екі арада зор іс қылған.
Бастырып тұңғыш кітап Петерборда,

Үш жүзге ұлы ақынды таныстырған.

Бұл күнде заман тыныш, ашық аспан,
Қазақтың қаймығады қасы достан.
Кезінде Абай бабам кең құшағын,
Әлдімен Михелистей досына ашқан.
Үйреніп ілім-білім орыстардан.
Ең алғаш Европаға есік ашқан [3, 132].

Жоғарыдағы арнау өлеңнен жазба әдебиетінің дамыған кезеңінде, жазба ақындар жасампаздығының негізгі қосыны болып отырған кезде халық ақындары өздерінің суырып-салма өлең шығару тәсілдері арқылы тарихи шынайы өмірді баяғыдай жырлай беретіндігін көре аламыз. Ал жазба ақындар көне дәстүрді жалғастырған, қағаз бетінде олардың мадақ өлеңдері де қалған. Мысалы, ҚХР-ның үздік ақыны Қазымбек Арабиын жазған Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойына арнаған «Абайға мадақ» жырында:

Ақыл сөздің ұлы Абай құдіреті,
Қамын жеген қазақтың пірі осы.
Қырықта қызды жазған да Абай батыл,
Абайда ғой өсиеті жүгінетін.

Білмес оны қазақтың қай баласы,
Абай емес қой түркі.
Қайда баршы?!
Дараланып барады сеңгір тұлға.

Абай еді-ау көзінің қарасындай,
Шер буып, шерменде боп өтіп еді.
Халқым деп қарс айырылып көкірегі,
Құнанбайда дес берген саралаған.

Дана Абай халықтың көркі болды,
Сөйлейді ол дүниенің әр тілінде.
Алды боп әріптердің тәртібінде.
Алды орын ғұламалар мол тобынан,
Әлемде оның мығым архиві де.

Сөйледі, міне, миллиард тілінде анық,
(Болса да аты әлемге бұрын анық.)
Желсіз түнде жарық ай естілгенде,
«Елірдім» үйінде тыни қалып.

Зарлы чұйуан тапқандай білмесін бір,
Дупу, ли бай Азияда тілдесіп жүр.
Ей, дүние ұлылар тоғысуын,

Кешеуілдетпеу,
Озықтық үлесің бұл.

Қазаққа сын батыра сөзін айтып,
Әкенің жалғыз ғана көзіне айтып.
Білер-ау, әуенді ұрпақтар сол Абайды,
Кетсе де бабасына сөзі батып...

Тавариық артына ол сөз қалдырған,
Тең тұстас дүниенің боздағынан.
Абай аты мәңгілік кір шалмас ат,
Ой бітіп бірге сонан сөз дарыған.

Абайдың аты ұран,
Айналайын.
Жазуда тақырып, қиын талай ақын,
Ескерткіш бір мұнара тұрды міне.
Көтерер күллі әлемге қазақ атын [4, 81]!

Жоғарыдағы өлеңдерді дауыстап жырлауға да, әнмен шырқауға да болады. Міне, бұл ақындардың суырып-салма өлеңдері мен жазба әдебиетінің ортасында асу бермес белестің жоқ екенін ұғындырады. Соңғы жылдары көркемөнер саласында ақындардың шырқаған әні «ауызша өлең» деп аталып жүр. Бұл Абайды зерттегенде Абай мен оның әнін шырқаған ақындардың арасындағы байланысты үзуге болмайтынын түсіндіреді.

Абайға ғылыми түрде жүйелі баға беру жазба әдебиетінің дамуымен қатар өріс алғандығын көруге болады. Абайдың жыр жинағының баспадан кітап болып шығып, таралуынан бастау алғаны жөн.

Абайдың ұшан-теңіз мол мұрасын XX ғасырдың басында Алаш арыстары халыққа насихаттап, жарыққа шығуына септігін тигізді [5, 84].

«Халықтың санасын білім мен ғылым арқылы ашу қазақ зиялыларының басты арманы болған, өйткені білім – адамзаттың жинақталған тәжірибесі, заттар мен құбылыстарды, табиғат пен қоғам заңдарын тану нәтижесі. Білімді жеке адамның игілігіне айналдыру үшін оны ойлау операциясын – талдау, синтездеу, салыстыру, жіктеу және жинақтау арқылы терең ұғыну қажет...» [5, 212].

Абай мұрасы – қазақтың ең қымбат қазынасы әрі барша адамзаттың рухани азығы саналады. Абай адамзатқа ортақ қоғамдық қайшылықтарды сезініп, сол туралы баяндап, тура жол сілтейді. Ол өз оқырманын әлемдік деңгейдегі ақыл-парасат, ой-даналығымен қызықтыра білді. Абай мұрасы бір ғасырдан астам уақыттан бері зерттеу нысанынан түспей келе жатқаны белгілі [5, 221]. Демек, Абай мұрасы әлі де терең зерттеуді талап етеді.

Абай Құнанбайұлының өмірі мен шығармашылығын зерттеу ісін алғаш болып Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы сынды ұлт қайраткерлері мен Алаш зиялылары бастады, олар бұл бағыттағы ой-пікірлерін баспасөз беттерінде жариялап отырды. Міне, бұл деректер

Абай тұлғасына және оның шығармаларына ғылыми тұрғыдан жүйелі баға беру жазба әдебиеттің дамуымен қатар өрбігенінің нақты көрінісі бола алады.

ХХ ғасырдың бастапқы кезеңінде Абайдың туған немере інісі Кәкітай Абай шығармаларын жинақтап, құрастырып баспадан шығармақшы болған. Сол кезеңдегі түрлі жағдайлардан қиын-қыспаққа қалып, білімділердің қолдауына мұқтаж болған. Осындай маңызды кезеңде Әлихан Бөкейханов Кәкітай Ысқақұлы мен Абайдың баласы Тұрағұл құрастырған кітаптың жарық көруіне белсене атсалысып, 1909 жылы Петербургта И. Бораганскийдің «Восточная» баспасынан Абайдың тұңғыш жинағы «Қазақ ақыны Ибырақиым Құнанбайовтың өлеңін» баспадан шығарады [6, 121]. Оған ақынның жүз қырықтай өлеңі, Ескендір, Масғұт поэмалары енді.

1903 жылдары шыққан орыс әдебиеті журналында жарияланған Әлиханның «Қырғыз даласы» атты мақаласының «Қазақтың тарихы және рухани тұрмыс жайында» деген бөлімінде былай пікір білдіреді: «Абай Құнанбайұлы – қазақ өлеңдерінің даму бағытына уәкілдік етуге тиіс. Абай формасы жаңашыл, мазмұны мол шығармаларды жазған. Төрт маусымның көркем көрінісін өлеңге қосқан. Оның аударған «Евгений Онегині» және Лермонтовтың лирикалық өлеңдері оқырман арасында үлкен ықыласқа ие болып, жылы қабылданған. 1905 жылы Әлихан «Семей» газетіне орыс тілінде «Абайды еске алу» туралы мақала жариялап, «Қырғыз даласы» деген мақаласындағы көзқарасқа толық талдау жасаған. Бұл мақалада Абайдың дүниеге келуі және өмірбаянын ашық, жан-жақты терең таныстырып, «Абай сияқты халықтың рухани жасампаздығын осынша жоғары өреге көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атақты ақындарының қатарына қосар еді» [7, 307], – деген пікірі әлі де өзекті. Мақалада сонымен қатар, мынадай пікір де көрініс тапқан: «Орыс әдебиеті Абайға біршама зор ықпал жасағандықтан, оның шығармасы қазақ халық ақындарының ұсақ-түйек әурешілігінен қуатылып, оқымысты ақынға айналдырған» [7, 308].

Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов (1866-1937) қазақ тарихындағы қилы заманды бастан кешірген ерекше сауатты оқымысты. Алдымен Әлихан XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалыстың үгіттеушісі әрі іс жүзіндегі қолбасшысы, Алаш партиясының ұйымдастырушысы әрі көшбасшысы. Әлихан мен Абай екеуі де Семей облыстық сан-санақ ұйымының мүшесі, екеуінің ортасындағы идеялық және ой бірлігі, өзара байланыс болуы даусыз. Ол екеуінің кейінгі ұрпақтары да бір-біріне аралас-құралас отырғандықтан, Абайға баға беруде ең беделді адамдарға айналып отыр. Алаш партиясы Октябрь төңкерісінен кейін «Кері төңкерістік ұйым» деген атаққа ілінген соң, Әлихан ұзақ уақыт темір торға қамалып, бірақ түрмеге қамалған кезеңде де Абайды насихаттап, өзекті ойларымен үндес отырғанын байқаймыз. Оның аумалы-төкпелі заманда зиянкестікке ұшырауы қазақ ұлтының бостандығын және азаттығын насихаттау жолындағы ұлы мұраттары – ұлт азаттық күрес болғандықтан, Қазақстан дербестік алған соң, Әлихан жұртшылықтың сый құрметіне бөлене

түсті. Әлиханның Абайды өнеге тұтып, жан-жағын бағамдаған тынымсыз еңбегі халықтың назарын аударды. Әлиханның Абайды ең алғаш әлемге таныстырған оқымысты, тұңғыш абайтанушы екеніне көз жеткіздік. Абай мұрасының алғашқы кезеңінде Алаш ардақтысы Әлихан Бөкейхан есімі мен еңбегі тұрады [8, 3]. «...Абайдың көзі тірісінде, нақтылап айтсақ, 1903 жылы ұлы ақынымызды орыс оқырмандарына тұңғыш таныстырған да осы – Әлихан Бөкейханов еді. Дерекке сүйенсек, атақты ғалымдар П.П. Семенов-Тянь-Шанский және академик В.И. Ламанскийдің басқаруымен: «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» атты көптомдық кітаптың «Киргизский край» деп аталатын қазақ тарихына арналған 18-ші томының «Население» атты бөлімін жазысқан жалғыз қазақ та Әлихан еді. Осы бөлімде халқымыздың тарихы, мінез-құлқы мен әдебиеті жайлы айта келіп, ұлы Абайға ерекше ден қоятыны белгілі. Мұнымен қоса, бұл еңбектің Санкт-Петербургте басылып шыққанын да ескеруіміз қажет. Абай дүниеден өткен соң Әлихан Бөкейханов арнайы «Азанама» жазып, алдымен Семейде, онан кейін «Записки Семипалатинского Подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического Общества» деп аталатын кітапқа ақынның өмірбаянын суретімен қоса жариялайды» [8, 3].

Әлихан Бөкейхан өзінің «Кәкітай» атты мақаласында Абайдың жастық кезеңін, табиғи дарыны мен қайраткерлік қасиеттерін, сондай-ақ оның Абай шығармашылығына деген адал қарым-қатынасын арнайы атап көрсетеді: «Кәкітайдың әкесі Ысқақ – ақын Абайдың інісі. Кәкітайды жасынан сүйіп, Абай қасына ертіп баураған. Абай қасында жүріп мектеп көрді. Кәкітай орысша оқи да, жаза да білген. Абай білетін Европа жазушыларымен Кәкітай таныс еді. Ыждаһаттылық арқасында сөзге ұста болды. Топта орысша сөйлеуге қысылмайтын. Сөз білетін еді. Әуелі Кәкітайды 1900 жылы күзді күні көрдім. Қасқырдың бөлтірігіндей тоғыздағы баласы Біләлді гимназияға берем деп Семейге келген-ді. Онда заман тыныш, тұңғиық. Біз сынаса алмадық. 1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылып басыңдар деп балаларына хат жаздым. 1905 жылы шілденің аяғында Кәкітай Абайдың қолжазбасын алып, Омбыдағы маған келді. 1905 жылы жазғытұрғы саясат ісі қалай болғанын біздің «Қазақты» оқушылар біледі. Кәкітай біздің үйде бірер жұма жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-мейрам бірге болдық. Анық таныстық» [9, 32].

Абайдың өлеңдер жинағының баспадан шығуы қазақ мәдениеті тарихындағы маңызды, ірі іс. Абайдың жыр жинағы басылымының молаюына ілесіп, Абайдың атақ-абыройы қазақ қоныстанған жерлердің бәріне жеткен. Кәкітай жазған «Абайдың өмірбаяны» деген мақаласы өлеңдер жинағының беташар сөзі болып, қалың оқырманның сөзсіз оқитын мақаласына айналған. Өйткені Кәкітай қаршадайынан Абаймен бірге тұрмыс кешті. Кәкітай Абайдың өсіп-жетілген тұрмыс ортасына қанық. Абайдың әр кезектегі жасампаздық көңіл-күйін анық біледі, сондықтан оның мақаласын ең сенімді алғашқы қолжазба деп танып, кейінгі ұрпақтар Абайды зерттеудегі маңызды дереккөз ретінде пайдаланып келеді.

Абайды Әлиханнан кейін зерттеген тұлғалардың ішіндегі ғалымдардың бірі – Ахмет Байтұрсынұлы. 1913 жылы «Қазақ» журналының № 40-43 сандарында Абайды бағамдап, зерттеген. «Қазақтың бас ақыны» деген тұңғыш мақала жазған [10, 43]. Мақаласында: «Абай Құнанбаевтан асқан бұрынғы соңды заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ, Ақмола, Семей облысында Абайды білмейтін адам жоқ» [10, 43], – деп бастайды.

Абайға назар аударғандардың бірі – Ахмет Байтұрсыновтың замандасы, қазақтың ардақты ұлы, ақын әрі қоғам қайраткері Міржақып Дулатов (1885–1938) болатын. Ол 1914 жылдың мамыр айында «Қазақ» газетінде жарияланған «Абай» атты мақаласында қазақ халқын Абайдың шығармаларын көптеп оқуға, одан өнеге алуға және ұлы ақынды қадірлеуге шақырды. Міржақып Абайдың даңқсыз, үнсіз күйде Шыңғыстау баурайында өмірден өткені жүрекке бататынын ашық білдірді. Ол өз мақаласында әдебиеттің іргетасы ретінде ең алдымен Абайдың сөзі мен есімі тұруы тиіс екенін атап өтті. Себебі, Абайға дейін нағыз көркем қазақ әдебиеті қалыптаспаған еді. Абайдың біз үшін ең бағалы тұсы да – осы. Кейін Абайдан да талантты ақындар мен жазушылар шығуы мүмкін, бірақ қазақ халқына жарық сәуле шашқан, алғашқы шыққан жарық жұлдыз – Абай, ал ең жоғары ардақты орын – Абайдікі. Абайдай ақынның қадіріне жете алмау – бұл қазақ халқының үлкен кемшілігі [11, 23], – деп көрсеткен Міржақып, Абайдың есімі ескерусіз қалса, келешекте туған сондай Абайлар да ұмыт қалуы мүмкін, бұл – тіпті қазақ халқының өзін жоғалтуымен пара-пар деген ой түйеді.

Алдыңғы буын ағалардың зор күшпен қолдауын қалың халық күшті аңыз еткендіктен, Абайдың шығармаларының жалғасы да басылым көрген. 1922 жылы Қазан мен Талдықорғанда бөлек-бөлек Абайдың өлеңдер жинағы баспадан шықты. Бұл Октябрь төңкерісінен кейінгі ең алғашқы шыққан Абай шығармасы еді. Қазан баспасынан ілгері Бернияз Күлеевтің жазған алғы сөзі бар болатын. Осы екі жинақтың баспадан шығуына ілесіп газет-журналдарда алуан идеядағы мақалалар жарық көрді. Бір-біріне сай келмейтін көзқарастардағы талас-тартыс көп жылға созылды. XX ғасырдың орта шеніне келгенде Абайдың қазақ мәдениетіндегі орынын тұрақтанып, Абай – нағыз халық ақыны деп мойындалды. Осы үлкен ағысқа жетекшілік етуші, Абай ғылымының негізін салушы – Мұхтар Әуезов болды [12, 2].

Абай шығармаларының Қытайдағы қазақтар арасына таралуы мен насихатталуы XX ғасырдың басында-ақ басталған. Қазақ халқының тарихи аумағын Ресей мен Қытай 1864 жылғы Шәуешек келісімі мен 1881 жылғы Петербург келісімі арқылы шекаралап бөліп тастағанымен, екі елдегі қазақтар арасындағы мәдени-рухани байланыс үзілген жоқ. Қазақстандағы түрлі саяси оқиғалар салдарынан Қытайға қоныс аударғандар мен Қытайдан Қазақстанға көшіп келген қазақтар осы рухани сабақтастықтың жалғасуына ықпал етті. Атап айтқанда, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс кезінде жүз мыңға жуық қазақ Қытай жеріне ауып барып, жергілікті қазақтармен араласа бастады. Арасында Жүсіпбекқожа Шайқысламұлы, Әсет Найманбайұлы сынды көзі ашық, көкірегі ояу зиялы қауым өкілдері мен өнер адамдары да

болды.

Абайдың ұлы тұлға болып қалыптасуына зор үлес қосқан жандардың бірі – әкесі Құнанбай.

Бала Абайдан дана Абайдың шығуына ықпал еткен Құнанбайдың ерекше адам болғаны – тарихи шындық. Құнанбай жас кезінде арнайы мектептік білім алмаған, тек ауыл молдасынан ескіше хат танып, шала сауатты дәрежесінде қалған. Соған қарамастан, оған тумысынан дарыған зерде, текті әулет – Өскенбай отбасындағы тәрбие мен қоғамдық ортада жинақтаған мол тәжірибе үлкен рөл атқарды. Бұл қасиеттер Құнанбайды XIX ғасырдағы отарланған қазақ даласында көрнекті, беделді қайраткер дәрежесіне көтерді. Оның ел басқарудағы қабілетімен қатар, қазақтың салт-дәстүрі, шежіресі, сондай-ақ Шыңғыс ханнан тараған хандар тарихы туралы терең білімі болғаны айтылады.

Ұлы Абайды ең алдымен таныған адам басқа емес әкесі Құнанбай болған. Ауыл адамдары кеңескенде: – мырза, балаларың ержетіп қалыпты, қайсысы жақсы болады деп ойлайсыз, – дегенде, Құнанбай:

Не күтсеңдер мына қарашұнақтан күтулеріңе болады, – деп Абайды нұсқаған дейді [13, 8].

Кезінде Құнанбаймен танысып, істес болған поляк жазушысы Адольф Янушкевичтің 1832 жылы Сібірге жер аударылып келіп, қазақтың елі-жері, әдет-салты, атақты адамдары туралы жазған кітабы 1861 жылы Парижде, 1875 Берлинде поляк тілінде басылады. Ол кітаптағы көптеген деректерді Құнанбай Өскенбайұлының аузынан алғанын айта келіп, Құнанбай туралы да мәлімет берген: «Құнанбай қарапайым қазақтың баласы, табиғат оған кесек ақыл, ғажайып ес, жүйрік тіл берген... ол құран қағидалары мен дала заңдарының жүйрік білгірі, қазақтарға қатысты патшалық Ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі. Қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Қарапайым Құнанбай әулиенің даңқына бөленген. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, бай да, кедей де шалғай-шалғайдағы ауылдардан келіп жатады, ол жанған жұлдыз секілді даладағы барлық тайпаларға нұр төгеді» [13, 9], – деп жазған.

Аға оқытушы Мидхат Разданұлының «Абайды Құдайдан кейін қалса, Құнанбай берді» [13, 18], – деуі де содан.

Құнанбай аға сұлтандық қызмет атқарған кезеңде Қытай қазақтарының жеріне, атап айтқанда Алтай өңіріне барып, сол жақтағы беделді тұлғалармен кездескені жөнінде ауызша деректерде де, Асқар Татанайұлының еңбектерінде де мәліметтер кездеседі. Бұл жағдай Өскенбай әулетінің Қытайдағы қазақтармен байланысы Құнанбай заманында-ақ орнағанын көрсетеді.

Абай шығармаларын таратуда қолжазба көшірмелерінің рөлі зор болды. Ақынның мұрасының кеңінен таралуына Мұхтар Әуезов үлкен назар аударды, оның зерттеулері мен еңбектері Абай шығармашылығын ғылыми тұрғыда танытуға ықпал етті. Сонымен қатар Абайдың шығармаларын түпнұсқамен сәйкестендіру, толықтыру жұмыстарында оның ұзақ жылдық серігі Көкбай Жанатаевтың еңбегі ерекше. Көкбай ақынның мұрасын жинап, сақтау және

оны кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында айтарлықтай үлес қосты.

Абай шығармалары Қытайдағы қазақтар арасында ауызша, қолжазба түрінде, сондай-ақ кітап ретінде де кеңінен тарады. Қытай Халық Республикасындағы қазақ тілді баспасөздің негізін қалаушылардың бірі Асқар Татанайұлы Абайдың баспадан шыққан өлеңдер жинағын алғаш рет 1915 жылы молдадан дәріс алып жүрген кезінде ағаларының қолынан ұрлап алып оқығанын айтқан екен [14, 83]. Бұл кітап, шамасы, 1909 жылы Санкт-Петербургте жарық көрген Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы болса керек.

1917 жылы Орынборда өткен қазақ құрылтайының шешімімен Алашорда үкіметінің орталығы Семей қаласына орналастырылады. Ал 1918 жылы Семейде ұйымдастырылған жиында Алаш қайраткерлері шетелдегі қазақтар арасында Алаш идеяларын насихаттау қажеттігін қолдап, бұл бағытта бірыңғай шешім қабылдайды. Осы жиынға Абай мұрасын насихаттаушылар қатарынан Көкбай Жантайұлы, Тұрағұл Абайұлы және Қажымұқан Мұңайтпасұлы да қатысқан. Көп ұзамай Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Райымжан Мәрсеков пен Садық Аманжолов Шәуешекке сапар шегеді.

1918 жылы 26 сәуірде Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Садық Аманжолов және Райымжан Мәрсеков Ақсуат арқылы Шәуешекке жол тартады. Шәуешекке келген соң, олар Рамазан Шәнішевтің үйіне аялдайды. Бұл жерде олар жергілікті халыққа Алаш идеяларын түсіндіріп, сол арқылы елді біріктіру мен жаңа бағытта ойлау қажеттілігін айтады. Бейресми деректер бойынша, осы кезеңде Қытайда 300 мыңнан астам қазақтың болғаны айтылады. Алаш арыстары өздерінің негізгі мақсатын – Алаштың арманын жүзеге асыруды, сондай-ақ Абайдың рухын халықтың бойына сіңіруді басты міндет санайды. Бұл жиынға ақын Әсет Найманбаев та қатысып, өзінің «Алашқа» деген толғауын шығарады. Әсет бұл өлеңінде былай деп жырлайды:

Міржақып өлең айт деп, қолқаладың,
Мен бе ақын сен тұрғанда ой табатын.
Алаш – деп ағайынға сауға салып,
Ахаң ер отырмай ма жол табатын.
Жайылған дүниеге ғылым пәннен,
Құр қалдың ғой қазағым, дәмін татпай.
Міржақып Дулатов пен марқұм Абай [14, 136].

Алаш арыстарын Шәуешектен кейін Үрімжіге Құсайын есімді ауқатты адам ертіп апарады. Үрімжіде олар Шынжаң өлкесінің билеушісі Ян Зын Шинмен кездесіп, Алаш идеяларын таныстыру және елдің әлеуметтік-саяси жағдайын талқылау мақсатында маңызды әңгіме жүргізеді.

Абай мұрасын Қытайдағы қазақ қауымына жеткізушілердің бірі әрі Абай мектебінен тәлім алған тұлғалардың ішінде жезтаңдай әнші Әсет Найманбайұлының орны айрықша. Ол қос елдегі қазақтар ортасында өмір сүріп, ғұмырының соңғы кезеңін (1916–1923 жж.) Қытай қазақтарының арасында өткізді. Әсет Абайдың өлеңдері мен әндерін кеңінен насихаттап,

ақынның рухани мұрасын таратушы белді өкілдердің біріне айналды. Ол Абай есімінің Қытай қазақтары арасында ерте танылуына ықпал жасап, қазақ мәдениеті мен өнерінің кең ауқымда таралуына зор үлес қосты. Әсет ел ішін аралап, өнерімен халыққа рухани нәр беріп отырды.

Сонымен қатар Әсет пен Арғынбек жырларында Абайдың өмірі мен шығармашылығы туралы құнды мәліметтер кездеседі. Мысалы, Арғынбектің «Орта жүздің Сырдариядан Сарыарқаға көшіп шыққаны» атты өлеңінде:

Өскенбай, қажы Құнанбай, мырза Ыбырай,
Абайдың жаннан асқан білімін-ай!
Затың қазақ болған соң амал бар ма?
Арманда зарлап өттің, бұлбұлым-ай!
Ғаламға үлгі жайып, сөз тараттың,
Атыңыз бақи қалды, дүлдүлім-ай [15, 61]!– деп ақынға зор құрметпен жыр арнаған.

Әсет Найманбайұлы 1867 жылы Қарағанды облысы, Ақтоғай ауданы, Қызыларай ауылы, Аманқарағай дуаны, Күнтимес орда қыстауында дүниеге келген. Әкесі Найманбай қарапайым шаруа болған. Ауыр тұрмыстың айдауымен Найманбайдың жанұясы 1875 жылы Абай туған өлке Семейге қоныс аударады. Одан соң Шығыс Қазақстан облысы, Үржар ауданы, Бақты ауылына көшіп келген. Әсет 7-8 жасында медресе имамы Ғабдішүкір (Зейнолла) білім алады. Ол жастайынан өнерге бейімделіп, айтыстарға қатысады. Сонымен қатар әншілік өнері де үстем болды. Араб тілін, шығыс поэзиясын меңгеріп, Арқа әндерінің дәстүрін жалғастырып, дамытты. Абай ауылында жиі болған. Әсет 1889 жылдары Абай ауылына арнайы барып, Абайдан мол білім алған. Әсет Абайды өзінің ұлы ұстазы санаған.

Елуден жасым менің белең асқан,
Өлеңге он үш жастан араласқам.
Қызыл тіл қимылдаса қызуымен,
Текпінді терең сөзден жаза баспан, – деп жырлаған Әсет ақын өлеңмен өрнектелген жыр қалдырған. Әсет ақын ғана емес, сазгер болған. Әсет әндері бүкіл қазақ жұртына кеңінен танымал. Оның «Әсет» әні қазақ өнеріне жақын композиторлардың көптеген шығармаларында айтылады. Бұл әннің негізгі әуені композитор – Латиф Хамидимен бірге жазған «Абай» операсынан Абай ариясында қолданылған.

Әсет 1916 жылы Қазақстанда болған ұлт-азаттық көтеріліс кезінде жазалаушы отрядтардан үріккен елмен бірге Қытайға өтіп, сондағы қазақтардың арасына барып қоныстанады. Әсет Қытай қазақтары мекендеген Іле, Бұратала, Тарбағатай өңірлерін аралап, халықты өзінің рухани мол мұрасымен сусындатады.

Әсет Абай өнегесінен үйреніп, Абай мұрасынан сусындай келіп, қытай-қазақ әдебиетіне идеялық мазмұн, көркемдік өре жағынан соны соқпақ салып қана қоймай, қазақтың өлең өлшеміне де жаңалық ашқан ақын. Абай мен Әсеттің ілгергі қазақ поэзиясында «қара өлең», «жыр» делінетін екі ғана өлең түрі болғаны мәлім. Біз Әсет поэзиясын зерттеп қарайтын болсақ, байырғы осы екі өлшемді кеңінен пайдалана отырып, қазақ өлеңіне

шұбыртпалы ұйқас, қосарлы ұйқас, шалыс ұйқас, аралас ұйқас сықылды жаңа өлең түрлерін қосып, қазақ поэзиясының кемелденуіне жаңа үлгі көрсеткенін көреміз» [16, 86].

Әсет Найманбайұлы – қазақ мәдениетіне өзіндік үлес қосқан, елеулі із тастаған ақындарымыздың бірі. Тамаша әндері мен өлең-жырлары, айтыс-қағыстары мен қисса-дастандары халқымыздың рухани кәдесіне жарап, ұрпақтан ұрпаққа аманат ретінде ауысумен келеді [17, 104]. Әсеттің мол мұраларының бірі – қисса-дастандар. Оның қазақ қауымына таныс тұңғыш шығармасы – «Евгений Онегин». Абайдан кейін «Евгений Онегинді» қазақ халқына жеткізу – Әсеттің әдебиет әлеміндегі үлкен еңбегі болып саналады.

Қазақ халқы әнге бай. «Маған бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай болып көрінеді», – деп Г. Потанин айтқандай, Әсет қазақ мәдениетіне көп үлес қосқан жезтаңдай әнші, сазгер [18, 5].

Абайтанушы ғалым Қабайдың деректерінде, Абайдың төл шәкірті Әсет Найманбайұлы Қытай қазақтары қоныстанған аймақтарды түгел аралап, Абай шығармаларының таралуына үлкен ықпал еткен [19, 632].

Әсеттің 1923 жылы 13 шілдеде айтқан «Арызнама» өлеңінде:

Оқ жетпес, Көкшетау мен Тарбағатай,
Алтай тау, Алатауда өсіп-өндім.
Таяу жыл келіп қонып қызай елге,
Жерлерін Күнес, Текес араладым,
Жігіттер амал бар ма бұл ажалға,
Үйге де жете алмадым құлағанда.
Үш жүзге аты мәшһұр қайран Әсет,
Қалдың-ау Үлкенбура деген жайда, – деп жырлайды [20, 278].

Бірақ Әсеттің ҚХР-дағы өмірі ұзақ болмады. «Алмасты мүсәтір деп татып алған, ажалды ақша беріп сатып алған» Әсеттің соңғы жыры қандай?

«Болжаусыз осы кен ғой өлім деген,
Күн бұрын көзге келіп көрінбеген.
Артыма сөз қалдырмай ала кеттім,
Қаптағы дән сияқты себілмеген.
Тірліктің қызығына қызып жүріп,
Айқайға қайран даусым ерінбеген.
Абайдай арт жағына сөз қалдырып,
Жақсы еді-ау, әттеген-ай, өлу деген.
Зымырап бәйге атындай өте шықтым,
Жабығып көріп еді көңіл неден?
Ертең жазып бүрсігүні бітірем деп,
Баянсыз тіршілікке сенуменен..., – деп, өлер алдында Абайды ардақтап, Абайдың жолына жете алмағанын армандайды [21, 58].

Әсет 1923 жылы 56 жасында Құлжа ауданының Көккамыр жайлауында қайтыс болады.

Ұлы Абай мұрасын бойына сіңірген, үйренген Таңжарық жыл мезгілдерінің өзіндік сыр-бояуларын бедерлі де бейнелі суреттейді. Мұндай мезгілге тән бояуларды дәл тауып, ақындық тапқырлықпен әсерлі

бейнелейтін суреттер Таңжарық өлеңдерінің өн бойынан табылып отырады. Өйткені ол – «өлеңдерінен образды ой туындатып, мезгілдің өзіне белгі боларлықтай элементтерді жанды игеріп, образдандыра білетін суреткер ақын [14, 40]. Абай мұрасы Қытай қазақтарының рухани толысуы, дамуы, жетілуі жолындағы негізгі тірегі болды.

Қытай қазақтарынан шыққан ақын Таңжарық Жолдыұлы 1923 жылдың басында Қазақстанның Нарынқол өңіріндегі нағашы жұртына келіп, үш жыл мектепте оқиды. Игі жақсылармен кезігеді. Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлының шығармаларын тауып оқиды. Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов еңбектерімен танысып, қазақ зиялыларының ұлт үшін істеп жүрген ұлы еңбектеріне сүйінеді. Оларды:

Жетпейді оған жисаң мың баланы,
Көмбеге олар шапса тың барады.
Сөзінің әрбірінің заты бөлек,
Ойласаң миға салып ылғанады [14, 80].

Таңжарық 1925 жылдың қараша айында ҚХР-дағы өз мекені Күнес ауданына қайтып барады. Ауылына барған соң Қазақстаннан алған мол білімін еліне үйретеді. Абайдың рухани мұрасын насихаттап, таратып, ондағы қазақтардың Абайды тануына үлкен жол ашты. Таңжарық өзі ұйымдастырып, Шаяхмет, Әбілхайыр, Әлімжан қатарлы серіктерімен бірге «Іле өзені» деген қазақ тілді газет шығарады. Абай мұраларын баспасөз беттеріне шығарды. Таңжарық Абайдың даналығын танып, өзіне үлгі тұтқан. Ол өзінің «Ақын сыры» атты толғауында:

Сөздері басқа ақынның маған мәлім,
Құрт салған шайдай іріп былғанады.
Бәрін де Абай сөзі басып түсер,
Бір парша шеттен алып қырнағаны, – десе, тағы бірде:
Айтқаны Абай аға бар емес пе,
Сөзіңді ұқпағанға берме деген,
Жиреніп өз үйінен қашып жүрген,
Байқамай ант ұрғанға ерме деген.
Ерінбей еңбек етіп, талап тауып,
Қолыңды көтер көкке, серме деген, – деп Абайға ерекше құрметтілігін білдіреді [15, 41].

Таңжарық Абай шығармаларын көп оқығанын, Абайды өзіне ұстаз тұтып, кейде Абайша жыр жазғанын білуге болады. Абайдың «Жазғытұрым», «Қыс» қатарлы өлеңдері, сондай-ақ Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» сынды шығармасы мен Таңжарықтың «Іле сипаты» атты өлеңіндегі теңеулердің бір-бірімен үндесуінен олардың шығармашылығындағы тамырласты аңғаруымызға болады. Алайда, Таңжарықтың кейіптеу тәсілін қолданудағы өзіндік ерекшелігі байқалады:

Күн күліп барша әлемге шашты нұрын,
Кіргізіп табиғаттың қашқан сұрын.
Жағалай босағаны жымың қағып,
Күйеудей қайынына келген ұрын.

Шықпенен бетін жуып, жер түрленіп,
Күтінді қалыңдықтай күні бұрын [15, 43].

Абай мен Таңжарық та бұл өлеңде күнді – күйеу, жерді – қалыңдық ретінде суреттейді. Бірақ айтылуы бір күн болғанымен, екеуіндегі күннің мағынасы екі түрлі. Абай күнді барша әлемнің кіндігі, патшасы ретінде бағаласа, жерді – тіршілік атаулының анасы ретінде суреттейді. Таңжарық өлеңіндегі күн – реал өмірдегі күн ретінде суреттеледі.

Абайдың рухани мұрасын бойына сіңіріп, оны үлгі, өнеге тұтқан Таңжарықтың кей өлеңдерінен Абай өлеңдерінің әсері байқалады.

Кеңес үкіметі елдегі зиялы жастарды қудалау кезінде Қытай жеріне асып, Шәуешек қаласында ұзақ жыл оқу-ағартумен айналысып, қазақ мектебінің директоры болған көзі ашық, көкірегі ояу білімді азаматтардың бірі – Тұрсын Мұстафаұлы еді.

Тұрсын Мұстафаұлы жайында халық жазушысы Қабдеш Жұмаділ былай дейді: «Тұрсын Мұстафаұлы жасында Мұхтар Әуезовпен қатарлас оқыпты. Кезінде Алашорда басшыларының біразын көзімен көріп, тәлім алғаны тағы бар. 1930 жылы Арғы бетке жылыстап өтіп кеткен. Орыс тіліне жетік, грамматика мен математика пәндеріне жетік кісі еді. Тіл білімінің атасы – Ахмет Байтұрсынұлына жүгініп, қызықты мысалдар келтіреді. Жұртқа Абайдың өлеңдерін оқып, әндерін үйретеді. Міржақып, Мағжан, Ілияс, Бейімбет шығармаларын сол кісінің аузынан естіп өстік» [22, 82].

Абай Құнанбайұлының рухани мұрасы Қытай қазақтары арасына XIX ғасырдың соңында тарала бастады. Қазақ халқының екіге бөлінген бөліктері арасында мәдени және рухани байланыс үзілмей, халықтық қарым-қатынас сақталып отырды. Бұл байланыстың тарихи негіздерінің бірі – Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлының 1850 жылы Алтайдағы қазақтармен кездесу мақсатында жасаған сапары. Құнанбай бастаған топ Қаба ауданындағы Алқабек-Білезік аймағына жеткенде, жергілікті бай Шәку Есілбайұлы оларды құрметпен қарсы алған. Бұл сапар аясында бұрыннан жалғасып келе жатқан жиендік-нағашылық қатынастар жаңғырып, Құнанбайға 62 күрең су жорға сыйға тартылған. Осы жиында күйші Бейсенбі «Алпыс екі қоңыр» күйін шығарғаны айтылады.

Құнанбайдың бұл сапары туралы мәліметтерді Асқар Татанайұлы мен Нұқан Кәкешаұлы өз еңбектерінде жария еткен. Бұл деректер екі елдегі қазақтар арасындағы мәдени-рухани байланыстардың үздіксіз жалғасып отырғанын дәлелдейді. Абай шығармаларының ауызша, жазбаша және кітап түрінде таралуы осы өзара қатынастардың нәтижесі екенін көрсетеді.

Осындай байланыстардың ықпалымен Абай тағылымын бала күнінен біліп, өлеңдерін жаттап өскен Ақыт Үлімжіұлы, Асқар Татанайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Мағаз Разданұлы секілді Қытай қазақтарынан шыққан тұлғаларды айтуға болады. Ақыт та Абайдан тамыр тартып, Алаш жолы арқылы жеткен ұлттық идеяның жаршысы болды.

1920–1931 жылдар аралығында Кеңестік Қазақстанда орын алған саяси қуғын-сүргіннің салдарынан бірнеше жүз мың қазақ Қытай жеріне, әсіресе Шыңжаң аймағына қоныс аударды. Бұл тарихи көші-қонның ішінде

қарапайым халықпен қатар, саяси белсенділер мен білімді зиялылар да болды. Солардың қатарында Алаш қозғалысының көрнекті өкілдері – Ыбырайым Жайнақов, Райымжан Мәрсеков, Иса Тергеусізов сынды тұлғалар да Қытай қазақтарының арасына барып, Алаш идеяларын әрі қарай жалғастыруға ықпал етті.

Ортақ ұлт мүддесі жолында күреске шыққан Алаш арыстарының көбі елдегі отарлаушы күштің саяси қысымынан соң ҚХР-дағы қазақтарға қоныс аударады. Солардың қатарында Ыбырайым Жайнақов та бар еді. Ыбырайым Жайнақов Алаш қозғалысының белді қайраткері. 1919 жылы 17 наурызда Жетісу облыстық қазақ комитетінде жергілікті халықтың ауыр жағдайы туралы баяндама жасады. Большевиктер билігімен ымыраға келе алмаған қайраткер Жетісудағы Алаш қозғалысының көрнекті тұлғаларымен бірге Қытайға қоныс аударды. Сол жақтан большевиктерге қарсы қарулы қарсылық қозғалыстарын ұйымдастыруды жоспарлайды. 1932-1933 жылдары кеңес үкіметінен қашып келген қазақтарды жұмысқа орналасуға жәрдем береді. Моңғолкүре ауданының әкімі болады. 1938 жылы 28 ақпанда тұтқындалып, Гоминдан үкіметінің түрмесіне жабылады [23, 174]. Ыбырайым Жайнақов Қытай қазақтарына Алаш арыстары Қытайға барған соң, ондағы қазақ қауымының арасында Алаш идеяларын тарату жұмысын жалғастырды. Құлжа қаласында олар «Алаш-азаттық» атты ұйым құрып, саяси-мәдени ағартушылық бағытта қызмет жүргізді. Сонымен қатар оқу-ағарту ісімен айналысып, бірнеше жыл ұстаздық қызмет атқарып, білім берумен шұғылданды. Сол кезеңде Абай мұрасын насихаттау ісіне де белсене араласып, ақын шығармаларын халық арасына кеңінен таратуға күш салды.

Райымжан Мәрсеков – Алаш қозғалысының белді қайраткері, заңгер, публицист. Ол 1920-1922 жылдары маусым айына дейін Семей губерниялық атқару комитетінің ақпарат-нұсқау бөлімінде нұсқаушы-тергеуші болып қызмет атқарады. Кеңес үкіметінің қас жауы ретінде бақылауға алынады. Кейін қуғынға ұшырайды. 1922 жылы Қытайға өтеді. Жат елдегі тағдыры туралы дерек аз [23, 302].

Иса Тергеусізов – Алаш қозғалысының өкілі. Ол 1918 жылы тамызда Лепсі уезінде Алашорда жұмыстарын ұйымдастырады. 1920 жылы тағы басқа да Алаштықтармен бірге Қытайға өтіп, Құлжа қаласына қоныс тебеді. 1942-1943 жылдары ҚХР-дағы Гоминдаң жендеттерінің қолынан қаза табады [23, 390].

Шыңжаң жеріне Алашорданың арнайы тапсырмасымен барған үкіметінің әскери кеңесінің мүшесі Райымжан Мәрсекұлы мен Ыбырайым Жайнақұлы қатарлы Алаш идеясын ұлықтаушы тұлғалар да болды. Олар Құлжа қаласында «Алаш-азаттық» ұйымын құрды [95, 207].

Қытайға өткен алаштық тұлғалардың өмір жолы мен олардың атқарған өнегелі істері бүгінгі таңда толыққанды зерттелмей келеді. Алайда бұл қайраткерлер ұлт руханияты үшін аянбай еңбек етіп, Қытай қазақтарының саяси санасының өсуіне, ғылым мен білім саласының дамуына, рухани дүниетанымының кеңеюіне елеулі үлес қосты. Олар мектептер ашып, ағартушылық қызметпен айналысып, білім беру ісінде ауқымды жұмыстар

атқарды. Бұл қызметтерінің барлығы – ұлт болашағы жолындағы іргелі істердің бір бөлігі.

XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстанда болған қоғамдық саяси қуғын-сүргінде қазақ халқының басына ауыр күн туды. Елдегі көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың біразы шетел асуға мәжбүр болды. Сол бір қиын заманда қазақ зиялыларының біразы Қытай жеріне бас сауғалап барып, ондағы қазақ халқының ғылым-білім, мәдени-рухани әлеміне өз үлестерін қосты. Олардың қатарында Зият Шәкәрімұлы да бар еді. Зият Абай мен Шәкәрімнің шығармаларын Қытай қазақтарына таратушы белді өкілдердің бірі. Ол Шәкәрімнің біраз қолжазбаларын Қытайға алып өтіп, сонда сақтап, елге аманаттаған.

«Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайдың реалистік дәстүрлерін жалғастырған, эпикалық жанрдың дамуына зор үлес қосқан ірі ақын және ойшыл болды. Ақын есімі халық арасында кеңінен мәлім. Оның шығармалары төңкеріске дейін-ақ ауыздан-ауызға ауысып, бірінен бірі көшіріп алу арқылы жұрт арасына кеңінен таралып кеткен. Ол өзінің ұстазы Абай секілді реалист ақын еді... Шәкәрімнің мұрасы ұзақ жылдардағы үнсіздік пен нақақ жаладан кейін халыққа оралуға тиіс» [24, 182].

Бір кезде «Абайдың нағыз шәкірті» деп Мұхтар Әуезов таныған Шәкәрімді 1958 жылы Совет одағының жоғары прокуратурасы саяси қылмысы жоқ деп ақтағаннан кейін, оның әдеби мұрасы жөнінде алғашқы үн қатушылардың бірі болып жазушы Әбдіжәміл Нұрпейісов пен Әнуар Әлімжанов бірлесіп бұрынғы Совет одағының «Литературная» газетінде (1959 жылы) көлемді мақала жариялады.

Абай мен Шәкәрімнің қолжазбасын Қытай жерінде жүрсе де, көзінің қарашығындай сақтап, бүгінге жеткізген үш адамды ерекше атауымыз керек. Олар: Шәкәрімнің Кеңестік қудалаудан Қытайға қашып барған ұлы Зият Шәкәрімұлы, Алтайдағы Алаш қозғалысы жетекшілерінің бірі – Кәрім Дүйсебаев, Алтайдағы ақын-жазушы Асқар Татанайұлы. Асқар Татанайұлы Кәрім Құсайынұлын өзінің ұстазы санаған. Асқар Татанайұлы 1906 жылы Өр Алтай өңірінде Ертіс өзенінің бойында туып, 1994 жылы Алтай қаласында дүниеден өткен. Ол Қытай мемлекеттік Жазушылар қоғамының мүшесі болған. Қазақ халқының әдеби-мәдени мұраларын жинап, сақтап, ұзақ жылын халық мұрасын жинап, қорғауға арнаған. Алтайдағы Алаш жетекшілерімен серіктес болған, қазақ руханиятына үлкен үлес қосқан қайраткер. Асқар Татанайұлы Зиятпен 1934 жылы Кәрім Дүйсебаевтың үйінде танысады. Ол кезде Зият бастауыш мектепте ұстаз болып қызмет атқарып жүрген кезі екен. Алтай өңіріндегі осы үш тұлғаның бір-бірімен тығыз байланыс орнатуы, Абай мен Шәкәрім еңбектерінің Қытай қазақтарына таралуына өз үлесін қосты және қазақ руханиятының көкжиегін кеңейтті [25, 82]. 1935 жылы Алтай аймақтық үкіметінің хатшысы Мәңкей Мәмиев Кеңес одағынан баспа заводын алдырады. Асқар Татанайұлы осы баспаға қызметке тұрады. Ең алғаш «Шынжаң-Алтай» газеті шыға бастайды. Сол кездегі құбылмалы саяси жағдайларды ескерген Кәрім Дүйсебаев Асқарға Шәкәрімнің қолжазбасын және басқа да мұраларды береді. Кейін

уақытша үкіметтің «Совет одағынан келген кітаптарды жинау» науқанында Абай мен Шәкәрімнің біраз еңбектері жоғалады.

2015 жылы Бейжіңдегі ұлттар баспасынан жарық көрген Мидыхат Разданұлының «Шәкәрімнің өр Алтайда ізі бар» атты кітабында 1931 жылы Шәкәрім атылғаннан кейін бас сауғалап Тарбағатай өңірінен Жүңгө жеріне өткен Зият Шәкәрім ұлы бастаған туыстарының кейінгі өмірін, Шәкәрімнің өр алтайда ел аузында қалған әндерін, дастандары мен басқа да шежірелерін жыр етіп, Шәкәрім шығармаларының ҚХР-дағы газет-журналдарда басылым көргенін, халыққа рухани азық бергенін, Зият Шәкәрімұлы сынды ақын ұрпақтарының қараңғы қазақ даласына сәуле шашып, ағартудың жарық нұрын апарғанын баяндайды. Мәселен, Зият Шәкәрімұлы Алтайға мәдениет нәрін сепкен сондағы алғашқы оқытушылардың бірі ретінде еңбек сіңірді. Зият анығында алтай әкімшілік мекемесінің бір қызметкері − «Қазақ-қырғыз мәдени ағарту ұйымының» жұмысын істеп жүріп, оқытушылық міндетін қосымша атқарды. Зият Шынжаңдағы кезінде бірқыдыру өлең жазады. 1931 жылы Тарбағатайға азып-тозып келген жағдайда әуелі өздерін бауырына тартып, қамқорлық жасаған Шағантоғай ауданындағы Иса қажы Сонабайұлының ауылында, келесі жылы Тарақты Тышқанбай бидің ауылы аталатын Қабдолланың ауылында бір жыл тұрады. Иса қажының көптеген аш-арық босқындарға бодаусыз көмек берген адамгершілігіне разы болып өлең арнайды. Оның бүгінгі таңда қолымызға түскені мынадай:

Меккеге тәуап етіп барған қажы,
Мешіт пен медресе салған қажы,
Аш-арық адамдарды тойындырып,
Көз қырын мүсәпірге салған қажы.
Амалын екі әлемнің бірдей ойлап,
Сауабын дүниенің алған қажы.
Қайырым, мейірім көмегі жоқ,
Аталып жүргендер көп жалған қажы.
Бұл бір ұзақ толғаудың жұрт есінде қалғаны [25, 89].

Тарбағатайдағы кезінде әкесі туралы «Сілбі» деген ат қойып, дастан жазады, онда:

Сәлем де көп тобықты қауымына,
Қалды әкем Керегетас бауырында.
Қапыда тағдыр айдап оққа ұшты,
Тұманның сілбі аралас жауынында, − дей келіп, әкесіне мынадай сипаттама береді:
Қажы еді әкем кәрі шал,
Жетпіс үште жасы бар,
Арнап жеміс алғанға
Шөлдеген жанға еді бал.

Сүйегің қалды қиырда-ай,
Басыңа халқың жиылмай.
Туысқан бауыр балаңнан,

Топырақ қолдан бұйырмай.

Жиырма сегіз жасымда,
Жалғанның көрдім тарлығын.
Қайғыны салдың басыма,
Ең ауырын − барлығын.

Әкекем сізді сағындым,
Ойласам естен жаңылдым.
Жас өмірді сөндіріп,
Тағдыр-ау, саған не қылдым!?

Асқар белім, биігім,
Қайғының тарттым күйігін.
Қайғы билеп әкетті,
Көтере алмай иығым.

Паналаушы едім саяңды,
Опасыз өмір таянды.
Жүректегі зар-мұңым,
Бір өзіңе аян-ды.
(Бұл да дастанның ел есінде қалған үзігі) [25, 91].

Мидыхат Разданұлы Шәкәрімнің өр Алтайдағы ізін төрт қырлы сипаттайды: бірінші, халық ішіне тараған, сөзін өзі жазып, әуенін де өзі шығарған әндері бар. Бұны білетіндер тым көп болмаса да, Алтайда бар. Екінші, бір топ өлеңі және «Үш анық» деген шығармасы қолжазба күйінде тараған. Оны көп адамдар көшіріп жазып алып отырған, өлеңдерін жаттаған. Үшінші, «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек», «Ләйлі-Мәжнүн» дастандары мен «Дубровский әңгімесі» кең тараған. Төртінші, Шәкәрім жазған қазақ шежіресі де мұнда болған. Ол заманда аз таралыммен болса да баспадан шыққандығы үшін көбірек тараған деп санауға болады деп, Шәкәрім шығармаларының ізін суытпай, сол дәуірдегі баспадан басылып шыққан еңбектерін де айтып өтеді, мысалы, Алтай аймағында шығатын «Алтай аясы» деп аталатын әдеби журнал 1982 жылдан бастап «Ағабуындар әуені» деген айдармен («Шәкәрімнің өлеңдерінен» деген қосымша тақырып қойып) көп өлең жариялаған. Атап көрсетсек: 1982 жылғы №1 санында осы журнал Шәкәрімнің «Насихат» қатарлы 75 шумақ өлеңін басқан, келесі санында тағы 80 неше шумақ өлеңін берді. 1986 жылы №1 санында «Алтай аясы» Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» деген өлеңін басты. Өлеңді жазып жіберуші Жеменей ауданынан Бисара Әбдіғалым қызы деп ескерткен.

«Алтай аясы» − маусымдық әдеби журнал. Журналдың 1980 жылдар ішіндегі басқа сандарында да Шәкәрімнің (материалдан алынды деген ескертумен) бірқатар өлеңдерін басты, ол қандай материал? Тағы да қолжазба ма? Басқа бір басылымнан көшіріп алынды ма, ол жері анық айтылмаған.

«Маған анық бір факты мынау: сол жариялаған өлеңдердің басым көбі,

тіпті барлығы – Қазақстан баспа орындары Шәкәрімнің әдеби мұрасына қандай мәміледе боларын білмей, «Әліптің артын бағып» отырған кезде басылған болатын. Ал Қазақстанда Шәкәрім шығармалары 1988 жылдан кейін ғана жаппай жариялана бастағаны белгілі. 1995 жылы жетінші ақпанда «Шинжияң гәзеті» «Шыңғыс тауындағы үш заңғар шың» деген тамаша мақала басты, авторы Су Жучиұң деген жазушы екен. Ханзу тілінен аударған Қанатбек Жұмабайұлы. Бұл мақала Абайдың 150 жылдық мерейтойы қарсаңында және Ханзу тілінде басылғандықтан оны миллиондаған адам көрді деуімізге болады. Мақалаға қосып үш заңғардың − Абайдың, Шәкәрімнің және Мұхтардың суреті басылған. Менің көзім шалған Шәкәрім шығармаларының басылу фактылары – осылар [25, 107].

Абай мен Шәкәрімнің мол білімінен тәлім алып, еңбектерін өнеге тұтып, сақтаған Зият Шәкәрімұлының ұрпақтарының Алтай төңірегіндегі өмірінен, Шәкәрімнің қиырда жүрген әндерінен, Абайды, Шәкәрімді ертерек білді, өзара географиялық, шекараластық, туыстық және мәдениеттің бірлігі Абай шығармаларының Алтай, Тарбағатай, Іле, Еренқабырғаны жайлаған қазақтар арасына емін-еркін таралуына мұрындық болды. Зият Шәкәрімұлы:

Ризық болды маған атақ-даңқы,
Құрметтеу жақсыларды елдің салты.
Абай мен Шәкәрімді көрмесе де,
Оларды қадірлейді керей халқы [25, 122].

Демек Зият Қытайға барған 1930 жылдардан бұрын-ақ ондағы қазақтар Абай мен Шәкәрімнің еңбектерімен сусындап, шығармашылығымен таныс болған.

1.2 Абай шығармаларының баспасөз беттерінде жарық көруі

Кез келген ұлттың көне тарихын, тілін, мәдениетін, рухани құндылықтарын танып-білуге қажетті нәрсе – жазба ескерткіштер мен нұсқалар. Тарихтан белгілі болғандай, XIV ғасырдан бастап түркі тілдес тайпалар жеке-жеке халықтарға бөліне бастады. Ал XV ғасырдың соңына қарай қазақ, өзбек, қырғыз, татар сияқты ұлттар қалыптасты. Міне, осы кезеңдерден бастап жеке халықтардың өздеріне тән әдеби тілінің негізі қаланды. Яғни, ескі қазақ тілі XV ғасырға дейін қазақ халқын құраған ру-тайпа тілдері ретінде өмір сүрсе, XV ғасырдан кейін қазақ ұлтының ауызша және жазбаша тілі негізінде әдеби тіліміздің қалыптасуына ықпал етті. Қазақ қоғамында, жазба тілмен ауызша тілдің арасындағы айырмашылық XIX ғасырдың екінші жартысына дейін жалғасып келді. XV ғасырдан бері қарайғы жазба тіл орта түркі жазба әдеби тілінің жалғасы іспетті болғанымен де, оларда жергілікті халық тілінің элементтері жиі ұшырасып отырды [26, 4]. Ал мұсылмандық үстем болған территорияның өзінде жағдай өте аумалы-төкпелі болды. Арабтардың әдебиеттегі әсері IX ғасырда Орта Азиядан бері тараған жоқ. Жалпы әдеби тіл қалыптастырудың алдында IX ғасырда Персияда, Түркістанда жергілікті диалектіде поэзия жасауға тырысу сияқты баспалдақ болды. Оның үстіне IX, X ғасырларда Персияда, Түркістанда мемлекеттік іскағаз, діни уағыз әдебиетінде араб тілі

мен парсы тілі арасында бәсеке болды. Ал X ғасырда Түркістанда әдебиет негізінен парсы тілінде жасала бастады [27, 239]. Абай өз еңбектерін тек қана қазақ тілінде жазды. Абайдың заманы қазақ әдеби тілінің қалыптасуындағы үлкен бір баспалдағы деуге болады. Осы кезеңдерде қазақ әдеби тілі бір қалыпқа түсе бастады.

Адамзат қоғамының дамуына ілесіп қағаздың пайда болуы және оған жазу жазып, құнды ақпараттарды баяндайтын көптеген жазушы ғалымдар дүниенің әр өңірінен шықты. Ислам дінінің қазақ даласына келуі түркі ұлттарына араб жазуын ала келді. Түркі халықтары түркі-соғды жазуымен қатар араб жазуын біраз уақыт тең қолданды. Кейінде араб жазуы, түркі-соғды жазуын ығыстырып тастады. Араб жазуы ұзақ ғасырлар бойы түркілердің қолданатын жазуына айналып келді. Ата-бабаларымыз ежелден бері жазудың бірнеше түрін пайдаланды. Ең алғаш түркі-соғды жазуын пайдаланып келсе, ислам дінінің қазақ даласына келуімен араб жазуының нәсhи түрі кеңінен таралды. Бірақ, біраз уақыт түркі-соғды жазуы мен араб жазуы тең қатар жарыса қолданылып, кейін діннің кеңінен таралуымен араб жазуы соғды жазуын қолданыс аясынан ығыстырып тастады.

Баспа өнері VIII-IX ғасырларда Қытайда пайда болса, одан төрт ғасырдан соң Еуропада пайда болған. Баспа өнерінің пайда болуы кітаптарды көбейтіп шығаруға мол мүмкіндік тудырды және ақпараттың кеңінен жайылуына жол ашты. Ал қазақ тілінде кітап шығару ісінің тарихы 1800 жылғы Қазан қаласында ашылған бірінші Азиялық баспадан басталады.

Тарихшылар араб жазуын қазақты құраған тайпалар VIII ғасырдың соңы мен IX ғасырдың басында қолдана бастаған деп бағамдайды. Әбу Насыр Әл-Фараби, Махмұд Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Қожа Ахмет Ясауи сияқты ғұлама ғалымдарымыз өз шығармаларын араб жазуы үлгісінде жазып, мол мұраны соңғыларға қалдырды. Онан кейінгі Қазақ хандығы тұсында да бұл жазу тұтастай хандықта кеңінен қолданылды. Мұхаммед Хайдар Дулати, Қадырғали Жалайыр да өз шығармаларын араб жазуымен жазды. Кешегі Ыбырай, Абай, Ақыт, Шәкәрім тағы басқа да тұлғаларымыз шығармашылықпен айналысуда осы араб жазуын пайдаланған, дейтұрғанмен, қазақ оқырмандарының заманға сай талабы бойынша ұзақ ғасырлар бойы қолданылып келген араб алфавиті негізіндегі қазақ жазуы қазақ тілінің ерекшелігін толық бейнелей алмайтын тұстары болады. Яғни кейбір дыбыстарымызға араб жазуында бейнеленетін әріп жоқ еді. Міне осындай олқылықтарды толтырып, қазақ тілінің көркемдігін ашу үшін 1913 жылы ұлтымыздың көрнекті жазушысы, ғалым Ахмет Байтұрсынұлы ескі жазуды қайтадан жаңартты. Ахмет Байтұрсынұлы араб жазуын негіз етіп, қазақтың фонетикалық тіл қасиетіне лайықтап жасады. Ол тек жазуды реформалаушы ғана емес, сонымен қатар, қазақ грамматикасын тұңғыш рет жүйеге салған құрастырушы болып есептеледі. Ахмет Байтұрсынұлы байырғы араб және шағатай жазуы емлесіндегі үш дауысты дыбыс (а, о, ы) таңбасына, ә, е, і, ұ, ү, ө әріптерін қосып, оны тоғызға жеткізді. Араб жазуында жоқ (у) әріпін дауыссыз дыбыс орнына толықтады. Әліппесі, грамматикасы, емлесі қазіргі

қазақ тілінің сөйлеу тіліне үйлестіріліп, қайта жасалды. Сонымен араб алфавиті негізінде қазақтың төл жазуы жарық көрді [28, 93].

Ғасырдың басында «Тіл – адамның адамдық белгісінің зоры, жұмсайтын қаруының бірі. ...Біздің заманымыз – жазу заманы, жазу мен сөйлесу ауызбен сөйлесуден артық дәрежеге жеткен заман» [29, 84], – деп жазды реформатор, ғалым, ғасыр саңлағы Ахмет Байтұрсынұлы өзінің тіл туралы зерттеу мақаласында.

Сондықтан да ол қазақ әліпбиін түзету мен жаңартудың, ана тілінде оқулықтар жазудың маңыздылығын сол дәуірдің қоғамдық-саяси ахуалымен байланыстыра отырып түсініп, бұл аса жауапты істі алғашқылардың бірі болып қолға алды. Реформаланған араб жазуы негізіндегі қазақ әліпбиі өз кезеңінде қазақ халқының мәдени өмірінде елеулі серпілістер туғызды. Ол жаппай сауаттандыру ісіне, жазба әдебиеттің дамуына және баспа жұмысының жануына айтарлықтай ықпал етті. Бұл жөнінде замандастары кеңінен жазып, реформаның маңызын атап көрсетті. Мәселен, алғашқы болып қалам тербеген қазақ зиялылары қатарында Міржақып Дулатов, Елдес Омаров, Телжан Шонанұлы, Сәкен Сейфуллин және Мұхтар Әуезов сияқты тұлғалар болды.

А. Байтұрсынұлы ұлт жазуының таңбасын алуда аса сақтықпен «қазақ ұлтының болмысын жоғалтпайтын, дыбыстық ерекшеліктерін бере алатын, әрі ислам дінінің уағызы арқылы келген араб графикасын таңдады. Сонымен қатар ежелден келе жатқан қадим жазуындағы дала ғұламаларының зерттемелерін де негізге алды [30, 173]. Қазіргі қазақ филологиясы ғылымында ғалым-реформатор, қазақ тілі мен әдебиетінің негізін салушы А. Байтұрсынұлы туралы тіл саласында бірнеше зерттеу еңбектер жазылды.

Қазақ әліпбиі немесе Байтұрсынұлының емлесі – тек сауат ашудың құралы ғана емес, ілім-білімге бастайтын негіз, ғылымға апаратын сара жол болды. Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Ахаң ашқан қазақ мектебінің» басты ұстанымы – қазақ баласына ана тілінде білім беріп қана қоймай, оның ой-санасын, дүниетанымы мен талғамын да ұлттық негізде қалыптастыру еді. Бұл ұстаным сол кезеңдегі тарихи-әлеуметтік жағдайдан туындады. Өйткені XX ғасыр басында қазақ арасынан шыққан оқыған азаматтардың көпшілігі білімді татар немесе орыс тілінде алған, соның салдарынан өзара тілдік қойыртпақ қалыптасқаны белгілі. А.Байтұрсынұлы бұл жағдайды жақсы түсініп, қазақ ұлтының табиғи тілдік болмысын сақтау мақсатында, білім беру ісін ана тілінде жүргізуді негізгі әдістемелік бағыт ретінде ұстанды. Ол қазақ баласының сауатын ана тілі арқылы ашып, білімнің іргетасын төл тілде қалауға ерекше мән берді [30, 174].

Ахмет Байтұрсынұлының өз сөзімен айтқанда: «Қазақша дұрыстап хат жаза білуге бір-екі-ақ жыл керек. Қазақша оқу дегенде мен осы күнгі мұсылманша оқып жүрген жолменен оқуды айтпаймын, қазақтың тілі менен оқуды айтамын. Бұл күнгі мұсылманша оқып жүрген жолдың бұлғалақ-жырғалағы көп, онымен жүріп хат жаза білуге жеткенше русша білуден уақыт кем кетпейді... Сондықтан оқу керектігі даусыз болса, оқуға керек құралдарды сайлау керектігі де даусыз. Жақсы құралменен іс істегенде

көпке тиіп жанды қинамайды...» [29, 85].

№	1912	1927	латынша	Кирил-ше	Айтылуы
1	*2*	*3*	*4*	*5*	*6*
1.	ا	ا	a	а	а
2.	ٵ	ٵ	*ə*	ә	*ə*
3.	ب	ب	b	б	бы/бі
4.	پ	پ	p	п	пы/пі
5.	ت	ت	t	т	ты/ті
6.	ج	ج	ç	ж	жы/жі
7.	د	د	d	д	ды/ді
8.	ر	ر	r	р	ыр/ір
9.	ز	ز	z	з	зы/зі
10.	س	س	s	с	сы/сі
11.	ش, چ	ش, ش	c, *c*	ш	шы, шы/ші
12.	غ	غ	Q	ғ	ғы
13.	ق	ق	q	қ	қы
14.	ك	ك	k	к	кі
15.	گ	گ	g	г	гі
16.	ڭ	ڭ	n	ы	ың/ің
17.	ل	ل	l	л	ыл/лы; іл/лі
18.	م	م	m	м	мы/мі
19.	ن	ن	n	н	ны/ні
20.	و	و	o	о	о
21.	ۋ	ۋ	ö	ө	ө
22.	ۇ	ۇ	ʻu	ұ	ұ
23.	ۇ, ۋ	ۇ, ۋ	ü, w	ү, ұ	ү, ұ,
24.	ه	ه	e	е	е
25.	ى	ى	ы	ы	ы
26.	ئ	ئ	j	і	і
27.	ي	ي	ü	и	й
28.	ى:	ه	e	е	ие
		ٔ		дәйекше	

（Байтұрсынұлы әліпбиінің кестесі）

Реформатор-ғалым А. Байтұрсынұлының әліпби жүйесі және фонологиялық жіктемесі Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізін қалаушылардың бірі ретінде, қазақ тіліне бейімделген реформаланған араб графикасына сүйене отырып, әліпби жүйесін жасады. Ол бұл жазу реформасын таза лингвистикалық ұстанымдар негізінде жүргізіп, қазақ тілінің табиғи дыбыстық жүйесін негізге алды. Өзінің зерттеуінде ғалым қазақ тіліндегі дыбыстарды былайша жүйелейді:

«Қазақ тілінде 24 дыбыс бар. Оның бесеуі – дауысты, он жетісі – дауыссыз, екеуі – жарты дауысты».

Дауысты дыбыстар

А.Байтұрсынұлының жіктеуіне сәйкес, қазақ тіліндегі дауысты дыбыстар мыналар:

ا (а), و (о), ۇ (у), ى (ы), ه (е)

Дауыссыз дыбыстар

Қазақ тіліндегі дауыссыз дыбыстар тобына кіретіндер:

ب (б), پ (п), ت (т), ج (ж), چ (ш), د (д), ر (р), ز (з), س (с), غ (ғ), ق (қ), ك (к), گ (г), ڭ (ң), ل (л), م (м), ن (н)

Жарты дауысты дыбыстар

ۇ (у) ±, ى (й) ± – жарты дауысты дыбыстар ретінде белгіленеді.

Ғалым дыбыстардың артикуляциялық сипатына да назар аударады. Оның тұжырымдауынша, ق (қ) пен غ (ғ) дыбыстары үнемі жуан айтылады, ал

ك (к), گ (г) және ه (е) дыбыстары дәйім жіңішке болып келеді. Ал қалған 19 дыбыс – жуан және жіңішке түрде айтылуы мүмкін дыбыстар. Осы ерекшелікті нақтылай келе, Байтұрсынұлы былай деп жазады:

«Егерде бұл 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф керек десек, мысалы: «ت», «س» сықылды, онда 19 дыбысқа 38 харіф керек болар еді. Бұған дәйім жуан айтылатын «ق» мен «غ»-ларды, дәйім жіңішке айтылатын «ك», «گ» һәм харіфтерді қосқанда, бәріне 43 харіф керек болар еді».

Осылайша, Ахмет Байтұрсынұлы өз әліпби реформасында қазақ тілінің табиғи фонетикалық жүйесін негізге ала отырып, ұлттық дыбыстық ерекшеліктерді дәл жеткізетін, әрі жазу барысында үнемділік пен қарапайымдылықты ұстанған тиімді фонографиялық жүйе ұсынды. Бұл әліпбидің басты артықшылығы – қазақтың сөйлеу тілін нақты бейнелеуімен қатар, грамматикалық құрылымының ерекшеліктерін сақтай отырып, жазу мен оқуға жеңіл әрі қолайлы болуы. Байтұрсынұлы ұсынған бұл жазу үлгісі XX ғасырдың алғашқы жартысында қазақ халқының жаппай сауаттануына, ана тілінде оқулықтар жазуға және ұлттық білім беру жүйесін қалыптастыруға үлкен серпін берді [31, 11].

Реформатор Ислам әліпбиінің қазақ арасына қалай келгеніне тоқталады. «...Араб әліппесі қазақ арасына дінменен бірге таралған, сіңген, дінменен бірге байласқан әліппені алып тастап, басқа әліппені алдыру қиын жұмыс. Бұлай болған соң араб харіфлерін қазақ дыбыстарына жеткізу амалын табу керек. Араб харіфлерінің түрін тым бұзып өзгертуге болмаса, қалай амалын таппақ керек? – деген өзекті сауалды өзі көтереді, әрі оның жауабын да өзі айтады. Мұның амалы менің ойлауымша мынау деп дыбыстарды жүйелеп береді [29, 86].

«...Дауысты дыбыстарға дауыссыз дыбыстар бағынбақшы. Яғни, дауысты дыбыстар жуан айтылса – олардың қатарындағы дауыссыз дыбыстар да жуан айтылмақшы; дауысты дыбыстар жіңішке айтылса – дауыссыз дыбыстар да жіңішке айтылмақшы. Бұлай болғанда дауысты дыбыстардың харіфлерінің жуан иа жіңішке айтылмағын белгілеп айырсақ, дауыссыз дыбыстардың да жуан иа жіңішке айтылмағын айырғанымыз жөн», – дейді [29, 86].

Ғасыр басында ғалым түрлеген, әрі түзген оқу құралы – Қазақша алифба. Бұл кітап алғаш рет 1912 жылы Орынбордағы жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат тақпағын оқулықтың беташары ретінде берген [32, 448].

Әліп-би. Жаңа құрал. Оқулық 1926 жылы бұрынғы оқу құралы «Қазақша алифбаға» жалғасты кітап ретінде жазылған [25]. Кітап 14 жылдан соң қолданылған тәжірибе сынақтан өтіп, қайта өңделіп, 1926 жылы Қызылорда баспаханасынан шыққан, 1928 жылы тағы басылды. Алғашқы басылым 116 бет, кейінгі басылым 114 бет. 1927 жылғы екінші басылымның түпнұсқасы табылған жоқ. 1928 жылғы оқулықтың ішкі мұқабасында 3-ші рет басылғандығы айтылады [30, 181]. Орыстың тіл зерттеуші ғалымдары төте жазудағы қазақ әліпбиіне 1924, 1931-ші жылдары «Байтурсуновская

графика», «Байтурсуновский алфавит» деп атап, түркі әліпбилері ішіндегі ғылыми жүйеленген ірі жетістік деп қабылдаған. Мәселен Мәскеуде 1931 жылы жарық көрген «Литературная энциклопедия» атты жинақтың 5-ші томына осы Ахаң реформалаған әліпби «Казахский (Байтурсуновский алфавит)» енгізіліп, орыс ғалымдарының тарапынан жоғары бағаға ие болған [33, 23].

ҚХР-дағы қазақтар XIX ғасырдың аяғынан күні бүгінге дейін әртүрлі жазуларды, соның ішінде Бағатай-қазақ жазуын, Байтұрсынұлы жазуын, Бириллиса жазуын, Қытай дыбыстық әліпбиі негізінде жасалған Латын негізіндегі жазуды пайдаланды.

Бұл жазулардың ішінде шағатай-қазақ жазуы мен Байтұрсынұлы жазуының орта Азияда, бұрынғы кеңестік дәуірде кең тараған қазақ жазуларымен байланысы ерекше. Қытай ғалымдары бұл жазуларды Қытайда екі елдің білім және мәдени байланыстары кезінде енгізген.

ҚХР-дағы қазақтар арасында шағатай-қазақ жазуының кеңінен таралуының себептерін бірнеше факторлармен байланыстыруға болады. Біріншіден, Цин патшалығы тұсында Қытайға қоныс аударған қазақ халқы өзімен бірге Қытайда оңай қабылданған шағатай-қазақ жазуын ала келген. Екіншіден, Абай әдебиетінің ҚХР-дағы қазақтар арасында таралуы шағатай-қазақ жазуының кеңінен таралуына үлкен ықпал етті. Бұған Абайдың әдеби кемеңгерлігін тану, бағалау, оның ой-пікірлерін тарату, ақынның жазу стилін насихаттау үлкен рөл атқарды. Үшінші себеп – Қытайлық жастар орталық Азияның мәдени орталықтарында білім алуда. Олар – Алматы, Ташкент, Самарқан қалалары.

ҚХР-дағы қазақтар арасында қазақ жазуының жаңару кезеңі үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – Байтұрсын әліпбиін қабылдау және тәрбиелеу кезеңі; Екінші кезең – Латын графикасына негізделген Қытай әліпбиін қолдану кезеңі; Үшінші кезең – ескі әліпбиді қайта пайдалану және ақпараттық технология кезеңі.

Қазан төңкерісінен кейін Кеңес одағы үкіметі әрбір ұлттың тілі мен жазуын дамыту үшін жаңа әліпби әзірлеуді немесе ескі жазуды жеңілдетуді өз мойнына алды. Соның нәтижесінде Ахмет Байтұрсынұлы шағатай-қазақ жазуы негізінде жаңа қазақ жазуын жасады.

Байтұрсынұлы шағатай-қазақ жазуында қажетсіз диакритикалық белгілерді алып тастап, араб жазуын жеңілдетіп, бір қалыпты тыныс белгілерін енгізіп, оқу мен жазуды жеңілдетті. Ол 33 таңбадан тұратын жаңа қазақ әліпбиін әзірледі.

Ол кезең ҚХР-дағы қазақтар арасында жаңа ағартушылық дәуірі еді. Бұл кезде Шыңжаңды гоминдаң партиясы басқарды. Ияң Зінчиң, Зин Шурін Кеңес Одағымен араласудың маңыздылығын түсініп, жыл сайын 30-40 жасты Алматыға оқуға жіберетін. Олар Байтұрсынұлының жазуын сонда үйренді. Шыңжаңға оралған соң, онда білім алған жастар әр салада еңбек етеді.

ҚХР-дағы қазақтарда 1930 жылдары жаппай мектеп ашу кезінде «Ахмет Байтұрсынұлы емлесі», «төте жазу» деп аталып қолданылды. ҚХР-да

1933 жыл 12-сәуір төңкерісінен кейін Ахмет Байтұрсынұлы емлесін ҚХР-дағы қазақтар кеңінен қолдана бастады [34, 93].

ҚХР-дағы қазақтар арасында Байтұрсынұлы жазуын қабылдау XX ғасырдың алғашқы жылдары басталды. Бұл кезеңде Шыңжаңдағы мәдени алмасу саласымен тығыз байланысты болды. Шыңжаңда жаңа мектептер ашылып, Алматы сияқты қалалардан оралған жастар Байтұрсынұлы жазуы мен жаңа оқулықтар әкеліп, ҚХР-дағы жаңа оқу жүйесін енгізді. Қытай қазақтарының білімі Байтұрсынұлы жазуын үйреніп, қолдана бастады.

1930 жылдан бастап ҚХР-дағы қазақтар бірте-бірте дәстүрлі жазудан бас тартып, Тарбағатай мен Алтай өңірінде Ахмет Байтұрсынұлының негізіндегі жаңа әліпбиді оқыта бастады. «Әліппенің мәні», «Жаңа әліпби», «Әліппе» сияқты еңбектер басылып, мектептерде пайдаланылды. Сол еңбектерді басып шығару және оқыту ҚХР-дағы қазақ жазуының дамуындағы жаңа кезең болды. Жаңа әліпби жалпы саны 29 әріп пен 1 диакритикадан тұрды. Ол қазақ тілінің барлық фонемаларын, соның ішінде орыс, ағылшын, қытай тілдерінен енген сөздерді қамтыды. Жазу жүйесі төрт түрлі формада болды: бастапқы форма, ортаңғы форма, соңғы форма және әр кейіпкердің оқшауланған түрі. Сөздерді жазу кезінде қазақ тілінің фонематикалық үндестігі сақталып, ашық дауысты мен қысаң дауысты дыбыстың айырмашылығы айқындала түсті [35, 27-28].

Жаңа қазақ жазуын негізге ала отырып, Шыңжаңдағы байырғы халықтар өз жазуларын жасап, оқулықтар шығарды. Олардың ішінде татар жазуы мен өзбек жазуы бұрын қолданыста болғанымен, ассимиляцияға байланысты қолданыстан шығып қалды.

Жаңа әліпбиді қолдану Шыңжаңдағы журналистика саласын да алға тартты. Этникалық азшылықтардың газет-журналдары шығып, тарай бастады. «Іле дариясы», «Халық үні», «Шыңжаң-Тарбағатай хабары», «Жаңа Шыңжаң» сияқты басылымдар Іле, Тарбағатай, Алтай, Құлжада және басқа жерлерде басылып, таратылды [36, 12].

Байтұрсынұлының жаңа әліпбиі ҚХР-дағы қазақтар арасында 1930-1960 жылдар аралығында алғаш қолданылды. 1960 жылдан бастап бұл әліпбиді пайдалану тоқтатылды.

1950-1954 жылдар аралығында жаңа үкімет штат аумағындағы этникалық топтар мен тілдерге зерттеу жүргізді. Онда қазақ, қырғыз, ұйғыр, татар және т.б. 38 азшылық топтардың этностары мен тілдері анықталды. Екінші кезеңде 1954-1978 жылдар аралығында дәуір, баоан, цзин сияқты қосымша 16 азшылық топтардың этникалық топтары мен тілдері танылып, нақтыланды.

Аз этностардың ұлты мен тілін анықтау барысында көптеген ұсақ этностардың жазба тілі болмағаны анықталды. Орталық үкімет білім беруді дамыту және халық арасындағы қарым-қатынасты жақсарту үшін қытай тілін фонетикалық жағынан көрсететін латын әліпбиін шағын этникалық топтардың жазу жүйесін қабылдауға шешім қабылдады. Бұл шешім орталық үкіметтің нұсқауымен жүзеге асырылды. Шыңжаңдағы жазу реформасы 1956 жылы басталды. Шыңжаң-ұйғыр автономиялық ауданы Қытай қоғамдық

ғылымдар академиясының тілдерді зерттеу бөлімімен бірлесе отырып, қазақ және ұйғыр тілдерінің латын графикасына негізделген жаңа жазу жүйесін әзірледі. Екі жылдық дайындық пен зерттеуден кейін жүйені 1959 жылы Шыңжаң автономиялық үкіметі ресми түрде қабылдап, жүзеге асырды [37, 50].

1960 жылдан бастап бастауыш және орта мектептер, сондай-ақ ауылшаруашылық кооперативтері жаңа жазу жүйесін қолдана бастады. 1963 жылы сауатсыз адамдарды оқу мен жазуды үйрету науқаны ұйымдастырылды. Барлық жастағы адамдарға білім мен сауаттылықты дамытуға баса назар аударылды. 1964 жылы жоба этникалық істер жөніндегі мемлекеттік комиссияның бекітуіне ұсынылып, мақұлданғаннан кейін іске асырыла бастады. 1965 жылдан бастап Шыңжаңдағы барлық бастауыш және орта мектептер, сондай-ақ сауат ашу курстары жаңа әліпбиді оқытуды бастады. Сонымен қатар газет-журналдарда жаңа оқулықтар мен жаңа жазудағы әдебиеттер басылып шықты [38, 91]. Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы сипатын реформалау комитеті құрастырған «Ұйғыр жаңа таңба жоспары, қазақша жаңа сипат жоспары», бірінші басылым, 1965 жыл.

Дегенмен, бұл сценарийдің тарихы оң өрбімегенін көруге болады. 1966-1976 жылдардағы мәдени революцияның әсерінен, сондай-ақ халықтың екіге бөлінуінен бұл жоба аяқталмай қалды. Аға буын әлі де Байтұрсынұлы әліпбиін қолданса, жаңа буын жастар латын әліпбиін қолданады. 1982 жылы бұл жоба автономиялық аймақта ресми түрде тоқтатылды.

ҚХР-дағы қазақтар 1982 жылдан бастап «Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиін қайта қолдана бастады».

Қытай қазақтары арасындағы Абай шығармаларын жариялау ісі алғаш рет 1930 жылдары Қытайда қазақ баспа орындарының құрылуымен қатар басталған. Сол кезеңнен бастап газет-журналдарда Абай Құнанбайұлының өлеңдері мен ой-толғамдары жарық көре бастады. Бұл – Қытай қазақтарының рухани кеңістігінде Абай мұрасын танып-білуге, оның шығармалары арқылы ұлттық сананы оятуға бағытталған алғашқы маңызды қадамдардың бірі болды. Қытай қазақтарының жазуы мен баспа ісіне Абай әдебиеті үлкен әсер етті. ҚХР-дағы қазақ тіліндегі баспа Абай әдебиеттерін алғаш басып шығарды. Қытай қазақтарының баспагері Асқар Татанай 1915 жылы Абай поэзиясын оқып, кейін «Алтайға Құнанбай жеткен» деген мақаласын газетке жариялады. Ақыт Үлімжі, Таңжарық Жолдыұлы, Мағаз Разданұлы сынды Қытай қазақ әдебиетінің алыптары бала кезінен Абай әдебиетінің ықпалында болған. ҚХР-дағы қазақтарға Абай әдебиетінің ықпалы өте зор болған [97, 123].

1995 жылы Іле халық баспасынан жарық көрген «Абай парасаты» атты зерттеу мақалалары кітабында: «1948 жылы Қытай қазақтарының ағартушыларының бірі Нығмет Мыңжани бастаған бірқатар зиялылар «Сәуле» баспасынан Абай Құнанбайұлының өлеңдерінен тұратын жинақты шағын кітапша етіп жариялайды. Бұл – Қытайдағы қазақ баспасөз тарихында Абай шығармаларының алғаш рет ресми түрде кітап түрінде жарық көруі еді.

Ал 1948–1949 жылдар аралығында Тарбағатай аймағында Абайдың кейбір өлеңдері үш тілде – қазақша, ұйғырша және татарша – жарияланған жинаққа енгізіледі. Бұл басылымда да Абай өлеңдері алдыңғы қатарда беріліп, оның шығармашылығы үш ұлттың оқырманына бірдей ұсынылады.

1950 жылдардың орта шенінде Қазақстанда жарық көрген Абай шығармаларының араб графикасындағы нұсқасы Қытай қазақтарының арасына кеңінен тарай бастайды. Бұл басылымдар Абай мұрасын Қытайдағы қазақ оқырманы арасында тереңірек тануға және насихаттауға жол ашты» [39, 45], – деп мәлімет береді.

ҚХР қазақтарының баспасөз тарихы түрлі кезеңдерден тұрады. Ең алдымен газет-журнал шығару жұмыстары кеңінен етек алды, бірақ ортақ жазу үлгісі қалыптаспағандықтан, ел ішінде талас-тартыс көбейді.

Шыңжаң қазақтары арасында 1933 жылы «12 сәуір төңкерісінен» кейін жаппай мектеп ашу кезінде қазақ жазуының Ахмет Байтұрсынұлы ұсынған емлесі ресми жарияланды. Бірақ қазақ жазуының емлесі туралы сол кезде жаңа ғана қазақша шығарылған «Шыңжаң» газетінде кең көлемде айтыс-таластар жүргізді. Бұл айтысты негізінен араб алфавитімен ауызданған, араб, парсы тілдерінен енген атаулар бойларына сіңісті болып қалған көне көз оқымыстылар қозғады, одан кейін қазақ әдеби тілінің жастығы, бұғанасының қатып, кемелдене алмауы да себеп болды. Сонымен кейбір сөздердің оқылуы мен жазылуы бірлікке келе алмады [40, 94].

1934 жылы маусымда Құлжада қазақ-қырғыз мәдениет, оқу-ағарту ұйымы құрылып, осы ұйымының мәдениет, оқу-ағарту бөлімінің жауаптысы Таңжарық Жолдыұлы, Шаяхмет бастаған кісілердің бастауында қазақ тілінде «Іле Шыңжаң газеті» шықты. 1935 жылы қазан айында Алтайда «Ерікті Алтай» деген атпен тұңғыш газет шықты. 1946 жылы Үрімжіде «Сәуле» атты жұмыстан сыртқы баспа құрылып, мұнда «Абайдың таңдамалы шығармалары», «Қазақ тарихының дерегі», «Тұрмыс тілшісі» (авторы Нығмет Мыңжани), «Үш жетім» (авторы Нәзік), «Қазақ әліппесі» (авторы Әнуәр Көкейұлы), «Сәуле», «Шаншу» атты әдеби, сатиралық журналдар шығып тұрды. 1947 жылы «Білім арнасы» деген газет жұмыс жасады. Іледегі газетханадан сол тұста «Түрме халы» (авторы Таңжарық Жолдыұлы), «Абайдың таңдамалы өлеңдері», «Мың бір түн» сияқты кітапшалар шықты. Жоғарыдағы газет-журналдардың ұдайы шығуының арқасында, қазақтың әдеби ортақ тілінің даму арнасына түскенін көруге болады.

Қытай мемлекеті қайтадан құрылған соң, қазақ халқының баспасөзінде көп өзгерістер болды. 1950 жылы қаңтардан бастап қазақша «Шыңжаң газеті» Қытай коммунистік партиясы орталық комитеті Шыңжаң бюросының органы болып қайта құрылды. Іледе шығатын «Алға газеті» 1951 жылы қаңтарда «Іле газеті» болып Іле аймақтық партия комитетінің орган газетіне айналды.

Тарбағатайда шығып келген «Халықшы газеті» 1950 жылы қаңтарда Тарбағатай аймақтық партия комитетінің органы болып «Тарбағатай газеті» деген атпен шықты. Алтайда шығатын «Ерікті алтай» (кейін Алтай халқы)

1951 жылы Алтай аймақтық партия комитетінің органы болып, «Алтай газеті» деген атқа өзгерді.

Қазіргі күнде Қытайда қазақ тілінде кітап шығаратын 7 баспа, 10 газет, 30 неше журнал бар. Қазақ тілі ҚХР-дағы қолданыстағы алты тілдің бірі.

Қазақ тілінде тұңғыш радио хабарлары 1947 жылдың соңғы айларынан бастап Үрімжіде аптасына екі-үш рет беріле бастады. 1949 жылы 21 қаңтар күні Шыңжаң халық радио станциясы программаларын ресми жүргізе бастады. Қазір қазақ, ұйғыр, қытай, моңғол, қырғыз тілдерінде күнделікті радио хабарлары таратылып тұрады. Орталық (Бейжің) радио станциясы 1970 жылдан бастап аз ұлттар тілдерінде хабар таратып келеді.

Шыңжаң телевизиясы 1970 жылы 1 қазанда құрылған. Бастапқыда теледидар бағдарламалары бірнеше ұлт тілінде бір ғана арнадан берілген болса, қазір қазақ тілінде бірнеше арна жұмыс жасайды [41, 304].

Бейжіңдегі ұлттар баспасы аз ұлттардың тілінде кітап, журнал шығаратын мемлекеттік түйінді баспалардың бірі болып есептелінеді. Бейжің қаласында Бейжің Ұлттар университеті әр ұлттың тіл-әдебиетін оқытады. Мұнда қазақ тіл-әдебиет факультеті бар. Шынжаңнан барған қарапайым қазақ жастары Бейжіңдегі осы аталған оқу орнынан оқып, ұлтымыздың тіл-әдебиетінің өркендеуіне орасан зор еңбек етуде [42, 65].

Кітап баспалары көркем әдебиет шығармаларын жариялауға да ерекше орын берді. Қазақ халқы көркем әдебиетке ерекше бай халық. Қазақ әдебиетінің арғы атасы – ауыз әдебиеті.

Қытай үкіметінің аз ұлттардың баспасөз, ақпараттық саланы қолдауының арқасында бүгінде қазақ мәдениеті мен өнері, ғылымы мен білімі әуе толқыны және жермен де барша қазаққа жетіп отыр. Сол арқылы ұлттық мәдени тұтастық бір жүйеге келіп, рухани бірізділік қалыптасып отыр.

Зерттеушілердің деректеріне сүйенсек, 1948 жылы Қытай қазақтарының ағартушысы Нығмет Мыңжани бастаған бірқатар зиялы қауым өкілдері Абай Құнанбайұлының өлеңдерінен құралған шағын жинақты «Сәуле» баспасынан кітапша түрінде жарыққа шығарады. Бұл – Абай шығармаларының Қытай қазақтары арасында тұңғыш рет ресми түрде кітап болып басылып таралуының айғағы.

Сол кезеңде, яғни 1948–1949 жылдары, Тарбағатай өңірінде жарық көрген бір өлеңдер жинағына Абайдың жырлары қазақ, ұйғыр және татар тілдерінде енгізіледі. Абайдың туындылары бұл жинақта алдыңғы қатарға қойылып, үш ұлттың оқырмандарына ортақ рухани мұра ретінде ұсынылады.

Ал 1950 жылдардың ортасында Қазақстанда араб графикасымен жарық көрген Абай шығармаларының нұсқалары Қытай қазақтарының арасына кеңінен тарай бастайды. Бұл басылымдар ұлы ақын мұрасын Қытайдағы қазақ қауымына тереңірек танытуға, оны ғылыми әрі мәдени тұрғыдан насихаттауға жол ашты [39, 45].

Мұхтарқан Оразбайұлы құрастырған «Абайдың қара сөздері» атты кітап 1986 жылы Бейжіңдегі орталық ұлттар баспасынан шықты. Мұхтарқан Оразбайұлының құрастыруымен жарық көрген бұл жинақта Абайдың 45 қара

сөзі және Абайдың өмірі мен қара сөздері туралы жазылған бірнеше зерттеу еңбегі қоса берілген. Атап айтқанда, жинаққа Т. Әлімқұловтың «Абай», Х. Сүйіншәлиевтің «Абайдың қарасөздері» атты зерттеу еңбектері және «Қазақ совет энциклопедиясындағы» «Абай» тараушасы енгізілген. Ал Абайдың қара сөздері 1956 жылы Алматыдағы «Жаңа өмір» журналының баспасынан шыққан ақын шығармаларының толық жинағы негізінде алынған [43, 87].

1987 жылы Бейжіңдегі Орталық ұлттар баспасынан Қабайдың «Абай және Абай шығармалары» атты көлемді еңбегі жарық көрді. Кітапта Шыңжаңдық аудармашы Қабайдың (Ха Хуанжаң) Абай шығармашылығы туралы Қытай тілінде жазған зерттеу еңбектерін аудармашы, әдебиеттанушы Қ. Мұқанұлы қазақ тіліне аударған. Кітап мазмұны «Абай және оның өлеңдері», «Абайдың поэтикасы», «Абайдың философиялық өлеңдері», «Абайдың аударма өлеңдері», «Абайдың Мақсұт және басқа поэмалары туралы», «Ғақлия» туралы алғашқы толғаныс», «Абайдың діни көзқарасы», «Абайдың қазақ мақал-мәтелдері туралы пікірлері», «Абайдың туғанына 140 жыл толуына орай», «Абай туралы зерттеулер» және «Абайтану туралы» деген 11 тараудан құралған [43, 126].

Абай Құнанбайұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында Қытайдағы қазақ қауымында оның шығармашылығына ерекше мән беріліп, бірқатар маңызды басылымдар жарыққа шықты. 1995 жылы бұл мерейтойға орай Үрімжідегі «Шыңжаң халық баспасынан» Әбділдәбек Ақыштайұлының құрастыруымен «Абай туралы естеліктер» жинағы жарық көрсе, Күйтідегі «Іле халық баспасынан» ақынның «Абай өлеңдерінен таңдамалылар» атты жинағы басылып шықты. Сонымен қатар Қытай-қазақ зерттеушілерінің мақалалары топтастырылған «Абай парасаты» атты ғылыми-танымдық жинақ пен Мұхамет Әбдікәдірұлының қарапайым нотасымен, бес сызықты партитурамен дайындалған «Абай әндері» атты музыкалық еңбек те қазақ оқырмандарына жол тартты.

«Абай парасаты» кітабында Абай шығармашылығының Қытай қазақтары арасындағы таралу жолдары мен зерттелу жайы кеңінен қамтылған. Онда:

«Қытай Халық Республикасының жер-жерінде зерттеу мақалалар Абай туралы жазылып, ғылыми талқы, лекция оқу ұйымдастырылды. Абай шығармалары Қытай қатарлы туысқан ұлттар тіліне аударылды» – деген мәлімет келтіріледі [14, 2].

Бұл еңбектердің барлығы ұлы ақынның рухани мұрасын тек қазақ қауымына ғана емес, Қытайдағы өзге ұлт өкілдеріне де кеңінен таныстыруда айрықша рөл атқарды. Әсіресе «Абай парасаты» жинағы Абай шығармаларының Қытай қазақтарына қалай таралғанын жүйелі түрде баяндайтын алғашқы еңбектердің бірі ретінде бағаланады.

Мұхтар Әуезовтің «Абайтану мәселелері» атты еңбегі 1993 жылы Үрімжідегі Шыңжаң халық баспасынан жарық көрді. Аудармашы, әдебиеттанушы Әбділдәбек Ақыштайұлы баспаға дайындаған бұл кітапқа академик, жазушы Мұхтар Әуезовтің Абайдың өмірі мен шығармаларына қатысты әр жылдары жазған зерттеу мақалалары топтастырылған [43, 127].

Әбділдәбек Ақыштайұлының «Абай туралы естеліктер» атты еңбегі 1995 жылы Үрімжідегі Шыңжаң халық баспасынан шықты.

2000 жылы ұлттар баспасынан жарық көрген әйгілі адамдар тізбекті еңбектерінің қатарында Қаһарман Мұқанұлы құрастырған «Абай Құнанбайұлы» жарық көрді. Алғашқы басылымы 3000 тиражбен шыққан бұл кітап бірнеше рет қайта басылып, қалың оқырман қауымның қызу сұранысына ие болса, осы баспадан шыққан Рабиға Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» және Шыңжаңдағы баспалардан басылым көрген «Абайдың өмірі мен туысы», «Мұхтар аға», «Қаралы сұлу», «Абайдың қара сөздері», «Абайтану мәселелері» сынды кітаптар оқырмандардың қызу қарсы алуына ие болып, ізденіп оқитын оқулығы болды.

Бірінші тарау бойынша түйін

Бірінші тараудың бірінші бөлімінде XIX ғасырдың ортасынан бастап қазақ арасында өзіндік дара стилімен, рухани ғибратымен ерекшеленген, қазақ жазба әдеби тілінің негізін қалаған Абай Құнанбайұлының шығармаларының ауызша және жазбаша халық арасында таралу сипаты зерттеліп, осы саладағы қазақ зиялыларының еңбектері сараланды. Абай шығармаларының баспадан жарық көруі, Қытай Халық Республикасында (ҚХР) оның шығармаларының таралу кезеңдері, бұл процеске үлес қосқан қытай қазақтарынан шыққан қаламгерлер мен дәстүр жалғастырушылар туралы деректі ақпараттар жүйеленді. Сонымен қатар Абай туындыларының ҚХР-да баспадан жарық көріп, халық арасында таралуының маңызы мен оның ақындар шығармашылығына әсері айқындалды.

ҚХР-да Абайдың рухани мұрасының мәдениет пен ғылым-білімнің дамуына қосқан үлесі анықталды. 1930 жылдан бастап газет-журналдарда жариялана бастаған Абай өлеңдерінің әсерінен туған жаңа зерттеу мақалаларының жазылуы және олардың мазмұны туралы тұжырымдар талданды. Тараудың екінші бөлімінде ҚХР-да белсенді жарық көрген Абай шығармалары мен абайтану саласындағы зерттеу еңбектерінің, абайтанушылардың зерттеу мақалаларының сипаты анықталды. Бұдан кейінгі жылдардағы қытай қазақтары қоғамындағы баспасөз бен ақпараттық құралдардың мәдениет пен өнер, ғылым мен білім саласының дамуына әсер еткен қазақ әдебиетінің үлесі және рухани бірізділік мәселесі нақтыланды.

2. АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ҚЫТАЙ ТІЛІНЕ АУДАРЫЛУЫ

2.1 Қазақ әдебиетінің ҚХР-дағы аударылу тарихы

Көркем аударманың маңызды рөл атқаруының себебі – кез келген әдеби шығарманың ұлтаралық таралуы мен түсінуінің аса маңыздылығында. Әдеби шығарманың өзінің бастапқы тілдік ерекшеліктері мен құрылымдық сипаттарын жоғалтпай, басқа тілдерге аударылуы үшін көркем аудармамен айналысатын ғалымдар бірнеше қабілетке ие болуы қажет. Біріншіден, олар аударылатын шығарманың идеялық мазмұнын терең түсініп, толықтай жеткізе білуі тиіс. Екіншіден, шығарманың тіліндегі халықтың мәдени ортасын жете түсініп, түпнұсқаның идеялық мазмұнын өзге тілде дәлме-дәл жеткізе білуі қажет. Мәдени алмасусыз адамдар арасындағы байланыс кемелді болмайды, ал мәдени алмасу тек әдеби алмасу арқылы жүзеге асады. Қазақ әдебиетін аудару, таныстыру және басып шығару – екі халық арасындағы рухани алмасудың маңызды тасымалдаушысы ретінде қарастырылады [44, 12].

ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің таралуы ұлтаралық, тіларалық және мәдениетаралық сипаттарға ие. Шетел әдебиетін аудару және басқа халықтардың рухани байлығынан нәр алу – мәдениеттің дамуына ықпал етеді. Қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы, өз кезегінде, Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасуды өрістетуге себепші болып, осы екі халықтың мәдени байланысын нығайтады. Сонымен қатар бұл әдебиеттану, салыстырмалы әдебиет саласында да өз құндылығын көрсетеді.

Қытайда қазақ әдебиетімен байланыс орнату бағытында әлеуметтану, коммуникация, әдеби сын, философия және көркем аударма салаларында түрлі зерттеулер жүргізіліп келеді [45, 318]. ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің аударылу үдерісі мен оның ықпалы туралы зерттеулер Қытайдың академиялық басылымдарында ғана емес, шетелдік әдебиеттерде, диссертациялық еңбектерде, мерзімді баспасөз беттерінде, конференция материалдарында, жылнамалар мен анықтамалықтарда да кеңінен қамтылып, жарияланып жүр. Бұл бағыттағы зерттеу нәтижелерін отандық және халықаралық ғылыми қауымдастыққа таныстыру мақсатында CNKI Knowledge Discovery Network платформасында қазақ әдебиетінің ықпалы, аударма үдерісі және өзге де тақырыптар бойынша үш жүзден астам ғылыми мақала жарық көрген. Олардың ішінде отыздан астамы диссертациялық деңгейдегі жұмыстарға жатады.

Қолымыздағы мәліметтер мен «CNKI» ізденістеріне сүйене отырып, ҚХР-дағы қазақ әдебиетін зерттеу негізінен Абайтану саласында дамығандығын көруге болады. Абайтанушы, аудармашы Қабай мырзаның көп жылғы зерттеу нәтижелері жинақталған «Абайтану жинағында» қазақ әдебиетінің терең зерттелуі мен кеңінен таралуы туралы маңызды деректер қамтылған. Бұл жинақтың аясында орыс-қазақ әдебиетінің салыстырмалы тұрғыдан зерттелуі де үлкен орын алады. Мысалы, Сана Ағындыққызының «Қазақ ақыны Абайдың шығармашылығына орыс әдебиетінің әсері»

мақаласы, сондай-ақ басқа да жазушылардың шығармалары туралы жүргізілген зерттеулер бұл бағыттағы зерттеулердің ерекшелігін көрсетеді. Сәуле Мусаның «Шәкәрім Құдайбердіұлы және оның шығармашылығы», Мәида Қубайдың «Поэзиямен егіз – Мұқағали Мақатаев», Ян Лонмейдің «Поэзия менімен егіз бе едің – Мұқағали Мақатаев» сияқты мақалалар қытай әдебиетінде қазақ әдебиетінің орнын зерттеуге бағытталған зерттеулердің басында тұр [96, 213].

Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени байланыстар ерекше маңызды, әсіресе Қытайдың «Жібек жолы экономикалық белдеуі» бойында орналасуы бұл екі ел арасындағы байланыстарды одан әрі тереңдетуге септігін тигізді [46, 57]. ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуын тарихи тұрғыдан бірнеше кезеңге бөліп қарастыруға болады: мәдениет зор төңкерісіне дейінгі кезең, мәдениет зор төңкерісінен кейінгі кезең және тәуелсіз Қазақстан әдебиетінің Қытайда аударылуы [47, 45].

Бұл кезеңдерде қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы мен зерттелуінің түрлі бағыттары айқындалды. Мәдениет зор төңкерісінен бұрын қазақ әдебиеті негізінен Абай Құнанбайұлы мен оның мектебінің шығармаларымен, сондай-ақ қазақ халқының басқа да классиктерімен таныстырылды. Ал мәдениет зор төңкерісі кезеңінде қытайдағы қазақтардың әдебиеті мен мәдениетін жаңа идеологиялық тұрғыдан қайта қарау, кеңінен таратуға ұмтылу мақсатында үлкен жұмыстар жүргізілді. Тәуелсіз Қазақстанның пайда болуымен бірге қазақ әдебиетінің Қытайда аударылуы жаңа белеске көтерілді, ол тек әдебиеттің ғана емес, мәдениеттің, тарихтың және ұлттық рухтың да кеңінен таралуына мүмкіндік берді.

Қазақ әдебиетінің Қытай Халық Республикасында аударылуы тарихында маңызды кезеңдер орын алады, әсіресе Қытай Халық Республикасының құрылғанға дейін және кейінгі уақыттарда. Төртінші май қозғалысынан (1919) кейін Қытайдағы аударма жұмыстары жаңа белеске көтерілді, бұл кезең қытай аударма тарихында әдеби аудармалардың қарқынды түрде өрлеу кезеңі болды. 1940-1950 жылдары қазақ әдебиеті қытай тілінде алғаш рет ауқымды түрде аударыла бастады.

Қытай Халық Республикасы (жаңа Қытай) құрылғаннан кейін қазақ әдебиетінің ауқымды таралуы жүзеге асырылды. Бұл кезеңде қытай тілді оқырмандар үшін қазақ авторларының шығармалары кеңес әдебиетінің бір бөлігі ретінде қарастырылып, қазақ ақындарының туындылары аударылды. Мысалы, 1940-1950 жылдар аралығында қазақтың әйгілі ақыны Жамбыл Жабаевтың шығармалары қытай тіліне аударылып, басылып шықты. Оның ішінде 1948 жылы Шаңхай замана басылымы баспасынан жарық көрген «Кеңес одағының ұлы отан соғысы антологиясы» атты жинақта Жамбыл Жабаевтың өлеңдері орыс тілінен қытай тіліне аударылды. Сонымен қатар 1953 жылы Шаңхайда жарияланған «Бейбітшілік туы» атты басылымда Жамбыл Жабаевтың шығармалары қытай тілінде ұсынылды.

Жамбыл Жабаевтың басқа өлеңдерін аударған қытайдың белгілі ғалымы және аудармашысы Гы Бау Чуан болды. Оның аудармасымен Жамбыл Жабаевтың «Мен жүз жасар терекпін» атты өлеңі қытай тілінде

жарияланған таңдамалы аударма жинақтарында орын алды. Осыған ұқсас жинақ 1982 жылы «Цчуан» халық баспасынан кітап болып шықты.

Қазақ әдебиетінің аударылуы тек Жамбыл Жабаевтың шығармаларымен ғана шектелмей, Қытайдағы басқа да қазақ ақындары мен жазушыларының туындылары да аударылды. Мысалы, 1951 және 1955 жылдары қытайдың «Мәдени өмір» баспасы мен Шаңхай әдебиет және өнер баспасы Жамбыл Жабаевтың «Сталин шақырғанда» атты жыр жинағын шығарды. Мұның бәрі Қытайдағы қазақ әдебиетінің дамуына үлкен ықпал етіп, екі ел арасындағы әдеби және мәдени байланыстарды нығайтты.

Қытай Халық Республикасының құрылғанынан кейін қазақ әдебиетінің аударылуы ауқымды түрде жалғасты, бұл кезең қазақ мәдениетінің Қытайда кеңінен тарауына, сондай-ақ мәдениетаралық алмасудың жаңа жолдарын ашуға мүмкіндік берді [48, 20].

1950 жылдары қазақ әдебиетінің негізін қалаған Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин сынды көрнекті жазушылардың шығармалары кезең-кезеңімен қытай тіліне аударылып, жарық көре бастады. 1954 жылы «Жастар-өрендер» баспасынан Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романы Сун Кажаның аудармасымен басылып шықты. Ал 1958 жылы «Халық әдебиеті» баспасы Сәбит Мұқановтың «Елсіз жерде» атты таңдамалы шығармалар жинағын Юань Вижаудың аудармасында шығарды.

Ғабиден Мұстафиннің «Миллионер» романы бірнеше рет қытай тіліне аударылған. Оның алғашқы аудармасы 1953 жылы «Дәуір» баспасынан Ду Ляң аудармасымен жарық көрсе, сол жылы «Халық әдебиеті» баспасынан Лиң Шан аударған нұсқасы да жарық көрді. Бұл екі нұсқа да орыс тілінен аударылған болатын. Ал Фаң Зы ағылшын тілінен аударған нұсқасына «Ашық күн» деген атау беріліп, 1951–1952 жылдары «Жаңа әдебиет-көркемөнер» баспасынан үш рет басылып шықты. Кейін осы аударма негізінде 1953 жылы Шы Иың оны өңдеп, «Жүз жаңа кітап» баспасынан екі рет қайта бастырды.

1955 жылы Шаңхайда шығатын «Аударма» журналында Абайдың «Ескендір» дастаны Қабайдың аудармасымен жарияланды [49, 74]. Сол жылы бұл журналда Мұхтар Әуезовтің «Абайдың халықтығы және реализмі» очеркі мен Фэтисовтың «Абай туралы» мақаласы Суң Байдың аударуымен жарық көрді.

Сонымен қатар 1954 жылы «Жастар-өрендер» баспасынан Чян Жуинсыңның аударуымен қазақтың халық ертегілерінен құралған суретті жинақ жарық көрді. Бұл кітап 1976 жылы «Гонконг рышин» баспасынан «Әлем халық ертегілері» сериясында қайта басылып таратылды.

1956 жылы ақын және ғалым Әбділда Тәжібаевтің «Жамбыл» атты киносценарийін Мей Вын аударып, «Өнер» баспасынан жарияланды. І. Есенберлиннің «Адам туралы ән» шығармасы да қытай тіліне аударылып, 1958 жылы «Шыңжаң халық баспасынан» жарық көрді. Ал 1959 жылы Бай Хуа басқарып, Жоу Тоң және басқа да аудармашылардың қатысуымен құрастырылған «Қазақ халық ертегілері» жинағы «Әдебиет және өнер» баспасынан жарық көрді.

Алайда «Мәдениет төңкерісі» жылдарында Қытайда шетел әдебиеті мен өнеріне қатысты аударма, таныстыру және зерттеу жұмыстары уақытша тоқтатылды. Осыған байланысты Қазақстан әдебиеті мен өнеріне қатысты мұндай жұмыстар да үзіліп қалды.

1) «Реформа жасап, есікті ашық ұстау» кезеңінен кейін қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы.

1978 жылдан кейін Қытайда шетел әдебиетін аудару, таныстыру және зерттеу жұмыстары қайта қарқын алды. Он жылдан астам уақыт тоқтап қалған бұл үдеріс жандандырылып, аударылған әдеби шығармалардың саны артып, бұл салаға жаңа серпін мен мазмұн берілді. 1980 жылдары Қытайда Кеңес Одағы әдебиетін аудару мен зерттеу жаңа деңгейге көтеріліп, осы аяда қазақ әдебиетін таныстыруда да елеулі табыстарға қол жеткізілді [50, 77].

Мысалы, 1981 жылы «Орыс-кеңес әдебиеті» журналының екінші санында қазақ жазушысы Дулат Досжановтың «Тау асуы» повесі Чын Мыңланның аударуымен жарық көрді. 1984 жылы «Шекара» журналының екінші санында Сайын Мұратбековтің «Басында Үшқараның» повесі қытай тіліне аударылды. Ал сол жылы «Ұлттар әдебиеті» журналының алтыншы санында Аманжол Мұқановтың «Таң рауаны» әңгімесі жарияланды.

Бұл журналда басқа да көптеген қазақ ақын-жазушыларының туындылары қытай тіліне аударылып, жарық көрген. Мысалы, 1986 жылғы төртінші санда Тахауи Ахтановтың «Сауын туралы аңыз» повесін Юань Ли Хуа аударса, бесінші санда Оралхан Бөкейдің «Торпақ» әңгімесі жарияланды. 1991 жылы журналдың екінші санында танымал аудармашы Су Жоу Шың Сатжан Санбаевтың «Ақ аруана» философиялық-поэтикалық романын аударып ұсынды. Сол санында Олжас Сүлейменовтің бір топ өлеңін Чын Шуе Шүн аударып, оқырман назарына ұсынды. Ал 1992 жылғы екінші санда Юань Ли Хуа Қ. Ахметовтің «Жарияланбаған әңгімесін» аударды.

Адамзат өркениетінің дамуында аударманың маңызы зор. Ол – түрлі ұлттар, мемлекеттер мен өркениеттер арасындағы өзара қарым-қатынас пен ортақ дамуға ықпал ететін маңызды құрал. Әдеби аударма – халықтар арасындағы рухани байланыс пен тілдік диалогты қалыптастыратын мәдени алмасудың ажырамас бөлігі.

Жоғарыда аталған шығармалардан тыс, 1978 жылдан бастап Қазақстан тәуелсіздік алғанға дейінгі аралықта қазақтың басқа да ақын-жазушыларының туындылары қытай тіліне аударылып, жарияланды. Осы кезеңнен бастап қазақ әдебиетін аудару жұмысы кеңейіп, енді шығармалар тек орыс немесе ағылшын тілінен емес, қазақ тілінің төте жазу нұсқасынан да тікелей қытай тіліне аударыла бастады.

Қытайда Абай шығармашылығын таныстыруда сібе ұлтының өкілі Қабай (нағыз есімі Ха Хуан Жан) үлкен еңбек сіңірді. Қазақ тілін жетік меңгерген ол 1950-ші жылдардан бастап Абайдың өлеңдерін аударып, жинақ ретінде Халық баспасынан шығарды [50, 153]. 1982 жылы «Шыңжаң халық баспасынан» Қабайдың аударуымен «Абай өлеңдері» жарық көрсе, 1984 жылы осы баспадан оның «Абайдың қара сөздері» аудармасы шықты. Ал 1990 жылдан бастап Қабай Мұхтар Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы»

романдарының төрт томын аударып, баспадан шығарды.

2) Қазақстан тәуелсіздігінен кейінгі қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы.

Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі кезеңде қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылу үдерісі жаңа деңгейге көтерілді. Бұған дейін орыс немесе ағылшын тіліндегі нұсқалар арқылы аударылып келген шығармалар енді қазақ тілінен тікелей төте аударма арқылы қытай тіліне тәржімалана бастады. Осы кезеңде аудармашылар қатары көбейіп, аударылған авторлар мен туындылар саны да арта түсті.

1995 жылы Абай Құнанбайұлының 150 жылдығына орай қытай тіліндегі «Іле айдыны» журналында Әкбар Мәжитұлының аударуымен «Абайдың қара сөздері» жарық көрді. Сол жылы «Ұлттар» баспасы бұл шығарманың қазақ және қытай тіліндегі салыстырмалы нұсқасын жариялады. Алғашында орыс тілінен аударылған бұл нұсқаны Су Жоушиоң аударса, кейін Әкбар Мәжитұлы түпнұсқамен салыстырып, түзетіп, қайта аударды.

2006 жылы Еркеш Құрманбекқызы Мұқағали Мақатаевтың бір топ өлеңін аударып, «Батыс өңір» журналының екінші санында жариялады. Кейін ол Рахымжан Отарбаевтың «Қара құйын» атты әңгімелер жинағын аударып, 2007 жылы «Ұлттар» баспасынан шығарады. Сондай-ақ Немат Келімбетовтің «Үміт үзгім келмейді» шығармасы да оның аударуымен жарық көреді.

Қайша Тәбәрікқызы да қазақ әдебиетін кеңінен танытуда еңбек сіңіріп келеді. Ол Абайдың өлеңдерін қытайшаға аударып, түрлі журналдарға жариялап жүр. 2015 жылы Мұхтар Шахановтың «Шың басындағы жыр» шығармасын «Шаңхай өнер баспасынан» басып шығарды. Сонымен қатар Ұлықбек Есдәулеттің өлеңдерін де аударып жариялаған.

Айдос Амантай Немат Келімбетовтің «Күндестік» шығармасын қытай тіліне аударып, «Ұлттар» баспасынан шығарды. Рахымжан Отарбаевтың әңгімелері де 2007 жылы қытай тілінде жарық көрді.

Қазақ әдебиетінің қытай тілінде танымал болуына айрықша үлес қосқан еңбектердің бірі – 2022 жылы «Бейжің ұлттар баспасынан» жарық көрген «Осы заман Қазақстан таңдамалы жыр жинағы» мен «Осы заман Қазақстан таңдамалы әңгімелер жинағы» атты екі томдық аударма. Бұл жинақтарға Қадыр Мырзалиев, Тұманбай Молдағалиев, Олжас Сүлейменов, Фариза Оңғарсынова, Есенғали Раушанов секілді танымал ақындардың өлеңдері, сондай-ақ Бауыржан Қарақыз, Ерлан Жүніс сынды 31 ақынның шығармалары енген. Прозалық бөлімде Шерхан Мұртаза, Әкім Тарази, Қалихан Ысқақ, Сайын Мұратбеков, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Дидар Амантай, Дәурен Қуат сынды 29 жазушының әңгіме-повестері бар.

Бұл жинақтар қазақ әдебиетінің қазіргі деңгейін көрсетіп қана қоймай, Қазақстанды, оның мәдениетін тереңірек түсінуге жол ашады. Өйткені әдебиет – ұлттың ойлау жүйесін, өмір салтын, құндылықтарын және тарихи тәжірибесін танытатын ең маңызды мәдени құрал.

Қытайдағы «Жаңа әдебиеттің» дамуы – әлем әдебиетінен Қытайға және Қытай әдебиетінен әлемге бағытталған өзара ықпалдастықтың нәтижесі. Бұл

үдерісте шетел әдебиетін аудару ерекше орын алады. Сондықтан аударма әдебиетін зерттеу қазіргі Қытай әдебиетінің дамуындағы маңызды бағыттардың бірі болып саналады.

Қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылуы да осы үдерістің бір тармағы болып табылады. Бұл процесс Қытай жұртшылығына Қазақстанды жан-жақты тануға, екі ел арасындағы мәдени және әдеби байланыстарды нығайтуға сеп болады [51, 4].

ҚХР-дағы мәдениет төңкерісіне дейін қазақ әдебиеті көбінесе басқа тілдерден (мысалы, орыс) жанама түрде аударылатын. Ал мәдениет төңкерісі кезінде бұл жұмыстар тоқтап қалды. Тек кейінгі кезеңде, шетел әдебиеттерін қайта аудару басталған соң, қазақ әдебиетін де тікелей қазақ тілінен аудару үрдісі жандана түсті.

Қорыта айтқанда, Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңде ҚХР-дағы қазақ әдебиеті енді «совет-қазақ әдебиеті» емес, «қазақ әдебиеті» деген атаумен таныстырылып келеді. Бұл бағытта Қытайдағы қазақ ұлты өкілдері де белсенділік танытып, аударма ісіне айтарлықтай үлес қосуда. Дегенмен, бұл сала әлі толық аяқталған жоқ. Келешекте екі ел арасындағы мәдени байланыстар тереңдей түсетін болса, қазақ әдебиетінің де аудармалары саны мен сапасы жағынан арта түсері сөзсіз.

2.2 Абай шығармаларының ҚХР-да тәржімалану тәжірибесі

Абай – ұлы тұлға. Абай халықтың өмірлік мүддесін терең түсініп, үлкен даналықпен ой-пікірін жеткізе алды. Абайдың ағартушылық идеяларының бірі – адамдардың өзара қарым-қатынасындағы мәдениеттілік пен әдепті сақтауына мән беру, жастарды ғылым-білімге шақыру, еңбекке баулу. Абайдың даналығы «Еңбек ет – мал тап» деген ақылға саяды.

Абайдың мұрасы тұнып тұрған ақыл мен тәрбиенің бесігі. Ол – ұлтты ұлы мұраттарға жетелейді.

Абайдың даналық ой-пікірлерінің аясы кең, мағынасы терең. Ол кейде ұлттық шеңберден шығып, адамзаттық құндылықтарға жол сілтейді. Абай – адамзатқа ортақ тұлға. Абай шығармаларын зерттеу өткен XX ғасырдың басынан бастап жалғасын тауып келеді.

Абайды жаңа қытайда ең алғаш аударып, насихаттаушылардың алғашқысы – Қабай. Қабайдың ұлты сібе (тұңғұс-манжур тілдес ұлт), сібеше аты «Кәтүри», Қытайша аты Ха Хуан Жаң. Ол жастайынан қазақ арасында өскен. Оны қазақтар өз тілінің үндесуіне сәйкес «Кәдірбай» атап кеткен. Кейін Шәуешекте оқып жүргенде қабырға газетінде жариялаған мақаласының астына қазақша атының басқы және соңғы буындарын алып, «Қабай» деп қалам ат, бүркеншік есім қояды. Ол кейінгі тұтас өміріндегі әдеби айналымда осы есімді өзіне еншілеп алды. «Бар өмірімді Абайға арнадым» (Дәулетхан Әбдібек, 2015: 10) деп өзі айтқандай, Қабай ақсақал өзінің тұтас ғұмырын Абайды зерттеуге арнаған ғұлама ғалым. Абайды қытай тілінде сөйлетіп, қытайға алғаш таныстырған аудармашы.

Абай Құнанбайұлының шығармаларын қытай тілді оқырмандарға таныстыруда Қабай (шын есімі Ха Хуан Жан) елеулі еңбек сіңірді. Ол

Абайдың «Ескендір» поэмасын алғаш 1954 жылы қытай тіліне аударып, «Аударма» журналында жариялады. Кейін 1958 жылы «Қазақтың Ұлы ақыны Абай» атты зерттеу мақаласын «Тяньшань» журналының 8-санында басып шығарды.

Сол жылы Қабай Абайдың үш поэмасын қамтыған «Абай дастандары» жинағын «Халық әдебиеті» баспасынан жариялады. Одан кейінгі жылдары да Қабайдың Абай шығармашылығына арналған бірқатар маңызды еңбектері жарық көрді:

1982 жылы – «Абайдың таңдамалы шығармалары» («Шыңжаң халық баспасы»),

1984 жылы – «Абайдың қара сөздері» («Шыңжаң халық баспасы»),

1987 жылы – «Абай және Абай шығармалары» атты зерттеу еңбегі («Ұлттар» баспасы),

2004 жылы – 1547 беттік «Абай жолы» романының аудармасы («Ұлттар» баспасы).

Жалпы алғанда, Қабайдың аудармасы арқылы Абайдың 167 өлеңі, 3 поэмасы, 45 қара сөзі қытай тіліне тәржімаланып, ханзу оқырмандарына жол тартты. Бұл Абай шығармашылығының Қытайдағы ең толық әрі жүйелі аудармасы болып саналады.

Сонымен қатар Қабай Мұхтар Әуезовтің «Абай» және төрт томнан тұратын «Абай жолы» эпопеясын да қытай тіліне аударып, жарыққа шығарған [81, 13].

Абай шығармаларының аудармасы жайлы Қабай былай дейді: «Менің аудармамда Абай шығармаларының әуелгі нұсқасындағы әдеби биіктік пен дәлдікке нақ түсіріп, Абай шығармаларындағы әдеби бояуды оқырмандарға өз нәрімен жеткіздім деп айта алмаймын. Абай шығармалары өте терең, ондағы көркемдік, терең ой үздіксіз зерттеуді қажет етеді. Бұған аудармаға төселген, қос тілде сөздік қоры мол маман аудармашылардың ұзақ уақыт тер төгуі қажет деп ойлаймын. Мен өзімнің өремнің жетуіне сай өмір бойы Абай шығармаларының аударылуы мен зерттелуіне еңбектеніп келемін. Абай шығармалары әлі де ізденуді қажет етеді, Акбар Мәжитұлы, Хуаң Жұң Шияң қатарлы жазушы, аудармашылар Абайдың шығармасын аударды және бүгін де аударып қытай оқырмандарына жаңа қырынан таныстырып жатыр. Бұл үлкен мақтауға тұрарлық еңбек. Мен осындай Абай шығармаларын зерттеп, аудару жұмысын жасайтын болашақ ұрпақтың көбеюін үміт етемін» [81, 43].

Қабайдың қытай тілінде жазылған «Абай және Абайтану ғылымы» 2019 жылы қытайдың «Халықаралық радио» баспасынан жарық көрген кітап екі бөлімге бөлінген. Олар Абайдың шығу тегі мен тарихи еңбегі. Абай шығармаларымен оған берілген бағалар, Абай ғылымының қалыптасуы, Абайдың әдебиеттанудағы қабылдау эстетикасы сынды мазмұндарға бөлініп, ақын шығармаларын аудару барысындағы зерттеулері мен ой түйіндері жинақталған монография.

Жинақ жайлы автор былай дейді: «Кітапты оқып шыққан оқырман мынаны біледі. Мұхтар Әуезовтің «Абай Құнанбаев» атты мақалалар жинағы, «Абай жолы» ғұмырнамалық тарихи романы Абай ғылымының бастауы

болды. Мен зейнетке шыққан соң «Абай жолын» аударуды қолға алғанмын. Аударма нұсқасын баспаға тапсырған соң Мұхтардың зерттеу жинағына аудармашы болдым. Бірақ барлығы кесек кітаптар болғандықтан, жұмыс салмағын ауыр сезіндім. Сонымен Абайдың өмірін және аударма шығармасын таяз түсіндіретін Мұхтардың екі классик шығармасын негізгі мазмұн еткен осы кітапты жазуға бекідім. Іс жүзінде бұл да ауыр жұмыс еді. Кітапты жазып, жарымына келгенде мен екі ұдай бола бастап қаламды доғарып, «Әрқандай мосқал тартқан қарт, өзінің басып өткен жолдарын ойлағанда азғантай әттеген-ай болса не бопты», – деп ойлап, осы жазылмай қалған кітапты қалдырайын деп, осы ойымды үлкен немерем Қа Би Чінге айтсам ол: «Әттеген-ай, қарттың әл-дәрмені қалмағандағы ah ұрғаны, өзіне әдейі қалдырған әттеген-айы, жазып болуға аз қалған кітабыңызды орта жолда тастап кету жақсы болмас», – деген-ді. Оның осы бір ауыз сөзі менің қолыма қайтадан қалам алуыма себеп болып, тоқтап қалған шығарманы қайтадан жалғастырдым.

«Менің кейінгі ұрпағымның пікірін қабылдауымның тағы бір себебі, күндіз-түні жүрегімді тербеген қазақ ақыны Абайға деген құрметім еді. Абайдың философиялық тәрбиелік мәнге ие өлеңдерінде және аудармаларында өзі белгілеген жоғары өлшемдегі «Алтынмен аптап, күміспен күптегендей» өлеңдеріне менің аудармамен берген бағам Абай шығармасының сапасына, стиліне жетпей қалды. Мен өткенде «Базарға алтын кездеме шықпай тұрғанда мата халыққа жанасымды болар», – дегем. Менің Абайға берген бағам және аудармаларым алтын кездеме шықпай тұрғандағы мата іспетті. Абаймен танысуға шұғыл қажеттілер талдап оқыса болады. Кезекте орталықтан жергілікке дейін қытай, қазақ тілін жатық білетін қос тілді оқымыстылар мен жазушылар аз емес. Олардың сапалы аудармасы мен арнаулы шығармаларын жазып, Абай ғылымының дамуына үлес қосатындығына сенемін.

Мемлекетіміз аз санды ұлттардың мәдениет, оқу-ағарту істеріне ерекше мән беріп келеді. Он жылдық аласапыран аяқталғаннан кейін Абай шығармаларының шектелуі шешілді. Қытай Халық Республикасының төрағасы Ши Жин Пин 2013 жылы қыркүйектің 17-і күні Қазақстанның Назарбаев университетінде студенттермен кездескен сәтінде аудармашы Әкбар Мәжитұлының қытай тіліне аударып, ұлттар баспасынан жарық көрген «Абай ғақлиялары» нұсқасындағы Абайдың:

Дүние үлкен көл,
Заман соққан жел.
Алдыңғы толқын ағалар,
Артқы толқын інілер.
Кезекпенен өлінер,

Баяғыдай көрінер [81, 56], – деген өлеңінен мысал келтіріп, жастық көктемін, студенттік дәуірін еске түсіреді. Сол сәтте екі ел арасында алғаш рет «Бір белдеу, бір жол» саяси стратегиясы ортаға қойылып, екі елдің ұзақ уақыттық достығы бекемделген еді.

Бейжің қаласының Чау Ииян бақшасында Абай мүсіні орнатылып,

әрі мерзім бойынша Абай өлеңдерін оқу, мәнерлеп айту оқулары өткізілуде. Кейбір жоғарғы оқу орындарында «Абайтану» талдап оқитын сабақ ретінде енгізілген. Қорыта келе, бұл кітаптың нұсқасын басу, корректорлық, редакторлық жұмыстарын Қа Би Чын орындаған. Оның көмегі болмаса, мен де амалсыздан опық жеп ah ұратын едім».

Менің өмірімдегі ең үлкен табысым – Абай сынды ұлы адамды елімізге таныстырып, Абайдың шығармаларын Қытай оқырмандарға жеткізу, дүниежүзілік мәнге ие мәдени құрылысқа бір кесек қаласқаным. Бұған ерекше қуаныштымын. «Абай және оның өлеңдері» 1979-1989 жылдар аралығында ҚХР-дағы аз ұлттар әдебиетін зерттеу бойынша «Көрнекті кітап» сыйлығын жеңіп алды, 1993 жылы Қазақстан Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай әдебиет және өнер сыйлығын құрды. «Абай өлеңдерінің толық жинағы» 1994 жылы Қазақстанның бірінші сыйлығын алды. «Абай зерттеу жинағы» 1997 жылы мемлекеттік этникалық істер комиссиясы мен қытай жазушылары қауымдастығы «Тұлпар әдебиет сыйлығының» атағын берді. 2002 жылы қытай аудармашылар қауымдастығының шешімімен аға аудармашы атағы берілді.

2020 жылдың тамыз айында Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетаралық қарым-қатынастарды нығайтуға, достық қарым-қатынасы және Абай мұрасын насихаттауға қосқан үлесі үшін Әкбар Мәжитұлы екеуімізді Қазақстанның екінші дәрежелі «Достық» медалімен марапаттады. 10 қазанда Қазақстанның Бейжіңдегі елшілігінде марапаттау рәсімі өтіп, Қазақстанның ҚХР-дағы төтенше және өкілетті елшісі Хабит Қойшыбаев медальді табыстады», – дейді [81, 19].

1995 жылы «Абай қара сөздері» ұлттар баспасынан Ли Чыу Шиұң мен Әкбар Мәжитұлыеың бірлесіп аударуымен «Абай ғақлиялары» деген атпен қазақша төте жазумен және қытай тілінде жарық көрді (Абай Құнанбайұлы, 1995: 136). Қазақстан Республикасының Қытай Халық Республикасындағы тұңғыш Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұрат Әуезов Абай шығармаларының Қытайда жарық көруіне елеулі қолдау көрсетті. Ол аталмыш кітаптың баспадан шығуына қаржылай демеушілік жасап, оның жарыққа шығуына себепкер болды.

Аталған жинақты алдымен дұңху (дүңген) ұлтының жазушысы әрі аудармашысы Су Жоу Шиоң орыс тіліндегі нұсқасынан қытай тіліне аударған. Кейін Қытайдағы белгілі қазақ жазушысы және аудармашы Әкбар Мәжитұлы қазақ тіліндегі түпнұсқамен салыстырып, мәтінді өңдеп, нақтылап қайта аударды, сондай-ақ қажетті түсіндірмелер қоса жазды. Бұл басылым бірнеше рет қайта басылып, қытай оқырмандары арасында кең сұранысқа ие кітаптардың біріне айналды.

Қытайдың танымал суретшісі және аудармашысы Гау Маң Абайдың портретін салып, оған арнап өлең де жазған. Қытайлық әдеби қауымдастық пен оқырмандар бұл аударманы жоғары бағалап келеді. Олар Абай шығармаларының стильдік ерекшелігі мен философиялық терендігін, даналыққа толы идеялық мазмұнын сақтаған, көркем әрі ықшам аударма ретінде таниды.

Сонымен қатар 1955 жылы Шанхайдан шығатын «Аударма» журналында Мұхтар Әуезовтің «Абайдың халықтығы және реализмі» атты очеркі мен Фэтисовтың «Абай туралы» мақаласы Суң Байдың аударуымен жарияланды. Бұл еңбектер де қытай оқырмандарының Абай мұрасын тереңірек тануына айтарлықтай ықпал еткен.

2003 жылы «Абайдың хикметті сөздері», «Абай туралы сөз» сынды ұйғырша-қазақша зерттеу еңбектер жарық көрсе, 2015 жылы Абайдың 170 жылдығына орай Ұлттар баспасынан «Абай әндерінің» ұйғырша-қазақша, қазақша-қытайша нұсқалары және әндердің электронды нұсқасы да жарық көрді.

2020 жылы жазушы Әкбар Мәжитұлының «Абай» атты қытай тіліндегі аударма кітабы Жы Жияң қаласындағы «Уын и» баспасынан жарық көрді. Кітап жалпы 534 бетті құрайды. Алғы сөзі Қасым-Жомарт Тоқаевтың Абай туралы баяндамасы болып, негізгі мазмұн Абайдың 145 өлеңі, 3 поэмасы, 45 қара сөзі қайтадан қытай тіліне аударылды. Автордың баяндамасы бойынша көптеген бұрын қытай тіліне аударылмаған өлеңдері, ән сөздері тұңғыш рет аударылып және бұрынғы аудармалардағы қателіктер өңделіп, тұпнұсқаға сай аударма жасалған. Кітап қытай тіліндегі оқырмандардың зор сұранысына ие болды.

«Абай» кітабының аудармасы жайлы Әкбәр Мажитұлы былай дейді:

«Мен «Абай ғақлияларын» 1994 жылдың қазан айында аудара бастадым. Содан кейін Абайдың 145 өлеңін және үш дастанын осы жылдың наурыз айының соңында аударып бітірдім. Осы аралықта 26 көктем белін бүгіпті. Мен дәл қазір «Абай шығармаларын» аударудың марафонын бастан кешіп отырмын. Абай Құнанбаев – ұлы ұлт ақыны, философ, ғалым, ойшыл, ағартушы, қазақ ұлтының жазба әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы және композитор. Оның өлеңдері мен ғақлиялары қазақ ұлтының қалыптасуын, күйін, тұрмысын, өндірісін, дүниетанымын, мінезін, өмірін, дінін, психологиясын, тілін, рухани бет-бейнесін қамтиды. Осылайша өзіндік «Абай әлемін» қалыптастырды.

Абайдың өлеңдері мен ғақлияларында парсы, араб, шағатай, орыс сөздік қорлары, сонымен қатар, көптеген халық мақал-мәтелдері, нақылдар, классиктер қолданылады. Мазмұны астрономия, география, ғылым, мәдениет, білім, тарих, дін, философия, этнос, қоғам, экономика, заң, тіл, фольклор секілді бірнеше бөлімді қамтиды әрі әлеуметтік аясы кең. «Абайды» жақсы аудару үшін көп уақыт жұмсадым, көптеген классиктер мен материалдарды оқуға тура келді.

20 жылдан астам уақыттағы аударма марафоны мен үшін Абайдың өлмес шығармаларын қайта-қайта мұқият зерттеу процесі. Мені оның терең ойлары, афоризмдері мен ғақлиялары сияқты әдемілігі таң қалдырды. «Көркем мәтін аударылмайды» деген сөз бар болса да, мен әлі күнге дейін «Адалдық, мәнерлілік және талғампаздық» көркем аударманың жаны деп санаймын, қытай оқырмандарына Абай шығармаларының мәні мен көркемдігін бағалауға мүмкіндік беру мақсатында мен оны үнемі дәл және жақсы аударуға тырысып келемін.

2019 жылдың қыркүйек айында Қазақстан ұлттық аударма орталығы таңдаған Абай өлеңдерін аудара бастадым, сонымен қатар, олар әлемнің 10 негізгі тілдерінде аударма жұмыстарын ұйымдастырды. 16 қараша компьютерімнің жүйесінен ақау шығып, оған дейін аударған 36 өлеңнің барлығы жоғалды, соның ішінде «Сегіз аяқ» та бар. Мен шарасыздан «алма» жүйесін істетіп, жаңа жүйемен қайта танысып, Абай өлеңдерін бастан аудардым.

Пандемия кезінде де мен Абай өлеңдерін күн сайын аударып жүрдім, наурыз айының аяғында өлеңдерді аударып бітіріп, «Жы Жияң» әдебиет-өнер баспасының бас редакторының орынбасары Сау Юаниұңға тапсырдым. Олар «Абайдың» баспадан шығуына үлкен мән беріп, редакциялау жұмыстарын күндіз-түні ілгерілетуге жауапты екі редакторды тағайындады. Маусым айының басында екі редактор менің аудармам мен қолжазбаның үлкен үлгісімен жүзбе-жүз салыстырып тексеру үшін Пекинге келді. Кітап тамыз айында басылып, Абайдың 175 жылдығына мол сыйлық ұсынылды. Осы себептен мен Қазақстандағы бірінші Абай күні 10 тамызда президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың екінші дәрежелі достық медалімен марапатталдым. Індетке байланысты 9 қазанда елші Қойшыбаев Ғабит маған және Ха Хуанжяң мырзаға президенттің атынан медаль тапсырды. Бұл менің «Абайды» аударып, баспадан шығарғанымның марапаты, сондай-ақ Қытай Қазақстан арасындағы мәдени байланысты растау және екі ел арасындағы дәстүрлі достықты мадақтау аясында берілген марапат еді. «Бір белдеу, бір жол» мен «Нұрлы жолдың» жақындасуымен қытай мен қазақ халықтары арасындағы байланыс өсіп, тереңдей түседі деп сенемін. Мен қытайлық жазушы ретінде екі халықтың достығын тереңдетуге өзіндік үлесімді қосуға дайынмын», – деп өзінің пікірін түйіндейді.

«Абайды» 20 жылдан астам уақыт аударған марафон ақыры бүгін қуанышты аяқтады [52, 3]. （我从 1994 年 10 月翻译《阿拜箴言录》开始，再到今年 3 月底翻译完成阿拜的 145 首诗歌和 3 部叙事诗，前后经历了 26 年时光，对我来说，可谓是一场翻译《阿拜》的马拉松。

阿拜·库南巴耶夫是哈萨克斯坦伟大的诗人、哲人、学者、思想家、教育家、哈萨克民族新文学的奠基者、翻译家、作曲家。他的诗歌和箴言录涵盖哈萨克民族的形成、状态、生活、生产、世界观、性格、生命、宗教、心理、语言、精神面貌，从而形成了“阿拜世界”。

在阿拜的诗歌和箴言录中，使用了波斯语、阿拉伯语、察合台语、俄语词汇，以及大量的民谚、俚语、典籍。内容涉及天文、地理、科学、文化、教育、历史、宗教、哲学、民族、社会、经济、法律、语言、民俗等诸多方面，十分广泛。为了翻译好《阿拜》，我拿出大量的时间不得不翻阅诸多典籍，资料。

二十多年的翻译马拉松，对我来说，是一次次反反复复仔细研读阿拜不朽著作的过程。我常常被他那种深遂的思想所震撼，复又被他那有如警句、格言般美丽的语言所倾倒。尽管有“美文不可译”之说，但我还是确信“信、达、雅”是文学翻译的灵魂，我始终致力于把它译准、译好，以便让广大中文读者世界能够品味阿拜著作的真髓和风采。

2019 年 9 月，我开始翻译由哈萨克斯坦民族翻译中心精选的阿拜诗歌，

他们同时组织世界 10 大语种翻译工作。11 月 16 日，我的电脑系统出了问题，此前所译 36 首诗译稿全部丢失，其中包括《八行诗》。我只好转入苹果系统，重新开始熟悉这一系统，从头翻译阿拜的诗作。

在新冠肺炎疫情期间，每天我都在家翻译阿拜诗行，到三月底全部完成诗稿翻译，将译稿交给浙江文艺出版社曹元勇副总编。他们非常重视《阿拜》一书的出版，指定两位责编夜以继日地推进编辑工作。六月初，两位编辑拿着书稿大样赶来北京和我面对面核稿，八月就印制成书，为阿拜诞辰 175 周年献上了一份厚礼。我也因此在哈萨克斯坦第一个阿拜日—8 月 10 日荣获托卡耶夫总统颁发的二级友谊勋章。由于疫情原因，直到 10 月 9 日，由柯依舍巴耶夫·哈比特大使先生代表托卡耶夫总统向我和哈焕章先生颁发勋章。这即是对我个人翻译出版《阿拜》的褒奖，也是对中哈两国间文化交流交往的肯定，是在褒扬中哈两国间的传统友谊。我相信，随着“一带一路”和“光明之路”的衔接，中哈两国民心相通会愈发持久深入。我作为一个中国作家，愿意为增进两国人民的友谊作出一己贡献。

我翻译《阿拜》二十多年的马拉松今天终于有了一个圆满的结局）.

Әйгілі жазушы Уаң Мың «Абай» кітабы жайлы былай дейді: «Биыл ұлы Абайдың туғанына 175 жыл толып отыр, Абайдың 19 ғасырда ортаға қойған «толық адам» деген концепциясы бүгінге зор ой салады. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген ойы біздің Мың Зының «Мейірімді болсаң адамды сүй» деген ойымен үндеседі.

«Абайдың» басылып шығуы қытай оқырмандарының сүйіспеншілігіне бөленеді деп ойлаймын. Сондай-ақ «Бір белдеу, бір жол» мен «Нұрлы жол» арасындағы байланыс пен Қытай халқы және Қазақстан халқының арасындағы байланысты ілгерілетуде маңызды рөл атқарады [53, 4]. （今年是伟大的阿拜诞辰 175 周年大喜日子，阿拜在 19 世纪提出的“一个真正的人”观念，迄今让我们深思，阿拜所说的“你要爱所有的人当作兄弟”，与我们的孟子所言“仁者爱人”相互呼应。

我相信《阿拜》的出版会受到中国读者的喜爱也为“一带一路”与“光明之路”的衔接，中哈两国人民民心相通起到促进作用.

Қытай оқырмандарының Абай шығармаларымен сусындауы біршама үлкен оқиға болды. 1955 жылы «аудармалар» журналына Мұхтардың Қытай тіліндегі «Абайдың халықшылдығы және реализмі» мақаласы жарық көрді. Сұң Бай аударған М.Е. Петровтің «Абай жөнінде» шығармасы жарық көрген, Абайдың дастаны «Ескендір» 1958 жылы «Бейжің халық әдебиеті» баспасынан «Абайдың дастандары» баспадан шықты. Бірнеше жылдан кейін «Шинжияң» халық баспасы және «Ұлттар» баспасынан іркес-тіркес Абайдың өлеңдері, ғақлия сөздері және Мұхтар Әуезовтің ғұмырнамалық романы – «Абай жолы» (қытайша нұсқасы) секілді еңбектері баспадан шықты. Бірақ Абайды жүйелі түрде зерттеп, баға берген жинақ өте аз болды. 2000-шы жылға дейін Сухоу Шбоңның «Шыңғыс тауындағы үш шың – Абай, Шәкәрім, Мұхтар», Чын Жыңдоңның «Абай қазақ сахарасының темір қазығы» және Қабайдың «Абайды зерттеу мақалалар жинағы» қатарлылар ғана болды.

Су Жоу Соң Қазақстанда тұрған, елшілікте қызмет атқарған. Осы кезде ол Абайдың ұрпақтарымен және Абайды зерттеушілермен көп кездесіп, әңгімелескен. Абайға қатысты көптеген құнды деректерді жинап,

ұқыптылықпен реттеп, салалап, өзінің ғылыми туындысы – «Көңілдің кілті» деген кітапты шығарған. Сонымен қатар қазақтың қос тілді жазушысы Әкбар Мәжитұлымен бірлесіп аударған «Абай ақылияларының» сөзі жаттық, тілі көркем тамаша аударма есептеледі. Ол Абайдың туғанына 150 жыл толуына орай еске алардың алды-кейінді кезінде орталық және жергілікті басылымдарға жетпістен аса хабар-мақала жариялап, қытай оқырмандардың Абайды тануына, ғылым саласының Абайды зерттеуіне түрткі болған [3, 59].

Кейінгі он жылдықта Абайды қытай тілінде зерттеу ғылым назарын аударды. Жоғары мектептердің басылымдарында Абайға баға берген, зерттеген мақалалар жарыққа шықты. Мұның ішінде мамандар мен ғалымдардың, зерттеу нәтижесі жоғары оқу орындарының түлектерінің де ғылыми мақалалары да бар. Кейбір мақалалар тың ойлардан кенде емес. Мысалы 2015 жылғы «Шығыс солтүстік педагогика университетінің» журналына Сана Сағындыққызының «Орыс әдебиетінің ықпалындағы қазақ ақыны Абайдың жасампаздығы» деген мақаласы бір сарындыққа бой ұрмай жазылған ғылыми құндылыққа ие мақала. Осы тектес сара туындылар үнемі басылымдардан жарық көріп, ұлт мұратын ұлықтауда үлес қосып келеді. Мұндай зерттеулердің көп жарыққа шыққаны Абайды салыстырып зерттеген мақалалар болатын. Мысалы 2015 жылғы «Шинжияң қоғамдық ғылымдары» журналында Мұхтар Мүбарактың «Күң Зы Абай идеясының ортақтығы жөнінде салыстыру» деген мақаласы жарияланған. Сондай-ақ Абайға баға берген тамаша мақалалар да жарық көріп отырған.

Абай шығармаларының қазіргі кездегі аудармасы жайлы әйгілі аудармашы Қабай былай дейді: «Ең қуанарлығы, жуықта үздік қос тілді жазушыларымыз Абай шығармаларын аудару, баға беру, зерттеу жұмысына белсенді атсалысуда. Ұғысуымызша белгілі әйел жазушы, көркем аудармашы Қайша Тәбәрәккызы да «Абай жолын» аударып, баспаға тапсырыпты дейді. Кейін қытай оқырмандары дүниеге әйгілі шығармадан сусындайды. Жас жазушы Елдос Амантайұлы Абайдың көптеген лирикасын аударып іркес-тіркес «Батыс әдебиеті» қатарлы журналдарда жариялап, оқырмандардың алқауын алған. Осылардың барлығы еліміздің ғылым саласындағы Абайды және оның шығармасын білуге тиісті игі істер. Оқырмандар Бейжің қаласы Чияуияң бақшасындағы Абай мүсінінің қасына келіп тұрғаныңызда Қазақстанның ғасыр аттаған Абай құрылысы бес мың жылдық тарихқа ие миллиард халқы бар елде жарыққа шығады екен ғой деп қиялдауыңыз мүмкін. Мемлекеттер арасында мәдениет ауыс-күйіс қоюласып тұрған кезде, «Бір белдеу, бір жол» жобасы ортаға қойылған кезде Абай құрылысы дүниедегі бес құрылықтың мәдениет ауыс-күйісіне айналуы хақ. Абай шығармаларының түрлі аудармалары да жаңбырдан кейінгі жауқазындай қауламақ» [3, 35].

Екінші тарау бойынша түйін

Екінші тарауда көркем аударманың әдебиеттану ғылымындағы орны мен маңызы жан-жақты дәлелденді. Абай Құнанбайұлы шығармаларының қытай тіліне тәржімалануы, бұл процеске атсалысқан аудармашылардың

еңбектері мен шығармалардың аударылу кезеңдері жүйеленіп қарастырылды. Сонымен қатар Қытай Халық Республикасындағы қазақ әдебиетінің таралуына әсер еткен ұлтаралық байланыстардың әдеби негіздегі аспектілері де нақты анықталды.

Зерттеу барысында қазақ әдебиетінің қытай тіліне аударылу үдерісі тарихи кезеңдерге сәйкес хронологиялық ретпен талданды. Атап айтқанда, ҚХР-ның құрылуына дейінгі және кейінгі кезең, «Реформа жасап, есікті ашық ұстау» саясаты басталғаннан кейінгі уақыт және Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі дәуірдегі аударма жұмыстары деректі материалдар негізінде жіктеліп, нақты тұжырымдар жасалды.

Тараудың «Абай шығармаларының ҚХР-да тәржімалану тәжірибесі» атты екінші бөлімінде ақынның өлендері мен поэмаларының қытай тіліне аударылуында маңызды рөл атқарған Қабай мен Әкбар Мәжитұлының еңбектері жан-жақты талданды. Сонымен қатар Әкбар Мәжитұлы мен Уаң Мыңның Абай шығармашылығы туралы жазған және аударған еңбектерінің түпнұсқалары ұсынылып, солар арқылы Абай туындыларының алғаш рет аударылған кезеңі нақтыланды. Осы аудармалар негізінде Абай шығармаларының Қытай қазақ әдебиетіндегі және жалпы қытай халық әдебиетіндегі маңызы айқындалды.

3. АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

3.1 Абай шығармалары жайлы ҚХР-дағы ғылыми зерттеулер

Қытай қазақтарының Абайды ғылыми тұрғыда зерттеуі кеш басталған. Бірақ қазақ оқымыстыларының ішінде Абайды үгіттеуге таныстыруға тырысқан, өз өмірін арнаған көптеген тұлғалар бар. Құрманәлі Оспанұлынан басқа, Жақып, Әуелқан, Нәбижан, Болантай, марқұм болып кеткен Нығмет секілді зерттеушілерді атай аламыз. Олардың барлығы Абайды таныстыруда, Абай ғылымының елімізде сақталуына үлкен үлес қосқан. XX ғасырдағы 10 жылдық «мәдениет зор төңкерісі» аяқталғаннан кейін Абайды зерттеу жұмысы реформалау қадамына ілесіп, жүзеге асуда. Кейбір жоғары мектептер мен зерттеу орындары Абайды зерттеуді арнайы зерттеу нысанына енгізіп, арнаулы адамды осы іске жауапты қылған. 1995 жылы көктем мен жаздың айларының ортасында «Шинжияң қоғамдық ғылым журналы» қазақ редакциясы Абайды зерттеу туралы ғылыми талқылау жиынын өткізген болатын. Басты тақырыбы – «Абай мен жүңго қазақ әдебиеті». Сол кездегі Үрімжі қаласындағы оқымыстылар, жазушылар мен ақындардың басым көпшілігі ғылыми-зерттеу талқы жиналысына қатысқан. Бұл жиын қазақтың оқымысты ақындарына арнап ашылған жоғары дәрежелі ғылыми талқы жиын ғана емес, Абайдың дүниеге келгендігінің 150 жылдығына тура келген ерекше сәтте ашылған жиын ретінде жаңалыққа толы, қытай қазақ әдебиетінің ең қымбатты бір парағына айналды. Жиынға қатысушылардың және зиялылардың сөйлеген сөздерінен Абайдың қытай қазақ әдебиеті саласына жасаған ықпалын түсінуімізге болады. Шәкен Оңалбайұлы ҚХР-дағы ықпалды жазушы әрі ақын, «Шинжияң Ұйғұр Автономиялы райондық әдебиет көркемөнер бірлестігінің» құрметті төрағасы «Жүңгө жазушылар қоғамының» құрметті мүшесі. Көп шығармалар жазған. «Ауыл махаббаты» деген өлеңдер жинағы ханзу тіліне аударылған. Ол өз сөзінде: «Мен қаршадай кезімде әкемнің Абайдың өлеңдерін жатқа айтқанын үнемі естітінмін. Мен Абайдың өлеңінен өнеге алып өстім. Бастауышта оқып жүргенімде Абайдың өлеңдерін ұнататынмын. Абай өлеңдерінің тәлімі бойынша сөзі көркем, сезімі шыншыл болатын өлшем негізінде өлең жаздым. Неше жылдық жасампаздық барысымда шығармамның сапасында Абай көрсеткен тәлім бойынша өрлеп келемін», – деген.

Шәкен көп қырлы ақын ғана емес, үздік аударма қызметкері. Ол Мау Зы Дұң өлеңдерін аударуға, Марксизм, Ленинизм шығармаларының қазақша аудармасын тексеріп бекітуге қатысқан ақын, оқымысты адам. Оның сөйлеген сөзі белгілі уәкілдікке ие.

Жиынға қатысқан жазушы Оразбай Егеубайұлы Абайдың Таңжарыққа жасаған ықпалы туралы сөйлеп, оның шығармасының реалистігі, дүниеге бет алған алға басар жазушылардан үйренуі, өлеңдерінің ұйқастығы, лирикалық сезімі, шығармасының халықшылдығы секілді бес жақтан тоқталып, Таңжарықтың Абайдан алған ғибратын толық баяндаған.

Таңжарық еліміздегі қазақ әдебиетінің негізін салушылардың бірі.

Оның өлеңдерін еліміздің үздік аудармашысы – Айнұр Мәулетқызы ханзу тіліне дәл, жатық аударып, баспадан шығарған. Абайдың Таңжарыққа жасаған ықпалына толық сенген. Құрманәлі Оспанұлы: «Абай еліміздің қазақ әдебиетінде ең алдыңғы орынды иеленді», – деген. Жиынның соңында «Шинжияң қоғамдық ғылымдар академиясының» орынбасары Жақып Мырзақанұлы Абай шығармаларының Октябрь төңкерісінің алдында ауыздан-ауызға таралып, еліміз туралы пікірінің ел қазақтарына жеткен тарихи барысын баяндаған. Ол «Абай шығармасының күркешеден күллі әлемге тарқалуы – жолдан адасқандарға жол көрсетуінде, адамды биік шыңға талпынуға жігерлендіруінде. Ақын шығармалары оқырмандар таңғаларлықтай құндылыққа ие. Абайдың философиялық ойларын, экономикалық мәдениетті дамытуға қатысты жетекшілік сипаттағы пікірін, ойлыға тән асқан танымы сайын сахарада шырт ұйқыда жатқан қазақтарды оятуда бүгінде, тіпті болашақта да адамдарға рухани қазына болады», – деген.

«Шинжияң қоғамдық ғылымдар академиясының» бұрынғы басшысы Жақып Мырзақанұлы Абайды ғылыми зерттеуге баса мән беріп жатқан ғалымдардың бірі. Ол өзінің материялық шығармасы – «Қазақ мәдениет айдыны» деген кітабында Абайдың өмірбаянын және оның тарихи еңбегін таныстырған. Ол өзінің пікірін ашық көрсеткен: «Абай қазақтың жазба әдебиетінің қалыптасуына және жаңа үлгідегі өлеңнің гүлденуіне, дамуына үлес қосқан. Оны Гималай тауы мен салыстырсақ болады». Бұл жерде біз Ду Фудың құмырсқадай деген өлең жолдарын еріксіз еске аламыз:

Тыныш жер, тыныш ауыл, тыныш маңай,
Мансап деген асқар тау ырыс талай.
Төбесінен көз салсаң төңірекке,
Көрінді өзгелер құмырсқадай [54, 27].

Жақып ханзу оқырмандарының Абай шығармасынан нәр алуына белсенді көңіл бөліп келуде. Дәл Жақыптың атсалысуымен ғылым саласында Абай шығармасын аударуды және зерттеуді үдетіп отыр. «Шинжияң қоғамдық ғылым академиясы» Абайды зерттеу ғылыми жиналысын өткізген кезде «Іле халық» баспасы қазақ зерттеушілерінің және жазушыларының мақаласын топтап, «Абай парасаты» деген кітапты баспадан шығарған. Осы кітапқа Шинжияң университетінің профессоры Ахметбек Кірішбекұлы жазған «Абай Құнанбай» секілді 18 мақала кірген. Бұл кітап еліміздегі Абайды зерттеу жолындағы алғашқы кітап саналады. Бұл осы ғылымның жалпыласуына ерекше зор ықпал еткен. Осыдан кейін еліміздің әр өлкесіндегі қалалардың баспаларында, жоғары дәрежелі мектептердің басылымдарында Абай жөніндегі мақалалар басылып, жарияланған. 2000 жылы Бейжіңдегі «Ұлттар» баспасы Қақарман Мұқанұлының «Абай Құнанбайұлы» деген арнаулы кітабын басып шығарды. Бірақ бұл кітапта Абай өлеңдеріне көп баға бермеген. Онда Абайдың өнер жолы және тұрмыстағы кейбір қиын мәселелерді қалай сәтті шешкендігі сөзге тиек болып, автор Абайды зерттеушілерге сенімді деректер ұсынған. Кітаптың «Абай туралы үзік-үзік әңгімелер» деген бөлімі адамды ойға шомдыратын әдеби сипаты бар пайымдау шығармасына жатады.

Іле педагогикалық институтының Абай ғылымын зерттеудегі атқарған рөлін атап өту керек. Абай шығармалары осы университеттің негізгі пән оқушыларының талдап оқитын сабағы ретінде белгілеген. Сондай-ақ ол оқу бітіргеннен кейінгі ғылыми мақаланың талдайтын тұңғыш тақырыбына айналған. Көп жылдардан бері осы мектептің оқушы-оқытушылары мектеп басылымдарында Абайды насихаттаған және бағамдап зерттеген мақалаларды жариялап келеді. Бұл қытай ғылым саласының Абайды зерттеуіне түрткі болып, үлкен рөл атқарған. 2012 жылы Қазақстанның Абай атындағы педагогикалық университетінің Абай зерттеу орны Іле педагогикалық университетінде ресми құрылып, ҚХР-дағы Абайды зерттеу орталығына айналды.

Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мен дүниетанымына арналған зерттеулер арасында академиялық журналдарда жарияланған ғылыми мақалалармен қатар, кандидаттық және докторлық диссертациялар ерекше орын алады. Сонымен қатар Қытайда жарық көрген екі маңызды монографияны бөліп атауға болады. Олар – Қабайдың «Абай туралы зерттеулері» (1995 ж.) және Чын Чындуңның «Абай – Қазақ даласының темірқазығы» (2003 ж.) атты еңбектері. Аталған қос монография да «Бейжің ұлттар баспасынан» басылып шыққан.

Осы еңбектердің ішінде Чын Чындуңның кітабы «Әлем әдебиетіндегі алыптар» атты серия аясында жарияланып, Абайдың шығармашылық мұрасын әлемдік әдебиет контекстінде зерделеген маңызды академиялық зерттеу ретінде танылды.

1995 жылы Ли Чыушиуңның «Шыңғыстауындағы үш алып – Абай, Шәкәрім және Мұхтар» атты еңбегі «Ұлттар» баспасынан жарық көрді. Бұл шығармада үш тұлғаның рухани сабақтастығы мен әдеби мұрасы қытай оқырмандарына кеңінен таныстырылды.

1998 жылы «Шыңжаң жастар» баспасынан Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың «Абай туралы» атты еңбегі жарық көрді (аудармашысы – Ши Чуңшяу). Бұл шығармада ел басшысының Абайға деген көзқарасы мен оның ұлттық сананың қалыптасуындағы орны баяндалған [49, 68].

Сонымен қатар 1994 жылы 30 сәуірде Қытайдың жетекші мерзімді басылымдарының бірі – «Халық газеті» бетінде дұңху ұлтының жазушысы әрі аудармашысы Су Жоушиоңның «Қазақстанның рухани атасы – Абай» атты мақаласы жарық көрді. Бұл мақалада Абай Құнанбайұлы «қазақ халқының ұлттық символы, Қазақстан мемлекетінің рухани атасы» ретінде сипатталды [55, 2].

Абай туралы жазылған ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектерінің саны жыл өткен сайын артып, жүйеленіп келеді. Абайға қатысты зерттеу еңбектердің жалпы санын межелеу мақсатында біз ҚХР-дағы ең үлкен «Кітап білім қор қамбасы» (中国知网) сайтына «түйін сөз» бен «жалпы мәтінді» талдап, «Абай» есімін енгізіп, Абай туралы мақалалардың жиынтығын іздегенімізде, жалпы жиынтығы 2323 дана болды. Мұның ішінде докторлық диссертация саны – 140, магистрлік диссертация – 536 екен.

Жоғарыдағы нақтылы санды мәліметтер – Абай шығармалары мен философиялық ой-танымдарының Қытайда ғылыми түрде кең көлемде зерттеліп жатқанының айқын дәлелі. Оқырманға анық болуы үшін, Абай туралы жазылған біраз мақалаларды тілге тиек етуге болады.

1997 жылы Чың Шы мен Саятбек өздерінің «Абай өлеңдері» атты мақаласында ақынның философиялық лирикасына талдау жасап, мынадай тұжырымға келеді: «Абайдың поэзиялық шығармашылығы бір халыққа ғана емес, бүкіл адамзат руханиятына қосылған үлкен үлес». Бұл пікір Абай мұрасының жалпыадамзаттық маңызын айқындай түседі.

Жаң Шинтиян өзінің «Қазақ ақындары туралы» мақаласында Абайдың екі жүзге жуық өлеңін зерттей келе, ақын шығармаларында терең поэтикалық ойлар мен теориялық тұжырымдардың жинақталғанын атап өтеді. Автор Абайдың өлеңдерінде поэзия аксиологиясы, поэзия өнерінің теориясы, поэзияны бағалау қағидалары сынды әдеби-теориялық ұстанымдар көрініс тапқанын көрсетеді. Сондай-ақ бұл өлеңдер қазақ поэзиясының сол кезеңдегі деңгейін де нақты бейнелейді деп баға береді.

2018 жылы Ваң Кінь өзінің магистрлік диссертациясында Қабай аударған «Абай өлеңдерінің» аударма ерекшеліктерін эстетикалық тұрғыдан зерделейді. Ол Абай шығармаларының жоғары эстетикалық және тәрбиелік мәнге ие екенін айта келіп, аудармада ең алдымен түпнұсқаның сұлулығын дәл жеткізу қажеттігін алға тартады. Оның пікірінше түпнұсқаның коннотациясы мен эмоциялық жүгін толық жеткізу үшін аудармашы мағына, дыбыс және пішінді эстетикалық бейнелеу арқылы үйлестіре білуі тиіс. Сонда ғана аударылған мәтін оқырманға түпнұсқадағыдай әсер қалдырып, көркемдік сапасын сақтап қала алады.

Сұлтан Жанболат, Жақып Мырзақан, Дүкен Мәсімхан, Бейсенәлі Метқали сынды көптеген ақын-жазушылар мен ғалымдар Абай шығармашылығы туралы қалам тербеп, арнайы мақалалар жазды. Абайдың 170 жылдық мерейтойына орай ғалым, жазушы Сұлтан Жанболат «Шынжаңда Абайдың ұрпағы бар ма?», «Абайдың жаңашылдығы» атты бірнеше топтама мақалалар жариялайды. «Абайдың жаңашылдығы» атты мақаласында автор бала Абайдан дана Абайға дейін көтерілген ұлы тұлғаның ақындық, ғұламалық, ойшылдық, кемелдік болмысын ашуға, күрескер қайраткерлігінің саяси-әлеуметтік мәніне айрықша назар аударды. Абайдың:

«Ғылым таппай, мақтанба,
Орын таппай баптанба.
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге [56, 35]», – дегеніндей, оқу-білім үйрену, еңбек ету, оқумен көкірек көзі ашылып, еңбек етудің мәнін ұғып, білім арқылы үйренген өнерімен ел табысын молайтуды аңғартқан жаңашыл көзқарасын үш мазмұндық бөлекте талдайды: «Абайды оқу, Абайдан үйрену, Абайдай жаңашыл болу – жастарымыздың бұлтартпас міндеті [56, 36]», – деген өзіндік мақсатты көзқарасын ортаға салады.

2007 жылы жарық көрген «Абайдың экономикалық ой-пікірлері» атты зерттеу еңбегінде замана үрдісін, қоғам дамуының заңдылықтарын жете

пайымдап, «жатып ішер жалқаулыққа» лағнет айтқан Абайдың экономикалық ой-таным көзқарастарына қатысты өзіндік ой-толғамдарын Мұратәлі Мәшірепұлы заман ауқымымен байланыстыра нақты көрсетті. Автор Абайдың шығармашылығында нарықтық қатынас пен қоғамдық-экономикалық ой-пікірлерінің қалыптасуында сол замандағы қоғамдық және тарихи жағдайлардың әсері айқын көрінеді. Абай өзінің туындыларында қоғамның әлеуметтік-экономикалық жүйесіндегі өзгерістерді, оның ішінде нарықтық қатынас пен экономикалық реформаларды терең түсініп, олар туралы ой-пікірлерін ашық түрде білдірген., қоғамдық таптар мен жіктер туралы ұстанымдары мен экономикалық ой-танымдарының бүгінгі таңдағы рухани мәнін жеті тарауға бөліп, Абайдың қоғамдық-экономикалық ойларын жіктеп, содан соң оқырманға кеңінен талдай отырып жеткізеді. Абайдың «Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп ойлап, мал ізде», «Еңбек қылсаң, қара жер де иер еді», «Болмасаң да ұқсап бақ, бір ғалымды көрсеңіз...» сынды әртүрлі жанрдағы шығармаларынан, лирикаларынан, поэмаларынан, ғақлияларынан қоғамдық-экономикалық танымға қатысты ойларын бір-бірлеп тауып, Абайдың саяси-экономикалық көзқарасын айқындап берді [57, 22].

Шыңжаң Қаржы университетінің профессоры Лоян «Абай өлеңінің қазақ әдебиет идеясының дамуындағы құны» атты мақаласында: «Бірінші, қазақ әдебиетінің дамуы барысында «өлеңді өлеңмен суреттеу» сынды тәжірибені бірінші рет сыннан өткізген; екінші, қазақ өлең жасампаздығындағы ескілікті түр мен стильге белгілі дәрежеде өзгеріс енгізген; үшінші, бірқыдыру өлең туралы ғылыми көзқарастарын ортаға салып, қазақ өлеңінің ғылыми қазынасын байытты», – деп Абай өлеңдерінен осындай үш түрлі құндылық тауып, құнын үш түрге жіктей келе, Абай өлеңдері әдебиет тарихында батыл талпыныс ретінде қарастырылып, қазақ поэзиясындағы келеңсіз ахуалды белгілі бір дәрежеде жақсартып, поэтикада бірегей идеяларды алға тартты. Сонымен қатар Абай өлеңдері жоғары мәдени құнға ие деп қорытындыланады [58, 54].

Чи Шяубиң мен Халчамның «Абай өлең жасампаздығы теориясындағы терең ұлттық рух пен бай мәдениет мазмұн» атты мақаласында: «қазақтың ұлы ақыны Абай терең ұлттық рухпен, күшті демократиялық танымммен және өскелең қоғамдық жауапкерлікпен қазақ ұлтының рухани бет-бейнесін көрсетті. Оның өлеңдері терең мәдени мәнге, бай мазмұнға ие болып, ақынның ашық рухани көз аясы мен өзгеше баурағыштығын көрсетеді» [59, 133], – дейді.

Коң Веншиюн мен Ши Шяобин 2015 жылы жарық көрген «Қазіргі заманға тән әдеби идея арқылы Абай шығармашылығын зерттеу» атты мақаласында: «Абай Құнанбайұлының өлеңдері қазақ ұлтының рухани мәдениетіне терең үңіліп, шынайылықты бейнелей отырып, ұлттық психология мен дәстүрлі салт-санаға мұқият талдау жасаған. Бұл шығармалар қазақ халқын тұйықталудан және кербақпалықтан арылтып, заманданып дамуға жетелейді», – деп атап өтеді. Сонымен қатар Абайдың өлеңдері қоғамдағы келеңсіздіктерді көрсету арқылы адам санасын оятып, руханияты

дағдарысқа түскендерді ояту үшін қару ретінде қолданылады. Абай шығармашылығы замана ағымына ілесіп, ұлттың сапасын арттырып, елді жаңаруға ұмтылдырады», – деп баға береді [60, 130].

Мұхтар Мүбәрәкұлының 2009 жылғы «Лу Сюн мен Абайдың әдебиет бастаушылары ретіндегі маңызын салыстыру» атты докторлық диссертация мақаласында Лу Сюн мен Абайды салыстыра зерттейді. «Абай мен Лу Сюн – қазақ пен қытай халқының рухани әлемі мен терең жан-дүниесін бейнелейтін, өз ұлттарындағы ең тамаша және көз тартатын екі әдеби жұлдыз. XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың ортасына дейінгі уақыттың аласапыран өзгерісі кезінде Лу Сюн мен Абай шығармалары бір дәуірдің символына айналды. Лу Сюннің күрделі және терең әдеби әлемі, Қытай халқын оятар шұғыла болды, ал Абай өлеңдеріндегі өмір мен өлім философиясы, ағартушылық сана, оны қазақ елінің әдеби көшбасшысы болуға лайықты етті. Лу Сюн мен Абай екі түрлі аймақ пен ұлтта өмір сүргенімен, екеуі де қазіргі замандағы дәстүрді реформалауға қарай қадам басты. Олардың барлығы өз ұлтында әдеби ағартушылыққа жол ашты. Олар ұлттық сипаттағы әдеби тақырыптарды өзгертті, жаңа әдеби парадигманы құрудағы жаңашылдық күш-жігер мен жеке тұлғаның рухани ұстанымын алға жылжыту олардың шығармаларындағы ұқсас тақырып болды» [61, 18].

Абай – қазақ халқының ұлы ойшыл ақыны. Қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы тұлға. Абай халықтың сана-сезімі, әл-ауқаты, қарым-қатынасы, мәдениеті, парасаттылығы, мейірімділігі, бай болуы, бәрі-бәрі еңбек сүйгіштік қасиеті арқылы келетінін даналықпен пайымдады. Абай өмірдің жақсы жағын да, жаман жағын да көре білді және оны жасырмай айтты. Абай өз заманындағы феодалдық қазақ қоғамының жиіркенішті тұстарын ашып суреттеді.

Зерттеуші, ғалым Қаһарман Мұқанұлының Абайдың ұлтқа көзқарасы жайындағы зерттеулеріне зер салып көрсек: «Абай шығармаларының идеялық еңсесі биік, тақырып аясы кең, көркемдік баурағыштығы күшті. Абай шығармалары – XVIII ғасырдың аяққы шеніндегі қазақ қоғамының айнасы. Кемеңгер ақын қазақ қоғамындағы ең келелі тақырыптарды, тоғағы ащы көкейтесті мәселелерді шығармаларына арқау ете отырып, қазақтың қоғамдық, саяси, экономикалық, мәдениеттік болмысын, психологиялық бітім-бейнесін тасқа басқан таңбадай көрсетеді, өзінің озық демократиялық идеясын, кемеңгерлік ой-пікірлерін ұсынады [62, 155].

Абай еңбектерін жанрлар (өлең, қара сөз, аударма, музыка) бойынша талдаған зерттеушілер көп. Сонымен қатар Абайды демократ, ағартушы, ойшыл философ, қоғам қайраткері ретінде зерттегендер де аз емес. Десе де оның ұлтқа көзқарасы арнаулы зерттеу нысаны болған тұстар азырақ. Шынын айтқанда, ұлтқа көзқарас – Абай идеясының ең өзекті мазмұнының бірі. Қазақтың бірегей алыбы – Абайдың ұлтқа көзқарасы мына үш түйінді қамтиды:

Бірінші: отаншыл, ұлтжандылығы;

Екінші: өзге ұлттарды дұрыс түсініп, олардың артықшылықтарын үйрену, дүниежүзіндегі озық мәдениетті қай халықтан болса да жатырқамай

қабылдау дәріптемесі;

Үшінші, отаршылдықты, ұлттық езгіні және оның зардаптарын әшкерелеуі.

Кемеңгер Абай өз идеясын, ой-пікірлерін, бүкіл қазақ өмірін өзек ете отырып, қазақ халқы жөнінен өрбітеді. Қандай мәселе қойса да, жалпы адам баласына тән ортақ таным тұрғысынан қарап, өз ұлтын, туған халқын объекті ете отырып, олардың бойындағы кемістікті түзету, қазақты ел санатына қосу арманы негізінде ой өрбітеді, қабырғасын қайыстыра отырып, қиялын шарықтатады.

Егер Абай өз ұлтын бәрінен артық сүймесе, қадірлемесе, «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп, оның күйкі тіршілігіне, болашақ тағдырына сонша күйініп күйзелмес еді [62, 142].

Абайдың «қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деген өлеңінде халқы үшін қамығып, қайғы жұтып, терең ойларын шерлі жүрекпен шымырлата шығарған. Ұлтымыздың басындағы әлеуметтік-саяси жағдайды айқын бейнелеп, ұлттық намысты жаниды. Абайдың әр сөзі қалың елі қазағына арналады.

Абай XIX ғасырдағы қазақ қоғамының бар жағдайын білді. Ұлты үшін күйінді, ойланды, толғанды. Жұртын қараңғы өмірден жарыққа шығару үшін күш салды. Сын түзелмей, мін түзелмейтінін жақсы білді. Қазақ қоғамының келеңсіз тұстарын сынады. Бірақ ақын тұтас халыққа топырақ шашпады. Ел ішіндегі жемқор, жалқау, мақтаншақ, өсекшіл, арсыз, жағымпаз, зорлықшыл, атақ құмар, надан адамдарды сынады. Абайдың сындарын Қahарман Мұқанұлы бірнеше тұрғыда қарастырған. Мысалы,

1. Өнер-білімнен, мәдениеттен кенделікті, надандықты сынға алуы:

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,
Пайдасын көре тұра тексермедім.
Ержеткен соң түспеді уысыма,
Қолымды мезгілінен кеш сермедім – деп, жас кезінде ғылым, білімге беріле алмай, жасы ұлғайғанда өкінген ақын:

Атымды адам қойған соң,
Қайтып надан болайын?
Халқым надан болған соң,
Қайда барып оңайын [62, 143] – деп, халқының надандығына налиды.

Абай өнер-білім, оқу, тәлім-тәрбиенің жалпы адам баласының жетілуі, қоғамының дамуы үшін аса маңыздылығын көрсете келіп: «тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Басқа нәрселермен оздым ғой демектің бәрі де ақымақшылық [62, 146]», – депті.

Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп надандар өзіне тартар бейім.
Арылмас әдет болды күлкішілдік,
Ыржаң-қылжаң ит мінез дегендейін.
(«Өкінішті көп өмір өтіп кеткен»)

Адасып алаңдама жол таба алмай,
Берірек түзу жолға шық қамалмай.
Не ғылым жоқ, немесе еңбек те жоқ,
Ең болмаса кеттің ғой мал баға алмай.

(«Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей» [62, 142]) – деп қазақтың одан кенделігін, сондықтан өзге халықтардан төмен, қор саналып жүргенін айтады. Кей адамдардың қаскүнем, өтірікші, мансапқұмар, жалқау болуы олардың ақылсыз, надан, арсыздығынан деп қорытындылаған Абай:

«Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге егін, сауда, өнер, ғылым секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді» [62, 142], – деп түсіндіреді.

Надан болып қалудың себептерінің ішіндегі ең бастысы – оқу, тәрбие жұмысының дамымауы. Ол кездегі қазақтар балаларын, біріншіден, кедейліктен оқыта алмайды. Екіншіден, оқытуға малын қимайды. Үшіншіден, оқытса да түркітанулық ғана оқытады да, одан арыға жібермейді. Төртіншіден, баланы оқытудағы мақсат тілмәш, адвокат немесе Патша үкіметінің мансаптысы болу. Бесіншіден, Құдайдан бала тілегенде «өлсем орнымды бассын», «артымнан құран оқысын», «қартайған күнімде асырасын», – деп тілек тілейді екен... Осылардың бәріне тереңдеп талдау жасаған Абай: «... мал таптың, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғылым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тапсын. Ғылымсыз ақырет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған қажылық ешбір ғибадат орнына бармайды» [62, 142], – дейді.

Надандық, кері баққан ескі санаға, жалған, қара дүрсін діндарлыққа қарсы күресуші Абай халқын өнер-білімге үндейді. Ол ең алдымен «артық білім кітапта», «ғылым таппай мақтанба, орын таппай баптанба», «дүниеде өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл берсеңіз» деп, ғылым мен өнерге шақырады. «Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десе оқыт, мал аяма» деп, сүйектен өткізіп айтады. Абайдың ағартушылық идеясы, өз ұлтын мәдениетті елдер қатарына жеткізудегі ой-пікірлері сол кезде қазақ қоғамы үшін орасан зор қозғаушы рөл атқарды.

2. Өндірістік тәсілінің мешеулігін өзгерту арманы.

Қазақтың ұлттық шаруашылығы тарихтан тартып дархан табиғаттың дайын сыйына сүйеніп күнелтуді негізге алған шынайы шаруашылық болды. Оның үстіне әлемдегі өзге халықтармен байланысы сирек әрі тұйық жағдайда болды. Абай қазақтың осындай дәрменсіз өндіріс тәсілін, жұтаң тіршілік күйін өзгертуді ұсынады.

Ең алдымен қазақтың еңбекке, шаруаға икемсіздігін, еріншек келетінін ашып, қатты сынайды. Адамгершіліктегі бес асыл қасиеттің бірі – еңбек дей отырып, оны философиялық тұжырымдар арқылы да, тіршілік болмысы арқылы да дәлелдейді. «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Содан қашпақ керек. Әуелі – надандық. Екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білерсің... еріншектік күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады. «Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық – аздырар адам баласын» [62, 144] – деп,

еңбексіз тірлік жоқтығын, адамды қор қылатын, адамшылықтан шығарып, аздыратын нәрсенің бірі еңбексіздік, жұмысы жоқтық екенін атап көрсетеді.

Жалқау адамының қорқақ, қайратсыз келетінін «арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, өнерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығатынын» ғибратты жолмен анықтай айтып, жұрттың еңбекке құлықсыздығын, ұрлық-қарлыққа, сұраншақтыққа салынуын «қулық-сұмдық, сөз сүзіп, тіленіп адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» [62, 146] – деп сынайды.

Абай сынаған қазақтың байларының кейпі: «төрт аяқты малды көбейтеміннен басқа ойы жоқ», олардың арманы, көздегені тек төрт аяқты малын көбейту, өзім де, балаларым да малды болса, оны өзгелерге бақтырып қойып, «етке қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сый өткендік, байлық, қызметімен арқаланып сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ». Олар «адалдық, адамдық, ақыл, ғылым-білім, ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса, Құдай тағаланы да паралап алам дейді. Оның діні, құдайы, ақылы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі – мал» [62, 146].

Кедейінің қылығы ше? Ретін тауып еңбек істемеу, тілемсектік, жалыныштылық. Мал, тамақ ортақ болса екен деу, еңбегімен мал табудан арлану...

Абай сол кездегі қазақ арасына таралған «өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «ер азығы мен бөрі азығы жолда», «алтын көрсе періште жолдан таяды», «ата-анадан мал тәтті, алтынды үйден жан тәтті», «жарлы болсаң, арлы болма», «байдан үмітсіз – Құдайдан үмітсіз», «қарның ашса, қаралы үйге шап», «мал тапқан ердің жазығы жоқ» [62, 151], деген секілді теріс мәнді мақалдарды сынайды. Бұларға орынды, дұрыс нақылдармен тойтарыс беру арқылы халықты еңбекке, игілік жаратуға, жақсы тірлік етуге насихаттайды.

3. Ұлттық психологиядағы келеңсіздіктерді сынға алуы.

Ұлттық психологияның қалыптасуы мыңдаған жылдардың ісі болуы мүмкін. Бірақ ол мүлде өзгертуге келмейтін нәрсе емес.

Әркімді заман сүйремек,
Заманды қай жан билемек?
Заманға жаман күйлемек,
Заман оны илемек [62, 152]– дегеніндей, Абай адамның, адам мінезінің өзгеруіне заманның үлкен әсер ететінін, адамды өсіретін де, өшіретін де заман екенін көрсетеді. Сонымен қатар қоғамның, адам өмірінің, табиғаттың да мәңгі өзгерісте болатынын бір-бірімен шендестіре, салыстыра сипаттап, қараңғылық қаптаған, жақсы салт бұзылған, азған өмірдің ақырында құрып, жақсы заман орнайтынын сеніммен аңғартады: «Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек – қайратсыздық, дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандықта қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?!» [62, 155], – деп, өзінің сәулелі үмітін символмен көрсетеді.

Абай тірлігі қайсы кеудеден жан шықпағандық, пысықайлық, қулық саумақтық па? Жан тәттілік пе? Тірлік олар емес. Көкірегі көңілі тірі болса,

соны айтады.

Абайды қайғы-қасіретке салып, өзегін өртеген халықтың кейбір келеңсіз мінез-құлықтары мен кер қылықтары сол кездегі ұлттық психологияның көріністері еді. Оның негізгілеріне тоқталайық.

Біріншіден, қазақтың береке-бірлігінің, намысқорлығының аздығы. Дүниеде береке-бірлікті қазақтай көп айтқан халық болмаса керек. Сөйте тұра өз ішінде бірлігі, берекесі, достығы аз, қастық, дау-жанжал, бұзықшылық көп екенін де айта отырып, ондағы бірліктің жайын былай сипаттайды: «Қазақтың бір мақалы: өнер алды – бірлік, ырыс алды – тірлік» [62, 144], – дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады, білмейді. Қазақ ойлайды, бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді... осы ма бірлік? Жоқ, бірлік – ақылға бірлік, малға бірлік емес. Бірлік малға сатылса, ант ұрғандықтың басы осы».

Жалпы адам баласының мейлі қайсы ұлт болуына қарамай, озық өркениет жетістіктері мен мәдениет байлықтарын біліп, одан өзіне керектісін қабылдай білмеген ұлттар қапаста тұмшалаулы қалады.

Абай қазаққа алыстан емес, үнемі аралас-қоралас орыс, өзбек, татар халықтарын мысалға келтіру арқылы өзге ұлттардың артықшылықтарын, ғылымын, өнерін, өндіріс тәсілін, үнемді тіршілік жолын үйренуге насихаттайды.

Қорыта айтқанда, Абай қазақты ерекше сүйді, отаншыл болды. Өз халқын түсініп, оның тағдыры, болашағы үшін елім деп еңіреп, халқым деп қайысты. Елінің еңсесін басқан керітартпа күштермен, ескі санамен аянбай күресті. Жақсы мен жаманды, озық пен тозықты айырудың, елдік, ерліктің жөнін үйретті [62, 166].

Абай өз заманындағы қазақ қауымының барлық жағдайын айшықты өлеңі, өнеге ғақлиясымен суреттеп берді.

Абайдың рухани мұрасы сан-салалы тақырыптарды арқау еткен мол қазына. Абай халқының өркениетті елдер қатарына қосылуын армандады.

Абай қоғамды толық таныды, әр саланы бейнеледі, суреттеді, талғамын берді.

1. Абайдың махаббат лирикасы.

Абай шығармаларының ішінде лирикалық шығармалары көп. Абай махаббат лирикасында да көптеген өлең жазды. Ақынның махаббат лирикасы түрлі сипатта жазылған. Абай өлеңдерінде лирика түрлерінің бәрі дерлік кездеседі. Абай тек қуаныш пен жұбаныштың немесе мұң мен зардың жырлаушысы емес, Абай лирикасында барлық тақырып қозғалады.

Лирика бес түрге бөлінеді. Олар:

1. табиғат лирикасы;
2. махаббат лирикасы;
3. философиялық лирика;
4. саяси лирика;
5. көңіл-күй лирикасы.

Абай махаббатты кең мазмұнда жазды, оған ән шығарды.

Махаббатсыз – дүние бос,

Хайуанға оны қосыңдар.
Қызықтан өзге қалсаң бос,
Қатының, балаң, досың бар [62, 172], – деп, жырға қосқан.

Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы,
Аласы аз қара көз нұр жайнайды.
Жіңішке қара қасы сызып қойған,
Бір жаңа ұқсатамын туған айды.
Маңдайдан тура түскен сырлы мұрын,
Ақша жүз, ал-қызыл бет тіл байлайды.
Аузын ашса, көрінер кірсіз тісі,
Сықылды қолмен тізген, іш қайнайды [62, 173], – деп, сұлу қыздың көркін суреттейді.

Абайдың махаббат лирикаларында адамзат өмірінің мәңгілік бір мазмұны махаббат екендігі көрсетіледі, көрсетіп қана қоймай, махаббатқа арналған жиырмадан астам лирикалық шығарма жазады. Сонымен қатар өзге ұлт ақындарының көптеген махаббат лирикаларындағы туындыларын және поэмаларын аударып, көптің көкейіне құйды. Ақын «Кейде есер көңіл құрғырың» атты өленін 1890 жылы жазған. Бұл кезде ақын қырық жастың жуан ортасына шықса да баспаған асау көңілді есерге балайды. Мұнысы әдемі жарасым тапқан, оқырманға жағымсыз әсер туғызбайды. Қайта тартқан бейнет, өткен жас жүректің отын сөндіре алмайды деген қорытындыға келеді.

Абай «махаббат өмір көркі», «махаббатсыз дүние дос, хайуанға оны қосыңдар» – деп, махаббатың адам мен хайуанмен бірдей, оған дүние ғана дос, өмірдегі екінші бір қызығың «қатының, балаң, досың», «пайда, мақтан бәрі – тұл» – деу арқылы адамгершілік, қуаныш, бақытқа бастар бір жол махаббат деген ойды ортаға қояды.

Абай өленderіндегі қоғамдық елеулі мәселелердің бірі – қазақ әйелдерінің жайы, қазақ жастарының махаббат, неке еркіндігі мәселесі болды. Абайға дейін қазақ қоғамында да, оның әдебиетінде де әйелге қарсы екі түрлі көзқарас бар еді. Оның бірі – жалықтық көзқарас, енді бірі – феодалдық көзқарас. Әйелдерді кемсітетін, қор санайтын бұл сияқты феодалдық көзқарасқа қазақ ішінде тұңғыш рет тойтарыс берген ақын – Абай болды.

Әйел теңсіздігін әлеуметтік теңсіздіктің тамырлы саласы деп танып, жете аңғарған Абай әйел бостандығы, махаббат еркіндігі мәселесін тұтас қазақ қоғамы тарихында тұңғыш рет үлкен мәселе ретінде көтерді. Сол арқылы сүю еркіндігін іске асыруға үндейді. Махаббат, әйел теңдігі тақырыбы ақын өленderінде кең қамтылып, жалпы адамгершілік идеясымен қабысып жатады. Абай бұл мәселелерді көтеруде де өзінің жаңашыл, халықшыл ақын екендігін байқатты. Ақын өзінің туындыларында әйелді біреуге ана, біреуге қарындас, біреуге қыз, біреудің қорғаны, ақылшысы, жанашыр қымбаты, сүйген жары деп дұрыс түсіндіреді [63, 49].

2. Абай және қазақ мінездемесі.

Абайды еске алу – қазақ ұлтының өткенін, бүгінін және ертеңін еске алумен барабар, өйткені, Абай ұлтшыл ақын емес, ұлтжанды адамзатшыл

ақын. Сондықтан да оның көкірегіне адамзатқа ортақ ізгі ниетті идеялар ұялап, көз аясына бүкіл әлем сыйып кете алған. Абай өзінің осындай ғұламалық ақындық тұлғасының негізін ең алдымен өз ұлтына болған айнымас адалдығы негізінде қалаған болса керек.

Абай жасампаздығы бізге ақынға тән мынандай үш негізгі ерекшелікті аңғартады:

- біріншіден, Абай адамзаттың ардагер ақыны ретінде көзге түседі;
- екіншіден, арғы-бергіні терең зерттеген мол білімді оқымысты яки ғұлама ғалым.
- үшіншіден, Абай тұтас болмыс заңдылығына құрмет еткен әлемдік философ ретінде көзге түседі. Атап айтқанда, Абай жасампаздығының мазмұндық алабы кең, ізденіс алқабы соны, жан-жақты көп қабатты болып келеді де, ақын идеясының кемелді жүйесін тұлғаландырады. Ақынның осы идеялық жүйесі Абайша дараланып, теориялық және практикалық сипат алады. Ол бүкіл адамзат қоғамы үшін эстетикалық және экономикалық құн тудыруға ұмтылыс жасайды. Сөзімізге тиек болып отырған «Абайдың қазаққа қарата көзқарасы» оның жалпы ұлттық көзқарасының белгілі бір арнасы болып табылады. Мұндағы Абайдың қазақты сынаған ой-пікірлері осы арнаның маңызды бір тармағын көрсетеді. Бұл бір қырынан қарағанда, Абайды ұлт зерттеуші маман ретінде таныстырады. Енді бір қырынан қарағанда, Абай қазақ тарихында бұрын-соңды болмаған қазақ ұлтын зерттеуші болып та дараланады. Бұлай дейтін себебіміз, Шығыс, Батыс зерттеушілері қазақ ұлтының ұнамды жақтарын зерттеумен әлемге әйгілі болса, Абай қазақ ұлтының қараңғы, ұнамсыз жақтарын сын тезіне алып, олардың зерттеуін толықтырады. Абай өзінің осындай шыншылдығы арқылы тереңнен толғаныс жасап, өзін әйгілеумен қатар қазақта сақталған қараңғылықты да ашық сынайды. Оның қазақтың ұнамсыз жақтарын сынау рухы мәңгілік қастерлеуге татиды. Нақтырақ айтқанда, Абай өзінің осы бір сипатымен қазаққа ғана емес, адамзатқа адал қазақ ұлтының аяулы перзенті екенін растады.

Абайдың қазақ ұлтының ұнамсыз жақтарын сынай жазған ой толғамдары төмендегі бірнеше сипатта айқындалады:

1. Абай қазақ даласында жалғасып отырған надандыққа қарата қалам тербеу арқылы күрес ашады.
2. Абай қазақ даласында өмір сүріп жатқан ғылым-білімсіз, меңіреу қараңғылыққа қарата ғылым-білімнің алауын көтеріп, қазақ ақыл-ойының дамуына белсенді түрде қозғаушы күш бағыштап, Абайша төңкеріс жасайды.
3. Абай қазақ қоғамында өмір сүріп жатқан алтыбақан алауыздық, рушылдық, ынтымақсыздық секілді кері қасиеттерге қарата батыл соққы беріп, береке-бірліктің қадір қымбатын ұғындырады.
4. Абай қазақ өміріндегі жалқаулық пен жұмыссыздықты, насыбайларын батыл сын тезіне алып, еңбекқорлықтың сипаты мен оның жемісін кең көлемде үгіттейді.
5. Абай қазақ болмысындағы «өтірік, өсек, құр мақтанға» қарата сатиралық семсерін сермеп, қазақ мінездемесінің жиіркенішті жақтарын

ашық сынға алады. Сондай-ақ ұятсыздық, арсыздық, күндестік пиғылдарды да сынайды.

6. Абай қазақ даласында сақталып келген нарықсыздыққа қарата қалам тербеп, қазақ ұлтының дәстүрлі нарықтық көзқарасын дамытады және оның теориялық негізін қалайды.

7. Абай қазақ қоғамындағы әділетсіздік, тәртіпсіздік, ұрлық-зомбылық, сатқындық, екіжүзділік, жалақорлық, жалған арыз-шағым секілді надандық белгілерінің басты сипаттарын дәл басып көрсетеді.

Біздің жоғарыда атап өткеніміз Абайдың «Қалың елім қазағым қайран жұртым», «Сегіз аяқ» сияқты өлеңдері нақты сипат бола алады. Абай өзінің екі жүзден аса өлеңдерінің жүзден астамында қазақтың ұнамсыз жақтарына тоқталған. Демек, Абай өлеңдері мен қара сөздері идеясы жағынан бір-бірімен тығыз қабысып жатыр. Абай өлеңдерінде қазаққа қатысты көзқарастарын көркемөнер тұрғысынан бейнелесе, қара сөздерінде теориялық тұрғыдан суреттейді. Ең алдымен «Сегіз аяқ» қазақтың ұнамсыз пиғылдарын шын мәнінде паш ететін, сондай-ақ, қазақ психологиясының қараңғы тарабын көрсететін дәлелді шығарма.

Абай бастапқыда қазақты ерекше мықты ұлт деп түсінеді. Кейін келе қазақты тек қана қалам арқылы жөнге салуға болмайтындығына көзі жетеді. Бұл Абайдың «Сегіз аяқ» (1889), «Талай сөз бұдан бұрын көп айтқанмын» (1895) қатарлы өлеңдерінен анық байқалады. Абай соңғы өлеңінде:

Қазақтың өзге жұрттан сөзі ұзын,
Бірінің бірі шапшаң ұқпас сөзін.
Көздің жасы, жүректің қаныменен,
Ерітуге болмайды ішкі мұзын [64, 58], – деп, өзінің күдер үзіп, торыққан кейпін байқатады. Демек, Абай қазақ халқының демократияны түсінбей жүргендігін баяндауымен қатар, қазақ мінезінің нақты сипатын ашып, қазақ ұлтына идеология мен қатаң заң-ереженің сәйкесімді қажеттілігін түсінеді.

Абай қазақ халқының ішкі береке-бірлік мәселесіне көп тоқталып, «Сегіз аяқ» өлеңінде:

Біріңді қазақ бірің дос,
Көрмесең істің бәрі бос.
Малыңды жауға,
Басыңды дауға қор қылма, татулас» [64, 58], – десе, қара сөзінде: «қазақтың өзінен басқа жауы жоқ», – дейтін пікірін алға тартады. Мұнда Абай береке-бірлік идеясын алдымен қазақ ұлтының ішкі жағынан бастауды насихаттайды. Ішкі қазақ қоғамында береке-бірлік қатынас орната алмаған ұлт басқа ұлттармен мүлде ынтымақтаса алмайды деп түсінеді. Бұл Абайдың адам мен адам, ұлт пен ұлт арасындағы шынайы қарым-қатынастың жоғалмауы керектігін дәлелдейтін данышпандық көзқарасы саналады. Қорыта айтқанда, «Абайдың қазаққа қарата көзқарасы» өз алдына дербес, жүйелі зерттеуді қажет ететін кесек тақырып. Біздің жоғарыда сөз етіп отырғанымыз тек тақырыпқа қатысты болған кейбір маңызды мәселелерге ғана. Бұл қазақ мінезінің тарихи түпкі көрінісі мен бұлыңғыр қараңғы

тарабынан дерек береді. Бұл мәселеге тереңдей талдау жасау үшін тағы да Абай тағылымы мен нақты шындыққа сүйенуді жөн санаймыз [64, 59].

3. Абай шығармаларындағы архаизм сөздер мен бөтен сөздер.

Абай шығармаларындағы архаизм сөздер мен бөтен сөздер Абайтану ғылымының еліміздегі және шетелдік зерттеушілердің қаламына қазірге дейін арнаулы тақырып болып ілікпей келе жатқан соны мәселе. Мұндай болуындағы басты себеп екеу. Біріншісі, Абай жоғарыда айта кеткеніміздей, қазіргі замандағы жазба әдебиетіміз бен әдеби тіліміздің негізін салушы. тұңғыш рет шағатай тілін тастап, қазіргі қазақ тілімен өлең жазған ақын. Сондықтан, Абай немесе Абай шығармаларының тілі туралы тоқталған ғалымдар, зерттеушілер Абай шығармаларындағы архаизм сөздер мен бөтен сөздерге тым мән беріп, ықылас қоймайды. Екіншіден, Абай архаизм сөздерден арылып, жаңа тілдегі, жаңаша үлгіні ұстанып, шығарма жазуды, бөтен сөзбен сөз арасын бұзбауды бірінші болып дәріптеген ақын. Ол өзінен бұрынғы ақын-жыраулардың архаистік әр нәрсені құрап өлең жазғандығын жазғырып:

Шортанбай, Дулат пенен Бұхар жырау,
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау,
Бөтен сөзбен бұзылса сөз арасы,
Ол – ақынның білімсіз бишарасы [64, 79] – деп, бөтен сөздерді орынсыз тықпалайтын, тіл тазалығына көңіл бөлмейтін ақындарды да сынайды. Міне, Абай шығармасындағы осындай дәлелді мәліметтер ғалымдар мен зерттеушілерді Абай шығармаларында архаизм мен бөтен сөздер орын алуына сендірмейтін құбылыс еді. Бірақ, біздіңше, аталмыш осы екі негізге сүйеніп қана Абай шығармаларындағы архаизм сөздер мен бөтен сөздерді жоққа шығару – ең алдымен Абай шығармаларының тарихи бітіміне, Абай шығармаларындағы ішкі (өңірлік-авт.) диалектикаға қайшы әрі орынсыз таным. Өйткені, тарихи материализм тарихи жекені өз ортасынан, өзі жасаған дәуірден шығарып, бөліп әкетіп тексермегені сияқты, белгілі бір дәуірде туған құбылыстарды көзқарастарды, көркемөнерді өз ортасының салқыны тимеген сап нәрсе етіп бөліп әкете алмайды. Қайта оған тарихи тұрғыдан құрмет етіп, тарихи негізде тексеру жасайды. Осы секілді Абай шығармаларының тілін тексеруде Абайды қоршаған тарихи ортаның Абай тіліне жасаған ықпалын жойып, бөліп қарауға болмайды. Керісінше Абай шығармаларының тілін сол тарихи ортаны деректеу үшін салыстырмалы сипатта пайдаланған жөн деп білеміз.

Демек, тарихи материализмнің, тілдер дәуірінің бізге дейін анықтаған, дәлелденген тұжырымдары негізінде, осы тұжырымдарға сүйене отырып талдау жасағанда, Абай шығармаларындағы архаизм сөздер мен бөтен сөздерді ақын туындыралының тал бойынан табылатын үздік қасиеттерімен қабыстыра зерттеуді жөн санадық.

Ұлы Абайдың дархан даналығы мен сұңғыла суреткерлігі, оның әлемдік деңгейдегі классик болып қалуы, Абай сусындаған үш үлкен қайнар бұлақтың ақын бойында өзара керемет тоғысуынан тысқары емес екені рас. Шынында, дана ақынның өз халқынан және күллі адам баласының өнер-ой

байлығынан алған үш үлкен нәрі, негізі болды. Мұның біріншісі – қазақ халқының есте жоқ ескі замандардан жинап, өсіріп, өрбітіп келген өз даналықтары іспетті ауызша әдебиет қоры. Екіншісі – гүл атқан араб, парсы, түркі тіліндегі шығыстың көркем поэзиясы еді. Үшіншісі – Абай үшін аса бір ойлау әдісін, суреткерлік болмысын ұғындырған, еуропалық өнегедегі орыс классикалық әдебиеті болды. Демек, бұл деректен мынадай қорытынды шығарамыз, Абай даналығының, Абай суреткерлігінің жоғарыдағы үш қайнары – Абай шығармаларындағы архаизм сөздер мен бөтен сөздердің де пайда болу қайнары саналады. Себебі, қазақ ауыз әдебиеті де дәуірлер рухының тарихи жиынтығы, онда арғы заманғы, мүк басқан замандардың, мифтік мұралары да, ұлыстық, рулық кезеңнің, тіпті діндер дәуірінің де табы бар. Осы белгі-нышанын өн бойына сақтаған ауыз әдебиеті, Абай поэзиясына ықпал көрсетуде, қайнар-бұлақ болуда өзінде бар мұндай ежелгі қасиетті түгін жібермей, сүзіп алып қала алмайды.

Абай ең алдымен өз туған халқының асыл қазынасы, рухани мәйегі болған ауыз әдебиетінен нәр алып, үлгі ұстанған ақын болды. Ақын шығармалары мен ауыз әдебиетінің қандастық қасиеті өте тығыз деп тұжырымдаған абайтану ғылымының мамандары олардың арасындағы формалық өнегені, тілдік өнегені көбінесе салыстыра, салғастыра зерттейді. Міне, осы дағдыны Абай шығармаларындағы архаизм сөздер мен бөтен сөздерді терең ұғынуда да пайдалану керек.

Абай дамытқан үлгі, Абай танытқан өнеге бәрі де халықтық мәдениеттің қашаннан бірге қалыптасып, дараланып келе жатқан дағдысының жауһары. Халықтық рухтың мұндай табиғи толғағын көрмеген құбылыстан Абай әр уақытта шын жаңа туынды жасамайды. Жасаған күннің өзінде де оны мұндай қонымды, өнімді үлгіге айналдыра алмайтын еді. Демек, Абай шығармалары мен ауыз әдебиетінің арасында үлкен дәстүрлік байланыстың, дағдыға сай дамудың бар екендігін анық көруге болады.

Абай шығармаларының туған топырағы, қорек таратар мәйегі болған. Сондықтан олар кестелі сөз ретінде келісімді үйлестікті сақтайды да, бөтендікті қалдырып кетеді. Мысалы:

Қызыл арай, ақ күміс, алтын бергек,
Қызықты етегіне көтерілмек.

Пайда үшін біреу жолдас бүгін таңда,
Ол тұрмас бастан жыға қисайғанда.

Меліш сауда секілді күлкі сатып,
Алса қоймас, араны тағы тоймас.
Әз тұтуға,
Сыйласуға
Қалмады жан бір татыр.

Сыпыра, елірме, сұрқия,
Көп пияншік нені ұғар?

Қызды ауылға қырындап үйір болса,

Көңіліне зор қуаныш бір бадалық, – міне, осы шумақтарда Абай қолданған «бергек» сөзі ежелгі жырларда кезігетін атау [65, 46]. Ол осы күні архаизмге айналып, әйелдердің әшекейлі бас киімін білдіреді. Сонымен бірге «жыға» сөзі батырлар жырында көп ұшырайды. Батырлар басына киіп, ұрыс салатын қорғаныс киім. «Меліш» сөзі қазіргі күні қолданылудан қалғанымен, байырғы тіліміздегі мағынасы «ұсақ-түйек». «Әз» сөзі байырғы тілімізде сыйлау, құрмет ету мағынасын береді. «Пияншік» сөзі маскүнем, «бадалық» сөзі мақтаншақ деген мағына береді [65, 47].

3.2 Абай шығармаларының салыстырмалы зерттелуі

3.2.1 Лу Сюн мен Абайдың әдебиет бастаушылары ретіндегі маңызын салыстыра зерттеу

Абай Құнанбайұлы мен Лу Сюн – әртүрлі дәуір мен мәдени ортада өмір сүрген көрнекті ойшылдар және әдебиет қайраткерлері. Олардың шығармашылық жолында ұқсастықтармен қатар, елеулі айырмашылықтар да бар.

Абай Құнанбайұлы (1845-1904) қазақтың ұлы ақыны, философы, композиторы және ағартушысы. Оның шығармалары халықтың рухани және мәдени деңгейін көтеруге бағытталған. Ол білім мен ғылымды насихаттап, халықты оянуға шақырды. Лу Сюн (1881-1936) қытайдың әйгілі жазушысы, ойшылы және қоғам қайраткері. Ол Қытайдың қазіргі заман әдебиетінің негізін қалаушы болып саналады. Әлеуметтік мәселелерді ашық көтеріп, қоғамдағы әділетсіздікті сынау арқылы халықтың санасын оятуға тырысты.

Бірінші – шығармашылық стилінің салыстырмасы.

«Абай мен Лу Сюн – қазақ пен қытай халқының рухани әлемі мен терең жан-дүниесін бейнелейтін, өз ұлттарындағы ең тамаша және көз тартатын екі әдеби жұлдыз. XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың ортасына дейінгі уақыттың аласапыран өзгерісі кезінде Лу Сюн мен Абай шығармалары бір дәуірдің символына айналды. Лу Сюннің күрделі және терең әдеби әлемі, қытай халқын оятар шұғыла болса, Абай өлеңдеріндегі өмір мен өлім философиясы ағартушылық сана, оны қазақ елінің әдеби көшбасшысы болуға лайықты етті. Лу Сюн мен Абай екі түрлі аймақ пен ұлтта өмір сүргенімен, екеуі де қазіргі замандағы дәстүрді реформалауға қарай қадам басты. Екеуі де өз ұлты үшін әдеби ағартушылық жолын ашты. Олар ұлттық сипаттағы әдеби тақырыптарды өзгертті, жаңа әдеби парадигманы құрудағы жаңашылдық күш-жігер мен жеке тұлғаның рухани ұстанымын алға жылжыту ақындар шығармаларындағы ұқсас тақырып болды».

Ағартушылық пен білім: Абай халықтың рухани оянуы үшін білім алуды негізгі құрал деп санады. Ол ғылым мен мәдениетке ерекше көңіл бөлді. Ояну мен революция: Лу Сюн халықтың ой-санасын өзгертіп, ескі әдет-ғұрыптарды сынға алды. Оның мақсаты – халықты ояту мен жаңа қоғам құру.

Абайдың шығармалары поэзиялық және философиялық бағытта

жазылған. Оның тілі көркем әрі терең мағыналы. Новелла мен публицистика. Лу Сюн қысқа әңгімелер мен публицистикалық мақалалар жазды. Оның тілі өткір, сыни көзқарасқа толы.

Мораль және адамгершілік: Абай адамгершілік және рухани жетілу мәселелерін жиі қозғады. Абай шығармаларында адалдық, еңбекқорлық және әділеттілік секілді құндылықтарды дәріптеді. Лу Сюн әділетсіздік пен қоғамның кемшіліктерін, қараңғы жақтарын бейнелеп, ашық сынап, халықтың азапты жағдайын, өмірін ашық көрсетті.

Қоғамға әсері: Абай Құнанбайұлы Қазақ руханиятының көшбасшысы, Абай қазақтың жаңа әдебиеті мен мәдениетінің негізін қалаушы, Оның идеялары халықтың рухани және мәдени дамуына зор ықпал етті. Лу Сюн Қытайдағы ой-сана өзгерісінің жетекшісі. Лу Сюн Қытайдағы жаңа мәдени қозғалысқа үлкен ықпал етті. Ол халықтың санасын оятуда маңызды рөл атқарды.

Білім мен рухани ағартушылық: Абай білім арқылы халықты алға жетелеуді көздеді. Әлеуметтік революция. Лу Сюн халықтың азаттық пен әділеттілікке ұмтылуына шабыт берді.

Ұлттық мәдениетті сақтау: Абай ұлттық дәстүр мен мәдениетті дамытуға шақырды және оны әлемдік мәдениетпен үйлестіруді қолдады.

Мәдени сын және өзгеріс: Лу Сюн дәстүрлі мәдениеттің зиянды жақтарын сынап, батыс идеяларын қабылдауға үндеді.

Әсер ету тұрғысынан Лу Сюнің идеялары қазіргі қытай мәдениетінің барлық аспектілеріне еніп кетті. Ал Абайдан кейінгі қазақ ұлтының қаламгерлеріне Абайдың әсер етпегені жоқтың қасы.

Екі жазушы жайлы Қытай мен Қазақстанның басшылары былай дейді, Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Заманалар ауысып, дүние дидары өзгерсе де, халқымыздың Абайға көңілі айнымайды, қайта уақыт өткен сайын оның ұлылығының тың қырларын ашып, жаңа сырларына қанығa түседі. Абай өзінің туған халқымен мәңгі-бақи бірге жасайды, ғасырлар бойы Қазақ елін, қазағын биіктерге, асқар асуларға шақыра береді» [66, 2].

«Абай – қазақ халқының ел болуы жолында ұлан-ғайыр еңбек еткен данагер әрі оның рухани қазынасына өлшеусіз үлес қосқан ғұлама», – деп Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап көрсеткен [66, 4].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев: «Абайдың мол мұрасы қазақ ұлтының жаңа сапасын қалыптастыруға қызмет етеді. Оның шығармаларындағы ой-тұжырымдар әрбір жастың бойында халқына, елі мен жеріне деген патриоттық сезімді орнықтырады. Сондықтан хакім Абай еңбектерінің нәрін өскелең ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру – ұлтты жаңғыртуға жол ашатын маңызды қадамның бірі» [66, 5].

Дүниежүзінде ғылым мен білімнің әртүрлі саласына елеулі үлес қосып, адамзатқа ортақ ойшыл ретінде танылған тұлғалар көп. Мысалы, Қытайда Лао Цзы мен Конфуций, Ресейде Достоевский мен Толстой, Францияда Вольтер мен Руссо бар. Сол сияқты, шетелдік қауым Қазақстанды ойға алғанда, бірден Абайдың есімін атайтындай дәрежеге жетуіміз қажет. Егер өзге жұрт «Қазақ халқы – Абайдың халқы» деп бізге ілтипат білдірсе, бұл

біздің үшін зор мәртебе болар еді. Абайды қандай түрде дәріптесек те, ол біздің халқымызға ғана емес, бүкіл әлемге үлгі боларлық ғибратты ғұмыр мен шығармашылық иесі. Абайдың адам мен қоғам, білім мен ғылым, дін мен дәстүр, табиғат пен қоршаған орта, мемлекет пен билік, тіл мен қарым-қатынас туралы айтқан ой-тұжырымдары, ғасырлар өтсе де, өз мәнін жоғалтпайды. Себебі, ақынның мұрасы – бүкіл адамзат баласына рухани азық болып табылады.

Абай Құнанбайұлы – ғұлама ойшыл, ақын, ағартушы, ұлт әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырған тұлға. Оның өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқының болмысы, тұрмысы, тіршілігі, дүниетанымы, мінезі, діні, тілі мен рухы айқын көрініс тауып, Абай әлемі деген бірегей құбылыс ретінде танылды [66, 5].

Лу Сюн Қытай мәдени революциясының жетекшісі, ол тек ұлы жазушы ғана емес, сонымен бірге ұлы ойшыл және ұлы революционер. Лу Сюн нағыз қайсар адам болған және ол ешқашан мәдени майданынан тайған емес, бұл отаршылдық пен жартылай отаршылдық кезеңдегі ең керекті құнды мінез. Лу Сюн мәдени майданда ұлттың көпшілігіне уәкіл болып, жауға шабуыл жасаған, ең батыл, ең қайсарлы, ең адал және ең жалынды ұлт батыры (Лу Сюн бағыты) [67, 698].

Абай шығыс ғылымын да, батыстануды да жетік меңгерген. Қазіргі батыс өркениетіне қатысты ауқымды зерттеулер жүргізген ол Сократ, Аристотель, Байрон, Гете, Шиллер, Спиноза сынды көптеген ғалымдардың еңбектерін зерттеген. Сонымен қатар ол қоғамдық тәжірибеге де белсене араласып, сол кездегі орыс мәдени прогресшілерімен тығыз байланыста болды. Бұл оған өз ұлтының өмір сүру жағдайы мен рухани дилеммасы туралы жоғары тарихи-мәдени тұрғыдан ойлауға мүмкіндік берді. Ізденіс барысында ол осы толғау сезімін саналы мәдени рефлексияға, сыни санаға айналдырды әрі ол ақынның бүкіл ғұмырында әдеби шығармашылығында көрініс тапты.

Абайдың әдеби шығармашылығы қазақ қоғамының барлық саласын қамтиды. Сол кездегі қазақ қоғамы мен ұлтының қайғылы жағдайын ой елегінен өткізіп, барлау – оның өмір бойы айнымас әдеби тақырыбы болды.

Абайдың жоғарыда айтқан өмірлік тәжірибесі, ағартушылық санасы еріксіз Лу Сюнді еске салады. Лу Сюн мен Абай екі түрлі тарихи және мәдени жағдайда өмір сүрсе де, олардың ағартушылық және ұлттық мінезді өзгерту туралы әдеби тақырыптары, гуманитарлық және жеке азаттық туралы рухани ұстанымдары өте ұқсас болды. Абай мен Лу Сюн шығармаларында ұлттың жаман болмысын сынға алып, қазіргі ұлттық мінезді орнықтыру негізгі мақсат саналады. Осылайша идеологиялық элементтер ретінде ағартушылық пен сын бар әдеби көзқарасты қалыптастырады.

Екінші – отбасы, жеке тұлға және дәуір контексі.

Адамның алғашқы өмірлік тәжірибесі оның жеке басының қалыптасуында аса маңызды рөл атқарады. Бұл үлкен өмір тәжірибесі оларды оңай өзгерте алмайды, ал отбасы қоғамдағы және адамдардағы ең негізгі жасаушы болып табылады. Жұмыс бірлігі тек негізгі мәдениетті өсіретін

орын ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік қатынастардың микрокосмосы. Сондықтан Лу Сюн мен Абайдың идеялық өсу тәжірибесі мен шығармашылық табыстарын саралай отырып, олардың белгілі бір әлеуметтік ортадағы әдеби-көркемдік жолын түсіну үшін олардың балалық шағынан және отбасынан бастау керек.

Лу Сюн Жыжияңның Шушиың қаласында текті отбасында дүниеге келген және жас кезінде алаңсыз өмір кешкен. Оның 13 жасында атасы Жоу Фушиң түрмеге жабылды, кейінірек әкесі науқастанып дүние салады. Бұл оқиғалар Лу Сюнді бала кезінен дүниенің ыстық-суығына, өлім-өмір арасындағы мезгілсіз оқиғаларға шыдауға мәжбүр етті. Бұл оның өмірінде өшпес көлеңкеге айналды.

Абай Орта Азиядағы Шыңғыс тауларында көшпелі рулардың отбасында дүниеге келген. 1858 жылы Абай әкесіне жанұялық істерді басқаруға көмектесе бастайды, әйтсе де Абайдың ой-өрісі кемелденіп, көзқарасы кеңейген тұста айналаның бәріне жанашырлықпен қайта қарап, өмірдегі қасірет пен қиындықтарды өлең жолдарында кестелеген:

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ үзбей жағып.
Тоңған үйін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып.

Жас балаға от та жоқ тұрған маздап,
Талтайып қақтана алмай, өле жаздап.
Кемпір-шалы бар болса, қандай қиын,
Бір жағынан қысқанда о да азынап [67, 688].

Бай мен кедейдің парқы тым зор, теңсіздік пен қасірет әлемінде өмір сүргенін түсінген Абай әкесі бастаған феодалдық жік пен жүйеге қарсы үндеулер тастайды. Мұндай үндеу әкеге де, барша төрелерге де сәйкес келмейтіні анық. Соның салдарынан жасы ұлғайған сайын Абай мен әкесінің арасындағы идеологиялық парық алшақтап, кедей малшылардың мүддесін қорғау үшін, халық мүддесін қорғау үшін ол әкесімен жиі жанжалдасып тұратын. Абай өзінің ішкі моральдық шешімін ұстану үшін, ақыры әке-бала қатынасын үзуді таңдап, ақсүйектер отбасының дәстүрінен алыстайды, білім мен ғылым жолына түседі.

Белгілі бір мағынада Лу Сюн мен Абайдың тұлға болып қалыптасуына әке махаббатының жоқтығы қатты әсер етті деуге болады. Лу Сюннің әкесі өмір бойы кедейшілікте күн кешті, сан рет емтиханға қатысып, соңында шиусай атағын ғана алады. Өмірінің соңында жаман әдетке салынып, отбасылық мал-мүлкін тауысып, ауыр аурудан қайтыс болды. Сондықтан Лу Сюннің әдеби шығармаларында әке образы жетіспейді және әкенің «жеу» туралы азапты тақырыбы үнемі қайталанады. «Есалаңның естелігіндегі» «Есалаңнан баталардағы» «Менге» кейіпкерлерінен «әкелерді іздеу» тақырыбы жасырын қалады.

Флойд: «Ана махаббаты жылулықты, әке махаббаты тәртіпті білдіреді» «психикалық ауруға шалдыққан барлық балалардың рухани өмірінде олардың

ата-аналары үлкен рөл атқарады» [68, 93].

Дәл осы екі сәтсіз «үлгілі үлкендер» Лу Сюн мен Абайдың балалық санасына берік із қалдырған, сондай-ақ, оларға ұқсас рухани этика кез келген жағдайда табысқа жету мен жаңашылдық жасау жауапкершілік сезімін қалыптастырды. Ұзақ мерзімді сәйкестендіру және аласапыранды рухани орта оларды өткенді жаппай реформалай алатын және керек сәтте дұрыс жолмен жаңа болашақты құра алатын жолды табуға жетеледі.

Лу Сюн мен Абай арасындағы ұқсастық белгілі бір дәрежеде олардың өмір сүрген тарихи алғышарттары мен дәуір контексімен анықталады деуге болады.

Лу Сюннің дәуірі ҚХР-дағы үлкен саяси өзгерістердің кезеңі болды. «Лу Сюннің балалық шағы Қытайда империалистік басқыншылық күшейіп, манчжур әулеті барған сайын әлсіреп, азғындық пен жексұрындығы артқан, халықтың отаншылдық рухын басуға маманданған кезең болды. Лу Сюн тұрған Чаучин қаласы Шаңхайдан алыс емес болғандықтан ұлттық және әлеуметтік дағдарыстардың оты бұл жерді де тез арада шарпып кетті [69, 125]. Ежелгі шығыс империяның әлсіздігі ішкі реформалық қозғалысты тудырды. 1911 жылғы революция феодалдық жүйені жойып жіберген кезде, Қытайға әртүрлі батыстық әлеуметтік ағымдар кіре бастады, феодалдық тордан құтылған адамдар жеке бостандық пен азаттыққа ұмтылды. Осындай ортадан шыққан Лу Сюннің бюрократиялық отбасының орта жолда құлдырауы, империализмнің агрессиясы күшейіп, Қытайдың шайқалуы Лу Сюнді жеке мүддеден шығып, қоғамның сырқатын іздеуге, отбасы мен ел туралы, нақты қоршаған орта туралы түсінігін кеңейтуге мәжбүр етті» [70, 58].

Ал Абай тұсындағы қазақ қоғамы «феодалдық патриархалдық тұзым мен соқыр діни ырымшылдық қосылып, қазақ жайлауын билеген дәуір болды» [71, 189].

Патшалық Ресейдің басқыншылығынан қазақ егемендігінен айырылып, Қазақстанның бұрынғы саяси, экономикалық, мәдени дәстүрлері түбегейлі жойылуға шақ қалды. Бұл қазақ тарихындағы ең азапты кезең болатын. Қорытындылай келе, ұқсас отбасылық орта, ұқсас өсу процестері және ұқсас дәуір контексттері және ұқсас миссиялық сезімдер Лу Сюн мен Абайдың әлеуметтік идеалдарды, өмірдің мәнін және басқа да ұсыныстарды орындау кезінде көптеген ұқсас ойлары мен оларды мазалаған әлеуметтік және этникалық жағдайлар осы этникалық топ өкілдерінің жалғыздықтағы дәстүрден асып түсуге ұмтылған азапты процесін көрсетеді. Сондықтан шындықтың тосқауылдары мен өмірдің бұралаң шақтарын басынан өткерген Лу Сюн мен Абай елге қызмет етуге толық құлшыныспен бірауыздан әдебиет қаруын ағарту құралы ретінде қолға алуды таңдады.

Үшінші – әдебиет пен өнер жолы.

«Неге роман жаза бастадым десем, осыдан он жылдан астам уақыт бұрынғы «ағартушылықты» әлі ұстанамын. Менің ойымша, бұл өмір үшін және осы өмірді жақсарту үшін қажетті» [72, 18].

Жазған соң жерде қалмас тесік моншақ,

Біреуден біреу алып, елге тарар.

Бір кісі емес жазғаным, жалпақ жұрт қой,
Шамданбай-ақ, шырақтар, ұқсаң жарар.
«Ит маржанды не қылсын» деген сөз бар,
Сәулесі бар жігіттер бір ойланар [73, 161].

Лу Сюн дәуіріндегі Қытай қоғамы мен Абай тұсындағы қазақ қоғамы дәл осы «кәмелетке толмаған күйде» болды.

Осы «ержүрек әрекетке» саналы немесе бейсаналы түрде кіріскен ағартушылық жаршылар Лу Сюн мен Абай болды.

1901 жылы желтоқсанда жас Лу Сюн Жапонияға оқуға барды, ол алдымен Токиодағы Хунбун колледжінде жапон тілін оқыды, содан кейін Сендәй медициналық колледжіне (қазіргі Тохоку университетіне) медициналық оқуға түсті [71, 194].

Ол оқуын тәмамдап келгеннен кейін науқастарды әкесі сияқты емдеп, «сонымен бірге Жұңгө (Қытай) халқының реформаға деген сенімін арттырғысы келді» [74, 16].

Лу Сюнді әдеби санаға итермелеген атақты «слайд-шоу оқиғасы» болды. Лу Сюн бұл оқиғада Ханзу халқының санасының ұйықтап қалғанын сезді.

Сол кезден бастап мен барлық ақымақ және әлсіз азаматтарды, тіпті олар физикалық болса да, медицинаның маңызды мәселе емес екенін сезіндім. Санасы ақымақ, әлсіз адамдардың денсаулығы қаншалықты сау болса да, қаншалықты күшті болса да, тек мағынасыз киноның көрермені болады. Халықтың рухын өзгерту және олардың рухын өзгертуге шебер болу – біздің бірінші міндетіміз. Бір ғажабы сол кезде мен әдебиет пен өнерді насихаттаймын деп ойладым, сондықтан әдебиет пен өнер қозғалысын жақтағым келді» [75, 88].

Отыз жылдан кейін Лу Сюн «Роман жазуды неден бастаймын?» деген мақаласында өзінің әдеби философиясынан пікір білдіреді.

Ол «неге?» роман жазуды қолға алдың дегенге келгенде: «мен он жылдан астам бұрынғы «шабытты» әлі де ұстанамын. Осы өмірді жақсарту үшін, яғни, олардың рухын өзгерту», – керек дейді. Лу Сюн әдебиетке деген мұндай көзқарасты «өмір бойы» ұстанды.

Лу Сюн сияқты Абай да өмірінің алғашқы жылдарында әлеуметтік шындықты өзгертуге құштар болды. 1876 жыл Абай Қоңыр-Көкше еліне болыс болып сайланады. Ол мұны мүмкіндік ретінде қарастырып, өзінің саяси ойларын жүзеге асыруға бел байлады [6, 21].

Мешеу қоғамның қайшылығы өте күрделі шытырман отбасы ортасында атқа мінерлер мен жай халық бұқарасы ортасында, бай мен жалшы ортасында әр кез қайшылық толастамаған. XIX ғасырда қазақ сахарасында болыс болған көп санды адамдар қолындағы құқығы арқылы баюды ойлайтын осы мақсатқа жету үшін рудың атқа мінерлерін өзіне тартатын, жоғары жік байларға жағымпазданатын. Ал Абай болса өзінің әділ турашылдығымен болыстарға үлгі болып жайдақ, жаман қылықтарды түбегейлі өзгерткен. Ол мансапқа отырған кезде бір қыдыру кедей халықты пайдалы жұмыстармен қамтамасыз еткен. Бұл рулардың атқа мінерлерінің жоғары жік байлардың

мүддесіне ауыр зиян келтірген, олардың жау көзіне айналып, сондықтан байлар оған жала жауып, зиянды іс-әрекеттерге барған. Осының ішінде ең үлкен жала Оразбай Берлінбайға қолдан жасалған іс болды.

Оразбай Қызыл мола районындағы атқа мінген жоғары жік азулысы еді. Ол 1876-1887 жылдар аралығында бірнеше мәрте өтірік жала жауып, Абайға жаулық тілеп: «Абай пара жеді, рулар ортасындағы қайшылықтан пайдаланып адам топтап-таражылық істеді, озымшыл тәмәққөл деген жайлауымды тартып алды», – деген дау айтты. Абай мансапқа отырған кезде тіпті мансабын тапсырып берген кезде де заң атқару тарауларының тексеруін қабылдап тұрды. Оразбай мен Абай ортасындағы қастандық пен тайталас, өтірік жала мен оған қарсы тұру, іс жүзінен алып айтқанда, ақиқат пен арамдық ортасындағы, әділдік пен зорлық ортасындағы күрес есептеледі. Төңіректегі елдер сегіз жылға жалғасқан үздіксіз дауды тыңдап, бірнеше тексеру зерттеулерден өткен соң, ең соңында жаланың жалғандығына көздері жетіп, ру және ұлыс ортасындағы араздықтарды шешіп, Абайға жақтасады. Оразбайдың арам зұлымдығына сөгіс айтып, заң тараулары көп жылдардан бері жиналған істерді тексерді, ілгерінді-кейінді болып 700-ден астам адамды айғақтан өткізіп, Абайды ақтаған. 1883 жылы Оразбай көп дәлелдердің алдында өзінің Қаратайдың азғыруына ілесіп, Абайға қастандық жасағандығын шарасыз мойындайды. 1884 жылы Семей аудандық сот мекемесі Оразбай жеңілді деп үкім жариялайды. Абай съезге қатысып, қайта төбе би болып сайланады. Қара молладағы съездің ашылуы Абайдың халық арасындағы абыройын аспандатады, оның үстіне Россия үкімет мансаптылары да Абайға құрмет ете бастаған еді [76, 253].

Әлеуметтік жауапкершілікті сезінген Абай феодалдық патриархалдық жүйеге тағы да қарсы шықты, алайда бұл өзгеріс Абайға одан да көп зардап әкелді. Феодалдық элиталық таптың қатты соққысына ұшырап қана қоймай, өзі қатты жақсы көретін адамдардың түсініспеушілігі мен қарсылығына да ұшырады. Ол 1886 жылы ашуланып:

...Үлгісіз жұртты үйретіп, қалдық кейін,
Көп надандар өзіне тартар бейім.
Арылмас әдет болды күлкішілдік,
Ыржаң-қылжаң ит мінез дегендейін.
Тура тілді кісіні дейміз орыс,
Жиреніп, жылмаңдықты демес бұрыс.
Жылпылдақтан айрылып, сенісе алмай,
Адамдықты жоғалтар ақыр бұл іс.
Сенімі жоқ серменде сырды бұзды,
Анық таза көрмейміз досымызды.
Қылт етпеге көңілдің кешуі жоқ,
Жүрегінде жатады өкпе сызы.
Дос-асықтың болмайды бөтендігі,

Қосылған босаспайды жүрек жігі.
Біздің доспыз, асықпыз дегеніміз –

Жалғандықтан жасалған көңіл жүгі.
Сеніскен досым да жоқ, асығым да,
Ақыры өлең қылдым, жасыдым да.
Көрмеген көп дүние көл көрінді,
Кірлемеген көңілдің ашығында.
Құдай берген бұл достық – кәннің бірі,
Мұндасқанда қалмайды көңіл кірі.
Қолдан достық жасап ем болар-болмас,
Итмұрындай наданның жыртты бірі.
Жау жабылса бұзылмас жан көрмедім,
Өкінішті көп өмір кеткен өтіп», – деген өлеңін жазады [77, 51].

Лу Сюн мен Абайдың ағартушылық ой-пікірлерінің өзегі – адам. Ең бірінші дұрыс талғамы бар адам болу, содан кейін бәрі жасалады [77, 52].

Лу Сюннің үш миллион сөзден тұратын шығармаларында «адам» сөзі жалпы саны 21362 рет кездеседі. Демек Лу Сюн жазған әрбір 140 сөзде «адам» сөзі пайда болады. Абай шығармаларында да «адам» сөзі өте жиі кездеседі.

Абай өз шығармаларында адам болудың талап-тілектерін атап, өзінің гуманистік танымдық тұрғысынан өскелең ұрпақтың адамшылық негіздері, бойға ұялатар қасиеттері қандай болмақ деген ойға ерекше көңіл бөледі. Ақын шығармаларында өзекті желідей созылып, ғұмыр бойы танытуға ұмтылған, өмір бойы шарқ ұрып іздегені – толық адам. Абайдағы толық адам – рухани жетілген, кемеліне келген адам. Абай шығармаларының негізі – адам болу.

Абайдың «толық адам» (камлатті) теориясы суфизм идеясы негізінде танылғанмен, Абай шығармаларында ол туралы көп айтылмаған, керісінше сөздерінің көбі мен түпкі ой нысанасын адамды қалай тәрбиелеуге болады деген идея негізінде, яғни қазақ ұлтының жалпы сапасын (бітімін) жоғарылатуды түбірлі мақсат етеді. Мұндағы басты мелодия қазақ сахарасының (берекелі) сәйкесімді болып, содан барып тарамдалған гуманизмнің ариялық күйлері күмбірлейді. Абай ең әуелі адамның орны мен құнына ерекше мән береді, адамды негіз ете отырып, адамдардың пиғылын дәріптейді, адамдардың моральдық тәрбиеленуі мен толық (камлатті) адам болуын арман тұтады [78, 23]. Абайдың өмір бойы қазақ ұлтының келеңсіздіктерін, надан, мешеу күйлерін сын тезіне ала отырып, оларды дүниедегі дамыған ұлттар қатарына шақырумен бәйек болғанын көреміз. Осы мақсатына жету үшін ол әрбір жеке қоғам топтарына толық адам болуға қол жеткізетін шарттарды қояды. Яғни (адам ұғылымның мінездерін) атап көрсетеді.

Абай адам тұлғасының мәнін терең ұғынып, оны биік орынға қойды және «Адам бол!» ұстанымын философиялық деңгейге дейін көтерді. Бұл қағида – адамгершілік қарым-қатынаста ақылдың рөлін түсінуге жол ашады. Себебі, адам арасындағы қатынасты тек сыртқы әсер тұрғысынан ғана емес, адамның өз-өзіне деген ішкі көзқарасы мен әрбір жеке тұлғаның ішкі дауысы арқылы сипаттайды. Абайдың пайымдауынша, адамгершілік қарым-қатынас

тек белгілі бір жағдай мен дәстүрге сәйкес әрекет етумен шектелмейді, ол – адамның ішкі ниетіне сай, ақылға сүйене отырып жасаған әрекеті [79, 2].

Гуманистік концепцияларды орнықтыру Лу Сюн мен Абайдың бүкіл ағартушылық әдебиетінің негізіне айналды.

Ғалым Пың Диңан былай деп атап көрсетті: «Лу Сюннің ұлттық мінез туралы зерттеулері өмір бойы жүргізілді. Ол шын мәнінде оның түйіні мен түбірін түсінді. Халық үшін «адам» – оның іргетасы, ал Жұңго елі үшін «Ханзу» халқы негіздің негізі» [80, 81].

«Ханзу халқының» ұлттық мәселелерін іздеу және емдеу үшін Лу Сюн Янь Фудың «Халық даналығын ашу», Лиян Цичаоның «Жаңа халық» теориясы Чжан Тайиянның «өзін-өзі бағалау және өзін-өзі қадірлеу» және басқа да жаңа ой ағымдарының әсерінде, «толық адам» арқылы «ұлт құру» жолын ҚХР-ның өзгеріп, күшейе түсуінің дұрыс жолы болып саналады деп таныды. Бұл туралы ол өзінің «адам тарихы», «ғылым тарихы», «мәдени жақтылық туралы», «Моло поэзиясының құдіреті туралы» секілді алғашқы еңбектерінде жүйелі түрде егжей-тегжейлі баяндады.

Оның қоғамдық тарихқа, ғылым мен мәдениетке, әдебиет пен өнерге қатысты пікірлерінің өзегі – «адамды ашуы». Ал адам болмысын азат етуді табанды түрде жақтап, «жеке адамдардың көпшілікті шеттетуіне мүмкіндік беру, материалды бөлшектеп, даналықты ашу», «адам болмысын тұтастай арттырып, оны біржақты қылмау», «өзін-өзі тану» сияқты идеяларды, «даралықтың құндылығын тану» және т.б. зерттеу тұжырымдамасын алға тартты. Ол материалдық өркениет, рухани өркениет және әлеуметтік жүйелер біртұтас қоғам болуы керек деп есептеді.

«Адамның жан-жақты дамуы – идеалды әлем құрудың негізгі элементі, Еуропа мен Америка елдерінің күшеюі мен гүлденуінің себебі «адамды» негіз етуде жатыр, демек, ҚХР гүлденіп, қуатты болғысы келсе, халықтың рухын өзгертіп, патологиялық ұлттық мінезді жеңіп, жеке рухани мінез-құлқын өзгерту арқылы әлеуметтік қайта құруға қол жеткізу – әлді мен адамды негіз ету, содан кейін толық адам негізі қалыптасқаннан кейін жасалады. Халықтың санасы арқылы «құдіретті» ел құруға қол жеткізе аламыз», – дейді [81, 11].

Бұл идея Лу Сюннің ұлттық сипатты өзгерту идеясының ең басты өзегіне айналды.

Абай үшін адам өміріндегі ең маңызды қажеттілік – білім мен өнер еді. Ол адамның рухани азығы – оның білуге құмарлығы деп есептеп, егер бұл қасиет болмаса, адам мен малдың айырмашылығы қалмайды деп кесіп айтқан. Оның пікірінше, білуге деген құштарлықты қанағаттандыру – көзге көрінетін және көрінбейтін әлем сырларын танып-білуге ұмтылу, іздену, сұрау, ғылымға ден қою арқылы жүзеге асады. Бұл – адам көкірегін оятып, көңілге сенім ұялататын, өмірдің шынайы мағынасын ашатын жол.

«Өнер мен ғылымды қайдан үйреніп, қалай меңгеруге болады?» деген сұраққа Абай өзінің жиырма бесінші қара сөзінде жауап беріп, көрші Ресейдің тәжірибесін үлгі ретінде ұсынады: «Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста зор... Олар дүниенің тілін білді,

сондықтан осындай дәрежеге жетті. Сен де оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады» [81, 11], – дейді ол.

Одан әрі хакім Абай ғылым мен өнерді – дүниенің кілті ретінде бағалап, оны меңгерген адамға өмірдің құны арзанырақ түсетінін атап өтеді. Осыған орай: «Турасын айтқанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мен айтқан жол – мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаңның болашағын ойласаң – оқыт, малды аямай жұмса» [81, 12], – деп терең ой түйеді.

Дегенмен, Абай орыс тілін, оқуын, ғылымын меңгергенде оның игілігіне ортақ болумен қатар, зиянды жақтарынан сақ болуды да ескертеді. Ол өзгенің айтқанына ойсыз түрде еріп кете бермеуге шақырып, сын көзбен қарауға үндейді.

Қоғамдық сананың эволюциясы нәтижесінде ғылым ерекше құндылық ретінде танылып, адамның кемелдену жолында маңызды рөл атқаратынын Абай өзінің шығармаларында айқын көрсеткен. Ол бұл ойды келесі шумақ арқылы жеткізеді:

Ғылым таппай мақтанба,
Орын таппай баптанба,
Құмарланып шаттанба,
Ойнап босқа күлуге.
Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,
Адам болам десеңіз...

Бұл жолдар арқылы Абай адамның бойына туа бітетін менмендік, нәпсіге ергіштік пен тұрақсыздық сияқты жағымсыз қасиеттерден арылып, өзін тәрбиелеуі қажет екенін алға тартады [81, 13]. Ол адам болудың шарты ретінде өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік пен босқа мал шашу секілді бес жаман нәрседен аулақ болуды, керісінше талап, еңбек, терең ой, қанағат пен рақым сынды бес асыл қасиетті бойға дарытуды ұсынады. Осылайша, Абай жақсылық пен жамандықты, адамгершілік пен надандықты, кісілік пен қасиетсіздікті айқын ажыратып береді.

Абайдың көптеген қара сөздерінде де еңбек тәрбиенің өзегі ретінде көрініс табады. Ол өз халқын көршілес солтүстік пен оңтүстік елдермен салыстыра отырып, олардың артықшылығы – еңбекте, кәсіпте, өнерде және саудада екенін ерекше атап өтеді. Мысалы, «Еңбек етіп, мал табуды солар біледі, сән-салтанат та соларда» – деп, олардың өмір салтынан үлгі алуға шақырады. Абайдың отыз жетінші қара сөзінде: «Өзің үшін еңбек қылсаң, өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың, адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» [81, 15], – деген терең тұжырым айтылады. Төртінші қара сөзінде ол: «Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ – өнерсіз иттің ісі» – деп, жалқаулық пен арам табысты қатты сынайды. Сонымен қатар «Әуелі Құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбек етсең, жер де береді, құр қалдырмайды» – деп, адал еңбектің маңызын баса айтады [81, 16].

Абай өз заманындағы қазақ қоғамының рухани өсуі мен жаңғыруы

үшін түбегейлі өзгерістер қажеттігін түсініп, мұндай өзгерістерге білім мен ғылым арқылы ғана қол жеткізуге болатынын үздіксіз айтып отырды. Ол адамның ақыл-ойы мен дарыны, танымы мен адамгершілік қасиеттері білім арқылы үнемі дамып отыратынына сенді. Бұл үшін күш-жігерді дұрыс бағытта жұмсау қажет деп білді.

Отыз сегізінші қара сөзінде Абай адам баласын қор ететін үш ортақ дертке ерекше тоқталады: «Күллі адам баласын қор ететін үш нәрсе бар – надандық, еріншектік, залымдық. Бұлардан қашу керек» [81, 17]. Ол мұнымен шектелмей, олардың ішкі мәнін де ашып көрсетеді. Атап айтқанда: «Надандық – білім мен ғылымның жоқтығы, онсыз дүниені тану мүмкін емес. Білімсіздік – хайуандық» [81, 17]. Бұл ойын әрі қарай тереңдетіп, қазақ қоғамындағы білімсіздіктің зардабын былай сипаттайды: «Надандықтың кесірі қай жерде де алдымыздан шығады. Бірақ ол ата-бабамыздан келе жатқан жолымыз болғандықтан, біз одан айырыла алмай келеміз....Ерге теңдік, кемге кеңдік беретін, елсізді елге теңестіретін – ғылым мен өнер. Ал оны қажетсінетін қазақ аз» [81, 18], – деп замандастарының енжарлығына күйінеді.

Лу Сюн мен Абай бүкіл өмірін ұлттық мінезді, дәстүрлі мәдениетті сынауға арнады. Ой, сезім, сыртқы әсер және психологиясы, т.б. түрлі аспектілерден бастап, олар өз ұлтының жаман қасиеттерін жан-жақты, аяусыз әшкереледі, содан кейін бұл жаман мінездің себебін – феодалдық дәстүрлі мәдениетті сынға алды. Ұлттық мінезді сынау феодалдық идеология мен феодалдық өркениетті сынау арқылы жүзеге асады. Феодалдық идеологияны сынау салауатты және жағымды ұлттық мінезді қалыптастыруды көздейді. Абай көшпенді тұйық өмір салтымен және уақыт факторларымен шектеліп, «жаман мінез» және «дәстүрлі мәдениет» сияқты ұғымдарды Лу Сюн сияқты нақтылап, айқындамағанымен өзінің сезімтал да ұқыпты ойлау қабілеті арқылы өмір бойы ұлттық сана мен мәдени танымға деген ұмтылысы Лу Сюнмен үндесіп жатты.

Төртінші – Лу Сюн мен Абай шығармаларындағы ұқас сарындар.

Абай ғақлиялары мен Лу Сюнның «Дәрі» атты әңгімесіне назар аударайық. Абай мен Лу Сюн шығармаларында халықтың надандығын, тоғышарлығын, рухани жақтан салданған аянышты күйін өткір тілмен ортаға салады.

Лу Сюннің «Дәрі» атты шығармасында бір үзім нан Хуа және Шия атты екі отбасын жалғастырып, екі отбасының аянышты оқиғасының куәсі болды. Жұңхуа ұлтын ойлануға жетеледі, буржуазия төңкерісшілерінің уәкілі Шия отбасымен төңкеріс үшін құрбан болса, тоғышар, топас феодалдық биліктің құрбаны Хуа Лау Шуанның ұлы соқыр сеніммен Шия Иудың қанына матырылған нанды жеп өзінің өкпе ауруы сынды дертінен айықпақ болады. Сөйтіп ол феодалдық биліктің қолшоқпарларының қулық сұмдығына тап болып, қалтасына түсіп кете барған. Абай өз халқының рухани дертіне жүрегімен күйініп, оның себебін тереңнен іздейді. Ол бұл мәселелерді алғаш қара сөзінен бастап-ақ ашық айтып, халықтың бойындағы енжарлық пен білімге деген селқостыққа алаңдайды. Бірінші қара сөзінде ол:

«Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың?» – деп, қоғамда білімді бөлісетін, пікірлесетін, сырласатын ойлы жанның табылмауына қынжылады. Ол мұны: «Ғылым өзі – бір тез қартайтатұғын күйік» деп бейнелейді [82, 1].

Үшінші қара сөзінде Абай қазақ қоғамындағы бір-біріне деген сенімсіздік пен бақастықтың тамырына үңіледі. Ол ел ішінде қаскүнемдік, жалқаулық, шындықты айтудан жалтару, мансап үшін таласу, өзара тілеулестік болмау сынды келеңсіздіктердің себебін талдап береді. Данышпан ақын былай дейді: «Әрбір жалқау – қорқақ, қайратсыз келеді; қайратсыз – мақтаншақ; мақтаншақ – ақылсыз, надан болады; ал надан – арсыз, ал арсыз – өнерсіз, тойымсыз, ешкімге достығы жоқ адамға айналады» [82, 6]. Осылайша, бір жағымсыз қасиеттен басталған кемшілік өзге жамандықтардың тамырына айналатынын көрсетеді.

Абай адам мінезін түзеуге болатынына кәміл сенеді. Сол себепті, өз сөзінде: «Егер мен заң күші қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген адамның тілін кесер едім», – деп қатты ашына айтады [82, 109]. Бұл – оның адамды өзгертуге, тәрбиелеуге деген сенімі мен жанайқайының айғағы.

Сондықтан ол еңбекқор болуды, білім іздеуді, ұятты болуды, ілгері басуды, береке-бірлікте болуды және көркем мінезді асыл қасиет деңгейіне барынша дәріптеп, мадақ айтады, әрі осы арқылы қазақ ұлтының тұтас санасын жоғарылатуды мақсат етеді. Ол адам жанының жұмбағын табуға тырысты, адамның адамгершілік сипатын, гумандық қасиеттерін маңыз тұтты.

Әкесінің баласы – адамның дұшпаны.

Адамның баласы – бауырың [82, 84].

«Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла» [82, 43].

«Дәрі» әңгімесіндегі Хуа Лаушан баласына дәрі әкелмекші болып таңертең орнынан тұрғандағы орта суреті Лу Сюн заманы мен Абай заманындағы қараңғы қоғамдық ортаны бірдей бейнелеген: «Күздің соңғы жарым түні ай әлдеқашан батып кеткен, күн әлі шыққан жоқ, тек қараңғы аспан» қоғам қандай қараңғы болса, халық та сондай қараңғы надан еді. Ал, енді Хуа Лау Шуан мен Хуашейдің ақшаны алғандағы суреттемесіне қарайық: «Хуа шешей жастығының астын біршама уақыт ақтарып, бір дорба күміс теңгені алып Хуа Лау Шуанға берді. Хуа Лау Шуан оны алып, дірілдеген қолымен жан қалтасына салды да сыртынан алақанымен екі рет басып қойды...» [82, 44]. Хуа лаушуан жаза алаңына жеткеннен кейінгі бір суреттеуге көз жіберсек: «Хуа Лау Шуан панарына қарап еді. Панар әлдеқашан өшіп қалыпты. Жанқалтасын сыртынан басып көріп еді, ішіндегі теңге қолына іліне кетті...» [82, 45]. Осы суреттеулерде Хуа Лау Шуанның қоғамның ең төменгі жігіндегі қарапайым халықтың уәкілі екендігін, оның үстіне ақшаны қатты аялайтындығын, оны сүйетіндігін, астарлы мағынада ақша табудың қаншалық қиын екенін аңғарамыз.

Хуа Лау Шуанның қанға батырылған нанды алғаннан кейінгі көңіл-күй суреттеулеріне көз жіберсек: «Оның ой-пікірі бейне он атаға жалғасқан жалқы нәрсені құшақтап тұрғандай, қолында бір ғана қағазға оралған затта еді. Осыдан басқа ойында ешнәрсе жоқ болатын. Міне, қазір ол осы қағазға ораулы жаңа өмірді өз отбасына апарып егіп бақыт таппақшы. Оның кедейлігі, қоғамдық орнының соншалық төмендігі, жалғызының ауырып ұзақ уақыт төсек тартып жатып қалуы адамдарды өзіне тілектес етеді. Бірақ оның феодалдық қолшоқпарлардың алдауына түсіп, адам қанымен ұлының ауруын емдемек болған тоғышарлығына нәлет айтпай тұра алмайсың. Ең ашынарлығы адам қанына тоғытылған нанды алғаннан кейін оның есіл-дерті ұлын ауырудан жазып алуда ғана болды, жазықсыз біреудің қанын өз баласына беруге еш қымсынбады. Ол «Бұл кімнің қаны? Ол неге өлтіріледі? Артында қандай сырлы уақиғалар бар?», – дейтін шым-шытырық маңызды мәселелерге басын ауыртып жатпады. Қаперіне кіріп те жатпады, бәлкім. Оны ойлап жетуге сауаты жетпейтін де болар» [82, 46]. Лу Сюн олардың бақытсыздығына іші ашиды, сонымен бірге олардың надандығын жеріне жете сынайды.

Абай өзінің бесінші қара сөзінде қайғы-қасіреттің адам бойына қалай әсер ететінін терең талдайды. Ол: «Көкірекке толған қайғы адамды меңдеп, оған ерік бермейді, бүкіл денені дір еткізіп, әл-қуатты сарқып, кейде көзден жас болып төгілсе, кейде тілден сөз болып шығады» – дейді. Абай қазақтардың «Құдай жас баладай қайғысыз етсін» деп тілейтінін мысалға келтіре отырып, мұндай тілек шын мәнінде баланың аңғал болмысын аңсау емес, қайта, өзін ақылды санап, артық қайғы шегіп жүргендей етіп көрсету екенін айтады. Оның айтуынша, бұл жалған қайғының түп-төркінін қазақтың мақал-мәтелдерінен тануға болады.

Абай бірқатар мақалдарды келтіре отырып, қазақ халқының шын мәнінде нені басты құндылық ретінде көретінін ашады: «Түстік өмірің болса, күндік мал жи», «Мал – адамның бауыр еті», «Малдының беті – жарық, малсыздың беті – шарық», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым – береген» секілді мақалдар халықтың негізгі уайымы – мал жинау екенін көрсетеді. Бірақ Абай қазақтың ол малды адал жолмен табудың амалын білмейтінін, керісінше, бар әрекеті алдап-арбау, мақтау арқылы малдылардан тартып алу, не болмаса ала алмаса, онымен жауласып кету екенін сынға алады.

Мұндай жағдайда, – дейді Абай, – тіпті әкесінің байлығына қызығып, онымен дұшпан болудан да арланбайды. Қоғамда ұрлық, қулық, сұмдық, тіленшілік сынды әрекеттермен мал тапқан адам айырталмайды, керісінше, сәттілікке жеткен адам ретінде бағаланады. Осылайша Абай қазақ қоғамының моральдық құлдырауын, рухани бағытының өзгергенін ащы шындықпен баяндайды [82, 15].

Ху Лау Шанның аялайтын байлығы – теңге болса, қазақтың жанынан артық көретіні әуелі әкесін саудалауға да тайынбайтыны екен.

«Бұлардың жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұялмайды екен. Сол ма

артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болмасақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма, солай. Надандық жайлаған қазақ даласы мал бермеді деп өз ағайынынан безуге дайын тұрады екен...» [82, 33].

Қанаушы үстем тапқа қарсы идеялар.

«Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе: әуелі – ұрлық. Ұры ұрлықпен мал табам деп жүр, мал иесі артылтып алып, тағы да байимын деп жүр, ұлықтар алып берем деп, даугерді жеп, құтқарам деп ұрыны жеп жүр. Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды сатып пайдаланам деп, не өткізбесін арзанға түсіріп алам деп жүр. Екінші – бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені ойына салып, бүйтсең бек боласың, бүйтсең кеп боласың, бүйтсең кек аласың, мықты атанасың деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, көзін қыздырып алып, өзін бір ғана азық қылайын деп жүр. Ұлықтар пәлі-пәлі, бұл табылған ақыл деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. Қара халық менің сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дауыңды айтайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп басын, ауылын, қатын-баласын сатып жүр» [82, 27].

Қазақтың қарапайым қалың халқы осылайша ұлық пен биге жем. Не сұраса соны берді. Құлық қылдым деп ойлады. Өзінің тұтылғанын білмей қалды. Алды-артын абайламады, ондай сауат та жоқ еді. Ал Лу Сюн мырзаның Хуа Лау Шаны да Кәң ағайға аямай алданды. Кәң ағай феодалдық биліктің адал шоқпары бола білді, бір жағынан халықты алдау арқылы пайда түсірді. Соқыр сеніммен феодалдық тізімге әбден уланған жұңгө халқы мен қазақ халқы «кәң ағай» сияқтылар не десе, соған құлай сенді. Оларға құрмет-қошемет білдіруден басқа ешқандай шек келтірмеді. Басын иіп, дегеніне көнді.

Сонымен ұлықтар мен билер феодалдық тізімді жанындай қорғаумен бірге халықты сүліктей сорып, дегенін жүргізді.

Психологиялық құлдыққа қарсы идея.

Абай жиырма үшінші қара сөзінде қоғамда кең таралған, бірақ зиянды көзқарасты сынға алады, ол – «көппен көрген ұлы той» деген ұстаным. Ақын бұл сөздің жұбаныш бола алмайтынын, қайта адамның рухани өсуіне кедергі болатынын дәлелдермен түсіндіреді. Көпке еріп, солармен бірге болғанның өзі дұрыс деген көзқарасты сынай келе, Абай: «Құдай тағала «көптен қалмасаң болды» деп айтты ма? «Көпке қаһарым жүрмейді», «тұзағым жетпейді» деді ме?» – деп риторикалық сұрақтар арқылы көпшілікке соқыр ілесудің ақылға қонымсыз екенін көрсетеді.

Ол ғылым, хикмет (даналық), білім – көптен тарамайтынын, керісінше, әрқашан санаулы, дара адамдардан бастау алатынын еске салады. Мәселен, елдің бәрі жерден адасып жүрсе, бір жол білетін адамның пайдасы зор емес пе? Немесе барлық жолаушының аты арыса жақсы ма, әлде жартысы күйлі болғаны дұрыс па? – деп мысалдар келтіре отырып, көптің ішінде аз ғана саналы, бағыт көрсете алатын адамдардың қажеттігін алға тартады.

Абай көпшілік ішінде қателікке бой ұрғандарды ақтауға болмайтынын

нақтылай түседі. Ол: «Бәріміздің де аузымыз сасық қой» деумен, «сен де сасыта бер» деу дұрыс емес» – дейді. Бұндай ой қоғамды алға сүйремейді, қайта оны тоқырауға ұшыратады. Сана мен мінездің түзелуі – әр адамнан басталуы тиіс деген идеяны Абай айқын жеткізеді [78, 49].

Әйтеуір ортақ хәлде болуды өзіне бақыт санайды. Енді Лу Сюн мырзаның «Дәрі» атты шығармасына зер салатын болсақ: осы дүниені таба аламыз: Кәң ағайымыз шайханада өзі өлтірген Шия Иұй туралы жамандауларын қарша боратты: «Әлгі сұм адам емес екен?! Ол қамауда жатып түрме бастығына көтеріліс жасауға кеңес беріпті» десе, жиырмалардағы біреу өте ашуланғандай бейне көрсетеді. Ал Кәң ағай Шия Иұйдың сол сөзі үшін екі шапалақ жегендігін айтып, бұрышта отырған бүкір кенеттен қуанады. «Шия Иұйды байқұс депті» деген сөз Кәң ағайдың аузынан шыға сала тыңдаушылардың көздері бақырайып кетеді, артынан Шия Иұйды» құтырған екен», – дейді. Кімнің анық құтырғанын әрине, білмейді де. Олардың санасы да осындай «бірауыздылықты» қажет етеді. Егер орталарынан біреу үстем тапқа қарсы тұрса бұл – олар үшін «құтырғандық» болып есептелінеді. Олардың «көппен көрген ұлы тойы» осы екен. Өзінің тобынан бөлінгісі келмейді. Феодалдық қоғамның итаршыларын өздеріне құдайдай көріп сиынады. Абай «Көбіңнен қалма, сен де аузыңды сасыта бер» деп алса, Лу Сюн сол «көппен көрген ұлы тойдың» трагедиялы халін көз алдымызға әкеледі: Хуа Лау Шанның маңдайға басқан жалғыз ұлы Шия Иұйдың қанына малынған нанды жесе де дерті өнім бермей қыршынынан қиылады. Бұл қандай трагедия? Екі ұлы ойшыл бірге туыспаса да, идеясының жақындығымен туысады. Көппен той көріп далақтай бермей, айналаңа зер салып, талғампаз болуды алға тартады.

Әділеттің түбінде жеңіп шығатын идеясы.

«Дәрі» шығармасының ең соңғы бөліміне назар салатын болсақ: «Бұлардың көздерінің болатынан айырылғанына; бірнеше жыл болған болса да бірақ осы бір қызғылтым шеңберін өте айқын көрді. Гүлдер онша көп емес. Дөңгелектеп тізіп қоралай салған... әлгі кемпір тағы бірнеше адым жүріп, қабырғаға таяп келіп мұқият бір рет қарап шықты да, өзіне-өзі: бұл гүлдің тамыры жоқ, өзі ашылғандай емес. Бұл жерге кім келді екен? Кішкене балалар ойнап келмейді, туыс-туғандары қашан келмейтін болған. Бұл қандай тылсым?», – дейді [82, 64]. Лу Сюн Шия қабірінің басына бір сырлы гүлді шеңбер қойды, мұның мағынасы өте терең. Шия Иұй феоадалдық биліктің қолшоқпарлары жағынан өлтірілді. Оның аянышты өліміне көптеген надан шын көңілімен қуанды. Оның халық үшін өлгенін түсінетіндер жоқтың қасы болды, бірақ, осы гүл шеңбердің қойылуынан-ақ, оның бекер өлмегендігін, оның рухының кейінгілерге жалғасатындығын «көзі ашық, көкірегі ояу» талаптылардың өмірде бар екендігін сезіне аламыз. Абайдың отыз жетінші қара сөзіндегі осы бір ғақлиялары ой үндестігімен тоғыса кететінін көреміз:

Абай адамгершіліктің мәнін істің нәтижесіне қарап емес, оның басталу ниетінен тану қажет екенін айтады. Яғни, адамның шынайы болмысы мен адамшылығы оның істі қандай мақсатпен, қандай сеніммен бастағанынан байқалады, ал нәтижесі әрдайым оның ниетін айғақтай бермейді. Ол:

«Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады» – деп, адамның ішкі әлеміндегі асыл ойдың сөзге айналғанда көмескі тартатынын меңзейді.

Хикметті (даналық) сөздер надан, өзімшіл адамға айтылғанда, тыңдаушының көңілі кейде сергісе, кейде мүлде суып кетуі мүмкін. Сондықтан Абай ақыл-ой, кеңес, қолдау секілді болыстықты адамның білім деңгейіне қарай көрсету керек дейді. Себебі, лайықсыз адамға жасалған жақсылықтың өзі зиянға айналып, жақсылық жасаушының да, алушының да қасиетін төмендетуі мүмкін.

Абай: «Әкесінің баласы – адамның дұшпаны. Адамның баласы – бауырың» деп, рушылдық пен жершілдікке қарсы шығып, бүкіл адамзат баласын бауыр көру идеясын алға тартады. Бұл – гуманизм мен бірлікке негізделген терең ой.

Ол сонымен қатар, жамандық әркімнің басында болатынын айтып, оған бола үміттен айырылмауға шақырады: «Үмітін үзбек – қайратсыздық». Өмірдің өтпелі екеніне назар аудара отырып, Абай: «Дүниеде ешнәрседе баян жоқ, жамандық та тұрақтамайды. Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол, жайдары жаз келетіні сияқты» – деп, ауыр күндердің артынан жарқын сәттердің болатынына сендіреді [82, 84].

«Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалай бітіргендігінен емес. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады. Хикмет сөздер өзімшіл наданға айтқанда, көңіл уанғаны да болады, өшкені де болады. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл, татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

Әкесінің баласы – адамның дұшпаны.

Адамның баласы – бауырың.

Жамандықты кім көрмейді?

Үмітін үзбек – қайратсыздық [82, 66].

Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың, қатты қыстың артынан көгі мол жақсы жаз келмеуші ме еді? [82, 84]. Солай, жамандық баяндап тұрмайды. Қайраты бар адамдар оны түбінде жеңетін болады. Адамға қайрат, ақыл, жүрек керек. Ақыл мен қайратыңды жүрекке бағындыратын болсаң, ол жақсылық ешқашан да жерде қалмақ емес.

Абайдың Лу Сюнмен тоғысуы қазақ-ханзу әдебиеті тарихындағы терең мағыналы құбылысы. екі тұлға да өз халқының рухани көсемі саналады. Екі ойшылда халықтың санасын оятып, қоғамды өзгертуге тырысып, ұлттық мәдениет пен білімге ерекше мән берді. Абай рухани-адамгершілік тәрбиені алға қойып, халықты білімге шақырса Лу Сюн қоғамның шындығын ашық суреттеп, әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресті. Лу Сюн мен Абайдың «қалың елім, надан халқым» деп екі бүйірін таяна зарлауының ар жағында отаршылдық пен феодалдық биліктің улы тырнағы жатқан мың батпан «зілді» шер жатыр еді. Шығармадан екі автордың өмірге, дүниеге көзқарасын көруге болады.

3.2.2 Конфуций және Абай мұраларындағы ой үндестігі.

Әлемдік әдебиетте ғана емес ғылым, өнер атаулыда да аса дарынды адамдар бірін-бірі ешқашан естіп білмей-ақ ұқсас ой айтуы, ұқсас туындылар қалдыруы өмірде кездесетін құбылыс. Осындай дарынды тұлғалар жазып қалдырған мұралар екеуі екі жақта түрлі кезеңде өмір сүрсе де, үндес ой кешіп, бірінің даналығы бірінен үндестік тауып жатады. Олардың ішкі толғаныстары тағдырлас келіп, бірін-бірі толықтырып отыратыны шындық. Рухы бай адамдардағы ой-пікір үндестігі әрқашан болған [85, 93].

Қазақ руханиятындағы осындай ұлы тұлғалардың бірі Абай болса, екіншісі тақырыбымызға арқау болған ханзу халқының кемеңгері Конфуций. Екі данышпан да екі дәуірде, екі бөлек елде өмір сүрген. Бірі екіншісін білмеген. Бірақ артына қалдырған мұраларындағы өткір де, шымыр ой үндестігі екі арнадан ағып келіп, бірі екіншісін толықтырады. Абай мен Конфуций екі елде туылып, екі түрлі халық қамын жесе де артында қалдырған мұраларындағы ортақ ой мен шешімнің тұтастығы жер шарындағы қай халық үшін де құнды. Адамшылықтың қай ісінде де көңілге қонымды жауап пен тұжырымды Абай мен Конфуций мұраларынан табуға болады.

Егемендік алып, тұғырымызды бекітіп жатқан тұста да Абай ұлағаты, Абай ділмарлығы тағы да ұрпағына күш те, қуат та, рухани азық та болып отырғаны анық. Өз дамуындағы озық елдер қатарында болуда Конфуций ілімі қытай елінің ғана емес, жапон, корей елдерінің рухани ғана емес, мемлекет басқарудағы ұлы ұстазына айналған. Демек Абай қалдырған мұраның да жолы болашақта осы Конфуций ілімі қатарынан орын алатынына үмітіміз зор [85, 94].

Сыншы С. Әшімбаев: «Қазақта ақын көп, бірақ соның ішіндегі халқы туралы қаһарлы сынды көп айтқан данышпан сыншы ақыны Абай ғана. Оның ұлылығының өзі елдің ұлы кемшілігін көзге айтуында, батыл айтуында емес пе?! Тілі қаттының бәрінің діні қатты емес. Бұл жағынан қарасақ, Абайдан тілі қатты ақын жоқ екен. Ал сол қаттылықта ешқандай қатігездік жоқ, қайта халқын сынап отырып қалтқысыз сүйген жүректің ыстық лүпілі жатқан жоқ па?», – деп жазған [86, 242]. Шындығында, Абай халқын мақтау арқылы тарихта қалған жоқ. Керісінше шындықтың бетін ашып айту арқылы қалды. Осы сын арқылы өз халқының бойындағы жағымсыз нәрселерден арылуын армандады. Болашақ ұрпағының жан-жақты кемел тұлға болып қалыптасуын аңсады.

Абай мен Конфуций мұраларындағы сыншылдық ой үндестігін өзара тығыз байланыста зерттеу – әдебиеттану ғылымы үшін көкейкесті, зәру мәселелердің бірі. Абай мұралары әдебиеттануда. Конфуций мұралары философиялық тұрғыда терең де дәйекті зерттелгені анық. Абай мен Толстой, т.б. ұлы адамдар шығармашылығымен салыстырыла қарастырылған ғылыми зерттеулер бар. Осы уақытқа дейін Конфуциймен салыстыра зерттелген арнайы көлемді еңбек тым аз, Нұрайша Жүсіпқызы Бекеева Конфуций мен Абай сынды қос ойшылдың тарихқа қалдырған мұраларындағы ой

үндестігіне тоқталып, өзіндік тұжырымын ортаға салады. Пекин тілдер университетінің жаңа қытайтану докторанты Жанар Тоқтарбай «Абай мен Конфуцийдің – уақыт пен кеңістіктен тыс ойлар соқтығысы» тақырыбында Конфуций мен Абайдың көп ұқсастықтары бар деп есептейді. Ол бұл ұқсастықтарды әдебиет және білім беру тұрғысынан түсіндірді. Әдебиет тұрғысынан алғанда, Конфуций мен Абай әдеби шығармалардың сапасы мен мәніне келгенде, төмен деңгейдегі және нашар шығармаларды жою қажеттігін, оның орнына адамдық қасиеттерді жетілдіретін, жоғары сапалы және ойлы шығармаларды қабылдауды жөн көрді.

Жанар Тоқтарбай екі философтың әдеби көзқарастарын білім беру тұжырымдамасына байланысты тереңдетіп түсіндірді. Конфуций мен Абай өз ойларын «сөз айту» арқылы жеткізген, екеуі де өз елдерінің ұлы білім берушілері мен ағартушылары болып табылады. Олардың білім беру тұжырымдамалары халықтың бақыты мен жақсы өмірін мақсат етеді. қытайды түсіну үшін, әуелі, Конфуцийді, қазақты түсіну үшін Абайды білу керек. Конфуций мен Абай екі ел өркениеттерінің және достық қатынастарының маңызды көпірлері болып табылады деген қорытындыға келді.

Біздің зерттеуіміз осымен де құнды. Қазақ халқының рухани дамуында сыншылдық ой тарихы тым арыда жатқаны рас. Бірақ қанша заман өтсе де сол сыншылдық терең ой сол бояуын жойған жоқ. Абайдың сыншылдық ойлары қазақ халқының бүкіл рухани тәрбиесінің қайнар бұлағы. Конфуций мұрасы тек жұңгө халқының ғана емес, басқа да әлем халықтарының рухани байлығы һәм саяси да, мемлекет басқару құралы болып отырғаны рас. Осындай екі ұлы халықтың данышпандарының үндескен сыншылдық ойлары, мазмұны, идеясы бірін-бірі толықтырады. Оның маңыздылығын ашып көрсету қазіргі әдебиеттану ғылымын тың ойлармен байытады. Осы мәселені терең зерттеп, зерделеу қажеттігі бүгінгі әдебиеттануда өзекті деп айта аламыз.

Тарихқа көз салсақ, артына мол халықтық мұра қалдырған данышпандардың қай-қайсысы болса да оңай ғұмыр кешпеген. Қандай ғұлама болмасын оның санасына өзі өмір сүрген дәуірдің сәулесі мен көлеңкесі түспей тұрмайды. Мұндай құбылыстар Абайда да, Конфуцийде де бар. Конфуций де тек билеуші қоғамға ғана қызмет етсе болар еді. Бірақ ол басқаша жолды таңдады. Нәтижесінде, Конфуцийдің қалдырған бай мұраларының түп негізінде адамзаттың бәріне ортақ мәдениетті өмір сүру идеясы қалды.

Конфуцийдің мансап жолына келуінің себебін «Мыңзы ғақлияларындағы» Уан Жаң бегі мен Мыңзының мына диалогынан білеміз.

Уан жаң:

-Бұлай болғанда Конфуций өз дәріптемелерін іске асыру үшін мансапқа отырмаған болды ма? – деді.

Мыңзы:

- Конфуций өз дәріптемелерін іске асыру үшін мансапқа отырған, – деді.

Уаң жаң тағы да:

- Конфуций не үшін мансабын тастап кетіп қалмаған? – деп сұрады.

Мыңзы:

- Ол, алдымен, сынап көруші еді, сынағы іске асатын, (бірақ, патша) оны жүзеге асыртқысы келмейтін болса, ол жерден сырт беріп кетіп қалып отырды, сондықтан Конфуций бір елде толық үш жыл тұрақтап көрген жоқ. Конфуций кейде өзінің саяси жолын іске асыру үшін ұлық болды, кейде патшаның парасаттыларды мәпелеп, жақсы көргендігі үшін ұлық болды. Жи Жуанзыға саяси жолымды іске асыру мүмкіндігі туып қаларма екен деген үмітпен ұлық болған еді. Уи Линғүңге ерекше құрметке бөленгендігі үшін ұлық болды. Уи Шияугүңге ол парасаттыларды мәпелеп, жақсы күткендігі үшін ұлық болды, – деді [85, 281].

Ал Абай да бекерден-бекер болыс болып, тауқыметке толы мансап жолына қадам тастамаған, елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам деп, мансапқа отырғанда халықшыл, пәк, таза болудың үлгісіне айлануға талпынған. Осындай арман арқалап 1876 жылы сәуірде көкше руына болыс болып сайланады. Сол жылы дәл 31 жасқа толған еді. Мешеу қоғамның қайшылығы өте күрделі шытырман отбасы ортасында атқа мінерлермен жай халық бұқарасы ортасында бай мен жалшы ортасында әр кез қайшылық толастамаған. XIX ғасырда қазақ сахарасында болыс болған көп санды адамдар қолындағы ұлығы арқылы баюды ойлайтын, осы мақсатқа жету үшін рудың атқа мінерлерін өзіне шырғалайтын, жоғары жік байларға жақ иектейтін. Ал Абай болса өзінің әділ турашылдығымен болыстарға үлгі болып, жайдақ, жаман қылықтарды түбегейлі өзгерткен. Ол мансапқа отырған кезде бірқыдыру кедей халыққа пайдалы жұмыстарды істеген. Міне, бұл рулардың атқа мінерлері жоғары жік байлардың мүддесіне ауыр зиян келтірген, олардың жау көзіне айналған, оған қара жапқан, зиянкестік істеген.

Абайды тәрбиелеуде әкесі Құнанбайдың да мақсаты басқаша еді. Абай да өзі сүрген қоғаммен арпалысты. Әйтпесе бай баласы өз қалауынша өмір кешіп, басқаға немқұрайлы қарап өмір сүруіне болар еді. Абай:

Жүрегіңнің түбіне терең бойла.

Мен бір жұмбақ адаммын оны да ойла.

Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім.

Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!» [82, 200], – дейді. Ақын өмір сүрген қоғамдағы адамдар арасындағы келеңсіз жайттар қандай болса, қазір де барлық халықта бар мәселе. Ол өмір сүрген уақыт келмеске кетті, бірақ сол уақытта сол заманға Абайдың көңілі толмаған. Абай айтып кеткен сыншылдық ой даналығы әлі де сол қаз-қалпында. Конфуций сүрген қоғам да бұрынғы кез. Бірақ сол заманда айтылған ойлары бүгін айтылғандай мәнді де маңызды болып тұр. Адамзат тарихында заманынан асып туған адамдар болады. Өз заманының түйткілді мәселелерін айтып, шешім таппай жатуына көңілдің толмаушылығы қай данышпанның да назарынан тыс қалмаған. Абай да мұндай мәселеде «мыңмен жалғыз алысты». Бірақ өзгеріс шамалы. Халықтың ішіндегі мұңды да, арманды да көпшіліктің аңсаған тазалық биіктігін де ащы да болса, ашып айтып, басып айтып кеткен ойы өміршеңдік

танытып, халықтың рухани бай мұрасына айналып отыр. Ол жөнінде Мұхтар Әуезов: «Ел ішінің сөзі мен тартысуында, араздық-жаулығында көпті билеп, әмір жүргізген уақытта өз бетіне көпшілікті бағындыруда Абай түгелімен әкесінің шәкірті болған. Өзге әке болса, әке істеген іс пен әке қуған мақсат жолындағы әдісі мен ебі ғана өзге. Одан басқа мойнына алған міндеті, беттеген тілек бағыты түгелімен әкесінің жолы болды. Сонымен Абайдың жас кезінде әкесінен ел ажырап кетіп, Құнанбай басының жалғыздық көрген кезінде бұл тұқымның қолынан шығып кетуге айналған бақ пен абырой, қайрат пен қожалық болса, соны бұрынғыша толық қалпында қайта қолына жиып алу. Жігіт болған Абайдың барлық бойындағы қуатымен түгел ұмтылып қуған арманы, мақсаты болды. Абай жігіт күнінде өзіне бұл жолдан басқа жол бар, осы істен түзу іс бар деп түсінбеген... ұлғайып келіп артында қалған өмірге суық сыншы көзімен қарап, өткеннің бәрін өкінішпен еске алған уақытта: «қаны қара бір жанмын, жаны жара, деген сөзді тегін айтпаған» заманының ғана жанашыры болды деп қарауға мүлде болмайды. Керісінше, бүгінгі және болашақ ғасырлардың да сыншылық алабын анық қойып, айқын айтып, өшпестей жазып кетті деуге болады [87, 135].

Т. Жұртбаев әр дәуірдегі даналардың өз заманымен іштей келісе алмай, өмір сүрген ортасындағы қайшылықтарға жауап табуға тырысқанын сипаттай отырып, былай дейді: «Даналардың өзі осы қарама-қайшылықты шешіп беруге дәрменсіздік танытты. Жаһилдік отарлау рухы өмір сүріп тұрғанда рухани бостандықтың рухы да өлмек емес». Яғни, рухани еркіндікке ұмтылу – тарихи үдерістер мен отарлық қысым жағдайында да ұлттардың болмысына тән қасиет. Автордың айтуынша, адам баласы жан бостандығына жету үшін түрлі жол іздеп, күрделі тағдырлар кешіп, түрлі сенім жүйелерін арқау еткен. Мұның барлығы рухани мойынсұнбаушылыққа әкеліп, ұлттық мүдде ұғымымен ұштасады.

Жұртбаев әрбір данышпан өз дәуірінің шеңберінен толықтай шыға алмағанын мысалға келтіріп, тарихи тұлғалардың белгілі бір билік немесе империялық жүйемен тығыз байланыста болғанын атап өтеді. Мәселен, Аристотель – Ескендір Зұлқарнайынның, Конфуций – Хан әулетінің, Гете – неміс шаһзадасының, Пушкин – орыс империясының, Бұқар жырау – Абылай ханның, ал Нысанбай – Кенесары ханның заманы мен мүддесіне тәуелді өмір сүрген. Бұл тұлғалардың ешқайсысы өз заманының саяси-рухани "шапанын" толықтай тастап кете алмағанымен, ішкі рухани бұлқынысы мен тәуелсіздікке деген ұмтылысы олардың шығармаларында айқын көрініс тапқан [88, 2].

Автордың ойынша, әр дәуірдің өзіндік өмір сүру заңдылығы мен талаптары болғанымен, "адамшылық" ұғымы – өзгермейтін құндылық. Даналықтың түп негізі де, оның мазмұны мен теориялық өзегі де осы адамшылыққа келіп тіреледі. Әлемнің әр түкпірінде өмір сүрген данышпандардың ойлары мен тұжырымдарының үндесуі, бір-бірін байытып, жалғастырып отыруы – ортақ адамзаттық мұраттың көрінісі. Ұлылар ойының өзара тоғысуы мен мәндік үндестігі – осы ортақ рухани мақсатта жатыр.

Қос ұғыманың даналығы олардың сыншылдық биік танымының

тапқырлығында тұрғандай. Танымдық деңгейдің де аса биіктеп, шымырланып, ерекше бір кемел биігіне көтерілуінде, кең ауқымда алар болсақ, даналық адамдар арасындағы ұлы жарастықты, қатал жауапкершілікті, тіпті азаматтық қоғамға деген қателіксіз де тұрақты, мәңгі өзгермейтін, құйған қорғасындай ой үндестігін білдіреді. Кемелдіктің өзі де ұлтқа, ұлысқа қарамай, даналықтың бұрын-соңғы тұлғалық деңгейі мен ұлттық деңгейінен асып түсіп, әлемдік ауқымда қуатталатын ой айта алуында сияқты. Бұлай деуге себеп те, мысал да – Абай мен Конфуцийдің артында қалған бай да құнды, өміршең мұралары.

Ұлы ойшыл Абайдың «қара сөздері» мен Конфуций мұрасы «тағлымнаманы» салыстыратын болсақ, олардың ішкі толғаныстары тағдырлас келіп, бірін-бір толықтырып жатқан екі дарынды тұлғаның ой пікір үндестігін байқауға болады.

Абай Құнанбайұлы мен Конфуций идеялары екеуі де Гуманизм мен моральдық тәрбиені айтады, білім алудың, ақыл-парасаттың маңыздылығын атап өтіп, халықтың мәдениеті мен санасын көтеруді жақтады. Әлеуметтік әділетсіздік пен надандықты сынады. “Жэнь”, “И”, “Ли”, “Чжи”, “Синь” (Адамгершілік, әділет, әдеп, ақыл, сенім) принциптеріне негізделген ілім. Әлеуметтік үйлесім мен моральдық жетілуді қолдайды. Реализм және сыншыл көзқарас: Қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді терең сынға алып, халықты оятуға және ұлттық сана-сезімді арттыруға шақырды. Феодалдық жүйені сынады.

1) Тақырыптық аспектілер.

«Абай қара сөздері» және «тағлымнама» ұлттық тағдырды зерделеу мен шындықты іздеу мәселелерінде ұқсас назар аударады. Абай мен Конфуций өз шығармаларында мәнді өмір сүрудің жолдарын терең талқылаған. «Абайдың қара сөздері» адамның өмір сүру тәсіліне көңіл бөлсе, «тағлымнама», «мейір-шапағат» және «салт-дәстүр» ұғымдарын ерекше атап өтеді, бұл ұғымдар қоғамдағы халық үшін маңызды бағыт-бағдар береді. Екі шығармада да ұлттық сананы ояту және ұлттық мінез-құлықты қалыптастыру мәселелеріне ортақ назар аударады.

Ұлттық ояну және мәдени мұраны сақтау: Қазақ халқының өзіндік санасын көтеруді, мәдениеті мен білімін дамытуға шақырды.

Қоғамдық үйлесім мен жеке тұлғаның дамуы: Әр адам өз орнын тауып, қоғамдағы рөлін дұрыс атқаруы тиіс деп санады. Қоғамдық өзгеріс пен ұлттық қайта өрлеу: Халықты ойлануға, ескі әдеттерден бас тартуға және алға ұмтылуға шақырды.

Конфуций: «Адам өзі жүріп келе жатқан жолын ұлы ете алады. Ал жол адамды ұлы ете алмайды», – деген ойында өз халқының тәрбиесіндегі тереңде жатқан мұңның барын байқатады [82, 200]. Абайда бұл мәселе ашық, анық көрінеді. Конфуцийда дәл Абайша анық көрінбегенмен, ішкі толғаныс иірімі терең философиялық тұрғыда байыппен өріледі. Ұлы Абай бар ойын келер ұрпаққа арнады. Оның шығармашылық қызметінің діттеген мұраты, түптеп келгенде – адам тәрбиесі. Абайды ұлы ұстаз дейміз. Қытай халқы да

Конфуцийді ұлы ұстаз санайды. Абай өз халқының үлкенді-кішісіне өмірлік қажет нәрселерді тізіп берді. Ол – еңбек пен адамгершілік, өнеге мен тәлім.

Абай өз шығармаларында достық пен жолдастық, парыз бен қарыз секілді адам өміріне қажетті рухани құндылықтардың формуласы іспеттес тұжырымдарын ұсынды. Оның мұрасы – адам бойындағы ізгі қасиеттердің үлгісі ретінде бағаланатын, адамгершілікке негізделген терең философиялық көзқарастар жиынтығы. Абайдың өнегелі ойлары жас ұрпақ пен ересек буынды елін сүйетін, халқына адал еңбек ететін нағыз «толық адам» ретінде тәрбиелеуді көздеген. Ол тәрбие атаулының сан қырына, көңілге қаяу түсіретін тұстарын ашық сынай айту арқылы назар аудартты. Бұл арқылы болашаққа аманат қалдырды. Жасқа да, жасамысқа да жалпы халыққа да, отбасына да үміт артты, көкейкесті мақсат-мұраттарға жұмылдыруды армандады. Абайдың халқының әл-ауқатының деңгейі де, саналық ой өресі де, мәдениеті де, адамдардың қарым-қатынасы да, бір-біріне мейірбандығы да, парасаттылығы да – сол халықтың еңбек ету дәрежесіне тікелей байланысты екенін даналықпен болжады.

Абай өзінің шығармашылығында ойын-сауық пен жалқаулықтың адам өміріндегі орны туралы терең ой қозғайды. Ол адамға тіршіліктегі жеңіл-желпі көңіл көтеру мен уақыт өткізудің түбі өкінішке алып келетінін ескертеді. «Басында әке айтпаса, ақыл жарлық, ағайын табылмаса, ой саларлық. Қалжыңбасып өткізген қайран дәурен, түбінде тартқызбай ма ол бір зорлық?» – деп, өмірдің мәнін дұрыс түсінбей, босқа өткен уақыттың зиянын айтады [82, 202].

Абай еңбектің байлық пен молшылықтың қайнар көзі екенін атап өтіп, жастарды еңбекке шақырды. Ол тек қана адамгершілік құндылықтарын көтеріп қоймай, жағымсыз мінез-құлықты да сынады. Абайдың адам тәрбиесіне қатысты көзқарастары көптеген салаларды қамтып, ол қоғамдық сананың қалыптасуына зор ықпал етті.

Абай мен Конфуцийдің философиясындағы үндестік адамның мәнді өмір сүруінің негіздерін қарастырады, бұл олардың ойларын терең зерттегенде адамзаттың жалпы ұстанымы мен тәртібіне деген көзқарастарының бір екенін айқындайды.

2) Жазу контексі.

Абай Құнанбайұлы мен Конфуций өлеңдер мен философиялық ой-толғаулар арқылы өз идеяларын жеткізді. Ойлы, терең мағыналы өлеңдерінде білім мен адамгершілікке шақырды. Диалог пен нақыл сөздер: «Лунь Юй» (Нақыл сөздер) жинағында қысқа әрі нұсқа диалогтар арқылы моральдық принциптерін жеткізді. Новелла мен публицистика: Әлеуметтік мәселелерді өткір сын арқылы жеткізді. Әңгімелерінде қарапайым халықтың қиыншылықтарын көрсетті.

Ұлттық қиындықтарды бастан кешкен кезде Абай мен Конфуций өз шығармаларында уайымшылдық пен жанашырлық көрсетеді. Абай ұлттық бірлік пен әлеуметтік үйлесімділік мәселелеріне баса назар аударады, ал Конфуций «бейбітшілікті жоғары бағалау» идеясын ұсынады. XIX ғасырда қазақ даласы енді жабық тайпалық қоғам емес, батыс капиталистік

экономикасы мен шығыс мәдениеті қазақ қоғамына жаңа қиындықтар әкелді. Абай адамдарды бостандыққа бағыттау әрбір зиялының міндеті деп санады. Ол «Абайдың қара сөздері» кітабының жиырма бесінші қара сөзінде ақын былай дейді: «Балаларды оқыту жақсы, бірақ тек құлшылық жасауға, түркі тануға қажетті біліммен ғана шектелмей, адал еңбек арқылы мал табуды үйрету керек. Егер осыны үйренушілер саны артса, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңдары болмаса, біз заңсыз қорлыққа көнбес едік. Қазаққа күзетші болайық деп, ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек», – деп ол өзінің ұлт болашағы үшін білім мен еңбекке деген құштарлықты насихаттайды [82, 27].

Абай сонымен қатар, «осы бір ұры мен бұзақы жоғалса, жұрттың ойы да өзгереді, шаруа да оңалар еді. Бай барын бағып, кедей жоғын іздеп, ел секілді талапқа, тілеуге кірісер еді» – деп, қоғамдағы әділетсіздік пен жамандықтардың түбінде ұлттық тәртіптің жоқтығы мен білімнің аздығын меңзейді. Осыған байланысты, ол ұлттың прогресіне кедергі келтіретін соқыр ұлттық үстемдікті сынайды.

«Тағлымнамада» жазылуынша Конфуций чуншиу дәуірінің соңы жәнгө дәуірінің басқы кезеңінде өмір сүрген, сол уақытта қоғамның ой-санасы шатасқан еді. Конфуций «мейір-шапағат» және «салт-дәстүр» идеологиясы оның қоғамға деген алаңдаушылығын көрсетеді. «Тағлымнамада» былай дейді: «халықты жарлықпен ғана бастаймын, жазамен ғана басқарамын десеңіз, онда халық жазадан қашамын деп, ар-ұяттан безеді, егер халықты кісілікке жетелеймін, әдеп-ибамен жөнге саламын десеңіз, онда халық ар-ұятын сақтап, өздерін де оңай алады», – дейді Конфуций [82, 203]. Конфуций халықты тек қана жазалау арқылы емес, мораль және әдеппен басқаруды ұсынды. Ол мемлекеттің негізгі міндеті халықтың ауыртпалығын жеңілдету деп санады, сонда ғана мемлекет тыныштыққа жетеді.

«Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» [82, 20]. Ғылыми білімнің маңыздылығын қоршаған адамдарға жеткізгісі келгенімен, байлар, әкімдер мен қызметкерлер өздерінің шексіз шаруаларымен айналысады, бұл Абайға үлкен өкініш әкеледі. Конфуций өз ғұмырында көптеген елдерді аралады, бірақ оның ілімін ешбір патша қабылдамады. Сондықтан Конфуций де осындай өкінішке ұшырады.

3) Идеологиялық мазмұн.

«Абайдың қара сөздері» және «Конфуций тағлымнамасында» білім беру, әлеуметтік мораль және ғылыми-техникалық мәселелер туралы көзқарастар көрінеді.

1. Білім беру.

«Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз, тұтқан ораза, қылған хаж, ешбір ғибадат орнына бармайды» [82, 24]. Абай білімді қараңғылықтан арылтудың маңызды рөлін түсінді. Конфуций қытайдың ұлы педагогі ретінде, «тағлымнамасында» өзінің білім беру идеясын толық көрсетті. Абай адамның мүмкіндіктерін іске асыруы, басқа жануарлар сияқты әрекетсіз болмауы, ойлауға және зерттеуге батыл болуы, ғарыштың құпияларын ашуы керек деп санады. Конфуций

«Тағлымнамасында»: «кітап оқығанды ғана біліп, ой жүгірткісі келмеген адам мең-зең күйге түсіп, ешқандай нәтижеге жете алмақ емес, ал кітап оқығысы келмей бос қиялға салына беретін адам қатерлі жолға түседі», – деген пікірді айтты, оқу мен ойлаудың маңыздылығын атап өтті [82, 152]. Білім алу мен ойлау қатар жүруі қажет, білім алу сұрақ қою мен кеңес алуды талап етеді.

Абайдың діттеген ұстаздық ойы білімді өмір бойы игеру қажеттігіне апарып тұйықтайды. Білімді алып қана қоймай, ел игілігіне жаратуда «білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез» деп білімнің сырын көруге «жүрегі-айна көңілі-ояу, көкірегінде көзі бар», ынталы сөзді ұғатын шәкіртке бағытталуын аңсаған. Қазақ халқының ой-санасында жаңаша бағыт ұстанып қазақ елін алға жетектейді. Ұлы ойшыл ақын «түзетпек едім заманды» деп, өз танымының тұрғысынан жас ұрпақты дәуір талабының деңгейінде тәрбиелеуді мақсат тұтып, белсене әрекет еткен. «Ғылым таппай мақтанба» атты өлеңінде:

Бес нәрседен қашық бол,

Бес нәрсеге асық бол,

Адам болам десеңіз [82, 20] – деп, пайдалы мен пайдасыз қасиеттердің атын атап, түсін түстеп береді. Бір ойы екіншісін бекемдей түседі. Барлық айтқанында сыни көзқарас тәрбиесі де, діл де жатыр.

Абайды оқыған сайын ақын шығармаларының қазақи табиғаты ашыла түседі. Абайдың бір сөзінде: «Сөз түзелді. Тыңдаушым, сен де түзел!» [82, 205], – деуі осы заманға лайықталып айтылған өмір сүру нұсқауы сықылды. Өз заманына асыл сөзін тыңдата алмай кеткен Абай мұрасының іші, терең қыр-сыры болашақ бірнеше ұрпаққа азық. Заман өткен сайын, уақыт өткен сайын тылсымның кілті табылып, Абай халқына бүгінгіден де ашыла, бүгінгіден де жақындай түсетін болады. Қазақ дертінен айығу үшін, көкейіндегісін табу үшін қашан да Абайға жүгінуі хақ. Заманына, дәуіріне қарай, қоғам қанша дамығанымен ақынмен сырласып, Абай айтқан ғибратпен ойлануы мәңгілік. Өйткені, Абай өлеңді ермек үшін емес, кейінгіге өнеге білім бермек үшін жазып кеткен. Абай: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар, содан сақтанбақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық деп білесің. Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешнәрсені оларсыз біліп болмайды. Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны, талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік бәрі осыдан шығады. Залымдық – күллі адамзаттың ең қас жауы» [82, 162].

Ал Конфуций бұл тұрғыда: «адасуға апаратын алты себепті атайды: «Адамгершілікке ұмтылып, оқығысы келмесе, бұл адасу ақымақтыққа алып барады. Әділ болуға ұмтылып, оқығысы келмесе зиян әкеледі. Туралыққа ұмтылып, оқығысы келмесе, дөрекілікке алып келеді. Ержүрек болуға ұмтылып, оқығысы келмесе, бүлікшілікке алып келеді. Қажымастыққа ұмтылып, оқығысы келмесе, онда ол аңдамаушылыққа алып келеді» [89, 748].

«Абайдың қара сөздері» кітабының 7-бөлімінде ақын былай деп жазады: «Білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген... дүниенің көрінген және

көрінбеген сырын толықтай білмей, ең болмаса оның бір бөлігін түсінбей, адамдық болмысын толық меңгеру мүмкін емес. Оны білмеген адам, ақиқатында, жан емес, хайуан болып қалады».

Ақын адамның танымдық деңгейінің кемшін болуын қатаң сынайды: «Артығын білмейміз, айтып тұрса да ұқпаймыз, көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбен көру мен хайуан малдан айырмашылығымыз не? Бала күнімізде жақсырақ едік. Білсек те, білмесек те, білсек екен деп, адам баласы болғымыз келген. Ал қазір біз хайуаннан да жаман болдық. Хайуан білмейді, бірақ оны білгісі келмейді. Біз ешнәрсе білмесек те, бәрін білеміз деп надандығымызды біліммен шатастырып, соған таласып, өлім мен өмірдің мағынасын түсінбей, күре тамырымызды қатайтып жатырмыз», – деп өмірдің мәні мен білімнің маңыздылығын айқын көрсетеді [82, 26]. «Тағлымнамада»: «тапқыр әрі білімді болу, төмен сұрақ қойудан ұялмау», «білгенді білу, білмегенді білмеймін деп айту – нағыз білім», – делінген [82, 30].

Айналып келгенде бұл екі көзқарас та кез келген кәсіпте де, қандай да бір істе де білімнің маңыздылығын жоғары қояды және білім алу әдістерін әр түрлі аспектілерден қарастырады.

Екінші – әлеуметтік мораль және ғылыми-техникалық аспектілер.

«Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаулылықтың жоқтығынан азады. Білімді білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен соң, бойын жиып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады» [82, 32]. Абай «ғылым мен техника – өмірдің кілті» деп санады және ғылым мен ақылдың құралы ретінде адамгершіліктің маңызды екенін атап өтті. Ол адамның адамгершілігі ғылым мен ақылды тиімді қолдануға әсер етеді деп санайды.

Конфуций «Тағлымнамада» «мейір-шапағат» және «салт-дәстүр» ұғымдарының маңыздылығын көрсетті. Бұл ұғымдар әлеуметтік үйлесімділікке қол жеткізу үшін адамдардың эмоцияларын және қалауларын ақылмен басқаруға көмектеседі.

Конфуцийдің «құлықты адам үш істен сақтанбағы керек, жас кезде қан тұрақты бола қалмайды, әйел құмарлықтан сақ болу керек, атпал азамат шаққа жеткенде қан әбден толықсиды, ұрыс-төбелес туғызып, сойқан шығарудан сақ болу керек, қартайған шақта құлқын құмарлықтан сақ болу керек», – дейді. Түп мағынасы еңбекқорлық және үйлесімділікке назар аударуды көрсетеді. Даналар мен орташа адамдар туралы «егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал!» [82, 34]. Абай мен Конфуций екеуі де жақсы адамгершілік және тұрақты білім алудың жеке өсу мен әлеуметтік прогресс үшін маңызды екенін атап өтті.

«Туғаннан біліп туғандар мен үйреніп білетіндер» – Конфуций бұл топты данышпандар ретінде сипаттады, бірақ мұндай адамдар өте сирек кездеседі. Талантты адамдар болмаса да, көп тыңдау, көру, тәжірибе жинау және оқу арқылы білім алуға болады, бұл – «үйреніп білетіндер» деген ұғым.

Абайдың жетінші қара сөзінде, балалық шақтағы табанды еңбек пен

ересек адам болған кездегі пассивтілік арасындағы айырмашылық қарастырылады. Конфуцийдің «сағат жетіде білген, кешке дейін өлуге болады» деген ұстанымы Абайдың білімге деген көзқарасымен үндеседі.

Конфуций: «үйреніп, уақытында үйрену – қуаныш емес пе? даладан дос келгенде – қуаныш емес пе? адамдар сенің білімдеріңді түсінбегенде, ашуланбау – ақылды адам ба?», – деген [82, 32]. Білім тек жеке адамның мәдени деңгейі мен білімін ғана емес, моральдық және дұрыс адам болу қасиеттерін де қамтиды. Абай «сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады», – дейді [82, 42]. Білім адам өміріндегі тәжірибелерден алынады. Өмір ең жақсы ұстаз, кез келген уақытта және кез келген жерде білім алуға мүмкіндік береді.

Конфуцийдің: «үш жолаушының біреуі сөзсіз менің ұстазым болар. Жақсысын таңдап ал, жаманын түзетіп ал», – дейді [82, 35]. Әрбір адам өзін оқытушы ретінде қарастыруы мүмкін. Өзінен жоғары адамдар – ұстаздар, төменірек адамдар да өз кемшіліктерін көруге көмектеседі. Әр адам өз ұстазы бола алады. Ньютон өзінің ұлы болмысын төмендетіп: «мен тек алыстағы алыптардың иығында тұрмын», – деген [82, 36]. Ұлы адамдар өздерінің жетістіктерін кең ауқыммен бөліседі. Өмірде өзін үнемі жетілдіру және мінсіз болуға ұмтылу керек.

Тақырыптық, жазу контексті және идеялық мазмұнды салыстыру арқылы «Абайдың қара сөздері» мен «Конфуцийдің тағлымнамасынан» ұлттық тағдырды, білім беру идеологиясын, әлеуметтік мораль және ғылыми-техникалық аспектілерді қамтудағы көптеген ұқсастықтарын көруге болады. Бұл ұқсастықтар екі ойшылдың әлеуметтік прогресс пен жеке жетілуге деген ортақ назарын көрсетеді.

Үшінші – қоғамға ықпалы.

Абай Құнанбайұлы Қазақ халқының рухани ұстазы: Қазақ әдебиеті мен мәдениетін дамытуға зор үлес қосты. Білім мен мәдениетті насихаттап, ұлттың өзін-өзі тануына ықпал етті.

Конфуций Қытай мәдениетінің негізін қалаушы: Конфуций ілімі Қытайдың мыңдаған жылдық мәдениеті мен білім жүйесінің негізі болды.

Абай мен Конфуций жазып кеткен мұралардағы өнеге де, өсиет те бүгінгі таңда қайта түлеп, қайта өніп, өз бағасын алып жатыр. Болашақ ғасырлардың да рухани қазынасы болары анық.

Абайдың өмірдегі, өнердегі, өлеңдегі тапқырлығы, көрегендігі, зиялылығын Конфуцийдің мұрасынан тауып, бірін-бірі толықтырып жататыны бүкіл халық атаулының, адамзат атаулының өмір сүруінің заңы болса керек. Екі дәуірде жасаған қос ойшыл қазақ-қытай халқының ұлы ұстазы.

3.2.3 Қорқыттың нақыл сөздері мен Абай қара сөздерінің ұқсастығы.

Ерте заманнан бері дүние әдебиет, мәдениет қорына еңбегін сіңірген аты да, заты да хаты да өлмеген ғалымдар мен ойшылдардың, ақылгөй дана, ақын-жазушылардың керуен легі ешқашан үзіліп көрген емес. Олардың

шоқтығы биік ерен еңбектері уақыт сынынан өтіп, өз даралығын танытып, тат шалмас алтындай көптігімен емес, нақтылығымен жарқырап, өз сәулесін шашып келеді. Дәл осындай алыптардың санасының жауһары болған ақыл-нақыл сөздер қайсы ұлтта, қай дәуірде болсын ұрпақ тәрбиесі ұлттың ұлт ғұмырын белгілейтіні рас. Ұлттың ділі мен тілінің, танымы мен түсінігінің, мәдениеті мен әдебиетінің, салт-санасының жалғасуы мен жоғары өреге көтерілуі де ұрпақ бойына атаның ақылы мен ананың сүтімен санасына сіңірген тәрбиесіне байланысты екені шындық. Қорқыт пен Абайдың орамды ойларына шолу жасап, талдап көрсек:

1. Ұрпақ тәрбиесі туралы айтқандары.

«Жақсы бала ана үшін екі көздің сыңары», – дейді Қорқыт. Жақсы бала деген сөздің ішіне: тәрбиелі, тәртіпті, ибалы, іскер деген мағына да сиятыны рас. Қорқыт тағы бірде «Ақылсыз балаға ата дәулетінен қайран жоқ», «Атаның атын былғаған баланың әке омыртқасынан жаралып, ана құрсағынан шырылдап тумағаны жақсы» [83, 89] – деп, баланың тәрбиесіздігі бала дүниенің тозағы екендігін, сонымен бірге мал-мүліктің де тәлім-тәрбиенің жанында тарыдай да рөлі жоқ екенін түсіндіреді. «Атасыз ұл ақылға жарымас, анасыз қыз жасауға жарымас», «Атадан тағылым алмаған ұл жаман, анадан өнеге көрмеген қыз жаман. Ондай бала ел басын құрап, үйіне дәм беруге жарамайды» [83, 89] – деп, адам баласының ақылды, тәлімді болуының негізі өмірге келген соң ортасынан алған тәлім-тәрбиесіне байланысты екенін, яғни, балапан ұяда нені көрсе, ұшқанда соны алады деген ойды айтады.

Абай тәлім-тәрбие жөнінде арнайы тоқталып, феодалдық көзқарастағы тәрбиенің жағымсыз жақтарын жақтамаған. Абай оныншы қара сөзінде: «Қазақ баласын өлсем орнымды бассын дейді, қартайған күнімде асырасын дейді, осыдан басқасы бар ма?» [82, 24] – деп, баласының орнын басып, малын өсірсе, орнына құран оқыса болды деген ешбір биік арманға қол созбайтын, ғылым-білімге жетелей бермейтін, қара бастың қамын күйттеген пәс мінезін ашына айтып, қазақтың бала тәрбиесіндегі кейбір оғаш қылықтарын, қатып-семген идеяны қатаң сынға алады. Ата-ананың тәрбиесінің маңыздылығын, балаға дұрыс тәрбие беруді, ізгі ниетті адамгершілікке жетектеуді, балаға мал жинауға емес, санаға нәр жинауға ата-ананың түрткі болуын дәріптейді. Жақсы ата-ана, жақсы ұстаз, жақсы құрбы адамды алға жетелейтінін, жақсыдан шарапат болатынын он тоғызыншы сөзінде: «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды, сол естілерден естіп білген жақсы нәрселерін ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, соны адам десе болады», – деп ой тәлімін зерделейді [82, 42].

2. Өмір туралы толғаныстары.

Қорқыт: «Қар қанша жауғанымен, жазға бармас, гүлденіп өскен бәйшешек күзге бармас» – деп, қара жердің бетін жасырып, қалың қар қымтағанымен көктемнің кірісімен сай-саладан пана іздеп қашатын қардың да ғұмырының бір мезеттік екенін айтса, құлпырған бәйшешектің солатын күні, қурап өшетін мұңы бар екенін айтады [83, 46]. Ал, Абай: «Жамандықты кім көрмейді, үмітін үзбек қайратсыздық, дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені

рас. Жамандық қайдан баяндап қалар дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?!», – деген оралымды тіркестері тілге оралады [82, 24]. Жаһан дүниенің жаратылысының жалғыз ауыз сөзбен жарылқаған ғұламалар айтпаған табиғат дүниесінде болатын құбылыстарға әсер етеді. Сол дәуірдегі қараңғы қоғамның, өгей таршылық өмірдің өзгеріп, оның орнына «көгі қалың, көлі мол жаз» сияқты өмірдің орнайтынын, «қолында жүзігі бар да Сүлеймен...» дегендей, дүниеде бір қалыпта тұратын ештеңе жоқ, заман өтіп, дүние жаңарады дейді, десе де ол сөздің астарында Абайдың жиырмасыншы қара сөзі жатыр. Ол сөзінде Абай: «Дүние бір қалыпта тұрмайды. Адамның қуаты, өмірі де бір қалыпта тұрмайды» десе, жетінші қара сөзінде: «Дүние үлкен көл, заман соққан жел. Алдыңғы толқын ағалар, соңғы толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» [82, 17] – деп, ескінің орнын жаңа, кеткеннің орнын келген басатынын айтады.

3. Адамгершілік туралы оралымды ойлар.

Адамгершілікпен адамның бағасын өлшеу қай кезде де өзгермейтін таразы. Адам болып өмір сүрудің алғы шарты – адамгершілік болған адам нағыз адам болмақ. Бұл қай дәуірде болсын Қорқыт пен Абайдай ғұламалардың бет қаратар құбыласы болған. Қорқыттың адамдық ар, адамгершілік туралы айтқандарына үңіліп көрелік: «Өтірік сөз өрге баспайды», «Өтірікші болғаннан жарық көріп өмір сүрмеген көп артық», «Сөзіне берік шыншыл адамға бұл дүниеде отыз жылды үшке көбейтіп өмір сүру де аз», – дейді. Мұнда адамгершілікке жат жаратылысын, шыншыл адамның қашанда беті жарық екенін, қарсы алуға бөленіп, құрметтелетінін, өнегесіз өтірікпен сүрген өмірдің мәні жоқ екенін ойға салады және де Қорқыт ата «Менменсіген тәкәппар адамды тәңір де сүймейді», «Басқалардан өзін жоғары ұстаған адамға Тәңірісі бақ бермейді», – деп өзін жоғары санайтын адамның анығында нағыз тоғышар екенін, ал шынында нағыз білімді адамның өзін ешқашан биікке қоймайтынын, керісінше халық жоғары бағалап, төбесіне көтеретінін айтса, осы айтылған идеяға ешкім ешкімнен биік емес, барлық адам тең дегендей бір дара, дана идеяны да байқау қиын емес [83, 46].

Абай жиырма бірінші қара сөзінде үлкендік пен адамгершіліктің мәнін терең түсіндіреді. Ол: «Үлкендік – адам ішінен өзін-өзі бағалы есеп қылмақ, яғни, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді осындай қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық көріп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез – ақылдылардың, арлылардың артықтардың мінезі», – деп жаман мінездерден сақтануды айтады [82, 45]. Абайдың осы сөздері адамгершілікке жат мінездер мен жаман қылықтардан аулақ болуды насихаттап, әр адамның бойында өзін-өзі жетілдіруге бағытталған моральдық ұстанымдарды қалыптастыруды көздейді.

Отыз сегізінші қара сөзінде ақын тәкәппарлық пен өзімшілдікке қарсы былай дейді: «Әуелгісі – әрбір жаманшылықтың жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жимақтық, бұл адамға нұр

болады. Екінші – өзін-өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын бұзады. Үшінші – қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек олар дұшпандық шақырады, һәм өзгеше боламын демектің түбі – мақтан, әрбір мақтан біреуден асамын деу күншілдікті бітіреді де, күншілдік, күншілдікті қозғайды», – деп адам бойындағы тәкәппарлық, мақтаншақтық, күншілдік сияқты жаман мінездердің адамшылықтан алыстататынын ескертеді [82, 87]. Кереғарлықты келтіріп шығатын кесірдің көзі осылар демекші, өзін басқалардан жоғары ұстаған адам керісінше өз бағасын кемітіп, басының қадірін азайтады. Қадірі кеткен бастың санадан сәні кетеді. Санатта жоқ жан, өшкен жан. Демек, Абай адам өмірінің мәні адамгершілік болғанда ғана болатынын ашып айтқан.

4. Мал-дүние туралы.

Қорқыт бабамыз: «Жігіт тірісінде қара таудай қылып, бір күн тыным көрмей дүние жияды, бай болады, бірақ соның ішінен өзіне тиісті үлесін ғана жейді» – деп, тұтас өміріңде мал қуып, дүниенің соңына түскеніңмен, қызыл кеңірдегіңнен өтіп, құрсағыңа барғаны ғана сендік, қалай жанталасаң да, бар дүниені жұта алмайсың, барлығын керегіңе жаратуың екі талай деп жөн сілтеп, сонымен қатар: «Мыңғырған мал жиғаныңмен жомарт атанбас», – деп қазақ байларының арасындағы әр екі байдың бірі болып кезігетін түйесі аунаған жердегі түгін, қойы қоралаған жердегі көңін дүниеге балайтын, қолда барын өз орнына жұмсап, бағына айналдырмай, қу дүниенің соңына түсіп, зарына айналдырып алатын түк шықпас Шығайбайын айтқан болар [83, 88]. Тағы да «ақылсыз балаға дәулетінен қайыр жоқ» – деп, бар дүниенің білімсіз балаға жетпес пайдасын мал-дүниеден гөрі ақыл-білім көкке жеткізетінін ой көкжиегіне қондырады [83, 89].

Абайдың сегізінші қара сөзінде қоғамдағы байлар мен олардың өміріндегі үстемдікке және малға деген құштарлыққа сыни көзқарас байқалады. Ол байлардың материалдық құндылықтарды, яғни, малды ең жоғары құндылық деп санап, оларды адалдық, ақыл, ғылым, білімнен артық көреді. Абай: «Байлар олар өздері де бір күн болса да дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты дүниемен сатып алады, көңілдері көкте, көздері аспанда адалдық, ақыл, ғылым, білім – ешнәрсе малдан қымбат демейді. Мал болса Құдай тағаланы да паралап алса болады» – деп, малдың құндылығына тым тәуелді болудың адамгершілікке жат екеніне көрсетеді. Бұл тұжырым арқылы ақын қазақ қоғамындағы байлыққа деген біржақтылық көзқарасты сынға алып, материалдық дүниенің рухани құндылықтардан басым болмауы керек екенін айтады [82, 8].

Ал он үшінші қара сөзінде Абай тағы да байлықтың адам өміріндегі маңызды рөлін атап, оның қалай жұмсалуы тиіс екенін түсіндіреді. Ақын мал табудың ғана емес, оны дұрыс пайдалану керектігін айтады: «Қош, сөйтіп жүріп мал таптың, байыдың, сол малды сарып қылып ғылым табу керек. Өзіңе табылмаса балаң тапсын, ғылымсыз ақырет те жоқ, дүние де жоқ, ғылымсыз оғынан намаз, тұтқан ораза, қылған қаж ешбір ғибадат орнына бармайды». Мұнда Абай білім мен ғылымның, рухани өсу мен адамгершіліктің маңыздылығын тағы да ерекше атап өтіп, материалдық

байлықтың рухани құндылықтармен теңестірудің қажет екенін көрсетеді. Сонымен қатар ол қазақ қоғамындағы кейбір адамдардың байлықты «иттікпен табуы» мен сол байлықты адал жолмен жұмсамауын сынайды. Ақын байлық пен билікті тек өз пайдасына жұмсап, оны адамгершілікке сай қолданбаудың теріс екенін ашық айтады: «Бәрі де иттікпен табады, иттікпен айырылады. Бейнет, күйігі, ызасы осы үшеуінен басқа ешнәрсе бойында қалмайды» [82, 30].

Тапқан малды жұмсап, ғылым-білім алу керектігін, онсыз дүниені таудай жиғанмен, тарыдай тәлім бермейтінін, тек санаға тарыдайдан сыналап жиған білім ғана таудай пана болатынын айтады. Абай сол жолмен жүрген жанның дәл өзі. Ал қалған жұрт солай етті ме?!

Тыңдаған құлақ, ашылған зерде бар ма?, – десе де, нақ асыл өз таразысын басар.

5. Дін туралы.

Қорқыт ата нақыл сөзінде дін туралы: «Аузымды ашсам тіліме кәлима келеді, Аллаға шексіз рахмет! Алланың досы, дініміздің егесі Мұхамметке құрмет...», – деп, ислам дінін күмәнсіз мойындап, риясыз сеніп, шексіз алғысын жаудырады [83, 89]. Дінге мойын ұсынған басқа жандардан да алғысын аямайды. Ал Абай: отыз сегізінші қара сөзінде: «Алла тағала – өлшеусіз, біздің ақылымыз – өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды. Растың бір аты – хақ, хақтың бір аты – Алла, бұғар қарсы қаруласқанша, мұны ұғып ғадаләтпен тәптештеуге керек» [82, 87], – дейді. Мұнда Абайда исламды мойындап, сенім білдіргенін көре аламыз. Абай өз заманында жалаң бір ағынға ілесу емес, шын ниетімен тәптіштей түсінуге барынша күш салған. Сондықтан Абай дінді өзіне тән тағылыммен түсінеді де, өзінің қасиетіне сай ұстанады. Қорқыт кейбір афоризм сөздерінде «Тәңір» деген сөзді де қолданған. Мысалы, «Тәкаппар адамды тәңірі сүймейді» – деп, Тәңірді ауызға алады [84, 89].

Қорыта айтқанда, алдыңғы толқын – Қорқыт, соңғы толқын – Абай болып, ешқашан үзілмеген даналық жүгін көтеріп, шаңырағын артып жеткізген дәуірдің алып нарлары. Олардың идеясындағы санасының жауһары шығармасындағы нәрінде де, мәнінде де ұластық тауып, ұқсастық болуы керемет таңғаларлық жайт болмаса да, осы алыптардың әрбір сөзіне үңіліп, түйінін санамызға саңылау түсірердей ойға тоқу – біз секілді ұрпақтардың міндеті. Бұл тәрбиелік мәні мен рухани күші бар, өнеге аларлық өресі бар, бір ауыз сөздің түйіні талай сөздің жиыны болып келген сөз маржандары қай дәуірде болсын ұлтымыздың, ұлылардың данышпандығын танытып, біздің рухани күшіміздің қайнап шығар бастау көзі бола бермек [84, 90].

Үшінші тарау бойынша түйін

Тараудың бірінші бөлімінде Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмірі мен ой-толғамдары, туындыларына арналған ғылыми зерттеулер мен әртүрлі академиялық басылымдарда жарияланған мақалалар мен еңбектердің маңызы көрсетіледі. Зерттеушілердің еңбектері, атап айтқанда Құрманәлі Оспанұлы, Жақып, Әуелқан, Нәбижан, Болантай, Нығмет секілді

ғалымдардың зерттеулері, сондай-ақ Қабайдың «Абай туралы зерттеулері» мен Чын Чындуңның «Абай – Қазақ даласының темірқазығы» атты монографиялары Абай шығармашылығын тереңірек түсінуге септігін тигізді. Сонымен қатар, ҚХР-дағы «Кітап білім қор қамбасы» (中国知网) сайты арқылы Абай туралы жазылған мақалалардың саны анықталды. Оның ішінде докторлық диссертациялардың саны 140, магистрлік диссертациялардың саны 536 екендігі нақты көрсетілді. Бұл зерттеулер Абайдың шығармашылығы мен ой-толғамдарының қаншалықты кең көлемде зерделеніп, талданып жатқандығын көрсетеді.

Үшінші тараудың екінші бөлімінде Абай шығармаларының салыстырмалы зерттелу мәселесі қарастырылады. Бұл бөлімде Лу Сюн мен Конфуций шығармашылығының Абай шығармашылығымен өзара байланысы мен ұқсастықтары талданады. Абай, Конфуций және Лу Сюнның шығармашылық мұраларының әдебиет пен өнерде ерекше орын алатындығы, олардың рухани мұрасының халықтардың мәдениеті мен қоғамының дамуына қосқан үлесі атап көрсетіледі. Шығармаларындағы отбасы, жеке тұлға, қоғам және дәуір арасындағы байланыстар, сондай-ақ олардың білім мен әлеуметтік мораль, ғылым мен техникаға қатысты ұстанымдары салыстырмалы түрде зерттелді.

Бұл бөлімде Абай, Конфуций және Лу Сюнның әлеуметтік әділетсіздікке қарсы күресі мен надандықты сынауының маңызы айқындалды. Абай қазақ халқының мәдениетін сақтау мен оны дамытуға шақырса, Конфуций қоғамдағы тәртіпті нығайтуға және адамдардың моральдық ұстанымдарын жақсартуға ұмтылса, Лу Сюн Қытай қоғамын жаңғырту мен реформалауды мақсат етті. Сонымен қатар бөлімде Қорқыттың нақыл сөздері мен Абай қара сөздерінің ұқсастықтары, сондай-ақ, олардың ұрпақ тәрбиесі, өмір, дін және адамгершілік мәселелеріне қатысты пікірлерінің ортақ тұстары анықталды.

Абай мен Конфуцийдің және Лу Сюнның шығармашылығындағы рухани үндестік пен адамзаттық құндылықтарға деген көзқарастарының ұқсастығы қоғамның дамуы мен жеке тұлғаның жетілуіне деген жалпы ойды негіздейді. Абайдың қазақ қоғамына қатысты айтқан ойлары мен ұстанымдары әлемнің әртүрлі мәдениеттерінде ұқсас бағыттағы философиялық және әлеуметтік пікірлермен үндесіп жатыр.

4. АБАЙ ЖӘНЕ ҚХР-ДАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

4.1 Абай шығармаларының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орыны

Абайдың ағартушылық идеялары Қытай қазақтарының ғылым-білім үйренуіне үлкен жол ашты. Абайдың ағартушылық идеялары тәлім-тәрбиемен қатар жүреді. Ол еңбек тәрбиесін – оқу мен білім алудың негізі деп түсінді. Абай жастарды жалқаулыққа салынбай, ғылым-білімді меңгеруге үндеді:

Ғалым болмай немене,
Балалықты қойсаңыз.
Болмаса да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз [90, 165].

Қазақ халқының шаруашылығы тарихтан бері табиғаттың даяр сыйына сүйеніп, мал бағып күнелтуге негізделген шаруашылық болды. Оның үстіне, қазақ халқы әлеуметтік ортасында басқа ел халықтарымен қарым-қатынасы сирек болған тұйық жағдайда өмір сүрді. Абай қазақтың осындай дамымаған феодалдық-патриархалдық қоғамдық ортасын, жұтаң, мешеу тіршілік күйін өзгертуде мәдени-ағарту мен білім таратуды қоғамдық-әлеуметтік кеселден азат етудің бірден-бір жолы деп білді. Осылайша Абайда жаңалыққа көшу немесе қоғамның алға басу қайнарын адамдардың дамуынан іздейтін мәдени-ағарту көзқарасы мен идеясы туылды. Абайдың қара сөздері бізге оның мәдени-ағарту көзқарасы мен идеяларының тарихи негіздерін тауып, әрі оның пайда болған түп-төркінін тануымызға мүмкіндік әпереді. Абайдың тарихқа көзқарасының биік өресі еді. Абайдың мәдени-ағарту көзқарасы сол тұстағы кертартпа ағартушылық идеяларға негізделмеді.

Сонымен қатар томаға-тұйық «мұсылманшылық» ағарту-идеясындағы «Ақ патшаға» құлдық ұруға үндейтін діни-ағартушылардан да іргесін аулақ салған еді. Керісінше, Абайдың қоғамдық ағарту көзқарасы XIX ғасырдағы орыс ағартушы демократтарының озық идеяларымен танысып, онымен етене байланыста болды.

Абай қатардағы жай ұстаз емес, ол өскелең саналы, аса ұлағатты ұстаз. Ол өздігінен білім алудың ұзақ жолын басты. Орыстың, шығыстың және батыс елдерінің өз дәуіріне дейінгі барлық әдебиет жетістіктерін оқып, үйренді әрі оны өзінің шығармашылық өнерге үлгі етіп, жасампаздықпен шебер пайдалана білді.

Абай Құнанбайұлы ұлтымызға сарқылмас мол білім, асыл қазына қалдырған ұлы ойшыл және ақын. Оның шығармашылығында қазақ халқының мәдениетін, тілін, әдет-ғұрпын сақтап, дамытудың негізгі жолдары айқын көрсетілген. Абай өзінің шығармалары мен қара сөздерінде қазақ тілінің байлығын терең түсініп, оны әдеби тіл ретінде қалыптастырудың маңыздылығын баса айтты. Ол халық тілін қастерлей отырып, оның мүмкіндіктерін кеңінен пайдалануға шақырды.

Абай қазақ тілінің әдеби тілге айналуындағы қажеттілікті түсініп, тіл

байлығын сақтау мен дамытудың үлгісін көрсетті. Оның шығармаларында халықтық сөздер мен терең философиялық ойларды көркем түрде жеткізу, әдебиет пен халықтың тілін байланыстыру ерекше орын алған. Ол халықтық қорды пайдалану арқылы ұлттық мәдениеттің негіздерін қалыптастырды. Абайдың әдеби тілі мен ой-толғамдары қазақ халқының жан-дүниесін, дүниетанымын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Оның шығармаларының тілі қарапайым халыққа түсінікті әрі терең мағыналы болды, сондықтан ол әдеби тілдің қалыптасуына үлкен ықпал етті.

Абай өзінің өлеңдерінде және қара сөздерінде қазақ тілінің байлығын пайдалана отырып, ұлтты тәрбиелеу, оны адамгершілікке, білімге баулу жолында маңызды міндеттер қойды. Ол тілдің өміршеңдігін, қуатын сезініп, оны қоғамдық өмірдің барлық саласында қолданысқа енгізудің қажеттілігін дәлелдеді.

Абайдың қазаққа берген тағылымы тұтас тұлғасымен тұрған бір мектеп болды. Абай тәлімдері Қытай қазақтарының тәрбиесіне жаңа Қытай құрылардан бұрын Кеңестік Қазақстан баспа-сөзі мен оқулықтарынан тарап келді. 1951-1956 жылдары Шынжаңның өзінде Қазақстан оқулықтарының үлгісімен жасалған оқу құралдарында да едәуір көлемді орын алды. 1957-1980 жылдардағы тарихи аумалы-төкпелі кезеңде, мектеп тәрбиесінен қағыс қалдырылған Абай тәлімдері тек оның тез жатталу қасиетіне сүйеніп, халықтың көкейінде сақталды, жанұялық тәрбиеден ерекше орын иеленді және қолда бар басылым беттеріндегі шығармалары қастерлеп сақталып, қолдан-қолға өтіп, өз оқырманын тауып отырды. 1980 жылдардан бастап Қытай мемлекеттік оқу-ағарту министрлігінің Шынжаңдағы аз санды ұлттардың әдебиет оқулығын өз тілінде, ұлттық тіл-жазудың өзіндік ерекшелігін дамытып, сапасын мемлекет бойынша біртұтас құрастырған оқулықтардың өресінен төмендетпей, құрастыруға берген құқымен ұйғыр, қазақ, қырғыз тілдерінде бастауыш, орталау, орта мектеп әдебиет оқулықтары тұңғыш рет өз алдына құрастырыла бастады. Бұл Шынжаңда ұлттық әдебиет және грамматика оқулықтар құрылысындағы үлкен маңызға ие бір белес болды. Бұл жұмысқа қазақ тіл, әдебиет мамандары, баспагерлері құлшына жұмылып кірісті.

Қазірге дейін қазақ бастауыш-орта мектептерінің әдебиет оқулықтарына енген суреткер ақын Абай еңбектерінен мыналарды атаймыз: «Күз», «Қыс», «Жаз», «Жазғытұры, қараша желтоқсанмен сол бір екі ай», «Интернатта оқып жүр», «Қансонарда», «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әр негеә, «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Өзгеге көңілім тоярсың», «Аттың сыны», «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат», «Сегіз аяқ», «Ескендір» поэмасы қатарлы поэзиялық туындылары; «Теректің сиы», «Емен мен шілік», «Қазаға ұшыраған қара шекпен», «Есек пен бұлбұл», «Шегіртке мен құмырсқа», «Қарға мен түлкі» қатарлы аудармалары; «Үшінші сөз», «Алтыншы сөз», «Жетінші сөз», «Сегізінші сөз», «Оныншы сөз», «Он бесінші сөз», «Он тоғызыншы сөз», «Жиырма бірінші сөз», «Жиырма бесінші сөз», «Жиырма тоғызыншы сөз», «Қырық төртінші сөзі» секілді ғақлиялары оқулықтарға енген. Осы шығармалардан ақынның ерекшелігін, тіл

өзгешелігін, эстетикалық көзқарасын, педагогикалық ойларын, философиялық көзқарасын, қоғамдық идеяларын көруге болады. Абай қазақ оқулықтарының шеңберінен шығып, ұйғыр, қырғыз әдебиет оқулықтарынан да орын алып, санамалы шығармалары оқытыла бастады.

Абай: «Адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқасымен оздым ғой демектіктің бәрі ақымақтық» [90, 170] – дейді. Мұнда оқу, өнер-білімге баса мән беріп, білімсіз, надандыққа қарсы тұрса, әрі ақыл, ғылым, ар, мінез кімде жоғары болса, оның қоғамдық орны құндылығы да жоғары болады дейтін адам болудың өлшемін белгілейді.

Абай қазақ халқының сол замандағы қоғамдық ортадағы мешеулік, ғылым-білімнен артта қалушылығын жоюдағы қоғамдық өркениеттегі басты нәрсе – ғылым, оқу деп білді. Халық өнер үйренсе, басқа өнерлі, дамыған елдерден өнеге, ғибрат алса, сонда халық пайдалы кәсіпке де, егін салу, сауда істеу, қолөнермен айналысуға да тез жаттығар еді деп қарайды.

Абай оқу-білім, өнердің маңыздылығын «адамшылық» яғни, өндіргіш күштегі адам факторымен байланыстырып, халықтың тұрмысына, өмірі мен шаруашылығына да пайдалы екендігін, өнер-білім техника халықтың шаруашылығын, материалдық өркениеті мен рухани өркениетін дамытуда төтенше пайдалы болатынын мысал арқылы түсіндіреді. Қазақ халқының мәдениеті дамыған елдерден үйренуде сақталған кемшіліктерінде көрсете сын тезіне алады. Абай өнерлі елдің өнерсіз қазақ елінен орнықтылығын көріп, оның өнері мен білімін үйрену, тұтас мұсылман елдері бой ұрып, бас иген араб елінен немесе дамыған батыс елдерінен ғана үйреніп қалмай, қазақпен іргелес жүрген көршілес өзбек, татар, ұйғыр халықтарының да озық өнер-білім техникасын үйренуге шақырады.

«Оқу мен ғылымды халыққа қызмет істеу үшін үйрен, өз қара басың үшін үйренбе. Тапқан өнеріңді, біліміңді ел үшін, жұрт үшін жұмса. Қазаққа күзетші боламын деп, бізде ел болып, жұрт білгенді біліп, жұрт қатарына қосылудың қамын жейік деп, ниеттеніп үйрену керек» дейді [3, 303].

Абай мектебінің ҚХР-дағы Қазақ жазушыларына ықпалы.

Абайдың ағартушылық идеялары мен Абай мектебі ҚХР-дағы жазба әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үлкен ықпал етті.

Абай шығармалары еліміздің қазақ жазба әдебиетінің тың бетін ашқан Шинжияң ұйғыр автономиялы аудандық әдебиет көркемөнер бірлестігінің орынбасар төрағасы Құрманалы Оспанұлы жазған «Абайдың өмірбаяны және шығармасының құны» деген мақаласында «Абай және оның шығармалары еліміз қазақ зерттеушілерімен тығыз байланыста болып оларға тікелей ықпал жасаған», тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні Абай еліміз үшін қазақ әдебиетінде бірінші орында, көш басында тұрады. Абай шетелде өскен болса да бірақ жұңгө қазақ халқының жүрегінде оны баяғысындай өзінің ақыны деп қарайды [3, 305].

Шыңжаң қазақ жазба әдебиетінің негізін салушы, ғұлама ақын, дін қайраткері Ақыт Үлімжіұлы Қарымсақов 1868-жылдың тамыз айында Алтай аймағының Қайырты деген жерінде дүниеге келген. Әкесі Үлімжінің өзіндік

шағын ғана дәулеті бар шаруа адамы болады. Ақыт жеті жасқа келген немере ағасы Садық Жебенұлынан, онан кейін ауыл молласы Ғұсманнан оқып сауатын ашады. Жас кезінен бастап халық әдебиетінен сусындап, өлең жырды зердесіне сіңіріп өседі. Кейінірек Бұқарадан келген оқымысты Махбубұладан оқып, араб, парсы тілдерін үйренді [90, 172]. Ақыт ҚХР-дағы қазақ әдебиет саласында ең алғаш Абай шығармасы мен танысқан, яғни Хәкім Абайды Қызылордадағы Қазақстан баспасынан шыққан толық жинағымен шамамен сол жылдың аяғында немесе 1935 жылдың басында танысады. Ақыт XX ғасырдың 30 жылдардағы қазақ жазушыларының ішіндегі танымал өкілі. Бұл көзқарасты назарға алу аса маңызды. Ақыттың Абайдан үйренуі – біршама көрнекті, алған өнімділігі жоғары болған. Бұл Ақыт Үлімжіұлының шығармашылық бағытына үлкен бұрылыс пен серпін әкеледі. Енді ол Абай мектебінің өнегесін жалғастырушы ретінде көзге түседі.

Ақыт Үлімжіұлы Абай мұраларының жоқтаушысы, насихаттаушысы ғана емес, қазақтың Қытайдағы алғашқы Абайтанушыларының бірі бола білді. Бұған оның еңбегінен туған «Дәлеилу-ғақылия» еңбегі дәлел. Ақын ұрпағы «Құран кәрімді» қазақ тілінде сөйлеткен белгілі дін қайраткері Ғәзез қажы Ақытұлының (1924-2012) куәлік беруінше Ақыт Үлімжіұлы бірде баласы Қалманмен әңгіме үстінде оған «Абай өлеңін атүсті оқып кеткен адам оңай-оспақ түсіне қоймайды. Бұл Абай өлеңінің ойлылығы, мәнінің тереңдігінен... құранға неге тәпсір жазылады? хадиске неге шарх жазылады? мақсат жаңғырту, түсіндіру арқылы ғауам халыққа таныстыру емес пе?», – дейді [91, 19]. Міне, осыдан Ақыт Үлімжіұлының Абайға жай еліктемегенін, шығыс әдебиетінде ежелден бар назиралық дәстүрді берік ұстанып, данышпанның тереңіне бойлап, күрделі лебіздерін шешуді, Абайды тану мен жұртқа танытуды мақсат тұтқанын көреміз. Мысалы, «Дәлеилул-ғақылиядағы» бесінші өлеңін Ақыт Үлімжіұлы Абай хәкімнің өлеңімен түрлендіріп, өз өрнегімен толықтыра түседі:

«Қайран жұртым, қазағым, қалың елім,
Бет көріп сөйлескенде бәрің көрдім.
Тоқтау сөз берекеден кеткеннен соң,
Жеке-жеке сандалып түсті белің.
Әр кім өзі бір жеке ойыменен,
Тарқата алмай кеттің ғой көңіл шерін,
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Қадыр тұта алмадың боздағыңды.
Жыртың-жыртың бос өкпе, ала көздің,
Көрдің бе өсіменен озғаныңды?
Бас-басыңа би болып, алты бас боп,
Қарашы быт-шыт болып тозғаныңды.
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Ойламасаң қайта адам болмағыңды» [92, 6]. Ақыт қартайған шағында жазған философиялық өлеңдерінің құрылысы Абайдың өлеңіне ұқсап кетеді, тіпті кейбір сөйлемнің құрылысы, сөз қолданысы Абайға ұқсап кеткен,

сондықтан Ақытты зерттеу арқылы Абайдың еліміз жазушыларына жасаған ықпалын тіпті де жақсы түсіне аламыз [3, 359].

Ақыт Семейге барып Абайға амандасып, сәлем бере барған. Оның мына бір өлең жолдарынан Абайға шексіз құрметін көре аламыз.

Ақындар бізде бұрын өткен талай,
Әсіресе Құнанбай баласы Абай.
Солардай өткір сөзді таппаса да,
Ойымды жеткізейін құрай жамай, – деп жазған [92, 143].

Көптеген ұлттардың әдебиет тарихында мынандай құбылыс бар: түрлі ұлттан шыққан, бір-біріне ұқсамайтын екі жазушының жазушылық стилінің ұқсауына тұрмыс жолдарында да кейбір ұқсастықтар әсер еткен.

Абай адамды адамнан оздыратын – ғылым, шамаң келсе, білім иесі бол. Өзіңнен ақылы жоғарыдан сабақ ал. Сондай қасиетті нәрсеге елікте деп жөн сілтейді. Адам білімге талпынбаса, ұмтылмаса, оның хайуаннан жайы қанша артық дейді. Сол ғылымды қазаққа оқып үйренуге түсіндіреді:

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
«Ондай болмақ қайда» деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз.
Сізге ғылым кім берер,
Жанбай жатып сөнсеңіз [92, 144].

Адамның көңілі шын мейірленсе, білім, ғылым өзі де адамға мейірленеді, тезірек қолға түседі, – деп үгіттейді Абай.

Таңжарық пен Әсет арасында осындай ұқсастықты бағалай аламыз. Мәселен, ол екеуі де халық айтыс ақыны секілді суырып салып өлең айта алады, ырғақ пен ұйқасқа төтенше мән берген, екеуі де аламан айтыс ақыны, Әсет пен Біржанның айтысы жұмбақ өлең айтысының ғаламат айтысы деп қаралады. Таңжарықты Ұлжалғаспен болған айтысы өрелі айтыс қатарына кіреді. Адамды таңғалдыратыны екеуі де Абайға табынушылар, Әсет Абайдың оқушысы мұны айтпасақ та елге мәлім. Таңжарық Абайдың өлеңдерін өзінің үйрену үлгісі етіп, Абайды ұстаз тұттым деген. Әсет Абайдың туған жерінен еліміздің қазақ ұлты болыстарына келіп мәдениет таратады. Ал Таңжарық қиырдың өзін алыс тұтпай, Қазақстанға барып үйреніп, алға басар мәдениетті ала келген. Екі елдің мәдениет алмастыруына екеуі де үлкен, біршама рөл атқарады. Уақыт бойынша талдап көрсек, Таңжарықтың әдебиеттегі іс-әрекеті, Әсетпен іркес-тіркес қатар жүргізілгенін көреміз, сондықтан Таңжарық Әсеттен әдейі үйренгелі іздеп барған деуге толық негіз бар.

Әсет Найманбайұлы 1864 жылы Қазақстанның Семей облысында өмірге келіп, жас кезінде Абаймен танысып, дидарласқан. Абайдың алымды шәкірттерінің бірі. Абайдың «Әсетке» деген өлеңінде Әсеттің үйренуге деген ықыласы мен ниетін марапаттаған болатын. Әсет Абайдың әдебиет-көркемөнер идеясының адал мұрагері және оны үгіттеушісінің бірі. Әсет осы сипатымен еліміздің Алтай, Тарбағатай, Іле, Бұратала секілді қазақ қоныстанған орындарда сейіл құрған. Аңыздарға негізделген ойларға назар

салсақ, ол барған әдебиет әуесқойлары қуана қарсы алып, күндіз-түні одан тәлім алады. Іле ауданындағы Рахымжан Мешпетұлы, Алтайдың ақыны Қормал, Ыбырай, Идаш, Рахым секілді азаматтар өздерін Әсеттің шәкіртіміз деседі екен. 1916 жылы Әсет отбасымен Тарбағатайдағы найман руына қоныс тебеді. 1923 жылы Іленің жайлауында дүниеден өтеді.

Әсеттің еліміздегі әдебиет саласына сіңірген еңбегі XX ғасырдың 20 жылдарына дейін жалғасады. Әсеттің әдебиеттегі жасампаздық өмірінен XX ғасырдың басында және содан бұрынғы қазақ әдебиетін бөліп жарып қарастыра алмаймыз. Еліміздің нақты ахуалына негіздей отырып, Әсеттің әдебиеттегі асыл мұрасын ақырғы көнбе етсек, артық емес. 1923 жыл еліміздегі қазақ халқы заман әдебиетінің соңғы шегі болса Әсеттен кейінгісін осы заман әдебиеті сатысы десек, ал қазіргі заман әдебиеті мен қазақ әдебиетін ашық айырып тастап, өз алдына бір төбе десек, ал қазақ әдебиетінің бізге жасаған ықпалы болса, онда ол бөлек шара болмақ.

Әсет ақынның жасампаздығында адамдарды таңғаларлықтай нәтиже болғанын көре аламыз. Оның уәкілдік шығармасы «Салиқа мен Сәмен» көркемөнерлік, тілдік оралымы жағынан тамаша жоғары деңгейге жеткен. Бұдан басқа «Ағаш ат», «Француз патшасы» дастандары мен суырып салма көптеген өлеңдері бар. Әсеттің дауысы асқақ, өлең жаратқанда ырғаққа мән береді, оның өлеңдерінде музыкалық сезім мол, жаттап ән орындап айтуға да болады. Тыңдағандар қатты ұнататын, сарапшылар оның өлең жазу стилі Абайға ұқсап кететіндігін өз пікірлерінде жиі айтады. Әсет жүйрік айтыс ақыны, көптеген азулы ақындармен айтысқа түскен. Бүгінгі таңда жұрт арасына таралып жүрген оннан астам айтыстары бар. Осының ішінде «Әсет пен Ырымқанның» айтысы – жұмбақ айтыстың классигі десек қателік емес. Қазақстанда түрлі әдебиет оқулықтарына енгізіліп, алғашқы үйренушілердің сөзсіз оқитын айтысына айналып отыр. Елімізде Әсеттің шығармалары тиымға ұшыраған. 11 кезекті 3-жалпы мәжілісінен кейін тиым өз күшін жойып, біраз жылдардан бері Әсеттің шығармасын насихаттайтын және шығармашылық жолын таныстыратын мақалалар жазылып келеді. Әсет шекаралас екі елдегі қазақ ұлты қоныстанған ауданда араласқандықтан көптеген жазбалары шашылып, жинақталмаған. Оны жинап, мұрасын жаңғырту басты мақсат болу керек. Бірнеше жыл бұрын «Салиқа мен Сәмен» дастанын XXI ғасырдың басындағы Шинжияң Іле Тарбағатай аймағының барлық ауданының ақыны Қызыр өз атынан жариялап, оны 1981 жылы ұлттар баспасынан жеке кітап етіп шығарып, осылайша Қызырдың атымен жарық көрген, бірақ кейбіреулер бұған өзгеше пікірде болған. «Салиқа мен Сәмен» дастанының авторы ежелден Әсет десіп келген. Бұған дәуір жол бермейді. Қазақстанның әдебиет зерттеу орталығының архив бөлімінде бүгінгі таңға дейін «Әсеттің қолжазбасы сақтаулы тұр» деп дәлелдеді. Жуық жылдарда қарт ақын Асқар Татанайұлы бұл дастанның шындығы туралы өз пікірін былайша айтады: «1946 жылы «Салиқа мен Сәмен» дастаны «Бостандық Алтай» газетінде жарияланғанда мен редакциялау қызметіне қатынасқанмын деген. Ол адамның сөзі шындыққа жанасады. «Салиқа мен Сәмен» дастанының таласы ақырласқан болса да бізге мынадай ой салды» [92, 145].

Біз әдебиет тарихын құрастырып жазу барысында жоғарыдағыдай мәселелерге тап боламыз ба? әлде жоқ? «Салиқа мен Сәмен» сияқты көлемді тарихи дастанды бей-берекет бір ақын жазып шыға алмайтынына сенуіміз керек. Қазақ әдебиетінің тарихын жазғанда Әсетті XIX ғасырдың соңындағы жазушылар шоғырында көрнекті орынға қойған. Ал елімізде қазақ әдебиеті тарихын құрастырғанда Әсеттің шығармашылық іс-әрекетінде өзгеше пікір алауыздығы бар екенін нақтылы шығармасына баға бергенде бірнеше жыл бұрынғы «Салиқа мен Сәмен» дастанына болған таласын ойламасқа болмас. Әсет еліміздің қазақ ауданында халықпен тығыз араласқан, белгілі дәрежеде мәдениетті тарата отырып, әдебиет пен көркемөнердің дамуына барынша үлес қосып, ерекше рөл атқарғанын ерекше атап өтуімізге әбден болады.

Әсеттің шығармашылық кезеңі дәл Абай мен Таңжарықтың арасында болған. Сондықтан Әсет қазақ әдебиетінің алдыңғыға мұрагер, кейінгіге үлгі, жұңгө мен шет елдерді байланыстырған жазушы және ақын деп танысақ болады.

Абай мұрасы ҚХР қазақтарының рухани толысуы, даму, жетілуі жолындағы негізгі тірегі болды.

Таңжарық Абай шығармаларын көп оқығанын, Абайды өзіне ұстаз тұтып, кейде Абайша жыр жазғанын білуге болады. Абайдың «Жазғытұрым», «Қыс» секілді өлеңдері мен Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» сынды шығармасы мен Таңжарықтың «Іле сипаты» атты өлеңінде бір-біріндегі теңеулердің үндесуі мен тамырластық бар. Алайда, Таңжарықтың кейіптеу тәсілін қолданудағы өзіндік ерекшелігі байқалады.

Күн күліп барша әлемге шашты нұрын,
Кіргізіп табиғаттың қашқан сұрын.
Жағалай босағаны жымың қағып,
Күйеудей қайынына келген ұрын.
Шықпенен бетін жуып, жер түрленіп,
Күтінді қалыңдықтай күні бұрын [92, 147].

Абай мен Таңжарық та бұл өлеңде күнді – күйеу, жерді – қалыңдық ретінде суреттейді. Бірақ, айтылуы бір күн болғанымен, екеуіндегі күннің мағынасы екі түрлі. Абай күнді барша әлемнің кіндігі, патшасы ретінде бағаласа, жерді – тіршілік атаулының анасы ретінде суреттейді. Таңжарық өлеңіндегі күн – шындық өмірдегі күн ретінде суреттеледі.

Абайдың рухани мұрасын бойына сіңіріп, оны үлгі, өнеге тұтқан Таңжарықтың кей өлеңдерінен Абай өлеңдерінің әсері байқалады. 1983 жылы Таңжарықтың дүниеге келгендігінің 80 жылдығын еске алу барсында Шинжияң ұйғыр автономиялы аудандық әдебиет көркемөнер бірлестігі кең көлемдегі еске алу қимылын өткізген. Содан кейін Таңжарықтың мақалалар жинағы баспадан шықты. Өлеңдері ханзу тіліне аударылған Таңжарық ғылым саласының назарын аударған. Шындығына келгенде, өткен ғасырдың 50-жылдарында атақты қазақ жазушысы, қазақ ауыз әдебиетін зерттеуші Оразанбай Егеубайұлы Таңжарықтың шығармаларын жинап, реттеп, зерттей бастаған. 80-жылдардағы ерекше тарихи мезгілде олардың осы ұлағатты жұмысы амалсыз тоқырап қалған. Бұл жағдай адамдарды алаңдатпай

қоймайды. Соңғы бірнеше жылдардан бері кейбір жергілікті басылымдарда Таңжарыққа баға берген мақалалар жариялап, Таңжарықтың төңкерістік қимылын және әдебиет жасампаздық әрекетіне өскелең дәрежеде жоғары баға берген. Ұзақ жылдардан бері жарияланған мақалалары аз болса да, оның көп сандысы Таңжарықтың әр өлеңінің көркемдік сәніне бейім таныстырулар, кейбір мақалаларда Таңжарықтың түрмеге түсуден ілгергі, соңындағы төңкерісінің қимылы және түрмедегі қиян-кескі күрес ақуалын түйінді таныстырған. Бұл Таңжарықтың төңкерістік өмірін түсіндіруде, әрине, маңызды. Оның әдебиет тарихымыздағы маңызды орнын тұрақтандыруда мәні – әдебиет қимылы қазіргі заман қазақ әдебиетінің қалыптасуына және дамуында жасалған ролына және ықпалына негізделуі.

Абайдың нәтижесі көп жақты бейнеленеді, қазақ ұлтында ол философиялық, саяси, экономика, ғылым, оқу-ағарту, дін қатарлы салалармен байланыста болуы сол заманда-ақ жоғары өреге көтерілген. Сондықтан Абайды ұлы ойшыл, демократизмнің аға буыны дейміз. Ал әдебиет саласында Абай – қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы, өлең жасампаздығы, өлең сыны жаңа бір стильді жасап берді. Таңжарықты зерттеген кезде Абайдың оған жасаған ықпалын бағалауымыз, Абайдың сыншыл реалистік жасампаздық әдісін Абайдың өлең сыны және эстетикалық арманы, ҚХР қазақтарына 30-40-жылдардағы қазақ білімін тарату ахуалын және оның ерекше мәнін түсінуміз керек. Бірақ олардың арасында қатарға тұрғызылып, жоғары-төмен белгілеуге болмайды. Таңжарық көзі тірісінде «Абай өзімнің ұстазым» деген. Онда Таңжарық Абайдың шәкірті, Абайды түсіндіретін адамдардың барлығы қазақ әдебиетінің тарихында Абайдың шәкіртімін деуі әдеттегі абырой іс екенін білдіреді.

XX ғасырдың 40-жылдары Шинжияңның әскери әкімшілік құқығын меңгерген чын шисай коммунистік партиясының селбесуінде «советке жанасу» деген дін саясатын белгілеген, сол себепті қазақ кітаптары шектеусіз түрде Шинжияң ауданына келе алатын болған. Еліміздегі қазақ оқырмандары сенімді түрде арабша, ерекше басылған Абай шығармаларынан сусындаған еді. Абай өлеңдері олардың қызығып оқитын шығармасы ретінде қалыптасқан. Сәтті түрде орта-бастауыш мектеп сыныптарына кірген Абай өлеңдеріндегі философиялық асыл сөздер адамдар ақылына сөзсіз енген. Кейбір қазақ ақсақалдары Абайдың тәрбиелік мәнге ие білім тарату мазмұндары жөніндегі асыл сөздерін оқығанда, олар Абайға құрмет еткен. Бүгінге дейін тарихи жағдай аумалы-төкпелі болып, қоғамдық түзім өзгерсе де Абай қазақ жүрегінен құлдырап қалмай, қайта оның ғибратты өнегесі аспандап отыр. Қазақстанда Абай халықтың құрмет тұтатын өлең піріне және рухани көсеміне айналған десек артық емес. Ал ҚХР-да XX ғасырдағы қазақ тілімен жазатын жазушылар мен ақындардың бәрі дерлік Абайдың шығармаларынан үлгі алып, жасампаздық жолына түспегені жоқтың қасы еді.

Әсет Найманбай, Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбай, Жүсіпбек Қожа Шайқыслам қатарлы арғы-бергі беттерге табаны тиіп, өнердің пұшпағын илеп жүрген көптеген ақын-жазушылардың Абайды зерттеуі,

Қытай қазақтарына үгіттеуі қазақ халқына ғана емес Қытай топырағында жасап жатқан басқада ұлт өкілдеріне дәнекерлік рөл атқарды. Абай мұрасына деген қызығушылық Қытай жерінде жылдан-жылға артып, ол туралы жарық көрген кітаптар саны мен мазмұны жағынан көбейіп отыр. Бұл үрдіс әсіресе ақындар арасында кең таралып, Көдек Маралбайұлы, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Асқар Татанайұлы, Омарғазы Айтанұлы, Мағаз Разданұлы, Құрманәлі Оспанұлы және Боздақ Дүрбенбетұлы сияқты ақындар Абайдан үйреніп, оның шығармашылық дәстүрін жалғастырды. Демек ҚХР-дағы қазақтарға Абай ықпалы терең болды, Абай мектебі ерте қалыптасып, ақын поэзиясы қытай-қазақ әдебиетіне жаңа мазмұн, жаңа түр енгізді.

Абайша жырлаған ақындар.

Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» атты өлеңіне назар аударсақ:

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.
Жақсы менен жаманды айырмадың,
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың.
Бет бергенде шырайың сондай жақсы,
Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?
Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,
Аузымен орақ орған өңкей қыртың.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Күндіз күлкің бұзылды, түнде – ұйқың.
Көрсеқызар келеді байлауы жоқ....
...Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,
Оның да алған жоқ па құдай құлқын?
Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,
Сапырылды байлығың, баққан жылқың.
Баста ми, қолда малға талас қылған....,

Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын? – деп, сол заманда халқымыздың қамын ойлап, елінің бостандығын, теңдігін аңсап, ақындық намыспен, азаматтық оймен, ұлтына деген күйінісін көреген ойларымен жырлайды [82, 113].

Абай салған ізбен Абай өлеңін түрлендірген Ақыт Үлімжіұлы былай жырлайды:

Қайран жұртым қазағым, қалың елім,
Бет көрісіп сөйлескенде бәрің көрім.
Тоқтау сөз, берекеден кеткеннен соң,
Жеке-жеке сандалып түсті белің.
Әркім жымып өз бір жеке ойменен,
Тарқата алмай кеттің ғой көңіл шерін.
Өзімдікі дей алмай өз малыңды,
Қадір тұта алмадың боздағыңды.
Жыртың-жыртың бөспе өкпе, ала көздің,

Көрдің бе осыменен озғаныңды?
Бас-басыңа би болып, алты бас боп,
Қарашы быт-шыт болып тозғаныңды.
Өздеріңді түзелер дей алмаймын,
Ойламасаң қайта адам болмағыңды, – деп, Қытай жерінде жасап өмір сүріп жатқан қазақтардың жоғын жоқтайды [82, 119].

Абайды өзіне ұстаз тұтып, Абайша өлең жазған ақындардың бірі – Таңжарық Жолдыұлы. Таңжарықтың «Жаз мысалы» атты өлеңі мен Абайдың «Жаздыкүн шілде болғанда» атты өлеңін салыстырып көрелік:

Жаз шығып, жердің жүзі жайнағанда,
Жағалай жел, жотаны жайлағанда;
Самалды, сары дөңге желі тартып,
Иректеп құлын, тайды байлағанда [82, 120].

Бұл жайлауға шығып, бие байлап мәре-сәре болған ауылдың бір көрінісі десек болады. Немесе:

Шуласа қорада қой, сыртта сиыр,
Желіде айғыр, бие қыңылдасып.
Қалың көш үздік-сөздік жөнелгенде,
Қақтығып байлау-бақан дыңылдасып [82, 122].

Немесе:

Ит үріп, бала жылап, өгіз тулап,
Жүк ауып, оны басып, сиыр қашып.
Бұрын кеп ақсақалдар қоныс шалып,
«Жайлау жайлы болсын, – деп!» ырымдасып.
Бастыра көк шалғынды жүк түсіріп,
Дем алып, сусын жұтып, тынымдасып.
Көтертіп бір жігітке шаңырақты,
Қыз, қатын уық шаншып қылмыңдасып [82, 122] – дейді. Көшпелі қазақ ауылының қым-қуыт, абыр-сабыр тірлігі дәл суреттеледі. Төгіле жалғасқан тоқсан тармақтан тұратын толғауда табиғат аясында отырған қазақ қоғамының көшпелі өміріне тән жазғы тіршілік әрекеті бейнеленген. Міне, мұндай – нағыз шынайы, таныс сурет, табиғи көрініс Абай өлеңдерінде бар. Нақтырақ айтқанда Абайдың «Жаздыкүн шілде болғанда» атты өлеңінде көшіп келіп қонып жатқан ауыл көрінісі барынша табиғи суреттелетіні белгілі. Мәселен, бір-екі шумақты назарға алсақ. Онда мынадай жолдарды оқуға болады:

…Шұрқырап жатқан жылқының,
Шалғыннан жоны қылтылдап.
Ат, айғырлар, биелер...
... Суда тұрып шыбындап,
Қыз-келіншек үй тігер,
Бұрала басып былқылдап,
Ақ білегін сыбанып,
Әзілдесіп сыңқылдап...» [82, 123].

Екі өлеңнің қалай қиысып, қалай туысып тұрғаны ап-айқын көрініп тұр. Екеуінде де жайлау үстіндегі көшіп-қонған жазғы ауыл тіршілігі өте әдемі суреттеледі. Екі өдеңдегі үндестік, сарындастық туралы профессор А. Қалиұлы «Абай поэзиясы...» атты зерттеуінде: «Бұдан да үндесіп, тамырласып тұрған жері, екі ақынның соншалық көп көрініс, мол қимыл, алуан тіршілікті сыналап аз өлеңге сиғызуында, тынымсыз қозғалыс күйін аңғартатын етістіктен ұйқас құрауында... Екі өлеңнің әр жолында бір қимыл, бір тіршілік бар. Бұлар жөніндегі баяндау мен суреттеу өзара кірігіп, баяндау арқылы қимыл, тіршілік дами түседі де суреттеу арқылы қимыл, тіршілік сурет болып көз алдыға елестейді», – деген тұжырым пікір айтады [14, 123].

Екі өлең сарындас болғанымен, мазмұны жағынан өзгеше құрылған. Абай өлеңінде жаздың бір сәті нақты көрсетіліп, шілде айы кезінде ауыл күркіреп жатқан өзен жағасына көшіп келіп қонған күндердегі көрініс суреттелсе, Таңжарық толғауында елдің көк майсалы жал, жотаны жайлап, бие байлағаны, саба-саба сары қымыз сапырылып, самаурын қайнаған көріністер де, көшпелі өмірдің көш қызығы да, шөп шабу т.б., тіршілік қамының бар сипаты кең қамтыла суреттеледі.

Абайды өзіне ұстаз, үлгі-өнеге тұтқан Таңжарық кейбір көркемдік тәсілді қолдануда аса талғампаздық пен жасампаздық шеберлік танытады. Оның «Іле сипатында», Абайдың «Қыс», «Жазғытұрым» қатарлы өлеңдері мен Лермонтовтан аударған «Теректің сыйы» сынды шығармасы тамырласып, қабысып жататын тұстары бар. Дегенмен Таңжарықтың кейіптеу тәсілін қолданудағы өзіндік ерекшелігі де мен мұндалап тұрады:

Күн күліп барша әлемге шашты нұрын,
Кіргізіп табиғаттың қашқан сұрын.
Жағалай босағаны жымың қағып,
Күйеудей қайынына келген ұрын.
Шықпенен бетін жуып, жер түрленіп,
Күтінді қалыңдықтай күні бұрын [82, 123].

Абай да, Таңжарық та өз өлеңдерінде күнді – күйеу, жерді – қалыңдық ретінде суреттейді. Алайда олардың бұдан шығаратын қорытындылары түрлі сипатта яғни, Абай күнді әлемнің кіндігі – патшасы, жерді – біздің планетамыздағы тіршілік атаулының анасы деп ой қорытады. Таңжарық өлеңіндегі күн – кәдімгі нақты өмірдегі адам, қайынына ұрын келген, жымың қағып, босағадан сығалай қарайтын, өмірде күнде көріп жүрген боз жігіт. Ал оны күткен жар – арамыздағы тірі пенде, күйеуінің келерінен алдын-ала хабар тауып, шықпен бетін жуып, бір киерін бойына жапсырған кәдуілгі ауылдың қызы» [7, 38]. Қалай десек те ақынның бұл өлеңінде Абай әсері тайға таңба басқандай байқалып тұрады.

«Қазақ тарихында бұрын көңіл көтеру құралы ретінде ғана пайдаланылып келген қазақ өлеңін классик Абай халық, қоғам, ел мүддесі үшін қызмет ететін қоғамдық күшті қаруға айналдырған болса, Таңжарық:

Жұрттың бәрі құмар ғой,
Зарлатып айтқан өлеңге.
Болмаса мәлім бізге сыр,

Мен бос сөзге ерем бе!?
Ел зарығы демесем,
Сонша сөзді терем бе!? – деп сол классикалық өрені Қытай қазақтары арасында тұңғыш болып екінші рет қайталады» [91, 40].

Таңжарық өзіне үлгі, мақтан тұтатын Ыбырай, Ахмет, Әсет, Міржақып, Шәкәрім, Әріп, Омар, Сара қатарлы қазақстанның кезіндегі танымал өнерпаз, оқымысты ұл-қыздарын, олардың көптік-әлеуметтік сипат алатын шығармаларына дейін ауызға алады да, олардың бәрінен Абайды биік орынға қояды. «Бәрін де Абай сөзі басып түсер» – деп, аса жоғары бағалайды. Абакең әлде қашан айтып өткен, «кезінде Абай екең айтқан жоқ па», «айтқаны Абай аға бар емес пе» – деп, қашан да Абайды өзіне өмір бойы үлгі-өнеге тұтады. Таңжарық туындыларынан Абай шығармаларының асқан шеберлігінен, ой-пікір тереңдігінен, осыдан туған бай мазмұннан, көркемдік бояуынан көп өнеге алғандығы мен мұндалап тұрады. «Өмір сыры» деген өлеңінде:

Айтқаны Абай аға бар емес пе,
Сөзіңді ұқпағанға берме деген.
Жиреніп өз үйінен қашып жүрген,
Байқамай ант ұрғанға ерме деген.
Ерінбей еңбек етіп, талап тауып,
Қолыңды көтер көкке, серме деген, – деп Абай есімін еске салады [93, 112].

Бәрі негізінен Абайдан табылатын сөздер. Егер Абайға еліктемесе, одан өнеге алмаса, мұндай ұқсастық, сарындастықтың болуы мүмкін емес еді. Шығармашылыққа Абайша талғаммен, үлкен жауапкершілікпен қарайтын суреткер ақын қазақ әдебиеті төрінен орын алатын мазмұны терең, көркемдік өресі биік асыл поэзияны қалыптастырды. Таңжарық Жолдыұлының табиғат көрінісін сипаттауында да Абай өлеңдерінің әсері айқын байқалады. «Көктем мысалы», «Жаз мысалы», «Жаз таңы», «Жаздың бір күні», «Тау табиғаты» өлеңдерінде Абайдың жылдың осы мезгілдері туралы жазған өлеңдерінің әсері бар. Абай әсерін айтқанда, Таңжарықты жадағай көшіруші, жай еліктеуші деп түсінуге болмайды. Абайдан суреткерлікті үйрене отырып, бейнелеу құралдарын орынды тауып қолдану арқылы табиғат көрінісін өзінше бейнелейді.

Таңжарық Жолдыұлының өлеңдерінен Абай өлеңдерінің ықпалы айқын байқалады. Абайдың табиғат туралы жазған өлеңдерінің әсері Таңжарықтың «Көктем мысалы», «Жаз мысалы», «Жаз таңы», «Жаздың бір күні», «Тау табиғаты» деген өлеңдерінен көрінеді. Демек, Таңжарық Абайды үлгі тұта отырып, Абайша жырлаудың өзіндік ерекшелігін көрсеткен.

«Боздақ Дүрбембетұлының «Мәңгі өзіңе арнаймын» деген өлеңінің бір шумағын мысалға алсақ:

Қабыл болып тілек,
Мұңсыз боп жүрек,
Халқыма бақыт қонған шақ,
Бақытты заман,

Мау жуши данам,
Өлшейтін шырақ жанған шақ.
Күреспен өтер өмірім,
Армансыз шат боп көңілім [93, 109].

Байқағанымыздай, «Сегіз аяқтың» аумаған дәл өзі секілді. Өлеңдік құрылым, буын, бунақ, жол саны жағынан «Алыстан сермептен» ешқандай айырмасы жоқ, бейне соның үлгісі мен қалыбы. Поэзиялық суреті жағынан да «Сегіз аяқ» сықылды тапқырлық ойға, лепті сезімге толы», – дейді [93, 112].

Абай мұрасының Қытай қазақтары әдеби тілінің қалыптасуындағы рөлі. Қазақ әдеби тілі – өрнекті, үлгілі қалыптасқан нормасы бар тіл. Ол жалпы халықтық ана тіліміздің көркем әдебиет пен бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылым салалары мен іс қағаздарында қолданылатын жүйеге, қалып-нормаға түскен нұсқасы. Қазақ әдеби тілінің бастау алған кезеңдерін анықтау алдымен қазақтың төл көркем әдебиетінің алғашқы нұсқаларымен тығыз байланысты.

Қазақ әдеби тілі бірнеше тарихи кезеңдерден өтіп қалыптасты. Солардың ішінде XIX ғасырдың екінші жартысы – Абай заманы – әдеби тілдің даму бағыты нақты айқындалған кезең болды. Бұл кезеңде Ыбырай Алтынсарин мен Абай Құнанбайұлы секілді ұлт зиялылары қазақтың төл әдеби тілін халықтың сөйлеу тілінен алып, ұлттық жазба әдеби тілді қалыптастыруға негіз етті. Олар шағатай немесе ескі кітаби тілге емес, ғасырлар бойы дамып келген байырғы әдеби тілімізге сүйенді. Абай осы тілді көркемдеп, жаңаша өң беріп, сөз байлығын арттырды, тілдің көркемдік мүмкіндіктерін аша білді. Ол әрбір сөздің мағынасы мен ішкі әлеуетін терең ұғынып, әдеби стиль мен көркемдік тәсілдердің жаңа үлгілерін жасап, жазба әдеби тілдің негізін қалады. Абай қазақ тілінің шеберлігін: «Өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас» деп әділ бағалаған. Жазба әдеби тілді бағалаудың алғашқы үлгісін де Абай көрсетті. Сондықтан да біз оның рухына мәңгілік құрметпен қараймыз.

Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде қазіргі қазақ әдеби тілі Қазақстан аумағында орнығып, шетелдегі қазақтар, әсіресе Қытайдағы қазақтар арасында кеңінен таралды. Бұл кезде әдеби тіл халыққа білім беру, мәдениет пен рухани мұраларды дамыту құралына айналды. Ғылым, мәдениет, қоғам қайраткерлері әдеби тілдің нормаларын жүйелеуге, сөз қолданыс мәдениетін арттыруға үлкен үлес қосты. Сол арқылы жаңа сөздер жасалып, басқа тілдерден сөз алу принциптері реттелді. Қазақ тілінің грамматикасы жазылып, емле ережелері мен түрлі сөздіктер (түсіндірме, орфографиялық, терминологиялық) дайындалды. Әдебиет пен ғылым тілі қалыптасып, ұлттық тіл халықтың барлық әлеуметтік қажеттілігін өтеуге бейімделді.

Әдеби тіл екі түрде өмір сүреді: жазба және ауызекі сөйлеу. Жазба тіл әдеби тілдің даму дәрежесін көрсетсе, сөйлеу түрі сахнада, теледидарда, жиналыстарда қолданылады. Бұл екі түр бір-біріне қарама-қайшы емес, қайта бірін-бірі толықтырып отырады. Кітап тілінің элементтері дыбыстық сөздер арқылы кең тарады.

Тіл мәдениеті – тек жеке адамның сөйлеу мәнері емес, ұлттың болашағы мен мәдениетінің көрінісі. Ана тілін дұрыс меңгермеген адамды мәдениетті, білімді азамат деп айту қиын. Тіл мәдениеті тіл тазалығын да қамтиды. Сондықтан, қазіргі баспасөзде орын алған, мағынасы шатасқан немесе сөздік қорымызға жат сөздерді анықтап, оларды дұрыс қолдану – маңызды міндет [94, 19].

4.2 Абай мұрасы екі ел руханияттық байланысының алтын көпірі

«Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген ой түйіндеген Абай қазақ халқын өзге халықтармен достыққа, мәдени қарым-қатынасқа шақырған прогресшіл идеясын ортаға қояды. Ол өзінің көптеген өлеңдері мен қара сөздерінде қазақ халқын озық елдердің ғылым мен білімі және мәдениетінен үйренуге шақырады.

Әлемдік ғылым мен білімнің пайда болуы және оның дамуы мен таралуы оқу-ағарту арқылы жүріледі, сонымен қатар оқу-ағарту арқылы ұлттың мәдениеті мен өнері дамиды, тілі мен ділі бір қалыпқа түседі, ұлттың білім сапасының деңгейі артады. Дүниежүзінің көптеген елдерінде өмір сүріп жатқан қазақ ұлты бір тілде сөйлегенімен, бір жазуды қолданып отырған жоқ, сонымен қатар оқу-ағарту саласында білім берудің әртүрлі үлгісімен білім алып, ұлттық мәдениетіміздің дамуына өзіндік үлесін қосып келе жатыр. Солардың бірі, ҚХР-да жасап келе жатқан 1,5 миллионнан астам қазақтар еді.

Қазақстан мен Қытай екі ел достық ынтымақтастығының арқасында рухани байланыстың қанат жайып келгеніне жарты ғасырдан астам уақыт болыпты. Осыған сай қазақ қаламгерлерінің әр алуан жанрлардағы шығармалары ҚХР-дағы баспалардан жарық көріп келеді. Беделді баспа орындары жыл сайын түрлі бағдарламалар бойынша Қазақстан қаламгерлерінің таңдаулы кітаптарын Қытай оқырмандарына таныстырып, қытай тіліне аударып, тұтас қытай халқына насихаттап келеді. Осылардың ішінде жарты ғасырдан бері аты аталып, еңбегі зерттеліп, Қытай еліне танылып келе жатқан ұлы есім – Абай Құнанбайұлы.

«Абайды зерттеу, Абайтану» едәуір ұзақ уақыттан бері жүргізіліп келе жатқан, жұрт назарын аударған мәнді тақырып. Жоғарыда «Абайды зерттеу» жұмысы оның шығармаларын жинау, реттеу, басқа тілдерге аудару және оған баға беру жұмыстары «Абайтану» (Абайтану ғылымы) деп аталды [76, 253]. Уақыт өте келе «Абайтану» Қазақстанда зерттеу жұмыстарының ішіндегі үлкен ғылыми зерттеу тақырыбына айналды және 1972 жылы Алматыда шыққан «Қазақ совет энциклопедиясына» енгізілді.

Абай – Қазақстан қазағына ғана әсер етіп қалмастан ҚХР-дағы қазақтарға, тіпті жер бетіндегі күллі қазақ баласына бірдей әсер еткен ұлы тұлға. Қытайда ең алғаш Абайды тану, зерттеу қытай қазақтарынан бастау алды. Мұның себебін бірнеше жақтан көруге болады. Бірінші, Абай барлық шығармаларын туған халқының ана тілінде жазған, Абайдың тілі күллі қазақтың әрі ана тілі, әрі әдеби тілі саналады. Сондықтан Абай шығармалары дүние жүзі қазақтарына ең алғаш таралды. Қытай мен Қазақстан іргелес, жақын, көрші ел болғандығы себепті үнемі жүріп отырған

қарым-қатынастардың нәтижесінде Абай өлеңдері ақынның көзі тірі кезінен бастап ауыздан-ауызға және қолжазба күйінде қытай қазағына кең таралған. Мұның бір айғағы ретінде, жазушы Бұлантай Досжанұлының «Ұлы ақын Абай» атты зерттеу еңбегінде: «Тарбағатай аймағының Толы ауданында әдеби мұраларды тексеру-жинау барысында Абайдың Қазақстан баспа сөз беттерінде өзіміз кезіктірмеген өлеңінің шумағы халық жүрегінде жатталып, сақталып қалған. оны айтып берген Абдолла ақсақал. Өлең былай:

Кәріліктің алды елу, арты сексен,
Өлгеннен соң боларсың жермен-жексен.
Құнанбайдың Абайынан көрдік деуші ең,
Мен кеттім, енді орныма егін ексең» [93, 109], – деп халық арасындағы ауыздан-ауызға таралған Абай өлеңдерінен мәлімет береді.

Екінші, Қытай мен бұрынғы совет одағы арасындағы екі ел достығы мезгілінде оқу-ағарту саласында мәдени байланыстар күшті болды, оқыту әдістерінде, кітап, оқулықтарында өзара байланыс болды. Міне, осы мезгілдерде бастауыш-орта мектептердің қазақша оқулықтарына Абай өлеңдері және Абайды таныстырған мақалалар енгізілді.

Үшінші, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбайұлы, Жүсіпбек Қожа Шайқыслам сынды өткен мен бүгіннің өнер иелері Абай шығармашылығын зерттеп, оны Қытай қазақтары арасында насихаттауға ерекше үлес қосты. Бұл үгіт-насихат жұмысы тек қазақ қауымының рухани өміріне ғана емес, Қытай жерінде өмір сүріп жатқан өзге ұлт өкілдерінің де мәдени ықпалдастығына дәнекерлік қызмет атқарды.

Қытайда Абай туралы жазылған еңбектер жыл өткен сайын көбейіп, мазмұндық жағынан да байи түсті. Абайдың терең ойлы, көркемдік сапасы жоғары поэзиясы Қытай қазақ әдебиетіне тың мазмұн мен жаңа көркемдік формалар алып келді.

Көдек Маралбайұлы, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Асқар Татанайұлы, Омарғазы Айтанұлы, Мағаз Разданұлы, Құрманәлі Оспанұлы, Боздақ Дүрбенбетұлы секілді ақын-жазушылар Абай дәстүрінен үйреніп, оның идеялық-эстетикалық мектебін жалғастырды. Осылайша, Қытай қазақтарының арасында Абай мектебі ерте қалыптасып, ұлттық әдебиет дамуына зор ықпал етті.

Абай есімі бұрын ҚХР-дағы оқырмандарға бейтаныстау болса, кейін келе Абайды және оның шығармаларын зерттегендердің көбеюіне ілесе оның есімі қазақ оқырмандарына ғана емес ҚХР-дағы барлық ұлт өкілдеріне таныла бастады.

Қытай мен Қазақстан екі ел достығының айқын куәсіндей болған рухани байланыстың жалғасуы жібек жолы бойындағы Қазақстан мен Қытай достығының айнасы. «Бір белдеу, бір жол» аясында екі елдің рухани сабақтастығының, селбестігі баянды дамуы күннен күнге жақсы болуда, Қытай халық республикасының төрағасы Ши Жинпиң 2013 жылы 17 қыркүйекте Қазақстан Назарбаев университетінде студенттермен кездескен сәтінде аудармашы Әкпәр Мажитұлының Қытай тіліне аударып, ұлттар баспасынан жарық көрген «Абай ғақлиялары» нұсқасындағы Абайдың:

«Дүние үлкен көл, заман соққан жел, алдыңғы толқын ағалар, артқы толқын інілер, кезекпенен өлінер, баяғыдай көрінер» [82, 85], – деген өлеңінен мысал келтіріп, жастық көктемін, студенттік дәуірін еске түсіреді. Сол сәтте екі ел арасында алғаш рет «бір белдеу, бір жол» саяси стратегиясы ортаға қойылып екі елдің ұзақ уақыттық достығы бекемделген еді.

2014 жылдың 20 наурызында Бейжің қаласының қақ ортасындағы Чауяң саябағында қазақтың ұлы ақыны әрі ойшылы Абай Құнанбайұлына арналған ескерткіш орнатылды. Аталған игілікті шара аясында Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов жүрекжарды қуанышымен бөлісіп, Абайдың мүсінін шынайы шеберлікпен жасаған Юан Шүйкүнге алғыс білдірді. Өз кезегінде Юан Шүйкүн мырза бұл бастаманы алғаш 2012 жылы Қытайдың сол кездегі мемлекет басшысы Ху Цзиньтаоға ұсынғанын ерекше мақтанышпен атап өтті. Сонымен қатар ол қазақ халқының дана тұлғасы Абайға деген терең құрметін және оның мұрасына деген ықыласын жеткізді.

Жылына бір рет келетін көктем мерекесі – Қытай халық республикасының ең үлкен мерекесі, осы мерекедегі мерекелік номер бір жыл бұрын сарапталып, әр номер, әр сөз, әрекет сансыз сұрыптаулардан өткесін төрткүл дүние жүзіндегі қытайлықтарға мерекелік жырдан тарту сыйлайтын концерт. Ал 2018 жылғы көктем мерекесінің «Мен өленді сүйемін» атты номерінде әйгілі әктер Фың Гүң мен Жя Шұймиң Абайдың өленін оқып, қалың көрермендердің айызын қандырып қалмастан, тұтас Қытай халқына Абай атын тағы бір мәрте танытты.

Екі ел арасындағы тату көршілік, әдеби мәдени байланыстардың нығаюы Абайдың 150 жылдық халықаралық тойының Қытайда жоғары дәрежеде насихатталуына негіз болды. Мейлі Бейжіңде болсын, әлде Үрімжіде болсын жер-жерде Абай Құнанбайұлы туралы зерттеу мақалалары, Абайды насихаттау молайып, оқулықтарға Абай өленлері енді. Әр жылы Абайдың дүниеге келген күніне орай түрлі деңгейде құттықтаулар мен еске алулар, студенттердің мол мазмұнды ісшаралары өткізіліп, Абай өленлерін жаттап, Абайдың өнер-білім үйрену сынды асыл рухынан өнеге алды.

ҚХР-дағы Қазақстан елшілігі де әр жылы Бейжіңде Абай оқу күндерін көлемді ісшара ретінде жоғары деңгейде өткізуде. Әйгілі Бейжің шетел тілдер университеті арнайы түрде қазақ тілі сыныбын ашып, студенттерге Абай өленлерінен, Абай әндерінен сабақ берді. Әйгілі әнші Лин Бау Абайдың «Көзімнің қарасы» атты әнін жанды дауыспен жүректерге жеткізіп орындаса, мемлекеттік өредегі ән байқауларында Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әні халық қалауынан шығып мемлекеттік сахналарда асқақтата шырқалды. Әйгілі кино әртісі Чың Лоң, және Әли баба серіктігінің бас жорасы, әлемдік бай Ма Иүн де Абайдың өленін оқып, құрметін білдірді. Абайдың аты Қытай тіліндегі 70 неше томдық «Қытай тілінің үлкен түсіндірме сөздігі» қатарлы бірнеше сөздікке кіріп, Қытай энциклопедиясынан орын алды.

Абай Құнанбайұлының ҚХР-дағы насихатталуы бірер мақалаға жүк болатын дүние емес. Қорыта айтқанда, Абай Құнанбайұлының ҚХР-дағы жарты ғасырдан бері тынбай насихатталуы Абайдың дүние жүзілік

аренадағы ұлы тұлға екендігінің, екі ел достығының айқын куәсі болғандығының дәлелі.

Төртінші тарау бойынша түйін

Бұл тарауда Абай шығармаларының Қытай Халық Республикасындағы (ҚХР) қазақ әдебиетінің дамуына қосқан үлесі ғылыми тұрғыда дәлелденіп, нақты тұжырымдар жасалды. Атап айтқанда, Қытай қазақтары қоғамында Абай мұрасының оқу-ағарту саласындағы қызметі, сондай-ақ бастауыш және орта мектеп оқулықтарына енген өлеңдері анықталды.

Абай мектебінің ҚХР қазақ жазушыларының шығармашылығына әсері арнайы қарастырылды. Сонымен қатар Абай мен Ақыт Үлімжіұлы, Таңжарық Жолдыұлы шығармаларындағы тақырыптық, стильдік және идеялық ұқсастықтар мен айырмашылықтар талданды.

Тараудың «Абай мұрасы – екі ел арасындағы руханияттық байланыстың алтын көпірі» атты бөлімінде Абайды зерттеу ісінің және абайтану ғылымының Қытай қазақтары арасындағы даму деңгейі мен белсенді көріністері сараланды.

Абай шығармалары Қазақстан мен Қытай мемлекеттері арасындағы мәдени байланысты нығайтуда және екі ел достығының негізін құрайтын рухани қазына ретінде танылды. Сонымен қатар Абай мұрасының XXI ғасырда ҚХР-да таралуы, зерттелуі мен дәріптелу үрдістері, оған үлес қосып жүрген тұлғалардың есімдері нақтыланып, қазақ әдебиетінің Қытайда дамуына нақты мысалдар арқылы дәлел келтіріліп, ғылыми тұжырымдар жасалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қытай мен Ресей сынды екі империя шекара белгілеп, жұрт екі жаққа бөлінгенімен екі елмен тығыс байланыста болған қазақтар арасында барыс-келістің үзіліп қалмағаны тарихтан белгілі. Қытай қазақтары деген ұғым патшалық Ресей мен Чиң патшалығының 1881 жылы қазақ жерін екіге бөлген «Петербург келісімінен» соң қалыптаса бастады. Алайда ежелден еншісі бөлінбеген бір текті, бір тілді халықты шекара сызығы бөле алмады. Екі елдегі қазақтың рухани кеңістігінің алтын шынжыры үзілмеді.

Қазақтың ұлы ағартушылары, ғалымдары мен философтары халқымыздың ғылым-білім мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосты. Абай Құнанбайұлының оқу-ағарту туралы ой-пікірлері осы бағытта ерекше құнды. XIX ғасырдың соңында Абайдың рухани мұрасы Қытай қазақтарына тарала бастады. Географиялық тұрғыдан шекаралас орналасқан, бір өзеннің суын ішкен қазақтардың арасындағы туыстық және мәдени байланыстар үзілмей жалғасты, бұл Абай шығармаларының Алтай, Тарбағатай, Іле, Еренқабырға сияқты аймақтардағы қазақтарға еркін таралуына мүмкіндік берді. Мысалы, 1850 жылы Абайдың әкесі Құнанбай Өскенбайұлы бір топ адаммен Алтайдағы қазақтардың арасынан өткен. Бұл туралы халық арасында көптеген аңыз-әңгімелер бар. Абай шығармаларының Қытай қазақтарына тез жетуі Қазақстанның айшылық алыстағы өңірлеріне таралуынан да жылдам болды. Сонымен қатар, Абайдың Қазан баспасынан шыққан кітаптары да тез арада Қытайдағы қазақтарға жетіп отырды. Екі елдегі қазақтардың арасындағы қарым-қатынас 1930 жылдарға дейін үзілмеді. Осы кезеңде Абай мұрасының жазбаша және ауызша нұсқалары кеңінен таралды, ал Қытай қазақтарының баспасөз беттерінде Абай туралы жиі жарияланып тұрды.

Деректерге сүйенсек, екі елдегі қазақтардың рухани байланысы барып-келіп жүрген адамдар арқылы үзілмегені анықталады. Осындай байланыстардың ықпалымен Абай тағылымын бала күнінен біліп, өлеңдерін жаттап өскен Ақыт Үлімжіұлы, Әсет Найманбайұлы, Таңжарық Жолдыұлы, Зият Шәкәрімұлы ақын мұрасын Қытай қазақтарына жеткізушілер, Абай мектебінен тәлім алған тұлғалар.

Осы екі елде өмір сүрген өнер адамдарының Абайдың әндері мен өлеңдерін, оның рухани мол мұрасын насихаттап, таратуы Қытайдағы қазақтардың Абайды ертерек танып, түсінуіне мүмкіндік жасады.

1920-1931 жылдары Кеңестік Қазақстанда саяси қуғын-сүргіннің салдарынан жүз мыңдаған қазақ Қытайға қоныс аударғаны белгілі. Олардың арасында саяси тұлғалар мен оқымысты зиялылар да болған. Солардың қатарында Ыбырайым Жайнақов, Райымжан Мәрсеков, Иса Тергеусізов сияқты алаш арыстары да бар. Ыбырайым Жайнақов Қытайға барған соң алаш идеяларын насихаттап, Құлжа қаласында «Алаш-азаттық» ұйымын

құрады. Ол оқу-ағартумен айналысып, біраз уақыт ұстаз болып қызмет етеді, әрі ел арасында Абай мұрасын кеңінен таратады.

XX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстанда болған қоғамдық-саяси қуғын-сүргінде қазақ халқының басына ауыр күн туды. Елдегі көзі ашық, көкірегі ояу азаматтардың біразы шетел асуға мәжбүр болды. Сол бір қиын заманда қазақ зиялыларының көбі Қытай жеріне бас сауғалап барып, ондағы қазақ халқының ғылым-білім, мәдени-рухани тұрғыда дамуына өз үлестерін қосты. Олардың қатарында Зият Шәкәрімұлы да бар еді. Зият Абай мен Шәкәрімнің шығармаларын Қытай қазақтарына таратушы белді өкілдерінің бірі. Ол Шәкәрімнің біраз қолжазбаларын Қытайға алып өтіп, сонда сақтап, елге аманаттаған.

Абай әдебиетінің ҚХР-дағы қазақтар арасында таралуы Шағатай-қазақ жазуының кеңінен таралуына үлкен ықпал етті. ҚХР-дағы қазақтар 1982-жылдан бастап «Ахмет Байтұрсынұлы әліпбиін қайта қолдана бастады».

Мұнда Абайдың әдеби кемеңгерлігін тану, бағалау, оның ой-пікірлерін тарату, Абайдың жазу стилін насихаттау үлкен рөл атқарды.

Қытайдағы қазақ баспа орындары 1930-жылдары құрылған кезден бастап газет-журналдарда Абай шығармаларын жариялауға кірісті. Абай әдебиеті Қытай қазақтарының жазуы мен баспа ісіне айтарлықтай әсер етіп, осы саладағы дамуды жеделдетті.

ҚХР-дағы қазақ тіліндегі баспалар Абай әдебиетін алғаш рет жариялай бастады. 1955 жылы Шанхайда шығатын «Аударма» журналында Абайдың «Ескендір» дастаны Қабай аудармасы арқылы басылды. Сондай-ақ, сол жылы журналда Мұхтар Әуезовтің «Абайдың халықтығы және реализмі» атты очеркі мен Фэтисовтың «Абай туралы» мақаласы Суң Байдың аудармасымен жарық көрді.Міне бұл Абай шығармаларының қытай тіліне жазбаша түрде алғашқы рет аударылуы еді. Осы кезден бастап Қытайдағы қытай тілді халықтар Абайды оқып, біліп, тани бастады. Қытай халықтары арасында Абайды оқитындар саны жыл сайып көбейіп келеді.

Нығмет Мыңжани мен оның әріптестері 1948 жылы «Сәуле» баспасынан Абай өлеңдерінің бір тобын кітапша етіп шығарды. Ал 1948-1949 жылдары Тарбағатайдан Абай өлеңдерінің түпнұсқа тілінде қазақша, ұйғырша, татарша үш тілде жинақ шығарылды. 1956 жылы басылған нұсқасы бойынша «Абай» мен «Абай жолы» романдары 1981 жылы 9 айда Шыңжаң халық баспасынан жарық көрді.

1994 жылы Мұхтар Әуезовтің «Абайтану мәселелері» кітабы Шыңжаң халық баспасынан Әбділдәбек Ақыштайұлының құрастыруымен жарық көрді.

Мұхтархан Оразбайұлы құрастырған «Абайдың қара сөздері» атты кітап 1986 жылы Бейжіңдегі орталық ұлттар баспасынан шықты. 1987 жылы Бейжіңдегі Орталық ұлттар баспасынан Қабайдың «Абай және Абай шығармалары» атты көлемді еңбек жарық көрді.

1995 жылы Үрімжіде «Абай туралы естеліктер», Күйтіндегі іле халық баспасынан «Абай өлеңдерінен таңдамалылар», «Абай парасаты», Мұхтар Әуезовтің «Абайтану мәселелері» еңбегі, Әбділдабек Ақыштайұлының «Абай туралы естеліктер» еңбегі жарық көрді. 2000 жылы ұлттар баспасынан жарық көрген әйгілі адамдар тізбекті кітаптарының қатарында Қahарман Мұқанұлы құрастырған «Абай Құнанбайұлы» еңбегі жарық көрді. Осы баспадан шыққан Рабиға Сыздықованың «Абай шығармаларының тілі» және Шынжаңдағы баспалардан басылым көрген «Абайдың өмірі мен туысы», «Мұхтар аға», «Қаралы сұлу», «Абайдың қара сөздері», «Абайтану мәселелері» сынды кітаптар оқырмандардың қызу қарсы алуына ие болып, ізденіп оқитын оқулығы болды.

Абайдың «Ескендір» поэмасын Қабай алғаш рет 1954 жылы тәржімалап, 1955 жылы «Аударма» журналында жариялады. 1958 жылы «Қазақтың Ұлы ақыны Абай» атты зерттеу мақаласын қытай тілінде «Тяншан» журналының 8-ші санында жариялады. Сонымен қатар, Абайдың шығармаларын қытай тіліне аудару ісін жалғастырып, бірнеше маңызды кітаптар шықты. 1958 жылы «Абай дастандары» атты жинақ (құрамында 3 поэма бар), 1982 жылы «Абайдың таңдамалы шығармалары» (Шыңжаң халық баспасы), 1984 жылы «Абай қара сөздері» (Шыңжаң халық баспасы), 1987 жылы «Абай және Абай шығармалары» (Ұлттар баспасы), 2004 жылы 1547 беттен тұратын «Абай жолы» романы (Ұлттар баспасы) қытай тілінде басылды.

Қабайдың аудармасы арқылы Абайдың барлық өлеңдері, тұтас қара сөздері қытай тілінде жарық көрді. Абайдың 167 өлеңі, 3 поэмасы және 45 қара сөзі ханзу тілінде аударылып, қытай оқырмандарына жеткізілді. Бұл – Абай мұраларының Қытайдағы ең толық аудармасы болып саналады. Сонымен қатар, Қабай Мұхтар Әуезовтің «Абай» және «Абай жолы» 4 томдық эпопеясын да аударып, баспадан шығарды.

Ал мақаламыздың Абайды зерттеу бөліміне қысқашы тоқталсақ: Қытай қазақтарының ғылым саласында Абайды зерттеуі біршама кеш басталған. Бірақ қазақ оқымыстыларының ішінде өз өмірін Абайды үгіттеуге, таныстыруға арнаған көптеген адамдар бар. Құрманәлі Оспанұлынан бөлек, Жақып, Әуелқан, Нәбижан, Болантай, Нығымет қатарлылардың барлығы Абайды таныстыруда, Абай ғылымының сақталуына, дәстүр жалғастығының үзілмеуіне көптеп үлес қосқан. XX ғасырдағы 10 жылдық «мәдениет зор төңкерісі» аяқталғанан кейін Абайды зерттеу жұмысы реформалау, есік ашудың қадамына ілесе жүргізілуде. Кейбір жоғары мектеп зерттеу орындары Абайды зерттеуді арналуы зерттеу нысаналарына енгізіп, арнаулы тұлғаны зерттеу жұмыстарын жүргізуде. 1995 жылы көктем мен жаздың ортасында «Шинжияң қоғамдық ғылым журналы» қазақ редакциясы Абайды зерттеу туралы талқы жиынын өткізген болатын. Басты тақырыбы: «Абай мен жұңгө қазақ әдебиеті». Үрімжі қаласындағы оқымыстылар, жазушылар және ақындардың басым көпшілігі ғылми-зерттеу талқы

жиналысына қатысқан, бұл кезекті жиын қазақ оқымысты ақындарына арнап ашылған жоғары дәрежелі ғылыми талқы жиын болып қалмастан, Абайдың дүниеге келгендігінің 150 жылдығына тура келген ерекше кезде ашылған жиын жаңалыққа толы болып, қытай қазақ әдебиетінің ең қымбатты бір парағына айналды.

Қытайдағы басқа ұлт жазушыларынан Қабайдың «Абай туралы зерттеулері» мен Чын Чындуңның «Абай – Қазақ даласының темірқазығы» монографияларын ерекше атап өтуге болады. Бұл еңбектер 1995 және 2003 жылдары Бейжің ұлттар баспасынан жарық көрді. Чын Чындуңның «Абай – Қазақ даласының темірқазығы» шығармасы «Әлем әдебиетіндегі алыптар» сериясының бірі ретінде жарияланды. Сонымен қатар, 1998 жылы «Шыңжаң жастар» баспасынан Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Абай туралы» кітабы қытай тілінде жарық көрді (аударған Ши Чуңшяу).

1995 жылы Ли Чыушиуңның «Шыңғыстауындағы үш алып – Абай, Шәкәрім және Мұхтар» атты еңбегі ұлттар баспасынан шықты. Бұл еңбек те Абай мен қазақ әдебиетінің терең талдауы мен маңызын көрсетеді. 1994 жылы 30 сәуірде «Халық газетінде» Қытайдың дұңзу жазушысы әрі аудармашысы Су Жоушиоң «Қазақстанның рухани атасы – Абай» деген мақаласында Абайды «қазақтың ұлттық символы және қазақ мемлекетінің рухани атасы» деп атады, бұл Абайдың Қытайдағы танымалдығын арттырған маңызды кезең болды.

Абайды зерттеушілерден тағы да Чың Шы, Жаң Шинтиян, Ваң Кінің, Лоян, Чи Шяубиң, Халчам, Коң Веншию, Ши Шяубин т.б. атап өтуге болады. Бұлардан басқа Абайды қытайдың Лу Сюн, Құң Зы сынды ұлы ғұламаларымен салыстыра зерттеу жасаған ғылыми еңбектер бар. Қысқасы Абайдың Қытайда зерттелуі мен абайтану ғылымы жылдан-жылға молығуда.

Абай шығармаларының ҚХР-дағы қазақ әдебиетінің дамуындағы орны бөлек. Әсет Найманбай, Таңжарық Жолдыұлы, Көдек Маралбай, Жүсіпбек Қожа Шайықсылам, Асқар Татанайұлы, Омарғазы Айтанұлы, Мағаз Разданұлы, Құрманәлі Оспанұлы, Боздақ Дүрбенбетұлы қатарлы ҚХР-дағы Қазақ жазушылары Абай мектебінен сусындаған. Абай және оның шығармалары ҚХР-дағы қазақ әдебиетшілері мен тығыз байланысты болып оларға тікелеи ықпал жасаған».

Абай – Қазақстан қазағына ғана әсер етіп қалмастан ҚХР-дағы қазақтарға, тіпті жер бетіндегі күллі қазақ баласына бірдей әсер жасаған ұлы тұлға.

2014 жылы 20 наурызда, қазақтың ұлы ақыны әрі философы Абай Құнанбайұлының ескерткіші Бейжиң қаласының орталығында орналасқан Чауяң бақшасында ашылды. Бұл ескерткіш қазақ халқының ұлы тұлғасын Қытайдағы қазақтар мен басқа да халықтарға таныту мақсатында орнатылды. Абайдың ескерткішінің Бейжиңде ашылуы Қытайдағы қазақ диаспорасы

үшін тарихи және мәдени маңызды оқиға болды, себебі ол екі ел арасындағы рухани байланыстың нығаюына ықпал етті.

Абай Құнанбайұлының ҚХР-дағы зерттелуі мен насихатталуы бірер мақалаға жүк болатын дүние емес. Қорыта айтқанда Абай Құнанбайұлының ҚХР-дағы жарты ғасырдан бері тынбай насихатталуы Абайдың дүниежүзілік өредегі ұлы тұлға екендігінің, екі ел достығының айқын куәсі болғандығының белгісі.

Зерттеу жұмысының нәтижесінде Абай Құнанбайұлының шығармаларының ҚХР-да таралу жолы және қытай қазақтарының әдебиетіне әсері мынадай негізде анықталды және тұжырымдалды:

1. Абай шығармаларының ауызша және жазбаша таралу негізі, оған үлес қосқан тұлғалар есімдері мен олардың еңбектері анықталды;

2. Ақын шығармаларының ҚХР-да баспадан жарық көруі, ғылым мен білім саласына қосқан үлесі сараланды;

3. Абай шығармаларының қытай қазақтары арасынан шыққан қаламгерлер шығармашылығына әсері нақты мысалдармен салыстырыла талданды;

4. Абай шығармаларының ҚХР-да қытай тіліне аударылуы, оған атсалысқан тұлғалардың еңбектері және аударылу кезеңдері жүйеленді;

5. ҚХР-да Абай туралы ғылыми-зерттеу еңбектерінің жазылуы және жариялануы, олардың авторлары мен жалпы ақын туралы жазылған мақалалар мен монографиялар, диссертациялар саны нақтыланды;

6. Абай шығармаларының салыстырмалы зерттелуінің нәтижесі ханзу-қазақ әдебиеті негізінде тұжырымдалды;

7. Абай шығармаларының қытай қазақтары арасында таралуы, зерттелуі, аударылуы, жарық көруі негізінде екі ел арасындағы рухани байланыс сипаты айқындалды.

Аталмыш нәтижелерге қол жеткізу арқылы зерттеу жұмысының төмендегідей міндеттері орындалды:

- Абай Құнанбайұлының шығармашылық өмір жолы ҚХР зерттеуші-ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінде тың деректермен толықтырылды;
- Абай шығармаларының Қытайдағы таралу, насихатталу жолдары айқындалды;
- Абай шығармаларының баспасөз беттерінде жарық көруінің бастау көздері мен жарық көру хронологиясының ерекшеліктерін сараланды;
- Абай шығармашылығындағы тағылымдық идея мен оның адам тәрбиелеу ісіндегі, мәдени-рухани ағартушылық идеяларындағы негізгі бағыты мен сипаты анықталды;
- Қытайдағы абайтанушылардың зерттеу еңбектерінің ғылыми мәні деректі мысалдар және талдаулар негізінде тұжырымдалды.

Аталған зерттеу нәтижелерін абайтану ғылымындағы жаңа ізденістер

аясында нақты дереккөз ретінде және Абай шығармаларының шет елдерде таралу және олардың әдебиеті мен мәдениетіне әсері тұрғысынан зерттеуде пайдалануда өзекті болмақ. Әдебиеттану ғылымындағы бұл сала аясындағы зерттеу жұмыстары бүгінге дейін белсенді жүргізіліп келгенімен, өзге мемлекеттегі қазақ қоғамындағы Абай мұрасының таралуы және сақталуы, олардың білімі мен ғылымына әсері, баспадан жарық көруі, аударылуы мәселелері әлі де терең зерттеуді талап ететін өзекті тақырып. Сондықтан бұл жұмыс әдебиеттану үшін ғылыми және практикалық мәні зор зерттеу процесін іске асырды, құндылығын арттырды.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 604 б.
2. Шайхисламұлы Ж. Қисса Біржан сал менен Сара қыздың айтысқаны. – Ташкент: Қазан, 1898. – 9 б.
3. 哈拜. 阿拜与阿拜研究. – 北京: 中国国际广播出版社, 2019. – 359 页.
4. Арабиын Қ. Абайға мадақ // Алқап. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 1988. – Б. 81.
5. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Рауан, 1992. – 240 б.
6. Абай. Энциклопедия. «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, – Алматы: Атамұра, 1995. – 720 б.
7. Бөкейхан Ә. Абай (Ибраһим) Құнанбаев, – Алматы: Атамұра, 1995. – 308 б.
8. Тұрысбек Р. Әлихан Бөкейхан һәм Абайтану әлемі. – Семей: Ғалам-Шар, 2005. – 4 б.
9. Бөкейхан Ә. Кәкітай // Қазақ. – 1915. – № 105. – Б. 32.
10. Байтұрсынұлы А. Қазақтың бас ақыны // Қазақ. – 1913. – № 40. – Б. 43.
11. Дулатұлы М. Абай // Қазақ. – 1914. – № 67. – Б. 23.
12. Әуезов М., Аймауытов Ж. Абайдың өнері һәм қызметі // Абай. – 1918. – № 2. – Б. 2.
13. Әштарұлы С. Аға сұлтан Құнанбай. – Құлжа: Іле халық баспасы. 2006. – 9 б.
14. Қалиұлы А. Абай поэзиясы Қытайда // Абай парасаты. – Құлжа: Іле халық баспасы. – 1995. 2-140 б.
15.韩海潮. 韩海作品集. – 上海：上海出版社. – 1987. – № 9. – 页. 61-33.
16. Маманұлы Ж. Әсет Найманбайұлы / Ж. Маманұлы. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 2003. – 86 б.
17. XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ әдебиеті (Қазан төңкерісіне дейінгі дәуір). – Алматы: Ғылым, 1994. – 104 б.
18. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары. – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 5 б.
19. Оралтай Қ. Елім-айлап өткен өмір. – Алматы: Білім, 2005. – 632 б.
20. Қазақ әдебиетінің тарихы. 4-том. – Үрімжі: Шыңжаң халық баспасы, 2011. – 278 б.
21. Найманбаев Ә. Шығармалар: Өлеңдер, айтыс-қағыстар мен дастандар. – Алматы: Жазушы, 1988. – 58 б.
22. Жұмәділов Қ. Таңғажайып дүние.– Алматы: Тамыр, 1999. – 82 б.
14.Тілешов Е., Қамзабекұлы Д. Алаш қозғалысы. – Алматы: Сардар, 2014. – 528 б.
23. Разданұлы М. Шәкәрімнің өр алтайда ізі бар. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 2015. – 82-89-91-107-122 б.
24. Мамырбекова Г.М. Ескі қазақ тілінің жазба нұсқалары. – Алматы: Шапағат-нұр, 2012. – 182 б.

25. Бартольд В.В. Сочинения. Т. II, часть 1. Общие работы по истории Средней Азии. Работы по истории Кавказа и Восточной Европы. – М., 1963. – 239 с.
26. Манжыбаев Қ. Қазақ оқу-ағарту тарихынан қысқаша деректер. – Үрімжі: Шинжияң халық баспасы, 2009. – 93 б.
27. Байтұрсынұлы А. Жазу тәртібі //Айқап. – 1911. – №4, – Б. 84-86.
28. Имаханбетова Р. Ғасыр саңлағы: Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық ғұмырбаяны. – Астана: Педагогика ПРЕСС, 2010. – 173 б.
29. Байтұрсынұлы А. Тіл құрал. – Қызылорда: Қазақ мемлекет баспасы, 1927. – 122 б.
30. Байтұрсынұлы А. Оқу құралы. Бірінші кітап: Балаларға арналған әліппе. – Орынбор: 1912. – 40 б.;
31. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 448 б.
32. Казакский (Байтурсуновский) алфавит // Литературная энциклопедия. (Отв. ред.: Луначарский). Т. 5. – Москва, 1931. – С. 23
33. 陈世明.《民国时期新疆的文字翻译活动》, – 乌鲁木齐: 《西域研究》第 2 期.1999. – 28 页.
34.传懋勣、朱志宁.维吾尔族、哈萨克族的文字改革和新文字方案,– 北京:《文字改革》第 12 期. – 1964. –12 页.
35. 孙宏开. 汉语拼音方案与少数民族文字的创制与改革，– 北京:《语言文字应用》S1 期. – 2013. –50 页.
36.白润生. 中国少数民族文字报刊的百年回望，– 北京:《西部民族文化传播》第 5 期. – 2018. – 91 页.
37. Қалииұлы Ә. Абай поэмасы Қытайда. – Күйтің: Іле халық баспасы, 1995. – 45 б.
38. Мырзақанұлы Ж. Қазақ мәдениетінің айдыны. – Үрімжі: Шинжияң Жастар-өрендер баспасы, 2006. – 304 б.
39. Әнуәшұлы Н. Қазақтың халықтық ағартуы. – Үрімжі: Шынжаң халық баспасы, 2013. – 65 б.
40. Ахметова А., Бейлұр С., Жайлыбай Д., Жүнісбаев А., Қанай Ө., Махат Д. Абай Құнанбайұлы. Сипаттамалы библиографиялық көрсеткіш. – Алматы: ХҚТУ Еуазия ғылыми-зерттеу институты, 2021. –127 б.
41. 张今.文学翻译原理. – 开封：河南大学出版社. – 1987. – 19 页.
42. 李信贤. 阿拜研究综述,赤子. – 北京：（上中旬）第 4 期, 2014. – 318 页.
43. 夏里甫罕·阿布达里.哈萨克斯坦文学在中国–哈萨克斯坦文学汉译情况概述,. – 伊宁：伊犁师范学院学报（社会科学版）, 2017. – 57 页.
44. 都翔蕤. 俄罗斯文学在中国的传播效应研究. – 呼和浩特：内蒙古大学，2021. – 45 页.
45. 文记东. 1949-1966 年的中苏文化交流. – 北京：中共中央党校, 2009. – 20 页.
46. 郑振东. 略论阿拜·库南巴耶夫的历史地位. – 乌鲁木齐：新疆大学学报 02 期，2000. – 68 页.

47. 孙会军;郑庆珠. 新时期英美文学在中国大陆的翻译(1976–2008), 解放军外国语学院学报, 2010 年 2 期. – 77 页.
48. 毕华章. 借“一带一路”加深中哈文化交流读（阿拜之路》了解哈萨克民族. – 北京：每日经济新闻, 2016. – 4 页.
49. 艾克拜尔·米吉提. 一场翻译《阿拜》的马拉松. – 北京：今日丝路报 86 期. 2020. – 3 页.
50. 王蒙. 在《阿拜》首发式上的致辞. – 北京：今日丝路报 86 期. 2020. – 4 页.
51. Мырзақанұлы Ж. Қазақ мәдениет айдыны. – Үрімжі. Шынжаң халық баспасы, 2006. – 27 б.
52. 粟周熊、艾克拜尔·米吉提译,《阿拜箴言录》. – [M].: 民族出版社, 1994. – 2 页.
53. Жанболатов С. Қас сақтар. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1985. – 36 б.
54. Мәшірепұлы М. Абайдың экономикалық ой-пікірлері. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2017. – 22 б.
55. 罗艳.阿拜的“论诗”诗在哈萨克文学思想发展中的价值. – 乌鲁木齐：新疆财经大学学报 (03). 2012. – 54 页.
56. 祁晓冰, 海丽恰姆·买买提.深沉的民族精神与丰富的文化内涵—阿拜诗歌创作论 [J].名作欣赏. – 黑龙江：北方文学旬刊(18). 2011. –133 页.
57. 孔文迅,祁晓冰.现代性视域中的阿拜诗歌创作研究 [J]. – 四川：绵阳师范学院学报 34 (04). – 2015. – 页. 127-130.
58. 木哈塔尔·木巴热克. 鲁迅与阿拜的文学先驱意义之比较. – 吉林：吉林大学 x 学报, 2009. – 11 页.
59. Салқынбаев Қ.М. Ғылыми зерттеу мақалалары. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2003. – 142 б.
60. Наукенұлы Б. Абайдың махаббат лирикалары // Шынжаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы. – 2001. – № 3. – Б 49.
61. Қашқынұлы Т. Абай және қазақ мінездемесі. – Үрімжі: Шынжаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы. – 1998. – № 47. – Б. 59.
62. Әбеу А. Абай шығармаларындағы архаизмдер. – Үрімжі: Шынжаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы. – 1995. – № 33. – Б. 47.
63. Тоқаев Қ.-Ж. Абай және XXI ғасырдағы Қазақстан. – Астана: 2020. – Б. 2-5 [Электронды ресурс]. – URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-abai-zhane-hhi-gasyrdagy-kazakstan-atty-makalasy (қаралған күні 15.09.2024).
64. 毛泽东. 《新民主主义论》，载《毛泽东选集》第二卷， – 北京：人民出版社，1991. – 698 页.
65. 苏北海，《哈萨克族文化史》 [M].， – 乌鲁木齐：新疆大学出版社，1989. – 93 页.
66. 葛涛，《鲁迅文化史》 [M].，– 北京：东方出版社，2007. – 125 页.
67. 李长之，《鲁迅批判》 [M].，– 北京：北京出版社，2003. – 58 页.

68. 王富仁，《中国反封建思想革命的一面镜子—<呐喊><彷徨>综论》 [M].，– 北京：北京师范大学出版社，1986. – 页. 189-194.
69. 汪晖，《反抗绝望：鲁迅及其文学世界》 [M].，– 石家庄：河北教育出版社，2000. – 18 页.
70. 阿拜著，哈拜译，《阿拜诗文全集》 [M].，– 北京：民族出版社，1993. – 161 页.
71. 钱理群，《走进当代的鲁迅》 [M].，– 北京：北京大学出版社，1999. – 16 页.
72. 乐黛云、陈平原著，《比较文学研究》 [M].，武汉市：湖北教育出版社，2007. – 88 页.
73. Қабай. Абай және Абай шығармалары. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1987. – 253 б.
74. 鲁迅，《集外集·俄文译本<阿 Q 正传>序及著者自叙传略》，载《鲁迅全集》第七卷， [M].，– 北京：人民文学出版社，2005. – 52 页.
75. Жоушиң С., Мәжитұлы Ә., Абай ақылиялары. – Пекин: Ұлттар баспасы, 2012. – 137 б.
76. 阿拜著，哈拜译，《阿拜诗文全集》 [M].，– 北京：民族出版社，1993. – 43 页.
77. Маңғазқызы С., Әсейінұлы А. Абайдың оқу-ағарту идеиясының антологиялық негізі туралы. – Үрімжі: Шинжияң қоғамдық ғылымы. 2016, – 23 б.
78. Сейдуәлі А., Абай адам болмысы туралы [Электронды ресурс]. – URL: https://egemen.kz/article/280177-abay-adam-bolmysy-turaly (қаралған күні 15.09.2024).
79. 彭定安，《鲁迅学导论》 [M].，– 北京：中国社会科学出版社. 2001, – 81 页.
80. Әбдібек Д. Өзіміздің Қабай. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 2015. – 10 б.
81. Абай (Ибраһим Құнанбаев). Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. – Алматы: Жазушы, 1995. – 380 б.
82. Мыңжани Н. Дада Қорқыт кітабы және қазақ халқының Қорқыт жайындағы аңыз-жырлары. – Үрімжі: Шалғын, 1983, – 89 б.
83. Бейбітқызы Н. Қорқыт нақыл сөздері // Шынжаң қоғамдық ғылымы. – 2012. – № 4. – Б. 89-90.
84. Бекеева Н.Ж. Күңзі және Абай мұраларындағы ой үндестігі туралы // Шинжияң қоғамдық ғылымы. – 2015. – № 3. – Б. 93.
85. Әшімбаев С. Сын сымбаты. Әдеби сын мақалалар, ой-толғамдар. – Алматы: Балауса, 2000. – 248 б.
86. Әуезов М. Абайды білмек керек ойлы жасқа. Оқу құралы: – Алматы: Санат, 1997. – 416 б.
87. Жұртбай Т. Абай және рухани бостандық мәселесі [Электронды ресурс]. – URL: www.minber.kz. (қаралған күні 15.09.2024).
88. Мырзакелді К. Екі томдық шығармалар жинағы. 1-том. – Алматы: Қазығұрт, 2013. – 748 б.

89. Сейітжанұлы З. Шыңжаң қазақ әдебиеті. – Алматы: Қазақ университеті, 1999, –172 б.
90. Мазан Е., Сіламжан Е. Абай шығармаларының қытай еліне таралуы мен зерттеуі. – Астана: Еуразия ұлттық униуерситеті, 2020. – 19 б.
91. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: Аруна Ltd ЖШС, 2010. – 6 б.
92. Досжанұлы Б. Ұлы ақын Абай. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 1998. – 110 б.
93. Қайыржанұлы К. Әдеби тіл туралы ой бөліссек // Шынжаң жоғары оқу орындары ғылыми журналы. – 2010. – №2. – 19 б.
94. Сейсенқұлұлы Ө., Кенжеқожаева А.М., Төлеубаева К.А. «Абайтану» ғылымы және қытай қазақтарының Абайды тануы. – Астана: Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – 2024. – №2. – 207 б.
95. O. Seisenkhul., A. Jumaturdu. translation and study of the literature of Abay in chinese. – Алматы: "Keruen" scientific journal. – 2023. – №2. – 213 б. ISSN: 2078-8134 | elSSN: 2790-7066
96. А. Тоқтарбекұлы1, Ө. Сейсенқұлұлы. Қытай қазақтарының жазу тарихы және Абай шығармаларының әсері мен ықпалы. – Алматы: Қазұу хабаршысы. –2023. –№2. –123б. ISSN 1563-0323, eISSN 2618-0782 Филология сериясы.(190) https://philart.kaznu.kz
97. Ө. Сейсенқұлұлы. Қазақ әдебиетінің Қытай тіліне аударылу жағдайы және Абай шығармаларының аударылуы – Алматы: қАЗұу хабаршысы. – 2023. – №3. – 153 б. ISSN 1563-0226, eISSN 2617-1864 Шығыстану сериясы. №3 (106) https://bulletin-orientalism.kaznu.kz